

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ**

**НАЗИРА ӘМІРЖАНОВА**

**Қазақстандағы латын жазуының тарихи  
тағылымы (1929-1940 жж.)**

**Алматы, 2012**

**ББК Каз  
К**

**А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми кеңесі  
баспаға ұсынған**

**Жауапты редакторы**                      **филология**                      **ғылымдарының**                      **докторы,**  
**профессор Н.Уәли**

**Пікір жазғандар**                      **филология**                      **ғылымдарының**                      **докторы**  
**Қ.Күдерінова**

**Филология**                      **ғылымдарының**                      **кандидаты**  
**Ж.Исаева**

**Әміржанова Н.  
К**

Монографияда қазақ мәдени өмірінде қолданылған латын графикасына негізделген қазақ жазуы қарастырылады. Зерттеуде графика, графема, орфография тәрізді іргелі ұғымдар сараланып, 20-жылдары түркі тілдес халықтар үшін жасалған латын графикасына негізделген әліпбилерді бірлестіру мәселесі сөз болады. Сонымен қатар 1929 жылы қабылданған әліпбидің фонема – дыбыс – графема – әріп арақатынасы көрсетіліп, аталған жылдарда емле байқалған негізгі қиындықтар (1929-40жж) мен жетістіктер талданады, және де «қазіргі латын» жобалары «бұрынғы латынмен» салыстырыла талданады.

Монография ғылыми қызметкерлерге, магистранттарға, студенттерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мектеп мұғалімдеріне, сондай-ақ осы саламен айналысып жүрген көпшілік қауымға арналады.

## АЛҒЫСӨЗ

Тіл – тек қана қарым-қатынас құралы ғана емес, мемлекетті, ұлтты танытушы негізгі әрі басты құндылықтардың бірі. Тіл қоғамда әсіресе өркениетті қоғамда ауызша және жазбаша екі формада қызмет етеді. Әдетте ұлттық тілдің жазба мәдениетінің қалыптасуы тарихы мен әр кезеңдегі даму деңгейлерін қарастыру, жазба тілдің әліпбиін, графикасын, орфографиясын қарастыру, осы аталған іргелі категориялардың қоғам талабына сай болуы мен қолдану үлгілерін зерттеу таза лингвистикалық аспектілермен қатар саясатпен, әлеуметтанумен, қоғамның жалпы мәдениетімен, ағарту білім беру мәселелерімен тікелей байланысты екені белгілі. Білгілі бір ұлт тілінің графикалық жүйесі жазудың ұлттық кезеңінде негізгі дыбыстарды (фонемаларды) белгілеуді арқау етеді. Негізгі дыбыстарды таңбалайтын графема арқылы жазу қалыптасады, сөйтіп жазудың да өзіндік жүйелі түрдегі таңбалану ерекшеліктері болады. Қазақ жазуы, кейбір жағдайлардағы ауытқуларды еске алмағанда, төте жазудан бастап негізінен басты дыбыстарды (фонемалардың негізгі дыбыстық түрлерін) белгілеу бағытын қағидат етіп ұстанғаны байқалады.

Қазіргі таңда қазақ орфографиясы нормасындағы динамизм жазу тәжірибесіндегі (практикасында) қарама-қайшылықтардың шешімін тауып, бір ретке келтіру мәселесін күн тәртібіне қойып отыр. Бұл жайт – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сай қоғамдағы қызметіне қатысты шешімін табуы тиіс қазақ тілтанымшының өзекті мәселелерінің бірі. Бүгінгі таңдағы қазақ тілінің мәдени-әлеуметтік, ұлттұтастырушылық және бірегейлендірушілік мәніне орай қазіргі қазақ жазуының қоғам дамуының талаптарына, заманауи лайықты болуы жалпы қазақстандықтар үшін маңызды елдік, мемлекеттік деңгейдегі проблемаға айналды. Тәуелсіз ел ретінде халықаралық қатынас субъектісі болып отырған Қазақстанның ұлттық әліпбиінің жаңа жобасын талқылау барысында тілтанымшы (лингвист) ғалымдар мен белгілі әлеуметтанушы ғалымдар, саясаткерлер Қазақстанның Елбасына, Үкімет басшылығына әліпбиге өзгертулер енгізіп, жаңа сападағы ұлттық жазуды қалыптастыру мен жетілдіру туралы қоғамдық пікір қозғап, БАҚ арқылы өз ұсыныстарын жария етіп отырды. Осымен байланысты әртүрлі, жан-жақты ой-пікірлерді зерттеп, саралап, тұжырымдау, қазақ жазуының бұрынғысы мен өткендегісін, қазіргісі мен болашағын зерделеу ғылыми тілтанымдық рефлексияны талап етеді.

Осыған орай 1929-40 жылдардағы латын графикасына негізделген жазудың негізгі категориялары болып табылатын әліпби, графика және орфография ерекшелігін талдау, сол кезеңнің жазу тәжірибесіндегі пайдалы, ұтымды жақтарын, ізденістерін, қайшылықтарын, жазба тілдің даму деңгейіне оң және теріс әсер ететін тілдік емес (экстралингвистикалық) жайттарды анықтау, олардың шешімін табу сияқты мәселелер өзекті болып отыр.

Тіл жайлы Заңның қабылданған (1989) сәтінен бастап 20 жылдай өтсе де, ғалымдар, жазушылар, қоғам қайраткерлері және осы мәселеге көңіл аударған азаматтар тарапынан қазақ тілі латын графикасына өту қажет пе немесе кирил

жазуында қалу керек пе деген тақырыпта әртүрлі дәйектерін алға тартқан пікірталастар толастамауда. Осыған орай лингвистикалық технологиялық, әлеуметтік және басқа да сипатты дәлелдемелер сараланып, әртүрлі деректер келтірілуде. Шын мәнінде, бұл пікірталастың шешуші мәні Қазақстанның **ұлттық бірегейлігінде** жатыр. Латын, кирил дилеммасы қаншалықты өткір мәселе болғанымен, екеуі де жазу тарихымызда бастан өткен, қолданыста болған және бар әліпби жүйелері. Сондықтан қазақ жазу тарихында бұрын болған латын графикасының қабылдануы, қолданысқа түсуі кезіндегі тәжірибелері, кемшіліктері мен жетістіктерін саралап, сол кезеңдегі орфографиялық ережелерге мүмкіндігінше талдау жасап, соның негізінде қазіргі тілдік қолданыстағы қазақ әліпбиін латын графикасы негізінде таңбалайтын жобаларға баға беретін жұмыстың негізгі алғышарттары болып отыр.

# 1 ҚАЗАҚ ЖАЗУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМУДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР МЕН НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР

## 1.1 Жазу теориясының негізгі категориялары мен іргелі ұғымдары: әліпби, графика, орфография

Қазіргі тіл білімінде дыбыстарды, яғни тілдің фонологиялық жүйесін зерттейтін «Фонетика мен Фонология» және жазу, әліпби түрлері, жазу тарихы, т.б. мәселелерді зерттейтін «Грамматология» немесе «Графикалық лингвистика» деп аталатын нақты екі лингвистикалық бағыт бөлініп шықты. Бұл бағыттағы ғылыми ізденістердің алғашқы қағидаты – тілдің дыбыстық жүйесі мен графикалық жүйесінің арасында айрықша күрделі байланыстың болуы, соған сай әліпбидің таңдалуы, жазу дәстүріндегі тілдің өзіндік ерекшелігі мен дамуын сақтау ісінде орасан рөл атқаратындығы сияқты анықтамалардан аңғарылады [1].

**Әліпби** – белгілі бір жазуда қолданылатын, белгіленген тәртіппен орналасқан әріптердің жиынтығы. Сонымен қатар әліпби табиғи тілдегі кез келген мәтінді жазуға, оларды сақтауға мүмкіндік беріп, ақпарат құралдарын жүйелеуде, оларды іздестіруде, сақтауда аса маңызды қызмет атқарады [2, 49].

Әліпбидің дүниеге келуі кез келген табиғи тілдердегі мәтінді жазуға мүмкіншілік берді. Әліпбидің түзілу принципін ең алғаш батыс семит халықтары жасаған (б.э.д. 3000 ж., Солтүстік Сирия). Олар Месопотамның буындық таңбаларын пайдалана отырып, дауысты және дауыссыз дыбыстардың белгілі ретпен қосарланып жазылатын жүйесін ойлап тапқан. Жалпы әліпбидің шығуы, дамуы туралы В.А. Истриннің «Развитие письма», «Возникновение и развитие письма», Д.Дирингердің «Алфавит», И.Е. Гельбтің «Опыт изучения письма», И.Фридрихтің «История письма», Ч. Лоукотканың «Развитие письма» және т.б. еңбектерді атауға болады.

Дыбыстық-әріптік жазуды бүкіл әлемде 75 пайыз халық қолданады. Дыбыстық-әріптік жазудың ең көп таралған түрлері: латын әліпбиі (30 пайыз) славян-кирил (10 пайыз), араб (10 пайыз) және үнді жазуы (20 пайыз).

Қазіргі әліпбилердің пайда болуы жер шары халқының өркениеттік дамуының нәтижесін көрсетеді. Әліпбилердің қолданысы тілдердің туыстығына сәйкес келе бермейді. Мысалы, славян тілді халықтар кирил және латынды пайдаланады, араб әліпбиі семит тілдер тобына жататын халықтармен қатар, парсыларда (үндіеуропа), ерте кезде түрік халықтары да қолданылған.

Жазу тарихы мәліметтеріне қарасақ, латын әліпбиінің жасалуына, ол жазудың бүкіл еуропа халықтарына таралуына грек жазуы негіз болған. Бірақ әрбір халық (тілі) әліпбиі өз тілінің дыбыстық жүйесіне лайықтандырып әріптердің мағынасын сақтап, формасын өзгерткен.

**Грек әліпбиі.** Классикалық грек әліпбиі 24 әріптен тұрады. Оның 17 әрпі дауыссыз, 7 әрпі дауысты дыбысты таңбалайды. Дауыстыларды таңбалайтын  $\alpha$ ,



француз әліпбиінде Î Ï, хорват әліпбиінде Í Ñ, шешен әліпбиінде Ğ т.б. **О–Z әріптерінің модификациясы:** Õ Ö Ø Ó Œ Ő Ŕ Ŗ Ś Ŝ Ş Š Ŗ Ţ Ť Ů Ű Ų Ū Ŭ Ů Ű Ų Ŵ Ŷ Ÿ Ž ž Ž. Әзірбайжан әліпбиінде Ö Ş Ü, албан, баск әліпбилерінде Ô Û, валлий әліпбиінде Ŵ Ŷ, венгер әліпбиінде Ó Ő Ő Ů Ű Ų, ветнам әліпбиінде Ô Ő Ů, голланд әліпбиінде Ö Ü, дат әліпбиінде Ø, ирланд әліпбиінде Ó Ů, исланд әліпбиінде Ó Ö Þ Ů, испан әліпбиінде Ó Ů Ű, итальян әліпбиінде Ò Ù, күрд әліпбиінде Ş Ů, латыш әліпбиінде Š Ū Ž, литва әліпбиінде Š Ū Ů Ž, неміс әліпбиінде Ö ß Ü, норвеж әліпбиінде Ø, португал әліпбиінде Ó Ô Õ Ů Ű, румын (молдава) Ş Ţ, серб әліпбиінде Š Ž, словак әліпбиінде Ó Ő Ŗ Š Ţ Ů Ÿ Ž, түрік әліпбиінде Ş Ü, түрікмен әліпбиінде Ö Ş Ü Ý, француз әліпбиінде Ô Œ Ù Ů Ű Ŷ, хорват әліпбиінде Š Ž, шешен әліпбиінде Ö Ş Ü, швед әліпбиінде Ö Ü, шотланд әліпбиінде Ò Ù, эсперанто Ŝ Ŭ, э әліпбиінде ÖŎ Š Ü және т.б.

Екі немесе одан да көп әріптерден құралған таңбаларды **лигатура** деп атайды. Көп әріптер тіркесімділігі негізінен дауыссыз дыбыстарды беру үшін қолданылады: *kh, tch, sh, sh, cz, stch, sch* т.б. Ғалымдардың пікірінше, дыбыстарды берудің әртүрлі тәсілдерін пайдалану, әріп пен дыбыс арасындағы біршама сәйкессіздікке негіз болады. Француз және ағылшын тіл мамандарының көрсетуі бойынша, француз тіліндегі [a], [o], [e] дыбыстары 143 вариантта, ал ағылшын графикасында 658 шақты графикалық комбинациялар қолданылады екен. Әрине, бұлай таңбалау жүйесі өз кезегінде графиканы күрделендіріп, оны игеруде қиындық тудыратыны сөзсіз.

**Кирил әліпбиі.** Славян әліпбиі ІХ ғасырдың аяғы мен Х ғасырдың басында, глаголица және кириллица негізінде пайда болды.

Кирил әліпбиі византия әліпбиін шығармашылықпен өңдеу негізінде пайда болған. 43 әріптің 19 әрпі, яғни 45 пайызы әліпбиге ескі славян тілінің дыбыстарын білдіру үшін енгізіліп, *буки (б), живете (ж), зело (ё), цы (ц), червь (ч), ша (ш), ща (щ), ер (ъ), еры (ы), ерь (ь), ять (э), юсы (два),* сонымен қатар иотталған *а, у, э юсы* және *ук* дыбыстары толықтырылған. *Омега (о), фита (ф), пси (пс), кси (кс), ижиница (и)* әріптері сандық таңбалар ретінде және кірме сөздерде қолданылған. Кирил әліпбиіндегі әріптер осылайша грек әліпбиіндегі сияқты, тұтас сөзбен аталған: *а – аз, б – буки, в – види, д – добро, л – люди, ф – ферт, фита, т – твердо, м – мыслете, н – наш, п – покой* т.б. Оқыту процесінде әріпті атымен жеке атап, оны буынға қосып оқыту қиындық келтірген: *добро+аз*. Сондықтан әр халық әріптердің атауын сақтамай, сол әріптің белгілейтін дыбысына жақындатып, қысқа атауға тырысқан. Мысалы, римдіктер грек әліпбиін қабылдағанда грек әліпбиіндегі *бета* орнына «бэ», *альфа* орнына – «а», *дельта* орнына «дэ» сияқты қысқартылған нұсқасы қолданды. Әріпті бұлайша атау оқу-үйрену процесін көп жеңілдеткені белгілі. Осыдан кейін көптеген халықтар әріпті осылайша қысқартып қолдануға көшкен. Ағылшын тіл білімінде әріптер *а – [эй], б – [би], с – [си], д – [ди]* т.б. түрінде айтылса, орыс халқының ұлттық әліпби жүйесіндегі алфавитіндегі әріптердің аты [бэ], [вэ], [гэ], [пэ] түрінде аталады. Ал қазақ тіл білімінде

әліпбидегі әріптердің дыбысталуының өзіндік тарихы бар. Мысалы, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде әріптердің аталуы ұлттық сипатта көрінді, яғни әріп аттары фонетикалық жағдайға тәуелсіз түрімен айтылды. Мысалы, с [сы], ж [жы], т [ты], и [ій, ый], г [гі], к [кі] т.б., ал сонор дыбыстар көбінесе [ны], [мы], [һы], [лы], [ры] түрінде дыбысталды [3, б]. Сонор дыбыстардың дыбысталымын есепке алмағанда 1940 жылға дейін әліпбидегі әріптер ұлттық негізде көрінді. 1940 жылдан бастап қазақ әліпбиіндегі әріптердің дыбысталуы және орфографиясы орыс грамматикасына жақындатылады. Яғни осы жылдан бастап әріптердің аталуы [бэ], [вэ], [гэ], [жэ], [зэ], [тэ], [цэ] түрінде өзгертіледі, ал 1957 жылы [бе], [ве], [ге], [де], [же], [зе], [те], [це] түрінде оқылады деген қаулы шығады (осы жылы й, ь белгілерінің де аты өзгерді: шолоқ й деген – қысқа й, жуандық белгі деген – айыру белгісі деп атауларын өзгерткен еді). Тек 90-жылдардың басында бұл мәселе қайта қаралып, қазақ жазуындағы әріп аттары фонетикалық жағдайға неғұрлым тәуелсіз түрі ғана таңдалуы қажет, тоғыз түрленімнің ішінен г [гі], к [кі], ң [ың], м [ым], л [ыл], р [ыр], ал қалған б [бы], ж [жы], т [ты] т.б., түрінде дыбысталады деген ғылыми тұжырымдама жасалады [4, 31]. Бұл тұжырымдама арқылы біз 1929 жылғы әліпбидегі әріптердің аталуы негізінен дұрыс (р, м, н, ң-дан басқа) **ұлттық** сипатта болды деп айта аламыз.

**Графика және орфография.** Тіл білімінің өзекті саласы болып табылатын **графикалық лингвистиканың** бір тармағы – г р а ф и к а, г р а ф е м а және жазу мәдениетінің жетілуін, дұрыс жазу ережелерін қадағалайтын о р ф о г р а ф и я теорияларының маңызы ерекше.

Қазақ тіл білімінің орфография және графика саласы 1920 жылдардан бастап жүйелі зерттеліне бастады. Осы саланың дамуына сара жол салған, тың ой, сарабал пікірлерімен, құнды ғылыми тұжырымдарымен із қалдырған А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Басымов, Т.Шонанов, Ж.Аймауытұлы, С.Аманжолов т.б. ғалымдардың соңын ала, әдеби тіл нормалары, орфография, орфоэпия, графика жөнінде зерттеулер легін М.Балақаев [5], І.Кеңесбаев [6], Р.Сыздықова [7], Ғ.Айдаров [8], Т.Құрышжанов [9], М.Томанов [10], А.Аманжолов [11], Т.Қордабаев [12], Б.Әбілқасымов [13], Н.Оралбаева [14], С.Хасанова [15], С.Мырзабеков [16], Н.Уәли [17], Ә.Жүнісбеков [18], Ш.Мәжітаева [19], Қ.Күдерінова [20], Г.Мамырбекова [21] жалғастырып, саланың жан-жақты, іргелі зерттелуіне өзіндік үлестерін қосты. Сондай-ақ тақырыбымызға сәйкес 1929-40 жылдардағы графика, орфография мәселелері Н.Оралбаеваның «Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі қазақ жазуының тарихы», С.Хасанованың «Қазақ жазуы мен оқуының бастаулары (көне, түркі, араб, латын жазбалары)», Б. Әбілқасымовтың «Тарих тағылымын ескерсек», Ш.Мәжітаеваның «1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер», Н.Уәлиұлының «Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері», Қ.Күдерінованың «Қазақ жазуының онтогенездік дамуы» зерттеу еңбектерінде және жеке мақалаларда назарға алынғанын ерекше атап өтуіміз қажет.



Орыс тіл біліміндегі орфография теориясына байланысты алғашқы зерттеу ретінде В.К. Третьяковскийдің еңбегін атауға болады [22, 12-40]. В.К. Третьяковскийдің ойы, ұстанымы М.В. Ломаносов [22, 12-40], В.П. Светова [22, 12-40], Я.К. Грот [22, 12-40], А.И. Томсен [22, 12-40], М.Н. Петерсон [22, 12-40], Д.Н. Ушаковтардың [22, 12-40] еңбектерінде кеңінен көрініс тауып, жалғастырылып, ары қарай дамытылды. Сондай-ақ орфография, графика теориясын жетілдіруде А.И. Аванесов [23], М.В. Панов [24], И.С. Ильинская [25], В.Н. Сидоров [25], Б.З. Букчина [26], Ю.С. Маслова [27], И.Ф. Иванова [28], С.М. Кузьмина [29] және Л.В. Щерба [30], И.А. Бодуэн де Куртенэ [31], Л.Р. Зиндер [32], А.Амирова [1], А.Анастасьев [33], Б.И. Осипов [34], В.А.Трофимов [22], З.М. Шаляпина [35], Й.Вахек [36], В.М.Солнцев [37] Т.М. Николаева [38] еңбектері зор.

Графика жазуда қолданылатын таңбалардың жиынтығы, сонымен қатар жазу таңбалары жүйесі мен тілдің фонетикалық жүйесінің арақатынасын, байланысын білдіреді.

Тілдің графикалық жүйесі бір-бірімен белгілі қатынаста анықталатын және біртұтас жүйені құрайтын, тілдің фонологиялық жүйесімен байланысты графикалық бірліктердің жиынтығы деп түсініледі.

Графикалық жүйенің бірліктері құрылымдық-функционалдық белгілері бойынша қызметтік жағынан алғанда екі негізгі топқа бөлінеді: а) **графемалар**, яғни фонемалық референттері бар графикалық бірліктер; ә) **графикалық символ**: екпін, тыныс белгілері, дефис, апостраф, пробел, абзац. Бұл дегеніміз әрбір таңба «тұрпат межесін» және «мазмұн межесін» сипаттайтын екіжақты бірлік екендігін көрсетеді.

Графиканың қызметі және мағынасы жөнінде орыс тіл білімінде әртүрлі көзқарастар бар. Мысалы, бір топ ғалымдар графика бір жүйе мен екінші жүйенің арақатынасындағы ережелер жүйесі, сондай-ақ дыбыстық деңгейдегі әріптің берілу жиынтығы деп қарастырса (А.Анастасьев, В.А.Трофимов, З.М. Шаляпина, екінші бір топ ғалымдар осындай сәйкестік үшін байланыстыратын «дербес жүйе» деп қарастырады (Й.Вахек, Л.Р. Зиндер, И.А. Бодуэн де Куртенэ), ал үшінші топтағы ғалымдар графика дыбыстық жүйеге қатысты емес, графика тек «графемалардың жиынтығы» деп түсінеді [38, 132]. А.Анастасьев графика теориясын лингвистикалық теорияның негізгі қызметі ретінде қарастырып, графиканы әліпби теориясымен байланыстырады. “Графиканың эстетика-экономикалық сипаты болуы шарт, сондай-ақ, акустикалық сигналды оптикалық сигналға көшіруде графика мен әліпби толық сәйкес болуы керек” – деп пайымдайды [33, 65].

Жазба таңбаның «тұрпаты» немесе оның «мазмұны» — бұл физикалық субстанция, мұның көмегімен таңбаның көріну репрезентациясы жүзеге асады. Жазба таңбаның «мазмұны» және «тұрпаты» белгілі бір ұғым, идея, сан, сөз, буын немесе жеке дыбысқа байланысты бір нәрсеге қатысты болады. Бұл таңбаның мазмұндық және тұрпаттық жағы — әріп дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, фонема – таңбаланушы да, әріп – таңбалаушы, демек, фонема мен әріптің бірлігі жазу теориясында **графема** деп ұғынылады.

«Графема» терминін Бодуэн де Куртенэ 1912 жылы «Об отношении русского письма к русскому языку» атты еңбегінде алғаш қолданған болатын. Осыдан кейін «графема» терминіне қатысты ғалымдардың пікірлері де біржақты емес. Мысалы, Л.В. Щерба, Б.И. Осипов т.б. ғалымдар графема және әріп түсініктері бір-бірімен тең дәрежеде деп көрсетсе, екінші топ ғалымдар графема әріптің төрт түрлі көрінісі (бас, кіші, курсив, жартылай қою) және графемаларға барлық графикалық таңбалар: әріп, тыныс белгілері, пробел т.б. жатады деп пайымдайды. Сонымен қатар, графема – фонемаларды таңба арқылы белгілеудің ең кіші бірлігі, әріп – вариант, графемалардың реализациясы, ал графема – инвариант деген тұжырымдар жасайды (В.М.Солнцев). Т.А. Амирова «фонема ауызша тілдің, ал графема жазба тілдің реализациясы» дей отырып [1, 87], «графема әліпбидегі әріп санына қарағанда көп» дейді. Л.Р.Зиндер монографиясында графеманың әріптен айырмашылығы жөнінде айқын дәлелдемелер келтіреді. Айталық, «графема бір әріп тәрізді көрінуі (іске асуы) мүмкін». Бұл олардың тіркесімділігіне (үйлесім) де тән. Мұнда әртүрлі жүйелілік деңгейлер нақты қарама-қарсылықта қойылып салыстырылған [32, 67].

Н.Уәлиұлы жазба тілдің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең шағын тұлғасы – графема-инвариант, ал оның репрезентант-варианттары әріптер болып табылады деп анықтама береді [17, 8]. Ал Қ.Күдерінова графема қазақ тілі жазба жүйесінің ең кіші абстракті бірлігі болып табылады. Графема әріп түрлері арқылы таңбалаанады деген тұжырым жасайды [20, 66-68].

Жоғарыда көрсетілгендерді қорытындылай отырып, **графема дегеніміз** – тілдің жазбаша түрінің минималды, абстрактілі (дерексіз), екіжақты бірлігі. Құрылымдаушылық пен репрезентациялаушылық оның негізгі қызметтері болып табылады. **Графема** – ең аз, минималды бірлік, бұл тілдің аталған деңгейінің ең түпкі мәнді бірлігі. Оның қызметтік өзіне тән ерекшелігін бұзып алатын болғандықтан, құраушы бөліктерін ары қарай бөлу (бөлшектеу) мүмкін емес. Графема қослатералдық, яғни түр көрінісіне (әріп) және мазмұн көрінісіне (фонема) ие.

Графика мен орфография салалары жазу мәселесіне тікелей қатысты болғанымен, екеуінің зерттеу нысанында, қарастыратын «дүниелерінде» өзді-өзіне тән ерекшеліктері бар. Дегенмен олар бірінсіз бірі болмайтын, ажырамас өзара тәуелді категориялар. Графика – жазудың таңбалау жүйесін реттейтін болса, орфография таңбалау жазудың тұрақты қалыптану нормасын, белгілі бір ереже бойынша қолданылу заңдылығын реттеп отырады деп түсініледі. Бірақ орыс тіл білімінде орфографияның қызметі жөнінде екі түрлі көзқарас бар. Мысалы, бір топ ғалымдар орфографияны **ережелердің жиынтығы** деп қарастырса, енді бір топ ғалымдар қандай да болсын **жазбаның хатқа түсірілуін орфография** деп қарастыруды жөн көреді. Сонымен қатар ғалымдардың көпшілігі орфографияның негізгі міндеттеріне сөзде немесе морфем ішіндегі фонеманы әріп арқылы белгілеу ережесін, бірге және бөлек немесе дефис арқылы жазылатын сөздердің емлесін, бас және кіші әріптердің емлесін, тасымалдау ережелерін, графикалық қысқартылымдардың ережелерін

жатқызады [28, 133]. В.И. Кодухов, С.М. Кузьмина осы негіздерге сүйене отырып, орфографиялық ережелер жалпы сөздердің жазылуын, сонымен қатар сөздердің бірге, бөлек немесе дефис арқылы жазылуын, сөздерді тасымалдауын, қысқарған сөздердің жазылуын қадағалауға тиіс дей отырып, пунктуацияны орфографияның тармағы деп көрсетеді [39, 174; 29, 242]. Ал Л.В. Щерба сөздерді бірге және бөлек таңбалау пунктуацияның қарастыратын мәселесі деп көрсетеді [30, 11].

Қазақ тіл білімінде Р.Сыздықова орфографиялық ережелерге а) кейбір дыбыстардың жазылуын; ә) түбір сөздердің және қосымшалардың жазылуын; б) сөздердің бірге, бөлек, дефис арқылы жазылуын; в) шылаулар мен одағайлардың жазылуын; г) бас әріптің қолданылуын; ғ) сөздерді тасымалдауды жатқызады. Жұмысымызда талқыланатын мәселені ғалымның осы негіздеріне сүйене отырып талдаймыз [40, 9].

Жалпы графикадағы динамикалық өзгеріске қарағанда орфографиялық динамика анағұрлым қарқынды болады. Бір жазу графикасы ұзақ жылдар бойы қызмет етсе, сол жылдарда бірнеше орфографиялық өзгертулер болуы әбден мүмкін. Себебі, тілдің өз ішінде сан түрлі даму, ықшамдалу, сығылу, бейімделу, кірігу, тарылу, кеңею сияқты өзгермелі құбылыстар болып жатады. Ал олардың сол өзгерген күйін белгілі бір ережеге негіздеп қалыптандырып отыратын орфография саласында әртүрлі өзгерімдер де кездеседі. Жалпы орфографиядағы динамизм, атап айтқанда, мынадай детерминдерден туындайды: 1) дефразеологиялану (*ала қол + -дық > алақолдық; ала көз (болу) + -дік > алақоздік*); 2) универбтену (*заң бұз(у) + -шылық > заңбұзушылық*); 3) контаминациялану (*бұл жыл > биыл; барған соң > барсын*); 4) кірме сөздерді қазақыландыру (*станция – станса*); 5) делексикализациялану (*эсірепатриот, эсіресақтық, эсіресауаттылық*); 6) жаңа сөздердің енуі; 7) сөздердің кірігуі т.б.

Демек, орфографияның даму қарқыны графикаға қарағанда динамикалық күйде болады, ал графика орфографияға қарағанда статикалық күйде болады, сондықтан орфографиядағы динамизмді графикадағы кемшілік деуге болмайды және орфографиядағы өзгермелілік әліпби ауыстыруға негіз болып табылмайды.

Қазақ жазу тарихындағы графика мен орфографияның осылайша өзара байланысты және түрткі болуы, бірінің динамикалық, бірінің статикалық күйі жаңа әліпбиге көшуге себеп болмайды. Жаңа әліпбиге көшу графикалық жүйені басқаша құру сыртқы факторларға тәуелді болып келеді. Мысалы, халықты жаппай сауаттандыру, қоғамды ағарту қарқынды түрде жүргізуді қажет еткен жағдайда әліпбидегі әріптердің саны көбейіп кетуі немесе орфографияның тез сауаттандыруға кедергі болуы, дәстүрлі жазуда орфографиялық қиындықтардың көп болуы, қоғамдық сауаттандыруға кедергі болады. Осындай жағдайда қоғамдағы зиялы қауым өкілдері жаңа жүйедегі әліпбиге көшу, жазу жүйесін түбегейлі реформалау жөнінде пікір айтып, қоғамдық ойға қозғау салады. Мұндай елдік мәселе қазақ жазу тарихында бірнеше рет болды. А.Байтұрсынұлының қолға алуымен ескі қазақ жазба тілі халық тілі негізінде реформаланып, ХХ ғасырдың басында *төте жазу* дүниеге келді. Бұлай

болатын себебі ескі жазба тіл жаппай сауаттандыруды, ағартуды жедел атқаруға жарамды болмады, жазудың бұл түрін игеруге бірнеше жылдар ( кем дегенде үш-төрт жыл) қажет болды. Ал А.Байтұрсынұлының *төте жазуы* қалың жұртшылық қысқа мерзімде (үш-төрт айда) игеріп алатындай тиімділік деңгейі жоғары болды.

Графиканы реформалау дегеніміз графикалық матрицаны өзгерту дегенге саяды. Ал орфографиядағы реформа бұл түбегейлі емес, тек ішінара емле өзгерістеріне ғана байланысты болады.

Сонымен графика мен орфография салалары жазу мәселесіне тікелей қатысты. Бірақ екеуінің зерттеу нысаны да, қарастыратын объектілерінде де ерекшеліктер болады. Дегенмен, олар бірінсіз бірі болмайтын, ажырамас өзара тәуелді категориялар. Графика – жазудың таңбалану жүйесін реттейтін болса, орфография таңбаланған жазудың тұрақты қалыптану нормасын, белгілі бір ереже бойынша қолданылу заңдылығын реттеп отырады. Орфография тілдегі сөздердің, олардың грамматикалық формаларының біркелкі жазылу нормасын белгілейді. Демек, **орфография дегеніміз – тілдегі жеке әдеби сөздердің, оларға жалғанатын грамматикалық формалар мен тіркесімділігінің, оның қолданылуын тұрақты біркелкі стандартқа сай жазылу нормасын белгілейтін заңдылық (ережелер) жиынтығы.**

Жоғарыдағы айтылғандарды қорытындылай келе мынадай түйін жасауға болады: орфографияның даму қарқыны графикаға қарағанда динамикалық күйде болады, ал графика орфографияға қарағанда статикалық күйде болады.

## 1.2 Ұлттық кезеңге дейінгі және ұлттық кезеңдегі қазақ жазуының сипаты

Түркі әлеміне ислам дінімен бірге келген араб жазуы мың жылдан астам уақыт бойы қоғамның әлеуметтік-мәдени қажетін өтеуге қызмет жасады. Ескі қазақ жазба ескерткіштерінің орасан бай кешенді мұрасы, халықтық рухани мәдениеттің аса құнды нышандары бізге дейін дәл осы араб жазуының нұсқасында келіп жетті.

Қазақ қоғамындағы араб жазуына қатысты зерттеулерде араб жазуы **қадим, жәдид** деп екіге бөлінеді. Зерттеушілердің көрсетуі бойынша, қадим жазу үлгісіне XVI – XVII ғғ. аралығындағы тарихи негізі бар жылнамаларды, құжаттарды және түркі халқына ортақ еңбектерді, ал жәдид жазуына «Түркістан уәлаяты газеті», «Дала уәлаяты газеті» тәрізді алғашқы қазақ басылымдарын жатқызады. Қадим жазу жүйесінің басты бір ерекшелігі дауысты дыбыстардың таңба арқылы емес, диакретикалық белгілермен берілуі, яғни дауысты дыбыстардың қызметін харакаттар атқарған. Харакаттар үшеу: фатха, дамма, кесра. Бұл белгілер қазақ тіліндегі тоғыз дауыстының мәнін берген. Мысалы, фатха **а, ә**, дамма **ұ, ү, о, ө**; кесра **ы, і, е** дыбыстарының мәнінде жұмсалған. Мысалы: *мен* - ) منم), *Ешдәулет* - تلوادشيد ا (Ешдәулт), *сөзлешүб* - بشه لرس (сзлешіб), *көңілі* - لکنک (кңлі). *бүлдірген* - بن اکر دلبد (бүлдірген) [21, 67]. Қадим жазу жүйесінде дауысты дыбыстардың таңбаланбауымен қатар

ұлттық жазуға тән емес, тек араб сөздерінде ғана кездесетін дыбыстардың таңбалары болды (ض, ث, ظ, ذ). Яғни жазу өте күрделі сипатталып, жалпыхалықтық деңгейде емес, тек қана элиталық топ өкілдері ғана түсінетін жағдайда болды. Себебі мұнда қазақ тілі элементтерімен қоса ескі қыпшақ тілінің элементтері, қарлұқ, оғыз-қыпшақ, сондай-ақ араб-парсы тілдерінен алынған ауыс-түйістер мол қолданылатын [41, 3]. Осы тәрізді жадид жазуының да өзіндік қиындықтары болды. Жадид жазуында дауысты дыбыстар харакаттар арқылы емес, таңба арқылы берілсе де, жалпыхалықтық элементтер мен қатар түркі тілінің дыбыстық белгілері қатар қолданылып отырған. Сондықтан қадим және жадид жазу жүйелерін ғалымдар ұлттық емес, гетерогенді жазу дейді. Сонымен қатар ғалымдардың көрсетуі бойынша, аталған жазу жүйелерінде қазақ тілінің ең басты заңдылығы ретінде танылатын үндесім заңдылығы да бұзылып жазылған: *мүлкімізні, аулымызны, бізні* т.б., яғни жалғау және жұрнақтар ескі қазақ жазба тілінде бір ғана инвариант принципіне негізделіп, қазіргі кезде көптік мәнде жұмсалатын жалғаулардың (-дар, -тар т.б.) варианттары таңбаланбай бір тұрпатта жазылды. Сөз ортасында, соңында **ы, і** қысаң дауыстылардың орнына **ұ, ү** әріптері таңбаланды: *орұсұңұзны, келтұр, өткұр, үчүн, қабұл, тұрлұ, жауұн* т.б. Сонымен, жазылу графикасы да қиын, оқылу жолдары да (оңнан солға) қиын болып келетін, әрі қазақтың дауысты дыбыстарын таңбалауға лайықталмаған, қазақ фонемаларын толық таңбалай алмайтын араб әліпбиінің қазақ тілін одан әрі өркендеп, дамытуға еш мүмкіндігі болмағандықтан, өзінен өзін басқа графикаға ауысуға сұранып тұрды.

Араб жазуындағы осындай кемшіліктерді жоюға арналған алғашқы қадам «Дала уәлаяты газеті», «Айқап» беттерінде көтеріледі. Қазақ тілі туралы, әліппе, емле қағидаттары туралы жазушылар – сол кездегі қазақтың оқығандары, мұғалімдер араб әліпбиінің кемшілігі туралы, қазақ сөздерін жазуға толық үйлесімді еместігін, оның орнына ұлттық әліпби шығару керектігін маңызды мәселе ретінде көтеріп отырған. Мысалы, Р.Дүйсенбаев 1897 жылғы «Дала уәлаяты газетінің» №10 санында жарық көрген «Қазақ алфавиті туралы мәселе» деген мақаласында араб әліппесінің қазақ тілі үшін мүлде жарамсыздығын, оны толықтыру немесе жаңа әліпби жасау керектігін айтып, араб әліппесінің басты кемшілігі – ондағы «дауысты дыбыстардың жоқтығы» деп біледі. Автордың көрсетуінше, қазақ тілінде 12-ден астам дауысты дыбыс бар. Сондықтан қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алатын әліпби жасау керек», – делінген [42, 194-198]. Атап өтер жайт, араб әліпбиінің түркі тілдерінің дыбыстық қалпын бұзбай жазудағы, оқудағы қиындықтары жайлы айтып, басқа да тиімсіз жақтарын көрсете отырып, орнына жаңа әліпби қабылдау немесе қолданыстағы әліпбиді жетілдіру қажеттілігі туралы мәселелер бұдан бұрын да өзге түркі тілдес халықтар өкілдері тарапынан аз көтерілген болатын. Жалпы қазақ жазу тарихында араб графикасын (араб әліпбиін) қабылдауға не себеп болды, қандай ықпал, әсер арқылы араб жазуына бет бұрылды, оның халық сауатын ашуда, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық таңбалауда кемшілік тудыруының себебі неде деген

мәселелерді айқындау үшін, араб графикасына көшуге негізделген түркілік бағытты көрсетуге тырыстық.

**Түркілік бағыт.** Әзірбайжанда алғаш жазуға байланысты пікір айтқан жазушы, драматург **Мырза-Фет-Али Ахундов** 1857-1878 жылдарға дейін жазу мәселесіне байланысты төрт жоба ұсынған. Осы мәселемен Персия (Тегран) және Константинопольға (Түркия) барып, идеясын ортаға салған болатын. Бірақ қолдау таппай, бұл ұсыныстар ескерілусіз қалады. Ол өзінің бірінші және екінші жобасында араб әліппесін жетілдіруге баса көңіл қойса, үшінші, төртінші жобасында араб әліпбиін орыс әліпбиіне ауыстыруға ұсыныс айтады. Ахундов өзінің осындай жұмыстарына байланысты былай дейді: «В 1857 году мной был составлен труды о необходимости преобразования мусульманского алфавита на персидском языке. В этом труде приведено достаточное количество доводов в пользу изменения алфавита. Для осуществления этой идеи я в 1863 году отправился в Константинополь, где через драгомата российского посольства представил великому визирю Фуад-Паше записку и рассказ о Юсуф-Шахе, написанные предлагаемым мною письмом. По распоряжению Фуад-Паши Оттоманское научное общество рассмотрело и одобрило мои соображения во всех отношениях, но не разрешило (к опубликованию)». Осы еңбегіне орай Ахундов «Меджидие» атты орденмен марапатталады. Сонымен қатар, Ахундов Тифлис қаласына келіп, силлабикалық жазудың кемшіліктері жөнінде баяндалған жаңа кітап құрастырады. Бұл кітапты автор Тегран қаласына жібереді. Ешқандай қолдау таппаған бұл жобасын автор атақты визирь Али-Пашеге хат арқылы жолдайды, хатта түрік оқымыстысы Саави-Эфендидің пікірін келтірген (Рафаили Микаэл. Мырза Фатали Ахундов. Баку, Азернешр, 1939).

Ахундовтан кейін бұл мәселеге байланысты парсы әдебиеттанушысы **Мырза Мелькем-Ханом** айналысқан болатын. Мырза Мелькем-Ханомның «Шейх және визирь», «Основы прогресса» атты шығармалары осының нақты дәлелі болып табылады. Автор латын әліпбиіне көшу қажетін әңгіме түрінде өрбітеді: «Шейх: Визирь, я заявляю, что с этим бессмысленным алфавитом дальше невозможно жить на свете. Тысячи заседаний, тысячи хороших законов, тысячи школ и любое количество регулярных солдат бесполезны, благодаря именно этому алфавиту» (Шейх и визирь, 28-б.).

Парсы ханзадасы **Мырза-Риза-Хан** 1879 жылы түркі және парсы халықтары үшін жоба дайындаған («Alphabet Ruchdie»).



Мырза-Риза-Хан есімінен кейін Закавказьенің танымал ағартушысы Ферудин – Бек Косарли 1898 жылы «Кавказ» газетіндегі (№230, 238, 264) орыс тілінде жазған мақаласында араб әліпбиінің кемшіліктерін баяндайды.

«Shardi Rus» (Русский Восток) газетінің редакторы **Мемед-Ага-Шах-Тахтин** әліпбиді ауыстыруда, ең бірінші үгіт, насихат жұмыстарын арнайы бағдарлама бойынша жүргізу керек деп тұжырымдайды.

XIX ғасырдың 70-жылдары түрік оқымысты **Гази-Мұхтар-Паша** Константинопольде «Әліпби реформалау қоғамын» құрады. Бірақ бұл ісі аяқсыз қалады\*.

Бұл кезеңде қазақ қоғамында да әліпби мәселесі қызу талқыға түсіп жатқан болатын. Қазақтың орысша оқығандарының арасынан да араб жазуының кемшілік жақтарын сынап, қазақ жазуын орыс графикасына икемдеу жайында пікір айтып, өз тұжырымдарын негіздеп мақала жазушылар көптеп шыға бастады. Міне, осындай пікір ағымдарын өз мақсаттарына шеберлікпен пайдаланып қалғысы келген орыс миссионерлері де араб жазуы үлгісіндегі қазақ әліпби жүйесіне орыс графикасын енгізуді насихаттай бастайды.

**Ағартушылық бағыт.** 1879 жылы қазақ ағартушыларының бірі – **Ы.Алтынсарин** орыс әліпбиі негізінде қазақ балаларына арнап қазақша анықтама жасаған болатын. Ы.Алтынсарин дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке варианттарын бір ғана графемамен белгіледі:



/е/ → э <эт> (ет), <этк> (етік), <эски> (ескі)

Жобаның негізгі ерекшелігі – Ы.Алтынсарин орыс графикасындағы бар таңбалармен ғана шектеліп, қазақ тілінің дауыссыз дыбыстарын беруде де осы жүйені ұстанған, яғни *қант, қағаз, дөңгелек, үзеңгі, тоғай, айғыр* тәрізді

\* Деректер мұрағат құжаттарынан алынды (740-қор, 1-тізім. – 3-іс).

сөздерді *кант, кагаз, дунгелек, узенги, тогай, айгыр* түрінде таңбалаған. Ал қазақ тіліндегі сонор **ң** дауыссыз дыбысын әріп тіркесі арқылы белгілейді: **нг** (*мангдай – маңдай, сарангдық – сараңдық*). Сөзді жіңішкерту үшін сөздің соңында (*урть – өрт*) және **л** дауыссыз дыбысынан кейін **ь** (жіңішкерту) таңбасын жүйелі түрде қойып отырған: *тульки (түлкі), бль (піл), куль (күл), бельбеу (белбеу), таль (тал)*. *Иа, иу* әріп тіркесі келетін жерде орыс графикасындағы **ю, я** графемаларын да белгілегенін көреміз: *аяк, узюк* [45, 3-10].

**Миссионерлік бағыт.** Қазақ қоғамында және түркі тілдес халықтарында болып жатқан әртүрлі көзқарасты байқаған орыс миссионерлері бүкіл түркі жұртының мәдени, рухани құндылықтарын жою үшін, сонымен бірге тілдік болмысын құрту үшін саяси астармен «араб жазуы қолайсыз», «қазақ және басқа түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін беруге икемсіз» деген желеумен орыс графикасына негізінделген қазақ әліпбилерін және оқулықтарын шығара бастайды. Олар орыс жазуына көшуді насихаттауды орысша оқыған қазақ жастары арқылы жүргізуді көздеді. Бұл жайында **Н.И.Ильминский:** «В.В.Григорьев придумал для меня особый способ изучения казахского языка. Он прикомандировал ко мне трех казахских юношей: Кулубекова, Кусвакова и Бахтиярова – из первого выпуска Оренбургской казахской школы, которые по окончании курса в 1857 году были по собственному прошению оставлены при Пограничной Комиссии для фактического изучения делопроизводства. В.В.Григорьев написал по-русски бумагу, которую поручил мне переложить при помощи этих казахов на чисто казахских язык. Юноши, особенно на первых порах, постоянно сбивались на татарские формы и обороты, и мне много труда стоило направить их на казахский путь ...» [43, 150].

Көп ұзамай В.В.Григорьев Н.И.Ильминскийге қазақ мектебіне орыс және қазақ тілдерінде «Орыс тілі» оқулығын қазақ тілінде, бірақ орыс графикасында тез арада жазып шығуын тапсырады. Бұл жайында былай дейді: «Пособий у меня под руками почти никаких не было: тогда и русская школьная литература была небогата. Я составил книжку под заглавием: «Самоучитель русской грамоты для казахов»... поручая эту работу, В.В.Григорьев советовал мне писать казахский перевод русскими буквами. И я уже понимал, ...научные преимущества для казахского языка русского алфавита, но я не совладал с этим делом и допустил обычный встепи алфавит арабский. Когда я представил работу уже окончательно Василию Васильевичу, он пожалел и упрекнул меня, что я не послушался его совета... Нужно сознаться, что я тогда не вполне понимал практическую важность русского алфавита для инородческих языков» [43, 30].

1862 жылы «Самоучитель русской грамоты для киргизов» атты еңбегінде ғалым орыс және қазақ тілдеріне ортақ 16 дауссыз дыбысты көрсетеді: **с, н, м, р, л, к, з, д, п, ч, б, т, ф, х, ш, г**. Ал **в, ж, щ, ц** дыбыстарының қазақ тілінде аналогы жоқ деп, ал **ъ, ь** таңбалары қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне жат деп оларды «жіңішке» және «жуан» деп айыруға болады деп түйіндейді.



**Н.И. Ильминский** «Из переписи по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам» атты кітабында: «Арабский алфавит очень неудобен для языков татарских, потому особенно, что онъ беденъ знаками для гласных звуков, которыми напротив языки татарской группы богаты. В них гласные звуки составляют не менее существенную и прочную часть слов, чем согласные» — деп атап көрсеткен [43, 19].

Ол түркі тілдес халықтардың кітаптары араб әрпімен жазылса, бұл келешекте орыс жазуының үстемдік алуына кедергі жасайды деген миссионерлік оймен алғаш қазақ әліпбиін орыс графикасына негіздеп, жоба да ұсынады. Дауысты дыбыстарға 8 әріп арнайды: **а (ä), é (е); ы, і; о, ö; у, ү**, ал дауыссыз дыбыстарға 19 әріп: **п, б, м, w, т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, j, k, g, ь**. Автор ә жіңішке дауысты дыбысқа байланысты былай деген болатын: «Есть такое а (ä); она встречается сравнительно весьма редко, преимущественно в иностранных (персидских и арабских) словах, может быть позднейшего заимствования, напр.: *äp, äm, äjel, bäc*» деп жобада мынадай қосымша таңбалар алынғанын көрсетеді. Ол таңбалар мыналар: **w – و ; j. Сонор ң дауыссыз дыбыс үшін ь таңбасын, сондай-ақ дауыссыз дыбыстардың тоғысыңқы (жуысыңқы), тіл ортасы, ұяң дауыссыз дыбыс үшін г графемасын, тоғысыңқы (жуысыңқы), тілшік, ұяң дауыссыз дыбыс үшін g; осы тәрізді қатаң дауыссыз дыбыстардың варианттарын да осы жүйемен белгілеуді жөн көріп, «наконец для ʒ сделали мы k, для ğ – g; для носового ڭ – ь» [43, 1-2] – деп ойын тұжырымдайды. Н.И. Ильминский қазақ тілі дыбыстық құрамына тән емес дыбыс таңбаларын алмайды. Ол жөнінде былай дейді: «Кроме приспособления русских букв к татарским звукам, мне пришлось постепенно изменять и устанавливать орфографию. В первом издании букваря я писал *су – вода, ауль – деревня, аю – медведь*. Теперь мы пишем *сыу, ауыл, айыу*» [43, 16].**

Ильминскийдің бұл жобасына В.В. Григорьев қарсы шығып, өзінің «О передаче звуков киргизского языка буквами русской азбуки» деп аталатын мақаласында орыс әліпбиіндегі таңбалар өзгермеуі тиіс деп көрсетеді [44].

Сол кезеңдегі әліпби мәселесін қозғаған жиындарда түркі тілдес халықтар тіліндегі төл дыбыстарды бейнелейтін қосымша әріптер жөнінде айтыстар да болады. 1876 жылы 29 сәуірде Қазан университетінің жанындағы археология, тарих, этнография қоғамының мәжілісінде орыс әліпбиі араб әліпбиіне қарағанда осы күйінде де қазақ тіліне жарайды деп шешілген болатын.

**А.Е.Алекторов** 1892 жылы «Русско-казахская азбука. К мудрости ступенька» деп аталатын еңбегін шығарады. Жұмыстың көлемі 114 бет. Онда қазақ тілінің 1300-дей сөзі қамтылған. А.Е.Алекторов орыс графикасындағы таңбаларды пайдалана отырып, 38 әріптен тұратын, орыс графикасына негізделген қазақ әліпбиін құрастырады: **а, с, ш, у, з, к, ы, т, р, е, л, и, о, н, м, п, і, й, б, д, ж, г, ә, ө, ұ, ң, ь, ь, в, ф, ц, ч, щ, я, ю, э, е, ғ**. Алекторов қазақ тіліндегі **а-ә, о-ө, ы-і** жұп дауысты дыбыстарына арнайы таңба арнайды. Ал **ұ** және **ү** дыбыстарына бір ғана графема арнаған:

а → ана      о → от      ы → қасқыр  
 ә → әке      ө → өрт      і → ін  
 ұ, ү → ұш ( кейде уш), ұшеу ( кейде ушеу)

Қазақ тілінің төл дауыссыз дыбысына да таңба арнаған:

к → көз      г → өгіз      ң → аң  
 қ → құлақ      ғ → ағаш

Қазақ тілінің дыбыстық құрамында жоқ **ъ, ь, в, ф, ц, ч, щ, я, ю, э, ё** тәрізді дыбыстар да алынады. Автор бұл дыбыстарды ең соңынан барып оқытылуы тиіс деп көрсетеді: «Обучение грамоте должно быть начато на природном (казахском) языке учащихся, только в этом случае обучение будет сознательное и не пойдет вразрез с главными педагогическими правилами – идти от известного (казахского) и неизвестному (русскому), от легкого к трудному» дей отырып, «Азбука «к мудрости ступенька» составлена в строгой последовательности, переходя от изучения легких в произношении киргизов к более трудным звукам, что сочетания звуков в слоги и слова – самые легкие и доступные, как показала практика, детям даже шестилетнего возраста» [46, 159].

1897 жылы **В.В.Катаринскийдің** «Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис» (Орынбор, 1897) атты еңбегі жарыққа шығады. Ғалым қазақ тілінде 9 дауысты және 15 дауыссыз бар деп көрсете отырып, 21 әріптен тұратын мынадай әліпбиін жариялайды: **а (а), е, ы, и, о (о), у, б, г, д, ж, з, к, л, м, н, г, п, р, с, т, ш** [46, 196 -209].

О.Әлжанов «Полезные книги для киргизов» атты мақаласында Катаринскийдің орыс графикасы жүйесіне негізделген қазақ графикасы араб әліпбиінен әлдеқайда жақсы деп баға бере отырып, былай дейді: «Важной особенностью всех этих книжек является то, что киргизский текст напечатан в них русскими буквами. Этим достигается та выгода, что для учащегося киргиза до невероятности облегчает возможность научиться читать на родном языке, если киргизские слова изображены русскими буквами. Это потому что русская азбука гораздо лучше и точнее передает звуки киргизского языка, чем арабская; при том одна и та же арабская буква имеет несколько начертаний; что представляет гласное неудобство арабского алфавита. При том же, при новом способе начертания киргизского текста, по одной и той же книжке могут с одинаковым успехом учиться как киргиз русскому языку, так и русский киргизскому» [42, 192-193].

Дегенмен, бірқатар қазақ оқығандары мұндай ұсыныстарға қарсылығын байқатқан. Мысалы, Д.Сұлтанғазин: «қазақтар араб харифтері менен жазуға неше заманнан бері ғазет алып үйренді», «қазақ білмейтін бір бөтен әліпби шығарғанша бұрынғысын түзеткені жақсы» деп оны бірден өзгертуге қарсы екенін айтады [47].

М.Есенгелдиннің «Тіл турасында», Ғ.Мұсаның «Жазу мәселесі», М.Сералиннің «Емле мәселесі» мақалалары емле, әліпби мәселесінің

қаншалықты өткір болғандығын айғақтайды. Мақалалардың қай-қайсысын алып қарасақ та негізгі идея – әліпбиді халық тіліне икемдеу және бұқара халықты жедел түрде сауаттандыру болды.

Үкімет тарапынан қазақ әліпбиін ғана емес, сол кезеңдері Ресей отары болып отырған барша түркі тілдес халықтардың жазуын өзгерту арқылы өз ықпалын күшейтуге тырысқан астыртын әрекеттер нәтижесі аяқсыз қалған жоқ. 1906 жылдың 31 наурызында Ресей патшалығы өзге халықтар жазуын орыс графикасына көшіру туралы заңды да шығарып қойғанын тарихи деректерден көреміз. Жоспарланған саясаттың астарын білдірмеу үшін 1910 жылы маусымда Петербург қаласында өткен кеңесте орыс жазуы тек ресми құжаттар мен оқулық кітаптарға ғана қолданылатын болсын деп үкім шығарған болатын [13, 153].

Жалпы қазақ жазу тарихындағы өзгерістер мен әліпбилердің ауысуы себептерін талдап, салыстыра баға беру нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға тура келеді. Әліпби реформасына байланысты бұл кезде екі түрлі көзқарас болды. Бірінші топ — қазақ тілінің дыбыс жүйесін беруде араб жазуының мүлде жарамсыздығын дәлелдеп, оны басқа әліпбимен ауыстыруға шақырса, екінші топтағылар араб әліпбиін ғасырлар бойы пайдаланып отырғандықтан, рухани мұрамыздан қол үзбеу үшін әліпбиді халық тіліне қарай икемдеу идеясын ұсынды. Сонымен қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін қалыптастырудың алғашқы қадамындағы басты мақсаты, оның дыбыстық жүйесін дұрыс бере алатын жаңа әліпби қабылдау не қолданылып жүрген араб графикасын біраз жетілдіру болды.

**Ұлттық бағыт және қазақ жазуы.** Қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, әліпби құрастырған қазақтың алғашқы фонологі – **Ахмет Байтұрсынұлы**. А.Байтұрсынұлы – өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдерден синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тілі ғылымын дамытқан ірі ғұлама.

А.Байтұрсынұлы қоғам, ғылым және мәдениеттің өркендеуі жазу арқылы іске асатынын жақсы түсінді. Ғалым сауатсыздықты жою үшін әріп, оқулық мәселесі кезек күттірмейтін мәселе екенін біліп, 1910 жылдан бастап, араб жазуының қазақ тілі үшін қолайлы емес жақтарын түзеп, оны тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сай етіп, **сингармониялық ұлттық әліпби** түзеді.

Әліпбиде қазақ тіліне тән, төл дыбыстарға ғана орын беріліп, кірме дыбыстар алынбайды. Ғалым гетерогенді сипат алған емлені, әліпбиді жалпыхалықтық, ұлттық негізде қарастырады. Сондықтан А.Байтұрсынұлының бұл жазу жүйесін **ұлттық қазақ жазуы** деп атаймыз.

А.Байтұрсынұлы араб әліпбиіндегі бірнеше мазмұнда қолданылатын таңбалардың бір ғана тұрпатын алады. Мысалы, араб әліпбиінде **س /c/** әрпінің үш түрі бар. Олардың айтылуы, жазылуы, қолданылуы әртүрлі болып келеді. Олар **ص (сад)** – эмфатикалық дыбыс, жуан айтылады, **ث** – тіс аралық дыбыс және **س (с)** әрпі. Осылардың ішінен ғалым қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне сәйкес келетін **син (س)** таңбасын, осы тәріздес мазмұндық және

тұрпат межесі үш түрде болып келетін т әрпінің та (ت), дәл (د), жуан та (ط) үлгілерінен араб тіліндегі та (ت) формасын алады. Осылайша араб графикасындағы басы артық таңбаларды сығымдай, жүйелей отырып, қазақша дыбыстары жоқ таңбаларды әліпбиден шығарады, арабша таңбасы жоқ қазақ дыбысына таңба қосады. Сондай-ақ қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазу үшін дәйекше белгісін ұтымды пайдаланады. Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы полиграфиялық жағынан қолайлы-қолайсыз жерлерін, оқыту процесіндегі тиімді-тиімсіз жақтарын таразылай отырып, 24 әріптен тұратын әліпби құрастырады.

**Дауысты дыбыстар**

а (ا), о (و), ұ (ۇ), ы (ى), е (ه)

**Дауыссыз дыбыстар**

б (ب), п (پ), т (ت), ж (ج), ш (ش), д (د), р (ر), з (ز), с (س), ғ (غ), к (ق), к (ك), г (گ), н (ن), л (ل), м (م), н (ن)

**Жарты дауысты дыбыстар**

у (و), й (ي) [48]

Бұл әліпбиде ерекше көзге түсіп, қызығушылық тудыратын бір таңба бар. Ол – дәйекше (жіңішкелік белгісі). Дәйекше – тек буындардың жіңішкелігін білдіретін белгі ғана, десек те, А.Байтұрсынұлы оны әріптер санағына кіргізген. Неге?

Қазақтың сөздері бірыңғай жуан буынды, не бірыңғай жіңішке буынды болып келетіндігін ескерсек, онда дәйекшенің ең алдымен осы тәртіпті қатаң қадағалайтындығын байқаймыз. Яғни, дәйекше – үндестік заңының орындалуының қатал бақылаушысы. Ешбір кірме сөз оны айналып өте алмайды.

Өзінің әліпбиінде ғалым араб графикасынан өзгеріссіз 16 таңбаны дайын күйінде алаған. Олар: ن, ي, م, ل, ك, ق, ع, ش, س, ا, ت, د, ج, ز, و. Ал 8 таңбаны араб жазуының негізінде алып, оларға тек түрлі нүктелер үстемелейді: و, ى, ۇ, ۋ, ۈ, ڭ, ڭ, پ

А.Байтұрсынұлының әліпбиінде қолданылған 6 әріптің тұрпаты өзара ұқсастығы бар, ал мазмұн межесі әртүрлі болып табылады:

- 1) ب, پ, ت, ن
- 2) ر, ز
- 3) ش, س
- 4) و, ۇ, ۋ, ۈ
- 5) ى, ي
- 6) ك, گ, ك

Сонымен ғалым инвариант фонемалардың әрқайсысына таңба арнамай-ақ, дәйекше арқылы жуан және жіңішке әуезде оқылатындай жазу жүйесін жасаған [49, 54].

Ғалымның әліпби жүйесін проф. Р.Сыздықова жоғары бағалай отырып былай дейді: «...әліпби араб таңбаларын пайдаланылған, бірақ араб жазуы емес, ұлттық қазақ жазуы болатын. Кезінде мұны өзге түркі халықтарының, орыстың білімпаздары мен қазақ қауымы «Байтұрсынов жазуы» деп атаған еді, ал Ахаңның өзі мұны «Қазақ жазуы» дейді. «Қазақ жазуы» деуінің орны бар еді. Себебі бұл әліпбидің негізі араб таңбалары болғанымен, ол «араб жазуы» деп

атала алмады, өйткені қазақтың жазба дүниесіне арналған бұл алфавит қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріліп, жаңа түзілген, яғни қазақ алфавитінде жоқ кейбір таңбалар қосылған мүлде жаңа әліпби болды» [50, 33-38].

А.Байтұрсынұлы құрастырған әліпби жөнінде М.Жүсіпов сингармониялық алфавит пен сингармониялық орфографияны жасауына объективтік және субъективтік себептер болды дей отырып, “қазақ тілінде үлкен диалектілік айырмашылықтар жоқ, Орталық Азияда қазақ тілінің табиғи (лингвистикалық) мүмкіншіліктері айқын, басым болды, сондықтан сингармониялық алфавит пен сингармониялық орфографияны жасауда осы мүмкіншіліктерді А.Байтұрсынұлы ұтымды пайдалана білді” — дейді [51, 62]. Шындығында да, қазақ жазуының орфографиясы ХХ ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлының мақалаларында тұңғыш рет сөз болды.

Н.Уәлиұлы «А.Байтұрсынұлы жазу-сызудың арқауы халықтық тіл болуы керек деген тұжырымды ұстанды, жазуды аз ғана оқығандардың емес, көпшіліктің білім, тәрбие құралына айналдырды, яғни жазу-сызуды демократияландырды» деп көрсеткен болатын [41, 268-290].

А.Байтұрсынұлының әліпби жүйесі 1924 жылы маусымның 12-18 күндері аралығында Қазақ АССР-інің сол кездегі астанасы Орынбор қаласында тұңғыш құрылтайда талқыланады. Съезге А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханұлы, Е.Омарұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төреқұлұлы, Т.Шонанұлы сынды қазақ зиялылары, сондай-ақ Мәскеуден, Қазақстан оқу комиссариатынан, Қостанай, Семей, Орал, Бөкей оқу губерниясынан, Қырғызстаннан, Башқұртстаннан делегаттар қатысады. Съезде жазу ережелерін нақтылау, әліпби мәселесі, қазақша пән сөздерін жүйелеу, әдеби тілді қалыптастыру, бастауыш мектептің бағдарламаларын даярлау, қазақ тілінде оқулықтардың санын көбейту, *у* және *и* дыбыстарының дауысты немесе дауыссыз екенін анықтау, *х*, *ш*, *ф*, *һ* әріптерін қазақ әліпбиінен шығару, қысандардың жазылуы және т.б мәселелер қарастырылды [52].

Осы жиында өзі «Қазақ жазуы» «тәртіпті жазуы», өзгелер «Байтұрсынұлы жазуы», «Ұлттық жазу», «төте жазу» деп аталған әліпби үлгісі, емлесі ресми түрде бекітіледі.

Алайда осы жылдар аралығында Орталық басқару органдары тарапынан бүкіл түркі әліпбиін латын жазу жүйесіне ауыстыруға нұсқау беріледі. Басып алып, жергілікті халықтың санасын тұмшалап, өткенін ұмыттырып, еркін жеңіске жету тәсілін кез келген отаршыл пиғылдағы мемлекет қолданған. Әліпби реформасы осы мақсаттағы ең тиімді әдістердің бірі екенін отаршыл өкімет жақсы түсінетін. Ғасырлар бойы қолданып келе жатқан араб графикасы негізіндегі жазуын қолданыстан шығарып, біртіндеп орыс графикасын енгізу арқылы халықты орыстандыру саясаты ашықтан-ашық көрініс бере бастады. Дегенмен, алдын ала дайындықсыз, бірден орыс жазуына көшіріп жіберу орысшылдық пиғылға қатты қарсылық тудыратынын сезіп, ұлт зиялылары тобынан сескеніп, белгілі бір қолайлы жағдай туғанша қоғамдық пікірді

адастырып жіберу үшін, құрамындағы түркі тілдес халықтар әліпбиін бірінші латын графикасына негізделген әліпбиге көшіруді жоспарлайды.

### **1.3 Қазақстандағы латын графикасына негізделген әліпби жүйесіне көшірудің дайындық кезендері**

1920 жылдардың басында латын әліпбиін насихаттау жұмыстары ерекше қарқынмен жүргізіле бастады. Төңкеріске дейін латын әліпбиіне көшіру саясаты алдымен якут халқына жүргізіледі. Якут әліпбиін латын қарпіне ыңғайластырған С.А.Новгородов 1917 жылдары өзінің жобасын ұсынады. С.А.Новгородовтың ұсынған әліпби жүйесі біраз уақыт жұмыс істегенімен, якут әліпбиі бірнеше рет өзгертіледі. Осы жөнінде Н.Нұрмақов: «... первая попытка ввести латинизированный алфавит была сделана в Якутии. Алфавит, выработанный там еще 1917 г., был официально принят в 1920 г. («Suruk-вісік» азбука)» [54, 63] – деп атап өткен болатын. Бірінші кезекте якут халқын латын графикасына негізделген әліпбиіне ауыстыру басқа ұлттарды алаңдатпау үшін істелген уақытша тактикалық тәсіл болатын.

Латын әліпбиін жақтаушылар Кеңестер Одағындағы латын әліпбиіне өту ісі әзірбайжан драматургі, ғалым Ахундов Мырза Фатали бастамасымен дүниеге келген деген пікірді ұстанды. Шындығында, латын әліпбиіне көшіру саясаты якут халқын есепке алмағанда, бірінші Әзірбайжанда көтерілді. Бұл жөнінде Б.Әбілқасымов: «Түрік халықтарының ішінде бірінші болып Әзірбайжанда Мырза Фатали Ахундов араб жазуын латын графикасымен ауыстыру идеясын ұсынды», – дейді [54].

1922 жылы әзірбайжан оқымыстысы Ағымалы Оғлы В.И. Ленинмен кездескен кезінде латын графикасына көшіру мәселесін қозғайды. Осыдан кейін Қазақстанда, Башқұртстанда, Татар т.б. республикаларда латын әліпбиіне қатысты түрлі пікірталастар жүргізіледі. Бұл кезеңді Н.Нұрмақов «бытыраңқы әліпби кезеңі» деп атайды. «Бытыраңқы әліпби кезеңі» деп атауының себебі, әліпби мәселесін қарайтын арнайы орталық болмай, әрбір мемлекетте немесе облыстарда жұмыстың өз бетінше жүріп жатқандығынан болса керек.

1924 жылы 11-17 ақпанда Бүкілресей съезінде татар-башқұрт білімпаздары латын графикасы негізінде әліпби жүйесін күн тәртібіне қояды. Осы жылдан бастап «Жизнь национальностей» журналында Н.Төреқұловтың «К вопросу о латинском алфавите среди тюрков СССР», Х.Навширвановтың «Почему мы стремимся перейти к латинскому алфавиту» және бұл баяндамаларға қарсы Г.И.Бройдо «К замене арабского алфавита латинским» атты мақалалары жарияланады [55, 53-56].

1924 жылдың 11, 18, 24 сәуір айларында I Түркологиялық съезге дайындық жұмыстары басталады. Осыған байланысты Ленинград қаласында мәжіліс өтеді. Мәжіліске В.А. Гурко-Кряжин, проф. А.Н. Самойлович, проф. Е.Д. Поливанов, проф. Н.Ф. Яковлев, проф. Л.И. Жирков және ойрат, әзірбайжан, якут халықтарының өкілдері қатысады. Бұл күндері өткен мәжілістің төрағасы ретінде В.А. Гурко-Кряжин сайланады. Мәжілісте әрбір халық өкілдері өз

елінде қолданылып жүрген әліпби жүйесінің кемшін тұстары және терминология мәселелері туралы баяндамалар оқиды. Сонымен қатар отырыста ұйымдастыру, үгіт-насихат жұмыстарына баса назар аудырылу керектігі айтылады. 11-18 сәуір аралығында I Түркологиялық құрылтайға мынадай бағдарлама бойынша баяндамалар жасалуға тиіс деп бекітілді: 1-пункт – әліпби мәселесі; 2-пункт – әдеби тіл мәселесі; 3-пункт – ғылыми терминология. Құрылтайдың жалпы бағдарламасын 14 жұмыс күні ішінде түзу керектігі ескеріледі. Профессор Л.И. Жирковқа I Түркологиялық құрылтайға «Арабский шрифт в сравнении с европейскими шрифтами» атты баяндама жасау тапсырылады. 11 сәуір күні өткен мәжілісте профессор А.Н. Самойлович баяндамасында съезге ғылым-білім өкілдері міндетті қатысуын талап етеді: «К участию в съезде должны быть привлечены представители науки и просвещения 1) Азербайджан ССР, 2) Дагистан автон. СССР, 3) Кабард.-Балкар авт. обл., 4) Карачай-Черкеш авт. обл., 5) Крым авт. ССР, 6) Татар АССР, 7) Башкорт АССР, 8) Чуваш авт. обл., 9) Киргиз АССР, 10) Туркистан АССР, 11) Ойрат авт. обл., 12) Хакас авт. обл., 13) Якут авт. ССР» дей отырып, ғалым Ленинград түркологтары және шығыстанушыларды міндетті түрде, якуттанушы Пекарский, академик Бартольд, Ольденберг және Н.Я.Марр, профессор Владимирцов, Малов, Самойлович және оқытушы Поппе, мәскеулік Төреқұлов, Навширманов, проф. Гордлевский, Поливанов, Яковлев, Жирков, Дмитриев және т.б. лингвист-түркітанушылар съезге баяндамашы ретінде тартылуы және қатысулары керектігін ескертеді [55, 19-36].

1924 жылғы қазақ-қырғыз оқымыстыларының бас қосқан бірінші съезінен кейін болған I Түркологиялық съезд Қазақстанда әліпби мәселесінің жанданып, көтерілуіне, шешуші бағыт алуына ең бірінші мүмкіндік ретінде саналды. Съезд алғашқыда Мәскеуде өтетін болып, кейін Баку қаласына ауыстырылады. Мұны мынадай мұрағат деректерімен байланыстырамыз. 1924 жылдың сәуір айынан бастап Бүкілодақтық Шығыстану ғылыми ассоциациясы (ВНАВ) комиссия мүшелерін тағайындайды. 1925 жылы 17 маусымда сайланған мүшелер Орталық атқару комитеті (ЦИК) Президиумына мынадай хат жібереді: «В виду неоднократных обращений партийных, советских и научных учреждений с предложением созвать всесоюзный тюркологический съезд. Научная Ассоциация Востоковедения СССР просит разрешить таковой в г. Баку с широким представительством от тюркских народов нашего Союза» [55, 9-14].

1925 жылы Орталық атқару комитеті (ЦИК) Президиумының председателі Ағамалы-оғлы және оның орынбасары Павловичтің ұсынысы бойынша мынадай қаулы қабылданған: «Разрешить Научной Ассоциации Востоковедения при Президиуме ЦИК-а СССР созвать в декабре 1925 г. в г.Баку Всесоюзный тюркологический съезд без отпуса в сверхсметном порядке средств на расходы, связанные с созывом съезда». 1925 жылы 15 қыркүйекте Ағамалы-оғлының ұсынысымен Мәскеуде мәжіліс өтеді. Мәжілісте мынадай қаулы қабылданған: «Установить, что съезд созывается Научной Ассоциацией Востоковедения Союза ССР совместно с Обществом Изучения Азербайджана

на 15/XII с.г. в г. Баку. Вопрос о приглашении иностранных гостей решить положительно, число их будет зависеть от средств организационного комитета по созыву съезда» [55, 12]. Съезге даярлық ретінде көптеген ұлт республикаларында мәжілістер өткізіледі. Әзірбайжан Республикасы да съезге барынша дайындалып, жаңа әліпбимен басылған бірнеше оқулықтар шығарады, осындай үлкен табыстармен I Түркологиялық съезді бірінші Әзірбайжан халқы, екінші орында терістік Кавказ өлкесінің автономиялық облыстары, үшінші орында Башқұрт және Қырғыз Республикасы қарсы алады. Бірінші Түркологиялық съезд 1926 жылы 26 ақпан күні Әзірбайжан Республикасының астанасы Баку қаласында ашылады. Съезд жұмысы 9 күнге созылып, оған 131 делегат, яғни 70 пайызы түркі халықтарының делегаттары, қалған 30 пайызы басқа ұлттардан келген түркологтар қатысады. Ағымалы-оғлы басқаруымен өткен бұл мәжілісте қаралған негізгі мәселе – әліпби мәселесі [57]. Осындай мәжілістерден соң жаңа әліпбиді насихаттау ісі қарқынды жүріп, оған жастар көп тартылады. Жаңа әліпбиді насихаттауға кіріскен жастар латын әліпбиінің тек артықшылықтарын ғана насихаттайды. Арнайы тапсырмамен жазылған мақалаларда араб әліпбиінің кемшіліктері көп айтылып, жаңа әліпбидің жетістіктері ғана баспасөзде жарияланады. Жаңа әліпбидің «жақсы жақтарын» насихаттау жұмысы «Лениншіл жас» газетінің редакторына тапсырылады.

1927 жылы Қызылорда қаласында жаңа әліпбиді қарайтын «ЖАҚ» (жаңа әліпби қоғамы) деп аталатын қоғам құрылады. Қоғам мүшелігіне Н.Нұрмақов, К.Тақтабаев, О.Жандосов, Ә.Байділдин, А.Ермеков, А.Тоғжанов, Т.Шонанов, кандидат ретінде Орманбаев пен Малдыбаев Біләл сайланады. Кейін қоғам мүшелігіне Ж.Чомбалов, Ә.Сейдалиев, Т.Рысқұлов, А.Байсейітов, Ә.Байділдин, С.Мұқанов, Б.Майлин, А.Сегізбаев, Е.Алдоңғаров, Б.Байтоғайев, Шарибаев, Б.Малдыбаев, И.Бекенов, К.Арынғазиев, Беков, Нұрпейісов, Мурзин, Күнжанова, Бегалиева, Омаров, Ашим, т.б. алынады [58, 20].

Жаңа әліпби қоғамы мынадай жоспар бойынша жұмыс атқарады\*:

- 1) балаларға арналған әліпби шығару (латын графикасына негізделген жазу бойынша);
- 2) үлкендерге арналған әліпби шығару (латын графикасына негізделген жазу бойынша);
- 3) Қазақстан халықтары үшін бірлестірілген әліпби жүйесін жасау;
- 4) жаңа әліпбиді қарайтын бөлімшелер ашу;
- 5) екі жинақ шығару, оның біреуі пікірталас мақалалар болса, екіншісі жаңа әліпбиді насихаттау;
- 6) басқа түркі тілдес халықтарының комитеттерімен тәжірибе алмасу;
- 7) комитет мүшелерінің КССР қалаларына іссапарларын жоспарлау;
- 8) мұғалімдерді жаңа әліпбимен оқыту;
- 9) өкімет басшыларына жаңа әліпбидің жағымды жақтарымен таныстыру;
- 10) Қазақстан латыншылардың құрылтайына дайындау жұмыстарын ұйымдастыру;
- 11) жаңа әліпбимен терушілерді дайындау;

---

\* 30-жылғы емле сақталып берілді (– Ә.Н.)



12) жаңа әліпби шрифтерін баспаханаларға қамтамасыз ету [57, 7].

1928 жылы қаңтар айының бірінде Ташкент қаласында өткен II пленумда барлық республикалар жеке бесжылдық жоспар дайындалсын деген үкім қабылдаған болатын [58, 29]. Осы мәселе 1928 жылы 18-23 желтоқсан аралығында өткен III пленумда қайта қаралып, жаңа әліпбиге көшірілу мерзімі 2<sup>2/1</sup> жылға қысқартылады, себебі бұл уақытта басқа республикалар көшіп үлгерген еді, сондықтан 1931 жылға дейін жаңа әліпбиді орнатып болсын деп қаулы қылады. Пленумда көтерілген мәселелер негізінен эзирбайжан жазуы негізінде өзге түркі халықтарының әліпбиін бірізділендіру, бас әріп мәселесі, емле принципі, фонетикалық пен морфологиялық принципті қатар ұстау деген мәселелер төңірегінде сөз қозғалады [59].

Қазақстанда латын әліпбиін қолданысқа енгізу жөнінде 1929 жылдың қаңтар айында өткен Орталық кеңес комитетінің IV сессиясының басқарушысы Ерназарұлы Елтай мен хатшысы Асылбекұлы Абдолда қаулы қабылдайды. Қаулыда 1930 жылдың қаңтар айына дейін латын әліпбиі мен араб әліпбиі жүйелері қатар қолданыста жүретіндігі және мемлекеттік органдар латын қарпіне тез арада көшірілуі тиіс екені хабарланады.

Сонымен, Эзирбайжан Республикасында бастау алған латын әліпбиіне көшу ісі Қазақстанда да кеңінен талқыланып, әліпби мәселесін қарайтын түрлі ұйымдар, қоғамдар ашылып, екі әліпбидің кемшіліктері мен ұтымды жақтары таразыланып, баспасөз беттерінде жариялана бастайды.

#### **1.4 Қазақстандағы латын графикасы негізіндегі қазақ әліпби жүйесіне көшер алдындағы пікірталас: Деректер мен дәйектемелер**

Әліпби, емле, оны реформалауға байланысты пікірталас алғашқыда «Дала уәлаяты газеті», «Айқап» журналы, «Қазақ» газеттерінен көрінді, ал 1920 жылдан бастап «Еңбекші қазақ», «Жаршы», «Жаңа мектеп» газеттер төңірегіне ұйысып отырғандығын байқауға болады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақтар арасында латын әліпбиіне көшу мәселесі жиырмасыншы жылдың орта тұсынан бастап сөз бола бастады. Алғашқыда осы жөнінде алдыңғы қатардағы қазақ оқымыстылары баспасөз беттерінде арнайы мақала, пікірталас ретінде өз ойларын білдіріп отырды. Әліпбиге байланысты көзқарас, пікірталастарды бұқара арасына жариялап халық талқысына салып отырған «Еңбекші қазақ» газетінің орны ерекше болды. Аталмыш газетке екі топтың жүздеген мақалалары жарияланған. Айталық, Н.Төреқұлов «Бізге қандай әліппе керек», Ә.Байділдиннің «Жаңа әліппе тарихынан», Т.Шонанұлының «Бізге жаңа әліппе не үшін керек» деген тәрізді мақалалары, сонымен қатар Қ.Жұбановтың, Е.Омаровтың, Қ.Кемеңгерұлының, Б.Байтоғайұлының, Қ.Басымовтың, М.Дулатовтың О.Жандосұлының, М.Жолдыбаевтың, Н.Қаймекеұлының, Ж.Аймауытовтың, М.Мұхтарұлының қазақ тілінің орфографиясы, графикасы жөнінде бірнеше мақалалары жарыққа шығады.

Латын графикасын қабылдау қарсаңындағы 1920 жылдардан басталған тартыс, яғни араб жазуын қолданыстан мүлдем шығарып, латын әліпбиін қабылдау алдындағы қазақ зиялылары арасында түрлі бағыттағы пікірталастар орын алып, **латыншылдар** және **арабшылдар** немесе **қазақшылдар** деген екі топқа бөлінді.

Латын жазуына көшуге, әсіресе, Қазақстанда қарсылық қатты болады. Бір топ ғалымдар қазақ тілі үшін Байтұрсынов әліпбиінің жарамдылығын жақтап сөйлесе, екіншілері кереғар пікір айтып, қарсылықтарын сездірді. Байтұрсынұлының әліпбиін жақтаушыларға «байшыл», «буржуазияшыл, ұлтшыл», «алашордашыл», «діншіл» деген айыптау көп болды. Баспасөз беттерінде халықтың көзқарасын адастыру мақсатында бірнеше мақалалар жарыққа шығады. Осыған байланысты Ғ.Тоғжанұлы былай дейді: «Қазір жаңа әліпке көшпеу – байға, молдаға, арабшыл-ұлтшылдарға, отаршылдарға болысы болды. Өйткені солардың бәрі де бірауызды болып жаңа әліпке қарсы» [60, 4]. Бірақ А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары мұның түпкі астарының қандай саяси-идеологиялық мақсат көзделгенін жақсы білетін. Олар латын графикасына негізделген жазуды алу, уақытша көзбояушылық шара екендігін, жазуды түптің түбінде орыстандырудың кілті болған орыс әліпбиіне түсіретінін түсінді.

Әліпби реформасы туралы мәселе алғаш 1924 жылдың 12-18 маусым аралығында Орынборда өткен қазақ білімпаздарының бірінші съезінде көтеріледі. Бұл съезде әліпби жөніндегі баяндаманы А.Байтұрсынұлы жасап, өзі құрастырған қазақ әліпбиінің тиімділігін жан-жақты дәлелдеген: «Тексеріп қарасақ, латын әліпбиінің түрік әліпбиінен кемдігі болмаса, артығы көрінбейді. Жаманнан жақсыға, залалдан пайдаға бой ұру – жөні бар дұрыс іс, оны әркім-ақ қостауы тиіс, жақсыдан жаманға, пайдадан зиянға бой ұрғанда, оны дұрыс деп қостауға болмайды» – дейді [48, 417].

Ал А.Байтұрсынұлынан кейін латын әрпін қолдап, баяндама жасаған Н.Төреқұлұлы латынға көшу керектігін айтып, оның артықшылықтарын алға тартады. Н.Төреқұлұлы латын әрпі баспахана ісіне де, жазу мәшинесіне де қолайлы деп көрсетеді.

А.Байтұрсынұлы латын әліпбиін ұстанушыларға өзінің баяндамасында былай дейді: «Араб әрпін латын әрпіне алмастыру мәселесі қозғалғаннан бері, көп адам екеуін салыстырып, терең қарап, артық-кемін тексеру, зерттеуге түсті. Екі әріп те жеткілікті дәрежеде терең тексеріп, терең зерттелді. Сол терең тексеру арқасында екі әріптің де бұрын назар салынбай, еске алынбай жүрген көп сындары, сипаттары көзге түсті. Менің мұнан былайғы сөздерім жалған өз пікірім иа тапқандарым емес, көптің көздеп, үңіліп зерттегенінен табылған нәрселер. Екі әріпті теңестіріп, артық-кемін тексеріп өлшеуге салғанда, таразыңның табан тірейтін нәрселері мыналар болуға тиіс:

- 1) тіл дыбысына жеткілікті – жеткіліксіздігі қанша?
- 2) қайсысымен басылған иа жазылған сөз оңай оқылады?
- 3) қайсысымен жазу жеңіл, жазылғанын тану жеңіл?

4) қайсысы баспаға қолайлы (баспаға сыймды болуы, жұмыстың өнімді болуы ол да сонда).

5) үйренуге қайсысы оңтайлы?

6) көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық?» [48, 399-416].

Осы сұрақтарға А.Байтұрсынұлы баяндамасында латын әліпбиіне қарағанда араб әліпбиінің оқуға, баспаға, сауат ашуға ең жеңіл әліпби екенін былайша дәлелдейді:

1) араб әрпі латын әрпінен жазуға, оқуға оңай. Онысын сауатты адамдардың күндегі ісінің жүзінде көп пайдалы болып шығады.

2) сауат ашу жүзінде араб әліпбиінің қолайлығы латын әрпінен артық.

3) баспа ісі жағынан араб әрпінің ескісі латын әрпінен төмен, жаңасы артық.

4) машиналарға орнатуға араб әрпінің жаңасы латындікінен анағұрлым артық, ескісі де орнатуға келетінін іс көрсетіп отыр.

5) араб әліпбиінің әрпі қазақ тілінің дыбыстарына толық жеткілікті, қандай емле жасауына да келеді. Қазақ емлесі нағыз оңай, бұқараға қолайлы емле [48, 399-416].

Араб жазуының тиімділігін, қазақ тілі ережесіне сай келетіндігін, емлесінің басқа жұрт емлесінен артықшылығын, тіліміздің дыбыстарын дәл беретінін ашып көрсете алғандардың қатарында – **Е.Омарұлын** атаймыз. Ғалым «...Жаңалық деген барды жоғалтып, орынсыз өзгеріс беруде емес, барды өмірге, тұрмысқа үйлестіріп, қолайсызы болса қолайлы етіп өзгертумен қолдануда. Бұлай болса, әрпі жоқ басқа елдер алды екен деп, әрпіміз жақсы, таңбамыз дұрыс біздің латынға көшуіміз – орыс әйелдерінің бетін бояғандарына қызыққандық сияқты еліктеу мен еріккендік. Бос шығын, орынсыз жаңалық», – дейді [61, 14].

1926 жылы 10 желтоқсанда ГорКИНО-да қазақ әліпбиін латындастыру пікірсайысы болып өтеді. Мәжілісте О.Жандосов, А.Байділдин, А.Байтұрсынов т.б. қазақ зиялылары баяндама жасайды. О.Жандосов латын әліпбиінің тарихына шолу жасай отырып, аталмыш әліпбидің ұтымды жақтарын, ал араб әліпбиінің қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алмайтындығын айтады. Ғалым араб әліпбиінің физика, алгебра, геометрия, химия, медицина, формацевтика, музыка салаларында кездесетін кемшілігін санамалап көрсетеді.

Отырыста сөз алған А.Байтұрсынұлы латын әліпбиінен де ыңғайлы, қолайлы әліпби бар екенін айта келіп, латын әліпбиі мен араб әліпбиін ғылыми түрде салыстырып, араб әліпбиі сауат ашуға, техникаға, тез оқуға, жазуға өте ыңғайлы екенін өз дәлелдерімен нақтылап береді [62, 23].

20-жылдары әліпби ауыстырудың экономикалық шығындары да таразыға салынып отырды. Бір топ ғалымдар (А.Байтасұлы, І.Ахметұлы, М.Бұралқыұлы, Н.Ғалымжанұлы т.б.) латын графикасы экономикалық шығындарға әкеліп соқтырады, сондықтан жаңа әліпби жүйесіне көшкенше, қолданып отырған әліпбиді түзеуге, оқушыларға оқулық шығарған азбал деп қорытады, ал екінші топтағы ғалымдар (Ә.Байділдаұлы, Т.Шонанұлы, Н.Төрекұлұлы, О.Жандосұлы, Ж.Малдыбаев, І.Қайменұлы, Ж.Күдерұлы, Ә.Бейсембекұлы, Сәрсенбайұлы т.б.)

қарсы шығып, латын әліпбиі полиграфиялық жақтан өте тиімді деп жақтап баяндама жасайды. Аталған ғалымдардың пікірлері 1927 жылы әуелі Ташкентте, одан соң Қызылорда қаласында өткен жазу мәселесіне арналған конференция, сессия, пленум материалдарында жарияланған.

1926 жылы 26 ақпаннан 6 наурызға дейін Баку қаласында Бүкілодақтық Бірінші Түркологиялық съезде түркі халықтарының жазуы, орфографияның негізгі принциптері, сонымен қатар түркі халықтарының этнографиясы, тарихы, терминологиясы туралы көптеген мәселелер қозғалады. Солардың ішінде ең үлкен де, талас-тартысы көбірек болған мәселе түркі халықтарының барлығының тегіс латын әліпбиіне көшуі жөнінде. Съезге қатысушылар екіге бөлініп, бірі – бұрыннан пайдаланып келген әрі нақтылы ұлт тіліне лайықталып, реформаланған, ресми қабылданған араб графикасын латыншаға ауыстырудың саяси-идеологиялық, экономикалық, методикалық артықшылығы бар және сан ғасырлық жазба дәстүрден қол үзу қаупін тудырады дегенді айтса, екінші тобы – араб жазуы түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне сай келмейді, латын әліпбиі түркі тілдерін еуропа мәдениетіне жақындастыра түседі дегендей дәлелдер айтылады [56].

Съезде барша түркі халқының зиялы қауым өкілдері, Л.В.Щерба, Н.Ф.Яковлев, А.Н.Самойлович, В.В.Бартольд, Н.И.Ашмарин, К.К.Юдахин, сондай-ақ А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Ә.Байсейітұлы, Б.Сүлейұлы тәрізді қазақ білімпаздары бас қосқан. Қазақстаннан Е.Омарұлы, Ә.Байсейітұлы, Б.Сүлейұлы Н.Төреқұлов өкіл ретінде барса, А.Байтұрсынұлын Бакудегілер арнайы шақыртады. Съезде емле, жазу мәселелері бойынша Л.В.Щерба, Н.Ф.Яковлев, Л.И.Жирков, Ғ.Шараф, А.Байтұрсынұлы, Н.Төреқұлов, Е.Омаровтар баяндама жасайды. Латын әліпби жүйесіне қарсы шығып баяндама жасағандарға «ұлтшыл», «діншіл» деген тәрізді айыптаулар тағылып, бірнеше психологиялық сөздермен шабуыл жасалады.

Айта кетер жайт, түрік-татар халықтарын латын әліпбиіне көшіру ісінде ерекше қарсылық танытқан – Татарстан Республикасы болды. Араб әрпімен сауаттылар қатарының көптігін, арабша басылған еңбектердің молдығын алға тартқан Алимджан Шарафов әліпби ауыстыру ісінде біразға дейін қарсылық көрсетіп, уәжі бар пікірлер айтады. Ол Әзірбайжанның тәжірибесі көз жетерліктей емес, түркі халықтарының арасында таратуға келмейді, ал барлық жігерді араб әліпбиін реформалауға жұмсау керектігін айтады. Отырыста араб графикасына негізделген әліпбиді реформалау керек деген пікірді татарлардың барша делегациясы қолдаса, қазақ делегациясының бір бөлігі ғана бұл пікірге қосылады.

Латын графикасына негізделген әліпбиді жақтаушы **Н.Төреқұлов** араб графикасына негізделген қазақ әліпбиін латын графикасы негізіндегі әліпбиге ауыстырудың бірнеше себептерін және кемшіліктерін былайша көрсетеді:

1. Бала оқылуға байланысты қиындық тудыратыны, әріптердің үш немесе төрт түрлі жазылуы;
2. Нүктелердің, иректердің көптігі;
3. Медицина терминдеріне келгенде қиындық тудыратыны;

4. Санды жазғанда ыңғайсыздығы;
5. Нақты немесе жаратылыстану (математика, геометрия т.б.) ғылымдар терминдерінің жазылуы;
6. Музыка ноталарды жазғанда;
7. Баспа ісіне байланысты қиындықтары;
8. Жазу машиналары мәселесі, – деп бөліп, олардың әрқайсысына тоқталып, латын жазуының қазақ әліпбиін алу керектігін айтады [63, 13].

Латыншылардың белсенді мүшесі **Байділдаұлы Әбдірахман** латын әрпін алуды жақтаған баяндамасында, араб графикасы қазақ тілінің дыбыстарын толық бере алмайтынын, араб графикасына негізделген әліпбидегі әріптердің бірнеше нұсқалығын, олардың бір түстілігін, ноқаттардың көптігін сөз етеді. Сонымен бірге Ә.Байділдаұлы латын әліпбиі тарихына тоқталып, латын әліпбиі «интернационалдық» деп баға береді [64, 16-25].

Сонымен, бұл съезде жаңа әліпбиді қолдаушылар саны басым болып, дауыс беру нәтижесінде 101 дауыс латын графикасына, 7 дауыс араб графикасына, 9 дауыс қалыс қала отырып, латын жазуы қабылданады. Съезде бірнеше қаулы қабылданады, оның бірі әліпбидің түзілу принциптері жөнінде болды. Онда:

- жаңа әліпбидің үндестік заңына бағындырылуы;
- бір дыбысқа бір әріп алу;
- үтір, ноқат тәрізді белгілерді шектеу;
- түрік елдерінде бірдей айтылатын дыбыстардың таңбаларын бірлестіру;
- бас әріп таңбасын алмау;
- орыс графикасының әріптерін алмау;
- кірме сөздерді үндесім заңына бағындыру;
- бірдей дыбыстарға әріп алмау;
- қосар әріп алмау;
- жіңішке дауыстыға таңба алмау тәрізді міндеттер көрсетіледі.

А.Байтұрсыновтың реформалауынан кейін араб жазуын бүкіл түркі жұрты **ұлттық жазу жүйесі** деп таныса да, күштеу саясаты өз дегеніне жетіп тынады. Латын жазуына қарсыларға саяси айып тағылып, тіпті заң қорғау орындары да араласа бастайды. Жаңа әліпби қабылданғаннан соң, араб әліпбиін қолданатындарға шектеу қатты болып, өкіметтің уәкілдері тарапынан бақылауда болады.

Жоғарыда ұсынылған қазақ зиялыларының қазақ әліпбиін қалыптастырудағы еңбектері мен пікірлерін салыстыра келгенде, барлығының ортақ мүддесі, біріншіден, қазақтың дыбыстық жүйесін сол қалпында қазақи күйінде таңбалап бере алатын әліпбиді енгізу болса, екіншіден, сол әліпби қоғам дамуына сай одан әрі жетілдірілуге ілесіп, дами алу деңгейінде ескерілетін заңдылықтарды енгізу көзделді. Сайып келгенде, пікірталастырушылар қазақтың ұлттық жазуын, әліпбиін тұрақтандыруға, қазақ тілдік қорды сол қалпында сақтап қалатын негізгі графиканы енгізуге бағытталды.

Сонымен, он шақты жылға созылған баспасөздегі әріп айтысында А.Байтұрсыновтың пікірін әріптестері М.Дулатов, Е.Омаров, А.Байтасұлы,

І.Ахметұлы т.б. жақтап сөйлесе, Н.Төреқұлов, Т.Шонанұлы, О.Жандосов тәрізді ғалымдар латын қарпі – «күншығыстағы мәдени революция», «социализм әліпбиі», «еуропалық мәдениетке жетудің бір жолы» деген пікірлер айтып, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің дүниеге келуіне барлық мүмкіндіктерді қарастырды.

### 1.5 Жазу реформасы: жалпытүркілік бірегейлендіру

Ресей Антропология және этнография музейі жанындағы Радлов үйірмесінде және Ленинград Мемлекеттік университеті жанындағы лингвистикалық секцияда 1920 жылдардан бастап түркі тілдес халықтардың ортақ әліпби жүйелері талқылана бастайды. Латын әліпбиіне байланысты ғылыми пікірлерді, жобаларды бір жүйеге келтіру мақсатында Л.В. Щербаның басқаруындағы арнайы комитет құрылады.

1925 жылы Солтүстік Кавказ тау халықтары арасындағы ағарту жұмыстары жөнінде өткізілген екінші конференцияда ингуш, кабардин, қарашай, адыгей, шешендер жазуын латынға ауыстыру жөнінде шешім қабылданады.

1926 жылы өткен құрылтайда Жаңа Түрік әліпбиінің Орталық Комитеті құрылып, оған төраға болып С.А.Ағамалы-оғлы сайланады. Комитетке мүшелікке орыстың белгілі ғалымдары Л.И.Жирков, Н.Марр, Е.Д.Поливанов, Н.Ф.Яковлевтер т.б. енді. Кейіннен бұл комитет Бүкілодақтық Жаңа әліпби Орталық комитеті болып өзгертіледі. Бұл комитеттің мақсаты – түркі тілдес халықтардың латын әліпбиіне өтуін қамтамасыз ету, жазуы болмаған халықтарға осы әліппені енгізу болатын.

1927 жылы Одақтық Жаңа Әліпби Комитетінің бірінші пленумында және 1928 жылы 7-12 қаңтар аралығында өткен екінші пленумда түркі тілдес халықтары үшін бірыңғайланған әліпби мәселесі қозғалып, әр халықтың тілдік ерекшеліктеріне сай әліпби жүйелері салыстырылып, түзіле бастайды [65].

1928 жылы желтоқсанның 9-12 күндері аралығында өткен Қазақстанның жаңа әліппешілерінің өлкелік тұңғыш конференциясында Т.Шонанұлы «Әліпбиді бірегейлендіру — «қоғам талабы», жаңа әліпбиге көшудің өзі әліпби бірлестірудің бір тарамы, сонымен қатар, түркі халықтарының мәдениетімен бірлесу және баспахана жұмыстарына, жазу мәшинелеріне, әріп құюға көп жеңілдік», — дей отырып, экономикалық тиімді жақтарын көрсетеді [66, 9].

Осыдан кейін жаңа әліпбиді қарайтын Бүкілодақтық Комитеттің (ВЦКНТА) Ғылыми кеңесі өзара жақын деп тапқан 20-ға жуық халықтың әліпбилерін бірыңғайластырады. Жалпы алғанда, аталмыш комитеттің ұйымдастыруымен СССР-дағы 20 ұлт «жаңа әліпбиге» көшіп, бұрын-соңды әліппесі болмаған 50-ден астам ұлт латын әліпбиімен табысады (**1-қосымшаны** қараңыз).

Түркі халықтарына ортақ жазу үлгісін жасау проблемасы сонау 20-30-жылдары көтерілген. 1926-1928 жж. 20 шақты халықтың жазуы латын графикасы негізіндегі жазу бойынша бірыңғайластырылды. Әліпбиді бір ізге түсіру мақсатында латын графикасынан өзгеріссіз 25 таңба алынады (а, в, с, d, e, f, g, h, i, j, k, l, m, n, o, p, q, r, s, t, u, v, x, y, z), ал әр халықтың төл дыбыстарын

толық бейнелеу үшін тағы да мынадай таңбалар жеке әліпбилерге енгізіледі. Мысалы, қазақ – ҫ, ә, Ғ, ө, җ, ь; түрікмен – ґ, ҫ, ә, җ, ө, ҫ, ь, ' (дәйекше); әзірбайжан – ҫ, ә, Ғ, ө, ь, ҫ, ь, ' (дәйекше); татар – ҫ, ә, Ғ, ө, җ, ь, ' (дәйекше); башқұрт – ҫ, ә, Ғ, ө, җ, ь, ь; құмық – ҫ, Ғ, ө, җ, ь, ' (дәйекше), қарақалпақ – ҫ, ә, Ғ, ө, җ, ь, ' (дәйекше); ноғай – Ғ, ө, җ, ь, ' (дәйекше); қырғыз – ҫ, Ғ, ө, җ, ь, ' (дәйекше); алтай – ҫ, ө, җ, ь, ' (дәйекше); қарашай – ҫ, Ғ, ө, җ, ь, ' (дәйекше); өзбек – ҫ, Ғ, ь, ' (дәйекше); ұйғыр – ҫ, ә, Ғ, ь, ь, ' (дәйекше); якут – ҫ, Ғ, ь, ө, ь, ь, ' (дәйекше); тувин – ґ, ҫ, ь, ө, ь, ь, ' (дәйекше); хакас – ҫ, ь, ь, ө, ь, ь, ' (дәйекше); дұңған – ҫ, ә, Ғ, ь, ө, ь, ь, ' (дәйекше). Сонымен бірыңғайластырылған әліпби жүйесі үшін қабылданған таңбаларды мынадай топтарға жіктеуге болады: а) **Латын графикасынан өзгеріссіз алынған таңбалар**: a, b, c, d, e, f, g, h, i, j, k, l, m, n, o, p, q, r, s, t, u, v, x, y, z; ә) **Қосымша таңбалар**: а) негізгі әріптер, таңбалардың әріпасты құйрықша арқылы таңбалануы: ҫ, ҫ, җ; б) негізгі таңбалар, әріпอร์ตасы сызықша арқылы таңбаланатын әріптер: ө, ь, ь; в) қосымша таңбалар: ҫ, ә, ґ, <, ь, ь, w, ь, ь, ' (дәйекше) т.б.

Латын графикасы негізіндегі әліпби жүйесін жасау бірнеше талаптардан құрылды. Түзілген әліпбилер **лингвистикалық, психологиялық, педагогикалық, графикалық және полиграфиялық** факторлар арқылы жан-жақты қарастырылды.

**Лингвистикалық фактор** арқылы әліпбилердегі әріптер тілдің табиғатын, құрылымын толық бейнелеу, бір-біріне жақын, ұқсас таңбаларды алмау, вокализм, консанонтизм сияқты фонетикалық белгілерді адекваттық (барабар) мағынада қолдану, бір мағынада жұмсалатын көпәріпті таңбаларды алмау, яғни бір единица бір таңба болуы және жиі кездесетін фонемалардың таңбалары қарапайым әрі жеңіл, ал сөзде немесе сөйлемде жиі кездеспейтін таңбаларды күрделі таңбамен беру сияқты күрделі мәселелер ретінде қарастырылды.

Осыған байланысты проф. В.А.Артемов мынадай шарттарға баса назар аудару керектігін айтады: «Алфавит должен целостно и органически отражать структуру языка и в первую очередь, его фонематический состав. Во-вторых недопустимы тождественные и сходные знаки для выражения звуков разного типа и разные знаки для выражения звуков общего типа. В третьих, недопустимы двухбуквенные обозначения. Каждая качественно своеобразная единица алфавита должна иметь единый целостный знак. Наконец, наиболее часто встречающиеся фонемы должны выражаться более простыми знаками, а для более редко встречающихся фонем можно допустить более сложные знаки» [66, 183-191].

**Психологиялық фактор** арқылы диакретикалық белгілерді шектеу, яғни психологиялық тұрғыда диакретикалық белгілер тілтұтынушылардың таңбаларды хатқа түсіруінде кідіруіне әкеліп соқтыратындықтан, әріпүсті, әріпасты белгілерді шектеп қолдану, сонымен қатар әріптерді қабылдау рационалды болу керек деп шешілді. Әліпбиі мүлде жоқ кейбір халықтарға әліпби түзумен айналысқан Н.Я.Марр 1926 жылы «Абхазский аналитический алфавит» деген еңбегінде әліпби құрастыру жұмысы жоспарлы түрде жүргізілу

керектігін айтады. Н.Я.Мартин **ш** дыбысы үшін қосар таңба арқылы емес, орыс тіліндегі тәрізді бір әріптік тұрпат арқылы белгілеу дұрыс дей отырып, бір дыбысты екі немесе үш таңба арқылы, яғни лигатуралық тәсіл арқылы таңбалау психологиялық жағынан қабылдауға кедергі болады деп көрсетеді. Ал күрделі дыбыстарға мысалы [дз] дыбысты белгілеу үшін **д** таңбасының бас жағына айшық арқылы, [дж] дыбысты белгілеу үшін **д** таңбасының астыңғы жағынан айшық арқылы таңбалау жүйесін ұсынады [68, 48].

**Педагогикалық фактор** арқылы әріптерді таңбалағанда, оларды тез тану және жазу оңтайлы болуы ескерілді.

**Полиграфия-техникалық** тұрғыдан әріптердің берілуі мынадай мәселелерге көңіл қоюдан тұрады:

- а) әріп кескіні литерден аспау;
- б) әріптің пішіні бүтін болу;
- в) диакретикалық белгілерді шектеу. Мысалы, **ä** әріпүсті таңбасы полиграфиялық жағынан тиімсіз;
- г) жазу экономиясына зиян келтіретін диграф, триграф (**sh, sch**) тәрізді белгілерді алмау.

д) экономикалық, өндірістік жағдайларға тиімді болуы көзделді. Ал әріптердің **графикалық тұрғыдан** безендірілуі мынадай міндеттерге құрылды:

- 1) әр таңбаның өзіне тән белгілі бір ерекшелігі болуы тиіс.
- 2) таңба қарапайым әрі оңтайлы болуы тиіс;
- 3) таңбалар мәтінде үйлесімді құрылуы тиіс.

Бірыңғайластырылған әліпбидің бір негізге сүйеніп жасалып жатқанын бақылайтын комитет немесе орталық болмағандықтан, әр халық өзінше өзгертіп, өзінше бірыңғайластырды. Сондықтан жекелеген әліпбилерде кемшіліктер болмай қалған жоқ. Айталық:

1) кейбір халықтардың әліпбилері полиграфиялық талаптарға сәйкес келмеді: Мысалы, якут тілінде тіл ортасы, жіңішкертілген [нь] **нь** қосар таңбамен, орыс тіліндегі **ц** үшін кейбір елдер **s** (ортасында көлбеу сызық), сондай-ақ башқұрт тіліндегі [з] үшін **Ә** **ѐ**-таңбалары белгіленген;

2) кейбір әріптердің тұрпаты күрделі болды. Мысалы, қазақ тіліндегі **ғ** үшін **Ғ** алынды;

3) жеке әріптердің ерекшелігі ескерілмеді;

4) лингвистикалық шарттылықтарға сәйкес емес таңбалар болды. Мысалы, башқұрт тілінде созылмалы **ы** үшін **↑, ∟** алынды.

Проф. Қ.Жұбанов **Ғ** (**ғ**) және **з** (**ж**) таңбалары жазуға өте ыңғайсыздығымен ерекшеленетіндіктен бұл әріптердің таңбасын өзгертіп, 30-жылдардың ортасында өзінің әліпбиін ұсынған болатын. Ғалым **Ғ** таңбасын **h** таңбасымен, ал **з** таңбасын **z**-мен беруді ұсынған [69, 242]. Жасалған әліпбилердің он жыл ішінде екі, үш рет реформалануы бір жағынан алғанда осындай кемшіліктермен байланысты.

Түркі тілдес халықтар үшін түзілген әліпби жүйесіндегі бір әріптің мазмұн межесі әр халықта әртүрлі деңгейде көрінді. Бұл әрине түркі тілдес халықтардың әліпбилерін бірізге салудағы үлкен кедергінің бірі болатын.



Мысалы: **а** – барлық түркі халықтарында дауысты [a] алайда, кейбір тілдерде, айталық, а) әзірбайжан тіліндегі [a] дыбысы, орыс тіліндегі [a] дыбысына жақын; б) өзбек тілінде [a] дыбысы тіл ортасы дауыстысына жатады, яғни оны айтқанда, тіл мейлінше төмен түсіп, дауысты [a] дыбысы тым ашық жасалады; ал қарақалпақ тілінде сөздің басында келетін [a] дыбысы шамалы жұмылуы арқылы жасалатын [ʼa] дыбысына сәйкес.

**в** – барлық әліпбилерде ашық еріндік үзілмелі дыбыс [ʋ]; кейбір тілдерде, мысалы, алтай тілінде сөздің басында қатаңданып естіледі.

**с** – бірізге салынбай қолданды. Себебі көпшілік әліпбилердің [ʒ] аффрикатын білдірді.

**д** – көптеген елдің әліпбилерінде орыс алфавитіндегі [d] дыбысына сәйкес. Алтай тілінде [d] дыбысы [ʋ] дыбысына жақын, сондай-ақ сөздің басында қатаңданып к [t] дыбысына, ал сөздің ортасында, дауысты дыбыстардың ортасында келсе [d] дыбысына сәйкес келді.

**д̄** – бұл графема тек башқұрт тілінің фрекативті төл дыбыстарын бейнелеу үшін қолданған. Ағылшын тіліндегі th [ʃ] жақын. Түрікмен тілінде мұндай дыбыстар диалект сөздерде кездеседі.

**е** – бір ізге салынды. [e] мағынасында қолданды. Тек татар, башқұрт тілдерінде жартылай дауысты дыбысты білдіретін [ɛ] және дауысты [e].

**ә** – қазақ, әзірбайжан, татар, башқұрт, түрікмен, ұйғыр, қарақалпақ тілдерінде жиі қолданылады. Ал [ə] дауысты дыбысын қолданбайтын тілдердің қатарына 18 дауыстыдан тұратын түрік, түрікмен және алты дауыстыдан тұратын өзбек, сондай-ақ якут, қырғыз тілдері жатады. Түркі тілдерінің даму барысында кей тілдерде [ə] дыбысы, кейбір тілдерде [e] дыбысы сақталған. [ə] дыбысы тіл алды, жұмсақ, палатализацияланған [ä] білдіру үшін алынды. Өзбек тілінде ә әрпі әртүрлі екі мәнді сөзді білдіру үшін қолданылады.

**ф** – әліпбилердің көпшілігінде интернационалдық сөздерді таңбалау үшін қолданды ( ұйғыр, якут т.б.).

**г** – барлық әліпбилерде тіл ортасы, ашық, шұғыл болып келеді. Түрікмен және алтай әліпбилерінде бұл дыбыс дифференцияланған күйінде кездеседі.

**қ** – әліпбилердің көпшілігінде қабылданған таңба. Тек түрікмен және алтай тілдерінде [ɣ] арқылы таңбаланды.

**h** – дауыссыз дыбысты білдіру үшін 12 халықтың әліпбилерінде алынды.

**і** – барлық әліпбилерде болды. Бірақ әртүрлі мазмұнда жұмсалды. Мысалы, әзірбайжан, балқар, татар, түрікмен, қырғыз әліпбилерінде [и] дыбысын беру үшін қолданылса, басқа әліпбилерде, мысалы, қарақалпақ, қазақ, ноғай әліпбилерінде ашық қысаң [i] дыбысын білдіру үшін жұмсалды.

**ı** – тек хакас әліпбилерінде қолданылды. Ноғай әліпбиінде де бұл таңба белгілі бір кезде қолданылып, кейін ығыстырылған. Хакас әліпбиінде бұл таңба кең және қысқа [i] дыбысын беру үшін жұмсалған. Қазақ тіліндегі [i] дыбысына сәйкес келеді.

**j** – барлық әліпбилерде дауыссыз [j] мағынасында жұмсалған.

**к** – 17 әліпбиде [к] мағынасында жұмсалды. Қарақалпақ тілінде бұл таңба жарты дауыссыз болса, әзірбайжан тілінде тіл алды, түрікмен, алтай, хакас тілдерінде [к] дыбысы тіл арты, таңдай дауыссыз дыбыс [q] дыбысына жақын.

**l** – барлық түркі халықтарының әліпбилерінде [l] және [ɫ] таңбасы арқылы берілді.

**m** – [m] таңбасы арқылы таңбаланды.

**n** – [n] мағынасында.

**ŋ** – барлық түркі тілдес халықтар әліпбилерінде [ŋ] тіл арты, ал әзірбайжан әліпбиінде бұл дыбыс жоқ.

**o** – көпшілік әліпбилерде дауысты [o] дыбысына сәйкес алынды. Татар және башқұрт әліпбилерінде жіңішке еріндік [ɔ] дыбыс. Қазақ, ноғай, қарақалпақ тілдерінде **o** дыбысы әр позицияда келуіне байланысты. Мысалы, сөз ортасында [o] дауысты, сөздің басында дифтонгоид [ʊo] болып естіледі.

**ö** – түркі халықтарының төл дыбыстарын белгілеу үшін қолданылады. Тек өзбек әліпбиінде [ø] дыбысын **o** таңбасы арқылы таңбалаған. Кейбір тілдерде **ö** дыбысы сөз басында дифтонгоид [ʊö] мағынасында жұмсалады.

**p** – барлық әліпбилерде [p] мағынасында қолданылады.

**q** – түрікмен, алтай және хакас әліпбилерінде қолданылмайды, ал қалған барлық әліпбилерде тіл арты, таңдай дауыссыз дыбыс. Тек якут әліпбиінде тіл арты [q] дыбысын **x** графемасы арқылы берген. Алтай, түрікмен, хакас тілдерінде [q] дыбысы **k** таңбасы арқылы берілді.

**r** – барлық әліпбилерде бірдей [r].

**s** – барлық әліпбилерде [s], тек түрікмен тіліндегі диалект сөздерінде [s] дыбысына емес [ʃ] дыбысына ұқсас (ағылшын тіліндегі th [s]).

**ʃ** – қарашай, балқар, құмық, ноғай әліпбилерінде [c] дыбысын беру үшін қолданды. Қарашай, балқар, құмық тілдерінде бұл дыбыс қосар ts дыбысына ұқсас болып келеді.

**t** – барлық әліпбилерде [t].

**u** – дауысты дыбыс ретінде көпшілік әліпбилерде [u] таңбасын алды. Түркі тілдерінде бұл дыбыс бірыңғай емес. Әзірбайжан, қарашай-балқар, қырғыз тілінде орыс тіліндегі [u] дыбысына ұқсас келеді, ал ноғай, қазақ, қарақалпақ тілінде - [ɯ].

**v** – көпшілік әліпбилерде ерін, еріндік [w] (y) сәйкес, ал әзірбайжан тілінде бұл дыбыс ерін мен тіс арасындағы [v] таңбасына ұқсас.

**w** – қарашай-балқар тілдерінде бар.

**x** – барлық әліпбилерде алынды, тек қазақ және якут тілдерінде ғана бұл таңба алынбады. **X** таңбасын негізінен шеттен кірген кірме сөздерді таңбалау үшін қолданды. Бастапқыда қазақ тілінде *колхоз*, *совхоз*, *химия* сөздері **q** таңбасы арқылы берілді. Мысалы: *kolqoz*, *sovqoz*, *qɣjmije*

**y** – өзбек тілдерінен басқа халықтардың барлығында дауысты [ü] дыбысына сәйкес. Әзірбайжан, қарашай-балқар, құмық тіліндегі **y** дыбысы неміс тіліндегі [ü] дыбысына ұқсас; ал қазақ, қарақалпақ тілдерінде ашық және қысаң болып айтылады [ü].

**z** – қазақ, қарақалпақ әліпбилерінде мұндай таңба қабылданбайды.

ь – ұйғыр және өзбек әліпбилерінде бұл таңба дауысты [i], ал қазақ тілінде қысаң **ы** фонемасын таңбалау үшін қолданды.

' (дәйекше) – әзірбайжан, қарашай-балқар, ноғай, құмық, татар, башқұрт әліпбилерінде болды, ал кейбір тілдерде сөзді жіңішкерту үшін қолданылған.

Сонымен, әліпбилерді бірлестірудегі **негізгі** кемшіліктер ретінде графикалық таңбалардың біркелкілік тәртібінің сақталмауын атауға болды. Мысалы, а) **z, s** таңбаларының графикалық кемшілігі оқушылар үшін қиындық тудырғаны байқалады. Оқушылардың жазу дәптерінде *z* мен *z̄*, *s* мен *s̄*-нің араласып жүрді; ә) әріпасты құйрықша арқылы жасалған таңбалар: *ç, ş, ŋ* құйрықшасыз берілді *c, s, n* таңбалармен араласып жүрді; б) *đ, q, ʃ, ʣ* таңбалары қолжазба түрінде де, полиграфиялық жағынан да сәтсіз алынған таңбалар болып табылған. **Үшіншіден**, дыбысқа, нақты таңба белгілеу жүйесі, сонымен қатар таңбалардың түр өзгертушілік, яғни модификация принципі, таңба мен дыбыстың сәйкесімділік жағын ескеру, латын графикасындағы таңбалардың мазмұнымен қатар, түркі халқының тіліндегі таңба мен дыбыстың арақатынасын бірлестіру мәселесі тәрізді көптеген қиыншылықтар болды.

Әліпбилердегі таңбалардың тұрпат межесі сәйкес келгенмен, жеке тілдергі дыбыстардың мазмұнын толық көрсете алмады. Мысалы: <z> фонемасы түрікмен әліпбиінде ағылшын тіліндегі ұяң th <ž> сәйкес келеді, ал басқа түркі тілдес халықтар әліпбилерінде <z> фонемасына сәйкес. Сол сияқты <q> фонемасы якут әліпбиінде тіл арты [x] дыбысына, әзірбайжан тілінде палатализацияланған [g'], қалған барлық әліпбилерде [q] сәйкес. Осындай мәселе қазақ, қырғыз, алтай тілдерінде [ž], [z] [dj] дыбыстарын белгілеу үшін тұрпат межесі барлық әліпбилерде бірдей болу керек деген қағидаға сәйкес ауызша тілде *žer, zer, djer* түрінде игерілетін дыбыстарды бір негізді етіп таңбалау әліпбилерді бірізділендірудің негізгі талабы болды. Сонымен, түркі тілдес халықтарының әліпбилерінің құрама әліпбилерінде бір таңба бірнеше мәнде жұмсалды.

Түркі тілдері құрама әліпбилерінің жеке таңбалары мазмұнын бірлестірудің қағидаты мен деңгейлері бойынша латын негізіндегі әліпбидің барлық әріптері үш негізгі топқа бөлінеді:

1) белгілі бір дыбыстың барлық түркі тілдерінің әліпбиінде бір мазмұнға ие болу қағидаты бойынша бірлестірілген әріптер. Бұл топқа **b, d, f, q, h, j, m, n, p, r, s, t, w, x, z** (дәйекше) таңбалары жатады. Осы бірінші топқа жататын таңбалар түркі тілдерінің барлық әліпбилерінде бір мазмұнға ие.

2) әртүрлі түрік әліпбилерінде түрлі мазмұнға ие, бірақ өзінше бірлестірілген әріптер. Мұндай бірлестіру әртүрлі тілдер мен диалектілердегі сөздің айтылуының бірыңғай графикалық тұрпатын сақтау қағидатына негізделген әріптер. Бұл топқа **c, ç, s, z, q** әріптері жатады. Қазақ әліпбиінде [ç] дыбысы үшін **c** әрпі алынды. Қазақ әліпбиінде [дж] дыбысы үшін **ç** әрпі алынды. Екінші топқа жататын жоғарыда аталған әріптер кейбір дыбыстарды алмастырудың белгілі бір заңдылығына сүйеніп, бірқатар түркі тілдері үшін жалпы бірыңғай негізді сақтау принципі бойынша бірлестірілген. Мысалы, қазақ, қырғыз және алтай тілдеріндегі ауыстырылған [ж], [дж'], [дж] дыбыстары

осы үш тілдің біртұтастығын сақтау мақсатында *ç* әрпімен белгіленді. Мысалы, *жер, жаман* сөздерінің айтылымы әртүрлі болғанымен, жазылымы бір тұрпатта болды. Осылайша, барлық түркі тілдерінің құрама әліпбилерінде екінші топтағы әрбір әріп әртүрлі мәнге ие болды.

3) қандай да бір фонеманың әртүрлі вариантты болуы, яғни екі немесе одан да көп дыбыстық мәнге ие әріптер. Мысалы, **q, a** фонемаларының варианттары (жасалу орнына байланысты әртүрлілігі, тіл алды **к**, тіл арты **қ** дыбыстары). Бұл топқа **l, k, g, v, a, e, i, o, ö u, ь, и** әріптері жатады. Мысалы, **l** әрпі түрікмен және өзбек тілдерінде (диалектілерде, әдеби тілінің негізіне жататын нұсқасында) тек қана дыбыстың палаталданған (жіңішкерген) нұсқасының мәніне ие. Қалған әліпбилерде осы әріп [l] [ɫ] дыбыстарының екі вариантына сәйкес болды.

Әліпбилерді бірегейлендіру кезінде қазақ тілі әліпбиін қарақалпақ және қырғыз әліпбилерімен бірізділендіру, сондай-ақ әзірбайжан және қырым-татар тілінің әліпбилерін бір негізде қарастыру көзделді.

**Кірме әріптерді бірегейлендіру.** Екі, үш әріптердің қосындысы арқылы бір дыбысты белгілеу әліпбидің негізгі кемшілігі болып табылады. Қабылданған графемалардың мазмұндық жағы сәйкес келгенімен, тұрпат межесі әртүрлі болды. Мысалы, **ц, щ, ч** әріптерінің тұрпаттары әр халықта әртүрлі болды: қырғыз әліпбиіндегі **щ** әрпі үшін **ҫ** таңбасы, ал қарақалпақ әліпбиіндегі **щ** әрпі үшін **ҫ** таңбасы алынады. Сондай-ақ құмық тілінде **ц** әрпі үшін **s** (ортасында көлбеу сызығы бар), ал басқа түркі әліпбилерінде мүлде алынбайды. Бұдан кірме әріптердің бірегейлендірілмегендігін көреміз. Жалпы түркі тілдес халықтардың ішінде қазақ әліпбиі ұлттық сипатта болды. Себебі кірме дыбыстарға әріп арналмайды. Ал қалған халықтар әліпбиінде **в, ф, ц, ч, щ** және **х, һ** әріптері алынды.

Әліпбилерді бірізділендіру кезінде қазақ, қырғыз, қарақалпақ әліпбилеріндегі **ә** әрпін әліпбиден мүлдем алып тастау туралы түрлі пікірлер, көзқарастар болды. **ә** әрпінің орнына дәйекшені және интернационалды сөздерді таңбалау үшін **ф** және **х** әріптерін кіргізу туралы ұсыныстар болды. Осы кезде қарақалпақ әліпбиінен **ә** әрпін әліпби құрамынан шығару туралы қаулы да қабылданып үлгереді. Бірақ зиялы қауым өкілдері мұндай ұсынысқа қарсылық танытып, **ә** әрпіне жеке таңба арнау дұрыс деген қағидаға сүйеніп, қайта енгізеді.

Әліпбилерді бірегейлендірудегі үлкен **жетістік** дауысты дыбыстардың бірнеше вариантын белгілеуде бірдей графикалық тұрпатты сақтай отырып, дыбысталған әріптің мазмұнына сәйкестендіру болды. Бір фонеманың бірнеше вариантын бір графикалық таңба арқылы белгілеу бірыңғайластырудың негізгі жетістігі ретінде саналды. Дауысты дыбыстар түркі тілдес халықтарда әртүрлі. Мысалы, әзірбайжан тілінде – 9, алтай тілінде – 8, башқұрт тілінде – 11, қазақ тілінде – 9, қарақалпақ тілінде – 8, қырғыз тілінде – 8, құмық тілінде – 8, ноғай тілінде – 11, татар тілінде – 10, тува тілінде – 8, түрік тілінде – 8, түрікмен тілінде – 9, өзбек тілінде – 6, ұйғыр тілінде – 8, хакас тілінде – 9, чуваш тілінде – 9, шор тілінде – 8, якут тілінде – 8 дауысты фонема бар. Осы фонемалардың ортақ тұрпаты бірлестірді. Мысалы, қазақ тіліндегі *бір* сөзі, басқа түркі тілдес

халықтардың ауызша тілінде де [vir], [vīr], [vīr] түрінде игерілгендіктен, латын графикасы негізіндегі әліпби жүйесін қабылдаған бүкіл түркі әліпбиінде тек *vir* формасы ғана алынды.

Дегенмен, латын графикасына негізделген әліпбилерде дауысты дыбыстардың берілуінде бірқатар кемшіліктер мен қарама-қайшылықты мәселелердің басы ашылмай қалды. Латын графикасына негізделген әліпбидегі дауысты дыбыстарға қатысты бірден-бір қайшылықты мәселе, айталық, қырғыз, алтай тілдеріндегі жазуда созылыңқы дауысты дыбыстардың (мысалы, *бышатoo*, *бырыңдоо*, *думуктуруу* т.б.) берілу проблемасы болатын. Бұл проблема бірлестірусіз-ақ шешімін тапқандай болды. Түрікмен тілінде қысқа және созылыңқы дауыстылардың берілуі бір әріппен таңбаланды. Басқа тілдерде созылыңқы дауыстыларды беруде екі таңба қолданылды.

Қысаң дауыстыларды беруде де осындай бірлестірілмеген жүйе сақталды. Мысалы, татар, башқұрт тілдерінде [i], [ī], [i] (шартты түрде алынды) дыбыстары орыс графикасына өтпес бұрын бірлестірусіз-ақ **ь, у, о, ө** әріптерімен таңбаланған болатын.

Осы тәрізді даулы мәселелер дауыссыз дыбыстардың берілуінде де сақталып қалды. Мұндай кемшіліктер, біріншіден, әліпбилер қатарында белгілі бір таңбаның айырмашылықтарының болуынан; екіншіден, негізгі латын әліпбиінің таңбаларынан ерекше бөлектеніп тұратын, қысқарған немесе қарапайым таңбалармен не таңбалар тіркесіммен ауыстырылған күрделі әріптердің болуынан; үшіншіден, интернационалдық терминологияны беруде жаңа кірме дыбыстарды енгізу үшін кейбір әліпбилерді қосымша таңбалармен толықтыру қажеттілігінен туындаған еді. Әсіресе кейбір әліпбилерде кедергілер мен салдарларды туғызды. Мұның ішінде ерекше атап өтерлігі: а) республикалар арасында тіл мәселелерін үйлестіретін байланыс пен өзара көмектің кемшіндігінен тілдердің өзара жақындасуы болған жоқ; ә) республикаларда басқа түркі тілдерінің ерекшеліктері ескерілмей әліпби мәселесі шешімін тапқан болатын; б) түркі тілдерін бірлестірудің болашаққа бағдарланып жасалған жобаларының жоқтығынан әліпбилер бірыңғайластырылған жоқ.

Әліпбилерді бірлестіру – әрбір дыбыс мәнін бірыңғайластыру принципін ғана емес, әртүрлі тілдердегі түрлі күйде айтылатын сөздердің біртұтас графикалық тұрпатын сақтау принципін де ескеріп, әліпбилерді жеңілдету және әртүрлі тілдердің әліпбилерін жақындату мүмкіндігін арттырушы еді.

Кейбір түркі тілдері тобының әліпбиін жақындастыру тенденциясы әліпбилерді жасаудың алғашқы кезеңінде-ақ байқалған еді. Мысалы, башқұрт әліпбиін бекітуде оның татар әліпбиімен жақындасуы; солтүстік Кавказ түркі тілдерінің – құмық, қарашай-балқар және ноғай әліпбилерін жасауда олардың бір-бірімен әліпбилік жақындасуы ескерілді.

Латын графикасына негізделген әліпбиді ары қарай жетілдіру және тұрақтандыру барысында олардың бірлестірілуіне зор мән берілді. Ал әліпбилерді бірлестіру, туыстас тілдердің жазбаларын бірізділендіру мақсаты – басылып шыққан әдебиеттерді белгілі бір топтың тілтұтынушысы ғана емес,

басқа топ тілтұтынушысының (бірді-екілі таңбалары ғана өзгеше топтың) да толық түсіну мүмкіндігін ескеру болатын.

Әліпбилердің **бірінші тобы** – әзірбайжан, қырым-татарлары тілдерінің бірлестірілген әліпбиі.

**Екінші топ** – құмық, қарашай-балқар және ноғай әліпбилері. Олар: а) қарашай-балқар әліпбилерінде **w** қосымша әрпінің болуы және қалған екеуінде оның жоқ болуы; ә) құмық әліпбиінде **h** әрпінің болуы және қарашай-балқар және ноғай әліпбилерінде осы әріптің болмауы; б) құмық, ноғай әліпбилерінде **'** (дәйекше) таңбасының болуы, қарашай-балқар әліпбиінде болмауы т.с.с.

**Үшінші топ** – татар және башқұрттардың бірлестірілген әліпбиі.

**Төртінші топ** – түрікмен әліпби айтарлықтай тұрақтандырылып, ешқандай өзгеріс қажетсінген жоқ. Аталған топтар әліпбилерімен салыстырғанда түрікмен әліпбиінде **q, ғ, '** әріптері жоқ болатын.

**Бесінші топ** – өзбек әліпбиі. Оның бірінші және төртінші топтан ерекшелігі **u, e, ь және '** дәйекшесінің жоқ болуы. Ал түрікмен тілінің ерекшелігі **q, ғ** әріптерінің болуы.

**Алтыншы топ** – ұйғыр әліпбиі. Алдыңғыларымен салыстырғанда **f** әрпінің және дауысты **ь, '** (дәйекше) таңбасының жоқ болуы.

**Жетінші топ** – қазақ, қарақалпақ және қырғыз тілдерінің бірлестірілген әліпбилері. **f** және **x** әріптерінің бар немесе жоқ болуы бұл әріптердің сирек кездесетіндігінен немесе кірме фонемаларды таңбалау үшін ғана әліпбиге енгізілген т.б.

Жалпы, шығыс елдеріне жақын орналасқан дамымаған мемлекеттердің алғашқы жазу графикасы ретінде латын әліпбиінің енуі 1924-32 жылдар аралығын қамтиды. Байқап қарасақ, сол кезде латын графикасын дүниежүзі болып қабылдау мақсатын жүзеге асыру сияқты жаһандық проблеманы алға тарту көзделген. Латын графикасына негізделген әліпбиді Қытай, Моңғол, Ресей мемлекеттері де өз кезегінде жобалар жасап, дайындық жүргізген болатын. Мысалы, латын графикасына негізделген орыс әліпбиін түзу үшін Наркомпрос мүшелері 1929 жылы комиссия құрады. Комиссия мүшелігінің төрағасы ретінде Н.Ф.Яковлевті сайлайды. Сонымен бірге А.М.Сухотин, Л.И.Жирков, А.М.Пешковский, Н.М.Каринский, С.И.Абакулов, В.И.Лыткин сияқты ғалымдар комитет мүшелігіне кіреді. Аталған ғалымдар 1930 жылы латын графикасына негізделген орыс әліпбиінің 3 жобасын ұсынады. Ол мына түрде болды:

Аа	Аа	Ии	Іі	Рр	Ғғ	Шш	ҘҘ		
Бб	Вв	Йй	Јј	Сс	Ss	ы	Уу	Уу	Ьь
Вв	Vv	Кк	Кк	Тт	Tt	ь	і	ј	ј
Гг	Gg	Лл	Ll	Уу	Uu	ю	ú	ü	Уу
Дд	Dd	Мм	Mm	Фф	Ff	я	á	ä	Әә
Әә	Ee	Нн	Nn	Хх	Xx	ë	ó	ö	Өө
Жж	Zz	Оо	Oo	Цц	Çç				
Зз	Zz	Пп	Pp	Чч	Cc				

Бұл үш жобаның бір-бірінен ерекшелігі **ы, ь, я, ю, ё** тәрізді әріптерінде. Түсінікті болу үшін 3 жоба бойынша жеке әріптердің жазылу тәртібін көрсетеміз [70].

кирилше	латынша			кирилше	латынша		
	1	2	3		1	2	3
этот	etot			лук	luk		
еда	jeda			люк	lúk	lúk	lyk
подъезд	podjezd			мол	mol		
ёлка	jolka			мёл	mól	möl	mөл
подъём	podjom			мель	melí	melj	
яма	jama			кон	kon		
изъян	izjan			конь	koní	konj	
юг	jug			топ	top		
адъюнкт	adjunkt			топь	topí	topj	
рай	raj			дьяк	djak		
зной	znoj			льёт	ljot		
улей	ulej			вьюга	vjuga		
дуй	duj			все	vse		
мел	mel			всё	vsó	vsö	vsө
мал	mal			чёрный	cornuj	cornьj	
мял	mál	mäl	mөл				

Бұдан латын графикасына негізделген орыс әліпби үлгілері бүкіл түркі тілдес халықтарына арналған «ортақ әліпби» жүйесіне де сәйкес жасалғандығын байқауға болады. Ал Қытай Халық Республикасында әліпби реформасына байланысты мәселе 1931 жылдың 22 шілде айында көтеріледі. Осы жылы Цюй-Цю-бо қытай әліпбиін ұсынады (латынға негізделген). Бұл әліпбиді Бүкілодақтық Орталық комитеттің мүшелері де қолдаған болатын. Әліпби жобасында мынадай әріптер бар: **a, b, c, ch, d, e, f, g, i, j, k, l, m, n, ng, o, p, r, rh, s, sh, t, u, w, x, y, z, zh**. Латын стандартындағы әріптер қытай тілінің дыбыстық ерекшелігін беруде жеткіліксіз болғандықтан, әліпби жобаларында қосар әріптердің таңбалары да қолданылуға болады деп шешіліп, қытай тіліне тән ызыңдарды мына түрде белгілеуге болады делінді: **zh, ch, sh** т.б. Ал қытай тіліндегі күрделі дауыстылар әріп тіркесімен **ai, ei, ao, an, ang, en** түрінде қолданылуға болады деп шешіледі [71, 130-132].

1925-1938 жж. латын графикасына негізделген түркі тілдері әліпбилерін талдау нәтижесінде мынадай қорытындыға келеміз. Латын графикасы жазуы жоқ және жазба тілі кенжелеп қалған түркі тілді халықтардың жазба тілін дамытуға күшті серпін берді. Түркі тілдері әліпбилерін латын графикасына көшіру біршама жетістіктер әкеліп, қазіргі заманғы жазба тілдің қалыптасуына негіз болды.

## 1.6 Жазу реформасы: латын графикасы негізіндегі әліпби жобалары

Тіл білімінде тіл дыбыстары мен оның құрылысын қарастыратын саласы фонология деп аталады. Қазақ тіл білімінің алғашқы фонологі – А.Байтұрсынов. Ғалымның түзген әліпби жүйесін Е.Д.Поливанов «Новая казак-киргизская (Байтұрсыновская) орфография» атты мақаласында әліпбидің

күндылығын былайша тұжырымдайды: «Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская графика в 1924 году я во всяком случае считаю уже не нуждающейся, в поправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным могут гордиться киргизские деятели просвещение-создатели реформы, как крупным культурным завоеванием» [72, 36]. А.Байтұрсынұлының әліпби жүйесін Н.Ф.Яковлев «Математическая формула построения алфавита» деген мақаласында А.Байтұрсынов түзген әліпби жүйесінің маңыздылығын көрсеткен еді [73].

Әлемдік деңгейде жоғары бағаланса да, ұлттық саясаттың әсерінен бұл әліпби жүйесі еленбей, 1920 жылдардың орта тұсынан бастап латын графикасы негізінде әліпбиге көшіруге бағытталған барлық жағдайлар жасалады.

Латын графикасы негізінде қазақ әліпбиін жасау барысында жеке әріптерге байланысты бірнеше пікірталастар болады. Қазақ тіліндегі [қ], [к], [ғ], [г], [х], [h] дыбыстарының фонологиялық дәрежесі туралы алғаш 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының бірінші съезінде көтеріледі. Съезде Елдес Омаров [қ], [к], [ғ], [г] дыбыстарына байланысты пікірталаста мынадай дәйектеме айтады: « «қ» мен «к» бір дыбыс, «ғ» мен «г» бір дыбыс, «қ» мен «к»-нің орнына бір әріп, «ғ» мен «г»-нің орнына бір әріп болса жарайды, - «к» мен «г», «қ» мен «ғ» жұмсақ түрі – «қ» бен «ғ»-ды дәйекшісіз, «к» бен «г»-ні сөздің алдына дәйекші қойып жазатұн болсақ, әріптің саны кеміп жазу жеңілденеді деушілер бар. Дыбыс жүйесі жағынан тексергенде, «к» бен «г», «қ» бен «ғ» нің жіңішке түрі деуге болмайды. Қазақ тілінде «қ» бен «ғ»-нің жіңішке түрі де жоқ, «к» бен «г»-нің жуан түрі де жоқ. Орыс тілінде «к» бен «г»-нің екі түрі де бар: «кот», «дуга»лардағы «к» мен «г» жуан да, «кит», «дуги»лердегі «к» мен «г» жіңішке айтылады; «ғ»-нің жіңішке түрі араптың жұмсақ «ғ»-ні «к» пен «г»-ні жоғалтып олардың орнына сөз алдына дәйекші қойып «қ» бен «ғ» жазу жеңілдік жағынан да қолайлы болмайды: *қаныкей, қайткенде, қызметкер, бірақ* сықылды үндестік заңына келмейтүн көп сөздер бар; оларды *қаны-қей, қайт-қенде, қыз-меткер, бір-ақ* деп сызықшамен бөліп, бір бөлегіне дәйекші қойып, екінші бөлегін дәйекшісіз жазып жатқаннан да, осы күнгідей қосып жазған көп жеңіл. Бұл төрт дыбыстың таңбаларын өзгертпей бұрынғыша төртеуіне төрт әріп арнағанмыз дұрыс»\* [52, 25]. Ал тілші Т.Шонанов **к-г (қ-ғ)** дыбыстарын бір фонема деп таниды: «Возможно, что в конце концов наше начальное **к** в отдельном произношении слова превратится в **г**. А туркменский, османский и др. южные языки уже теперь превратили **к** в **г**» [74, 22]. Сөйтіп, бір топ ғалымдар бұл әріптерді жеке таңбамен белгілеу керек десе, екіншілері оған қарсы болады.

Қазақ тіліндегі дауыссыздар парадигмасында жоқ **х**, **h** дыбыстарына да байланысты баспасөз беттерінде, емле конференцияларында көптеген пікірлер айтылады. Қ.Кемеңгерұлы «шет сөздердегі «h» дыбысын шығарып тастасақ, оның жөні бар. Өйткені бұл қалық тілінде жоқ дыбыс. Болса одағайларда бар. Онда да барлығы дүдәмал. Бұл шын» деген ойына И.Тоқтыбайұлы да

\* автордың емлесі сақталып отыр (-Ә.Н.).



қосылатынын білдірген болатын [74, 53]. Ал А.Байділдаұлы **h** дыбыстарымен айтылатын қазақ тілінде кісі есімдері бар екенін дәйек етіп, тілде бар дыбысқа әріп те болғаны дұрыс дейді. Сонымен А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, Ә.Байділдаұлы т.б. қазақ оқығандары бұл дыбыс қазақ тілінде бар, оған арнайы таңба алу керек десе, Қ.Кемеңгерұлы, Е.Омаров, Т.Шонанов т.б ғалымдар **h** дыбысы қазақ тіліне тән емес, сондықтан әліпбиден мүлде алып тастауға болады деп тұжырымдайды.

Осындай бірнеше айтыс-тартыстарға негіз болған [к], [к], [ғ], [г], [х], [h] әріптері жекелеген авторлардың жобаларында да әртүрлі берілді.

Сонымен, түрік халықтарына арналған әліпби жобалары 1924 жылдан бастап Ресей Антропология және этнография музейі жанындағы Радлов үйірмесінде және Ленинград мемлекеттік университеті жанындағы лингвистикалық секцияда талқыға түседі. Осы кезде Л.В. Щербаның басқаруындағы арнайы комитет құрылады. Бұл комитет латын әліпбиіне байланысты ғылыми пікірлерді жинақтаумен және сұрыптаумен айналысты.

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін алғаш құрастырған дарынды дипломат **Нәзір Төреқұлов**. Ол Мәскеу және Ленинград қалаларында өзінің жобасын қорғап, бірнеше баяндама жасайды. Н.Төреқұлов 1924 жылы “Жаңа әліпби туралы” атты кітабында өзінің алғашқы жобасын жариялайды. Осы жөнінде Е.Д.Поливанов былай дейді. «Аслат'а» заготовил и предварительный проект подобного алфавита, опубликованный тов. Тюрякуловым в виде брошюры – **Jaңa alәрbe** («Аслат'а» қысқартылған сөз – Ассоциации латинского шрифта для турписьменностей) [75, 3-6].

Жобада 28 дыбысқа 28 әріп арнаған. Дауысты дыбыстардың жіңішке варианттарын автор дәйекше арқылы айыруға болатындығын көрсетеді. Мысалы, *on* (он) – *on'* (өн), *un* (ұн) – *un'* (үн) т.б. Кірме сөздер арқылы енген **ф**, **ч** дыбыстарына әріп арнайды. Мысалы, *fylosofya* (философия), *сепуон* (чемпион).

Жобада <к> фонемасы үшін **Qq**, <к> фонемасы үшін **Kk** таңбалары ұсынылған. Тіл ортасы, тоғысыңқы (жуысыңқы), ұяң дауыссыз Г дыбысы үшін автор латын стандартына сәйкес **G g** таңбасын, ал тілшік, тоғысыңқы (жуысыңқы), ұяң ғ дауыссыз дыбысы үшін диакретикалық таңбаны ұтымды пайдаланған **Ğğ** [75, 3].

1	<b>A a</b>	<i>A a</i>	11	<b>J j</b>	<i>Ж ж</i>	21	<b>u</b>	<i>Ұ ұ</i>
2	<b>B b</b>	<i>Б б</i>	12	<b>Q q</b>	<i>Қ қ</i>	22	<b>W w</b>	<i>У у</i>
3	<b>C c</b>	<i>Ч ч</i>	13	<b>K k</b>	<i>К к</i>	23	<b>Y y</b>	<i>И и</i>
4	<b>Ç ç</b>	<i>Ш ш</i>	14	<b>G g</b>	<i>Г г</i>	24	<b>Ə ə</b>	<i>Ы ы</i>
5	<b>P p</b>	<i>П п</i>	15	<b>Ğ ğ</b>	<i>Ғ ғ</i>	25	<b>E e</b>	<i>Е е</i>
6	<b>T t</b>	<i>Т т</i>	16	<b>L l</b>	<i>Л л</i>	26	<b>X x</b>	<i>Х х</i>
7	<b>D d</b>	<i>Д д</i>	17	<b>M m</b>	<i>М м</i>	27	<b>F f</b>	<i>Ф ф</i>
8	<b>R r</b>	<i>Р р</i>	18	<b>N n</b>	<i>Н н</i>	28	<b>H h</b>	<i>h</i>
9	<b>Z z</b>	<i>З з</i>	19	<b>D</b>	<i>Ң ң</i>			
10	<b>S s</b>	<i>С с</i>	20	<b>O</b>	<i>О о</i>			

Алдыңғы жобасынан екі әріпті қысқарта отырып, Н.Төрешұлов осы жылы 27 әріптен тұратын жоба ұсынады. Жобада **ч, ш** әріптерінің мәні өзгертілген және **ғ, ө** таңбалары қысқартылған.

1	<b>A a</b>	<i>A a</i>	12	<b>K k</b>	<i>K k</i>	23	<b>Ə ə</b>	<i>Ыы</i>
2	<b>B b</b>	<i>B б</i>	13	<b>G g</b>	<i>Г г</i>	24	<b>X x</b>	<i>X x</i>
3	<b>P p</b>	<i>П п</i>	14	<b>L l</b>	<i>Л л</i>	25	<b>F f</b>	<i>ф</i>
4	<b>T t</b>	<i>T т</i>	15	<b>M m</b>	<i>М м</i>	26	<b>H h</b>	<i>Һ һ</i>
5	<b>D d</b>	<i>Д д</i>	16	<b>N n</b>	<i>Н н</i>	27	<b>Z z</b>	<i>З з</i>
6	<b>R r</b>	<i>Р р</i>	17	<b>Ŋ ŋ</b>	<i>Ң ң</i>	28		'дәйекше
7	<b>S s</b>	<i>С с</i>	18	<b>O o</b>	<i>О о</i>			
8	<b>Ç ç</b>	<i>Ч ч</i>	19	<b>U u</b>	<i>Ө ө</i>			
9	<b>C c</b>	<i>Ш ш</i>	20	<b>W wv</b>	<i>У у</i>			
10	<b>J j</b>	<i>Ж ж</i>	21	<b>I i y</b>	<i>И и</i>			
11	<b>Q q</b>	<i>Қ қ</i>	22	<b>E e</b>	<i>Е е</i>			

[У] дыбысына автор екі әріп арнайды. Яғни дауысты дыбыстан кейін келетін [y] дыбысын **v**-мен, ал дауыссыз дыбыстан кейін келген [y]-ды **w** таңбасы арқылы белгілеуді жөн көреді. Мысалы, *jaŋa aləpige 20 minwt urungan savab; arab xarpən macinege salw*. Ал [и] дыбысын екі әріп тіркесі арқылы беруді жөн көреді: *əlinbu – əlpbiy* (əlinbii).


Дәйекше белгісінің жұмсалыу орнын былайша көрсетеді: «**к, г, е, и** (ұзыны) ұшыраса, сөздің айтылуына қара: жіңішке сөздің алдына дәйекше қой; жуан айтылса – қойма дейді [76, 3]. Жобада қазақ тіліндегі **а – ә, ы – і** әріптерін бір графема, ал [о], [ө] дифтонг инварианттарына алдыңғы жүйеден өзгешелеп, жеке-жеке таңба арқылы белгілейді. Мысалы, *ata – ata , əke – əke, aza – aza ənə' – ini, ədəs – ыдыс, on – он, un – өн* т.б.

1924 жылдың басында Х.Досмұхамедұлы 26 әріп, бір дәйекшеден құрылған жоба ұсынады. Ғалымның бұл жобасы «Ақ жол» газетінде жарияланған.

1	<b>A a</b>	<i>A a</i>	11	<b>N n</b>	<i>Н н</i>	21	<b>Y y</b>	<i>И и</i>
2	<b>B b</b>	<i>B б</i>	12	<b>Ŋ ŋ</b>	<i>ң</i>	22	<b>Z z</b>	<i>З з</i>
3	<b>D d</b>	<i>Д д</i>	13	<b>O o</b>	<i>О о</i>	23	<b>H h</b>	<i>Һ һ</i>
4	<b>E e</b>	<i>E е</i>	14	<b>Ө ө</b>	<i>Ө ө</i>	24	<b>ch</b>	<i>X x</i>
5	<b>G g</b>	<i>Г г</i>	15	<b>P p</b>	<i>П п</i>	25	<b>tsh</b>	<i>Ч ч</i>
6	<b>I i</b>	<i>И и</i>	16	<b>R r</b>	<i>Р р</i>	26	<b>F f</b>	<i>Ф ф</i>
7	<b>J j</b>	<i>Ж ж</i>	17	<b>S s</b>	<i>С с</i>	27		
8	<b>K k</b>	<i>К к</i>	18	<b>Sh</b>	<i>Щ щ</i>			
9	<b>L l</b>	<i>Л л</i>	19	<b>T t</b>	<i>Т т</i>			
10	<b>M m</b>	<i>М м</i>	20	<b>U u</b>	<i>Ұ ұ</i>			

Х.Досмұхамедұлы тілдегі дыбыстарды таңбалау үшін еуропа үлгісін негізге ала отырып, латын графикасынан өзгеріссіз 14 таңба алады. Олар: **a, b, d, g, k, l, m, n, o, p, r, s, t, z**.

Дауысты, тіл арты, ашық, езулік [a] дыбысын /a/ арқылы, еріндік дауысты [o] дыбысын /o/ таңбасы арқылы таңбалауды ұсынады. Ал тіл ортасы, ашық езулік ə фонемасын, ғалым **a** таңбасымен, жіңішке, еріндік [ө] дыбысын **o** арқылы, дауысты, тіл арты, қысаң, еріндік [ү] дыбысы үшін және тіл ортасы, қасаң, еріндік [ү] үшін **ө**, тіл арты, қысаң, езулік **ы, і** дауыстылар үшін бір таңба арнаған. Мысалы, *at (am) – an' (ən); ot (om) – ot' (əm); ut (um) – un' (un); ys (yc) – ys' (ic)*.




Ғалым қысаң ы, і фонемаларын у таңбасымен бергендігін былайша түсіндіреді: «Латынның «у» (игірек) деген хәрфі орыстың «и»-і секілденіп айтылады, сиректеу қолданылады. Біздің «ы»-ға тұспа-тұс келмейді, дегенмен Бенгрия (мадиар) тілінде біздің «ы» секілді дыбыс осы хәріфпен белгіленген. «ы» үшін бөтен таңба шығарудың керегі жоқ, осы «у» жарайды» [77, 165].

[У] үшін **u** таңбасын, ал [**и**] дыбысы үшін **i** графемасын арнайды. Осыған байланысты автор былай дейді: «латынның u һәм i деген хәрфі дауысты дыбыстан соң біздің шолақ «у» һәм «и» секілденіп, дауыссыз дыбыстан соң орыстың «у» һәм «й» хәрфі секілденіп естіледі. Сондықтан латынның «u»-ін біздің ұзын «ұу», «уу»-ды һәм шолақ «у»-ды, латынның «i»-ін біздің ұзын «и», «ий» һәм шолақ «и»-ді белгілеуге алдық. Бұлай алғаннан тілімізге келетін кемшілік тіпті аз, жеңілдік көп» [77, 165]. Сонымен ғалым дауысты дыбыстардың жіңішке варианттарына таңба арнамай, оларды дәйекше (апостроп) таңбасы арқылы ажыратуға болатындығын көрсетеді.

Х.Досмұхамедұлы [к], [к] дыбыстарына бір графема, [ғ], [г] дыбыстарына бір ғана таңба арнағандығын былайша тұжырымдайды: « «к» -мен «к» үшін жалғыз «к»-ні алдық. «Ғ» мен «г» үшін жалғыз «г»-ні алдық. Бұлай болғаны «к» мен «г»-нің шығарылғаны. Үндестік заңы бойынша, бұлардың керегі шамалы. *Kol* деген сөз *қол* болып оқылады. Апостроп сөздің аяғына қойылады. Латынша таңбаланғанда ішінде келетін жіңішке сөзге апостроп қойылмайды». Сөйтіп ғалым жобасында [к], [к], [ғ], [г] дыбыстары үшін К және G таңбаларын алады.

к /keremet / керемет



Үнді дауыссыз <ң> фонемасы жобада әріпасты қос нүкте арқылы берілген **n** (әріптің астында қос нүкте) мысалы, *аң* – *an*.

Жобада *хат*, *хабар* тәрізді сөздерде келетін **x** әрпін диграф **ch** арқылы таңбалауды, ал *қаһарман*, *жиһаз* сияқты сөздерде келетін көмей **h** дыбысын **h** арқылы таңбалауды ұсынады. Осы тәрізді **ш**, **ч** кірме әріптерді екі және үш әріптер тіркесі арқылы белгілейді. Мысалы, *чемпион* – *tshempion*, *Щерба* – *Cherba* т.б. Бір дыбысты екі, үш әріптер тіркесі арқылы таңбалау, жазу теориясындағы негізгі шарттылықтарға қайшы келеді [77, 165-166].

1924 жылы Мырзаұлы Мұқтар «Дыбыс белгілерін негізінен өзгерту керек» деген мақаласында сөздердің жіңішке болып келгенде дәйекшені пайдалану өте тиімді, әрі жазу экономиясына пайдалы екендігін көрсетеді. Автор қазақ тілінің дыбыстарын орыс тіліндегі дыбыстармен салыстыра отырып, мынадай қорытындыға келеді: «Орыстың «мать», «ток», «тина» бір «ток» дағы «т», - біздің «ат» тағы «т» «тина» дегендегі «т», -«ет» -тегі «т», мать» дегендегі «т» бізде жоқ. Жана оған қазақтың тілі де келмейді. Сүйтседе, орыс үшеуіне бірақ белгі алыб отыр. Біздің қарауымызша «ك», «گ» тақырыбты қарсылықтар үйреніп, дағды алыб кеткендіктен, өзгерткенді ерсі көргендік мінез деб жорыймын»\* дейді [78, 15]. Үйренуге жеңіл, қолдануға қолайлы болуы үшін қазақ тілі дыбыстарының жуан-жіңішке болып жұп құрауын негізгі критерийлердің бірі ретінде алу қажеттілігін айта отырып, латын әліпбиіне негізделген мынадай жоба ұсынады.




1	<b>A a</b>	<i>A a</i>	13	<b>R r</b>	<i>P p</i>
2	<b>B b</b>	<i>B b</i>	14	<b>S s</b>	<i>C c</i>
3	<b>D d</b>	<i>D d</i>	15	<b>H h</b>	<i>h h</i>
4	<b>E e</b>	<i>E e</i>	16	<b>T t</b>	<i>T t</i>
5	<b>G g</b>	<i>G g</i>	17	<b>Z z</b>	<i>z z</i>
6	<b>I i</b>	<i>I i</i>	18	<b>J j</b>	<i>Ж</i>
7	<b>Î î</b>	<i>Ы ы</i>	19	<b>C c</b>	<i>Қ қ</i>
8	<b>Ŋ ŋ</b>	<i>Ң ң</i>	20	<b>L l</b>	<i>Л л</i>
9	<b>O o</b>	<i>O o</i>	21	<b>M m</b>	<i>М м</i>
10	<b>U u</b>	<i>У у</i>	22	<b>N n</b>	<i>Н н</i>
11	<b>Ū ū</b>	<i>Ұ ұ</i>		<b>Ь</b>	<i>Дәйекше</i>

\* автордың емлесі бойынша беріліп отыр (– Ә.Н.).



4	<b>O o</b>	<i>O o</i>	14	<b>C c</b>	<i>Ш ш</i>	24	<b>H h</b>	<i>Һ һ</i>
5	<b>U u</b>	<i>Ұ, у</i>	15	<b>J j</b>	<i>Ж ж</i>	25	<b>Ә ә</b>	<i>Ә ә</i>
6	<b>P p</b>	<i>П п</i>	16	<b>N n</b>	<i>Н н</i>		,	<i>дәйекше</i>
7	<b>B b</b>	<i>Б б</i>	17	<b>L l</b>	<i>Л л</i>			
8	<b>M m</b>	<i>М м</i>	18	<b>R r</b>	<i>Р р</i>			
9	<b>F f</b>	<i>Ф ф</i>	19	<b>Y y</b>	<i>Й й</i>			
10	<b>W w</b>	<i>У у</i>	20	<b>K k</b>	<i>К к</i>			


Жобада тіл арты, езулік дауысты **а** және тіл ортасы, езулік дауысты **ә** дыбыстары жеке-жеке таңба арқылы берілген. Ал **ы-і, о-ө, ұ-ү** дауысты дыбыстар үшін автор жіңішке жұптарды дәйекшемен беруге болады деп түсіндіреді. Сонда: **і** – <ы>, <і>; **о** – <о>, <ө>; **у** – <ұ>, <ү>.



Дифтонг [y] дыбысын /w/ әрпі арқылы, сондақ-ақ орыс тілінде [ф] дыбысына таңба арналған /f/.

Қазақ тілінің дауыссыз қатаң **қ, к** және ұяң дауыссыз **ғ, г** дыбыстарына арнайы таңба арнаған. Мысалы, <к>/к/ – *көсе`* (көше); қ /q/ – *қонақ* (қонақ); г /g/ – *газ* (газ); ғ /ǵ/ – *ғалам* (ғалам).

*Қазан, заман* тәрізді сөздерде келетін тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, ұяң дауыссыз [з] дыбысына таңба арналмаған. Автор <з> фонема емес, тек қана инвариант <с>-ның варианты деп түсінген тәрізді.



**Ф, х, һ** әріптері араб, парсы тілдерінен енген кейбір жалқы есімдер мен бірен-саран жалпы есімдерде кездесетіндіктен автор арнайы әріп арнадым деп түсіндіреді [79, 2].

1927 жылы Ә.Байділдаұлы «Жаңа әліпби туралы» атты кітабында Мәскеу қаласындағы «латыншылдар» ұйымының ұсынған жобасын көрсетеді. Бұл жоба 27 әріп, бір дәйекшеден құрылған [80, 117-121].

1	<b>A a</b>	<i>A a</i>	11	<b>Q q</b>	<i>Қ қ</i>	21	<b>Y yv</b>	<i>Ұ</i>
2	<b>B b</b>	<i>Б б</i>	12	<b>K k</b>	<i>К к</i>	22	<b>I i</b>	<i>И</i>
3	<b>P p</b>	<i>П п</i>	13	<b>G g</b>	<i>Г г</i>	23	<b>E e</b>	<i>Е</i>
4	<b>T t</b>	<i>Т т</i>	14	<b>Ɔ Ɔ</b>	<i>Ғ ғ</i>	24	<b>Ә ә</b>	<i>Ы</i>
5	<b>D d</b>	<i>Д д</i>	15	<b>L l</b>	<i>Л л</i>	25	<b>N n</b>	<i>н</i>
6	<b>R r</b>	<i>Р р</i>	16	<b>M m</b>	<i>М м</i>	26	<b>F f</b>	<i>ф</i>
7	<b>S s</b>	<i>С с</i>	17	<b>X x</b>	<i>Х х</i>	27	<b>H h</b>	<i>Х</i>
8	<b>Ç ç</b>	<i>Ч ч</i>	18	<b>Ŋ ŋ</b>	<i>Ң ң</i>	28	' дәйекше	
9	<b>Z z</b>	<i>З з</i>	19	<b>O o</b>	<i>О о</i>			
10	<b>J j</b>	<i>Ж ж</i>	20	<b>U u</b>	<i>у</i>			

Мәскеу ұйымының тарапынан ұсынылған бұл жобада қазақ тілінің дауысты дыбыстары, олардың жіңішке варианттары дәйекше арқылы ажыратылды. Мысалы: *ана – ana; ән – 'an*. Ұсынылған әліпби жобасында /ə/ таңбасы <ы> және <i> фонемаларын белгілеу үшін, мысалы, *ыдыс* сөзі *ədəs, sabərmen bayqa* (*сабырмен байқа*) түрінде таңбаланды. Әліпбиде орыс тілінің **ч, ф** әріптеріне таңба арналды.

1927 жылы «Тілші» газетінде Т.Шонанұлының әліпби жобасы ұсынылады. Т.Шонанұлы әріптердің бас түрін алмайды. Аталған әліпби жобасы 15-16 түркі тілдес халықтардың әліпбиімен салыстырыла түзілді деп баяндай отырып, ғалым әліпби түзудегі негізгі принциптерді көрсетеді. Ғалым сингорманизм заңдылығы ескерілуі және бір дыбысқа бір таңба ғана таңба алынуы керек деген уәж айтады.

1	<b>a</b>	<i>a</i>	11	<b>l</b>	<i>л</i>	21	<b>u</b>	<i>ұ</i>
2	<b>v</b>	<i>б</i>	12	<b>m</b>	<i>т</i>	22	<b>v</b>	<i>у</i>
3	<b>c</b>	<i>ш</i>	13	<b>n</b>	<i>н</i>	23	<b>y</b>	<i>ы</i>
4	<b>d</b>	<i>д</i>	14	<b>ŋ</b>	<i>ң</i>	24	<b>z</b>	<i>з</i>
5	<b>e</b>	<i>е</i>	15	<b>o</b>	<i>о</i>	25	' дәйекше	
6	<b>h</b>	<i>һ</i>	16	<b>p</b>	<i>п</i>			
7	<b>g</b>	<i>г</i>	17	<b>q</b>	<i>қ</i>			
8	<b>j</b>	<i>ж</i>	18	<b>r</b>	<i>р</i>			
9	<b>i</b>	<i>и</i>	19	<b>s</b>	<i>с</i>			
10	<b>k</b>	<i>к</i>	20	<b>t</b>	<i>т</i>			

Сонымен әліпбилердің көпшілігі А.Байтұрсынұлының бес дауыстыға негізделген фонологиялық жүйесін ұстанды. Мысалы, <a> [a], [á]; <ы> [ы], [i]; <ұ> [ұ], [y]; <o> [o], [ə]; <e> [e]. Әліпбилердің көпшілігінде кірме әріптер алынбайды. Т.Шонанұлының бұл жобасымен бірнеше оқулықтар және «Еңбекші Қазақ» газетінің, «Жаршы» журналдарының алғашқы нөмірлері (1929 жылғы басылымдарда) жарыққа шыққан [81].

1927 жылы Қызылорда қаласында болған мәжілісте бұл жоба редакцияланып қайта ұсынылады. Алдыңғы жобадағы **h** таңбасы қысқартылып, оның орнына **ғ** дыбысының таңбасы алынады. Қысаң дауысты дыбыстарды бейнелеу үшін **ь** таңбасы ұсынылады.

1	<b>A a</b>	<i>a</i>	11	<b>J j</b>	<i>и</i>	21	<b>O o</b>	<i>o</i>
---	------------	----------	----	------------	----------	----	------------	----------

2	<b>D d</b>	д	12	<b>L l</b>	л	22	<b>R r</b>	р
3	<b>G g</b>	г	13	<b>Ŋ ŋ</b>	ң	23	<b>U u</b>	ұ
4	<b>K k</b>	к	14	<b>Q q</b>	қ	24	<b>Z z</b>	з
5	<b>N n</b>	н	15	<b>T t</b>	т	25	'	дәйекше
6	<b>P p</b>	п	16	<b>Ь ь</b>	ь			
7	<b>S s</b>	с	17	<b>С с</b>	ш			
8	<b>V v</b>	у	18	<b>Ц ц</b>	э			
9	<b>В в</b>	б	19	<b>I i</b>	і			
10	<b>е</b>	е	20	<b>M m</b>	м			

Ә.Байділдаұлы бұл жобаның мынадай ұтымды жақтарын былайша көрсетеді:

1. жаңа әліпбеде араб әрпіндегідей көп ноқат жоқ. Тек екі *i, j* әріптің үстінде ғана ноқат бар.

2. жаңа әліппеде араб әліппесіндегідей әріп түрлі түрге бөлінбейді. Сөздің басында да, ортасында да, аяғында да, жеке де негізгі түрін өзгертпейді.

3. жаңа әліппе солдан оңға қарай оқылады және солай жазылады.

4. жаңа әліппе мен бір сөз тұтас үзілмей жазылады, араб әліппесіндегі үзілді-кесілді болмайды.

5. жаңа әліппе бұған шейін қолданылып келген емле бойынша жазылады және солай оқылады.

6. жаңа әліппеде үлкен-кіші деген әріптер жоқ.

7. жаңа әліппе әріптерінің жазбасы мен баспасы арасында үлкен айырма жоқ, тек әріптер баспасы жеке, жазбасы бір-бірімен қосылып тұрады.

8. жаңа әліпбиде әріптердің орын тәртібі еуропа әліппелерінің ретіндегі [80, 166].

Бұл жоба түркі халықтарының бірлестік үшін жасалып жатқан әліпбінен өзгешелеу болғандықтан, Қызылорда қаласында қазақ білімпаздары осы мәселені талқылай отырып, 21 әріптің талассыз әліпби құрамына кіргізілетінін хабарлайды. Олар: **a, b, d, e, g, ŋ, k, l, m, n, ŋ, o, p, q, r, s, t, u, v, z, ь**. Отырыста әліпби құрамына жуан дауысты дыбыстардың жіңішке варианттарына да жеке-жеке таңба арқылы белгілеу керек деген үкім қабылданады: «Знак дайекше применяющийся в начале слова для обозначения мягкости всего звукового состава целого слова в силу сингарманизма казахского языка. Исключается из алфавита в замен дайекше в казахский алфавит вводятся дополнительные графем для обозначения мягкости гласных фонем. В связи с исключением знака дайекши из алфавита и в целях полной унификации алфавитов изменить звуковое значение некоторых букв и придать им следующее значение: j - њ, I –, g. Ввести в алфавит дополнительные знаки **h, ф, х** для передачи звуков некоторых не передающих ассимиляции инох слов и для некоторой категорий междометий в поэтической речи, строго ограничив их применение особыми правилами и орфографии» деген қорытынды жасалады [82, 1-2]. Осыдан кейін латын графикасына негізделген әліпби жүйесіне жіңішке дауыстыларға арнайы әріп арналады. Әліпбиде латын графикасында жоқ, 1918 жылы орыс графикасында қолданылған таңбалар бар. Олар мыналар: **ѳ, ѵ** таңбалары. Қазақ



тіліндегі [ə] дыбысы үшін ө таңбасы, ал ы қысаң, езулік дауысты дыбыс үшін ь таңбасы алынады.

1928 жылы Жоғарғы Орталық Комитеттің (ВЦКНТА) ұйымдастыруымен Баку қаласында бүкіл түркі тілдес халықтардың әліпби жобаларын сараптауға жиналады. Әр елден келген өкілдер өз елдерінде болып жатқан жағдайды баяндай отырып, әліпби жобаларымен таныстырады [57, 39]. Қазақстаннан барған О.Жандосов 1928 жылға дейін қабылданған жобалардың авторларымен бірлесіп жасалған әліпби жүйесімен таныстырады (Жоба Ә.Байділдаұлы, Т.Шонанұлы, І.Қабылұлы, І.Жансүгірұлы, Ш.Тоқжігітұлдарының қатысуымен жасалған) [57, 42]: а <а>, в <б>, с <ш>, с <ж>, d <д>, e <е>, g <г>, q <ғ>, h <х>, i <і>, k <к>, q <қ>, l <л>, m <м>, n <н>, η <ң>, o <о>, ө <ө>, j <й>, p <п>, r <р>, s <с>, t <т>, u <ұ>, u <у>, y <и>, z <з>, ь <ы>. Жобада дауыссыз <қ>, <к>; <ғ>, <г> дыбыстарына, дауысты дыбыстардың жіңішке варианттарына жеке-жеке таңба арналады, ал дауысты, жіңішке [ə] дыбысы арнайы таңба арқылы белгіленбейді. Сондықтан <ə> фонемасын да арнайы жеке таңбамен белгілеу қазақ зиялы топ өкілдерінің арасында талқыланып, көпшілігі еуропа стандартына сай келетін ä таңбасын ұсынады. Бірақ бұл таңба бүкіл түркі халықтары үшін унификацияланған әліпби жүйесіне сәйкес келмейтіндіктен ə таңбасы алынады. Сонымен әліпби жүйелерін салыстыра келе, қазақ тілінің төл дыбыстарын бейнелейтін **29 таңба** алынады. Комиссия мүшелері жобаны тексеруге О.Жандосовқа, Байділдинге, Тоғжановқа, Мартыненкоға, Арықоваға, Мырзағалиевке тапсырылады [57, 39].

Көп ұзамай, 1929 жылы «Жаңа алфавит туралы» қаулы шығады [83, 1-4]. Осыдан кейін ресми түрде барлық мерзімді басылым беттерінде қазақтың жаңа әліпби жүйесі жарияланады. Қазақ тілінің өзіне тән 9 дауысты мен 17 дауыссыз дыбысына 29 әріп арналады. Олар:

1	<b>a</b>	<i>a</i>	11	<b>j</b>	<i>u</i>	21	<b>o</b>	<i>o</i>
2	<b>d</b>	<i>ð</i>	12	<b>l</b>	<i>л</i>	22	<b>г</b>	<i>p</i>
3	<b>g</b>	<i>г</i>	13	<b>η</b>	<i>ң</i>	23	<b>u</b>	<i>ұ</i>
4	<b>k</b>	<i>к</i>	14	<b>q</b>	<i>қ</i>	24	<b>z</b>	<i>з</i>
5	<b>n</b>	<i>н</i>	15	<b>t</b>	<i>т</i>	25	<b>ө</b>	<i>ө</i>
6	<b>p</b>	<i>п</i>	16	<b>ь</b>	<i>ы</i>	26	<b>ə</b>	<i>ə</i>
7	<b>s</b>	<i>с</i>	17	<b>с</b>	<i>ш</i>	27	<b>ç</b>	<i>жс</i>
8	<b>v</b>	<i>у</i>	18	<b>¶</b>	<i>г</i>	28	<b>y</b>	<i>ү</i>
9	<b>в</b>	<i>б</i>	19	<b>l</b>	<i>і</i>	29	<b>h</b>	<i>h</i>
10	<b>e</b>	<i>e</i>	20	<b>m</b>				

### 1.7 1929 жылы қабылданған әліпбидің фонема – дыбыс – графема – әріп арақатынасы

Белгілі бір ұлттың жазу жүйесінде грамматологиялық принциптердің барлығын түгелдей сақтай қою қиын екендігі белгілі. Өйткені дүниежүзіндегі тілдердің басым көпшілігіндегі әліпби кірме және **ұлттық** тілдің дыбыстық құрылымына белгілі бір оңтайлы жағдайда бейімделген болып табылады.


«Әрбір жеке графема әрқашан да белгілі бір фонеманы ғана білдіреді» принципіне қазіргі кезеңде ең жақын келетіні – финн және түрік жазу жүйесі. Ал, керісінше, графема-фонемалық қарым-қатынас принципінен анағұрлым тысқары жатқан қазіргі ағылшын графикасы болып саналады [1,100]. Ағылшын тіліне қатысты болып отырған мұндай жағдай ағылшындық жазу жүйесінің көнелігімен және өзіндік тарихи дәстүрлерді сақтаудағы консервативтілігімен түсіндіріледі.

«Әр әріп белгілі бір дыбысты белгілеуі тиіс», яғни «дыбысты белгілемейтін бір де бір әріп болмауы керек» принципіне немесе «әр әріп екі немесе бірнеше дыбыстардың қосындысын емес, тек бір ғана дыбысты белгілеуі керек» деген грамматологиялық формулаға 1929 жылы қолданылған қазақ жазуы да сәйкес келеді. 1929 жылы қабылданған әліпбиде әр фонеманың дербес таңбасы болды, яғни бір әріп бір фонеманы білдірді деуге болады.






Тілде әріптердің бір ғана дыбыстық мағынаны білдіретін бірімәнді және бірнеше дыбыстық мағынаны білдіретін көпмәнді түрлері бар. Қазіргі әліпбиіміздегі көпмәнді әріптердің қатарында танылып жүрген **и, у, ш, ю, я** тәрізді әріптер 1929 жылы екі әріп тіркесімен өзінің негізгі фонемдік мағынасында қолданылған. Мысалы, [и] дыбысы жуан сөзде <ы> + <й>, жіңішке сөзде <і> + <й> түрінде, осы тәрізді [у] дыбысы да <ұ>+у, <ү>+<у> тұрпатында; [я] дыбысы <ы> + <й>+ <а>, <і> + <й>+ <ә>; [ш] дыбысы <ш> + <ш>; [ю] дыбысы <й> + <ү>+ <у>, <ұ> + <у> түрінде берілген. Қазақ тілінің дыбыстық парадигмасында жоқ **в, ё, ц, э, х, ф** дыбыстары дыбыстық жағынан игеріліп, қазақ тілінің төл фонемаларымен алмастырылды. Қазіргі әліпбиіміздегі **ъ, ь** фонемалық, дыбыстық мәні жоқ белгілер әліпбиге мүлде алынбайды.


Профессор Ә.Жүнісбектің айтуынша, қазіргі әліпбиде қолданылып жүрген [х] (*хабар, хат, хан, халық*) дыбысы, қатаң <к> фонема-инвариантының фонетикалық реңктерінің бірі. 1929 жылы құрылған әліпбиде [х] дауыссыз дыбысының таңбасы алынбайды, әліпбиде фонетикалық реңктер енгізілмейді. [х] дыбысы **қ** фонемасының әріптік мәнімен таңбаланды: *qat* (*қат*), *qalьq* (*қалық*), *qabar* (*қабар*).

Ал көмей [h] дыбысының таңбасы көбінесе кірме сөздерді және одағай сөздерді таңбалау үшін қолданылды: *qaharman* (қаһарман), *gavhar* (гауһар), *ah, uh* т.б.



Қазіргі әліпби құрамында хатқа түскен сөздің әріп құрамы мен фонемалық құрамы тең дәрежеде қолданылғандығын төмендегі графемеологиялық талдаудан байқаймыз:





Көрсетілген мысалдардан **у, и, я, ю** дыбыстарындағы (1929 жылдары) фонема мен әріптің қатынасы сақталып жазылғандығын көреміз, яғни [тұуралы], <тұуралы> *тұуралы* деген сөздегі фонема мен әріптің қатынасы 7:7, осы тәрізді [себүү] <себүү>, *себүү* сөзіндегі фонемалар мен сол фонеманы білдіретін әріп саны тең (5:5) қолданылған. Айта кетер жайт, 1938 жылы қазақ әліпбиі мен орфографиясына толықтырулар мен жаңарулар болған-ды. Осы кезден бастап, қазіргі кезге дейін, **у, и, ю, я** дыбыстары бар сөздердің фонема мен әріп қатынасы әртүрлі. Мысалы, [тұуралы], <тұуралы>, *туралы* 7:6. Жазу теориясында фонемалардың саны мен сол фонемаларды белгілейтін әріп саны бірдей болуы көзделмейді. Жазудың негізгі мақсаты минимум таңбаға максимум дыбысты сыйдыру болып табылады. Ал егер фонема мен әліпбидегі әріптің саны дәлме-дәл берілуі көзделсе, онда жазу «фонемалық транскрипция» айналады деп түсініледі. Бірақ кейбір лингвист ғалымдар мұндай ұстанымға өзіндік уәжін көрсетіп, қарсылығын білдірде.

Жоғарыдағы талдаулардан **р, л** (*ірет, ылас*) тәрізді сонор дыбыстарының алдындағы селбеспелі дыбыстардың хатқа түсіріліп отырғандығын байқаймыз. Бірақ сонор дыбыстардың алдында естілетін қысаң дауыстылардың хатқа түсірілуі бұл кезде қатаң ұстанылмағандығын ескертеміз, яғни бірде олар хатқа түссе, енді бірде олар жазылмай отырды.

Жалпы жазу жүйсінде әріп пен фонеманың тұрақты және факультативті түрлері бар. Фонема мен әріптің факультативті түрлері негізінен сөз ішіндегі фонемалардың бір-біріне тигізетін ықпалынан пайда болады. Бірақ жазуда фонеманың факультативті түрі ескерілмей, тұрақты түрі ғана хатқа түсіріледі. Орфограммасы тұрақты *біз, кел, ой, жан, ана* тәрізді сөздердің орфограммасын талдау қажет етпейді және қазіргі әліпби тұрғысынан бұлар талданған.

Сондықтан бекітілген әліпбидегі 29 әріптің барлығына графемеологиялық талдау жасамай-ақ орфограммасы екіұшты болып келетін тұстарды талдаймыз (Ескерту: дауысты дыбыстар ғана талдауға алынды).

$\frac{a}{/a/} <\zeta ai>, [\zeta äi] \zeta ai$

$\frac{ь}{/ы/} <quльn> [q u l u n] quльn$

$\frac{i}{/i/} <erik> [er y k] erik$

$\frac{e}{/e/} <\zeta yrek> [\zeta y r e k] \zeta yrek$

$\frac{ө}{/ө/} <kyngej> [k y n g e j] kyngej$

Бұл талдаулардан латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің мынадай негізгі принциптерін ұстанғандығын байқаймыз:

- а) «бір әріп – бір фонема» ( $m\text{ұу} = \langle t \rangle + \langle \text{ұ} \rangle + \langle y \rangle - 3:3$ )
- ә) «бір дыбыс – бір әріп» ( $[t] + [\text{ұ}] + [y] = m\text{ұу} 3:3$ )
- б) фонеманың негізгі реңкі ғана хатқа түсірілді.

Мұндай талдаудан аталған әліпбиді **ұлттық жазу** негізінде құрылған деп танимыз. Ал **ұлттық жазу дегеніміз** – ана тілдің дыбыстық жүйесінен ауытқымайтын, ережесі де, әліпбиі де төл дыбыстардың негізінде болатын жазу түрі. Сонымен, латын графикасына негізделген әліпбидің негізгі **артықшылықтарын** былайша көрсетуге болады:

- 1) «бір дыбыс – бір әріп» принципі қатаң сақталды;
- 2) түркі халықтары ұстанған принцип мүмкіндігінше сақталды;
- 3) әліпбидің «оқуға қолайлы», «жазуға оңай» болуы көзделген;
- 4) кірме әріптер жоқ;
- 5) әріп асты, әріп үсті, жол асты, жол үсті белгілері жоқ.

Ал әліпбидің **кемшілігі** кейбір таңбалардың латын стандартында жоқ, кирил әліпби жүйесінде бар (**ә, ө, ь**) әріптердің және жасанды әріптің (**Ѡ**) болуы және бас әріп нұсқасының алынбауы. Қабылданған әліпбидің негізгі кемшілігі ретінде әріптердің белгілі бір стандартқа негізделмегендігін (бірегей еместігін) айтуға болады.

### 1.8 1929 жылы ресми бекітілген ереженің тілдік негіздері

Латын графикасына негізделген әліпби жүйесіне көшкеннен кейін қазақ зиялыларының алдында үлкен міндет тұрды. Ол міндет – қазақ тілінің емле ережесін түзу және бекіту. Осы мәселеге байланысты Қызылорда қаласында және Қазақстанның басқа да орталық қалаларында жазу мәселесі үздіксіз

талқыланып, уәжі бар ойлар ортаға салынып, комитет мүшелері келісе отырып, мынадай 14 баптан тұратын ережені халық талқысына ұсынуды жөн көреді:

1. ұзын «ұу», «сұу», «асыулар» бір түрде (ИУ) жазылып, (жіңішке естілгенде де) бір түрлі ИУ жазылсын;

2. бірнеше түбірден құралған бір мәнілі сөз (*бас алқа, от арба, жел-бау, көзі қарақты, жол соқты, ат сұрау, қан сұрау, күн елту, әр кім, бір жола, еш деңе*) тұтас жазылсын;

3. «Кенжеғұл», «Аягөз», «кетпен», «жоңқа», «Бұрамбай», сияқты бір мәнілі сөздердің ішіндегі дүдәмал дыбыс естілуінше жазылсын;

4. бір мәнілі сөз деп қандай сөздерді айтуға болады? Кейбір дыбыстары жоғалып, екі түбірден кірігіп қысқарған сөзді айтамыз ба? Сөйлем ішіндегі мәнісіне (сұрауына) қарап, бір мәнілі деп табу керек пе? Болмаса, басқа өлшеуіш бар ма?

5. тұтас сөздің ішіндегі «з», «ж», «ш», «с» дыбыстары естілуінше емес, түбірінше жазылсын (*тас – тасша, таз – тазша, тәж – тәжша, ас – асша*);

6. түбірдің дыбысына жалғау, жұрнақтың дауыссыз дыбысы ықпал етпесін (*түн-түнгі* боп жазылсын, естілуінше *түңгі* боп жазылмасын);

7. л, р, у, и-ден басталатын сөздерде (*қаб, рабай, рұқсат, уақыт*) ы, у дыбыстары сөз басында дүдәмал естілсе, жазылмасын;

8. есімшенің «түн» жұрнағы (*баратүн, келетүн*) естілуінше «тін» боп жазылсын. «Үшін», «үркер» сияқты сөздерде ү, ө, і, е жазылсын;

9. демеу жалғауының қосалқы қосымша сөздер (*гой, гана, мен*) дыбыстары естілуінше, түбір сөздер сызықша мен айырылыб жазылсын (*берді-гой, рас-қой, шақ-қана, жүрсек-те, алды-ма, келіп-бе, адам-мен, еп-пен, болып*);

10. сын есімді күшейтетін үстеу буындар (*қап-қара, оп-оңай*) естілуінше қосылып жазылсын;

11. «ау», «ай», одағайлар сөзге тіркелгенде (япырмау, жанымай) бірге жазылсын, сөзден бұрын келгенде, бөлек жазылсын (Ай, Асан);

12. «еке» (аға, еке) жұрнағы өзге жұрнақтарша түбірге бірігіп жазылсын (*ағаеке*);

13. кейбір көмекші етістіктер (*бар, жүр, еді*) етістікпен бірге иә сызықшамен айырылып жазылсын;

14. «сын», «соң» боп қысқарып айтылатын «соң» сөзге келгенде бірге жазылсын (*барғансоң, онсын*) [84, 4-5];

Комитет басшылары 1929 жылдың 20 наурызына дейін жоғарыдағы аталған емлеге байланысты қазақ білімпаздарына өз ойларын мерзімді басылым беттерінде жариялануын сұрайды. Осыған орай А.Байтұрсынұлының, Қ.Жұбановтың, Ж.Аймауытұлының, М.Дулатұлының, І.Қайменұлының, С.Аманжоловтың, А.Мамытұлының, Е.Омаровтың, Ж.Тоқжігітовтің, Ш.Уәлитовтің, Е.Шаймерденовтің, Б.Байтоғайұлының, Т.Шонановтың, Қ.Кемеңгерұлының т.б. бірнеше мақалалары жарияланады. Осы мақалалардың және 1924 жылғы бекітілген ереже негізінде 1929 жылы 25 шілдеде Қазақстан Орталық атқару комитетінің қаулысымен қазақ тілінің төл сөздеріне 12 баптан, ал кірме сөздерге 18 баптан тұратын жаңа емле ережесі бекітіледі. 1929 жылғы

емле жоғарыда аталып өткен 14 баптан тұратын ережені негіз етті, ондағы ережелердің барлығы дерлік қабылданды, дегенмен, 9, 11, 12, 13-баптар өзгертілді.

Ережеде қазақ тілінің, сондай-ақ өзге де түркі тілдерінің ең басты ерекшелігі – үндестік заңдылығы сипатталып, қазақ тілінің типологиясы жағынан агглютинативтік тілдер тобына жататындығы, яғни сөзге қосымшалардың жалғануы барысында түбір морфеманың тұлғасы өзгермейтіндігі көрсетіле отырып, қосымшалар сөздің соңғы буынының жуан және жіңішкелігіне сәйкес нұсқада жазылу қажеттігі аталып өтілген.

Жоғарыда аталып өткендей, қазақ орфографиясының негізі 20-30-жылдары қаланғаны белгілі. Дегенмен, қазақ орфографиясының принциптерін айқындау 1924-1929 жж. болып өткен ғылыми конференцияларда біраз пікірталастарға негіз болып, емле принциптерін белгілеу, оларды іс жүзінде жүзеге асыру т.б. мәселелер күн тәртібінен түскен емес.

Қызылорда қаласында өткен 1929 жылғы ғылыми-орфографиялық конференцияда да осы мәселе талқыға түсіп, онда ғалымдар пікірі негізінен екіге жарылып, бір тобы емлені түркі тілдес халықтармен бірлестіру үшін жалғаулардың бір ғана инвариантын (-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер – лр) ғана белгілеумен шектеліп, морфологиялық принципті басшылыққа алу қажеттігін негіздесе, екінші тобы фонетикалық принципке бағыну керектігін айтып, пікірлерін ғылыми тұрғыдан әртүрлі дәлелдермен келтірген. Алғашқы ұсынысқа, әсіресе Қ.Жұбанов, Е.Омарұлы, Қ.Кемеңгерұлы, т.б. тіл жанашырлары, негізгі принцип морфологиялық заңдылыққа бағынар болса, қазақ тілінің емлесі, заңдылығы бұзылатындығын, жалпыхалықтық тілден айырылып, бөлек кітаби тіл пайда болатындығын айтып, қарсы уәждерін білдіреді. Мәселен, Қ.Жұбанов пікірінше, жалғауды туыстық жүйемен (морфологиялық) жазу үшін оның тарихын, бұрын қалай жазылып жүргенін білу маңызды, алғашқы нұсқасын осы күнгі тіл білімі танып біле алмайды, қазақ тілі емлесіне фонетикалық принципті (фонематикалық) басшылыққа алу керек [69, 255-258].

Ғалым Қ.Кемеңгерұлы тұжырымы бойынша, қазақ тілінің емлесі үшін морфологиялық және фонетикалық принциптерді жеке-дара алмай, екеуін де басшылыққа алу керек. Ғалымның ұсынып отырған принципі – сингармофонологиялық принцип. Ендеше, сол кезде-ақ қазақ ғалымдары «фонематикалық» немесе «сингармофонологиялық принцип» деген атауды қолданбағанымен, оның мәнін жете білген [74, 37].

Тіл жанашырларының талқысынан кейін айтылған пікір-ұсыныстар ескеріліп, 1929 жылғы ереже фонетикалық принципке негізделіп бекітілді. Онда: «*qazaq emlesiniñ negizi dьbьs syjesince boluv kerek*» және «*cetten kirgen sөzderdiñ emlesi dьbьs syjesi men çazьluvь kerekte, ajaщь qazaqtьñ sөz syjesine көnuv kerek*» делінген болатын.

Ережеде септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғаулары және бірқатар жұрнақтар (тіпті көпшілігі) өздері жалғанатын сөздердің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігіне қарай, ең соңғы дыбысының дауысты,

катаң-ұяң дауыссыз дыбыс болып келетініне қарай түрленіп (вариантталып) жуан және жіңішке түрде жалғанады деп, қосымшалар фонетикалық принципке негізделеді деп көрсетілген: *oquvсь+lar, qьz+dar, kitap+tar, dapter+ler, bala+ qa, kisi+ge, oquvсь+ qa* т.б.

Дегенмен, қазақ тілінің төл сөздеріне қатысты ережелердің кейбір баптарынан фонематикалық заңдылықты басшылыққа алатын негіздемелерді де байқаймыз. Қазіргі кезде тіл білімінің жеке тармағы болып қалыптаса бастаған фонематикалық қағидат фонетикалық принцип ережелері ретінде түсінілуі сол кезеңдерде терминологиялық базаның әлі де қалыптаса қоймағандығынан екені белгілі. Бекітілген ереже мәтінінде фонетикалық принцип – «дыбыс жүйесінше жазу», морфологиялық немесе фонематикалық принцип – «сөздің түп тұлғасы бойынша жазу немесе сақтау», «жанындағы сөздің ықпалы еленбейді» түрінде қолданылды.

1929 жылы қабылданған емленің 1-7 баптар аралығындағы ережелерде екі сөздің аралығындағы дыбыстардың бір-біріне тигізетін әсері (өзгерісі) ескерілмей, әр компоненттің түп тұлғасы, яғни негізгі фонемдік түрі сақталып жазылатыны да көрсетілген. Яғни түбір мен кейбір жұрнақтардың жазылуына арнайы ережеде белгілі бір фонема түрленімдерінің әртүрлі позицияға (дыбыстық қоршауға) тәуелсіз бір ғана әріппен белгіленуі, онда дыбыстар естілуі бойынша жазылу керектігі ескертілді. Ережеде сөз соңындағы катаң **п**, **қ**, **к** дыбыстары сөзге дауыстыдан басталатын қосымшалар жалғанғанда, ұяңдап айтылғандықтан *кітап-ым, кітабым, тарақ+ы - тарағы, күрек+ің - күрегің* түрінде жазылады және **п** дыбысына аяқталатын етістіктерге көсемшенің *-ып, (-ін)* жұрнағы жалғанғанда, түбірдегі **п** дыбысы у дыбысымен жазылу керектігі ескертілген: *тап+ып - тауып, жап +ып - жауып, кеп+ін - кеуіп* және т.б.

Ереженің **бірінші** пункті **түбір сөздердің** жазылуына арналады. Ережеде: *«tutas söz çeke kujinde esitilgenince çazyladъ, çañndaqъ sözdiñ çalqas dъbъstarъnъь ьqpaль elenbejdi. Mъsalъ: kək dōnen – kөг dōnen emes, bos belbev – bos pelbev emes»* деп көрсетілген [74, 100]. Бұл ереже мәтінінен қазақ тіліндегі сөздердің алғашқы сөз кейінгі сөздің ықпалына ұшырамайды, сөздің түп-тұлғасы сақталады деген қазіргі қолданыста бар қағидатты көреміз.

Көп буынды түбір сөздер аралас буын болып келуіне байланысты ереже және қосымшалардың дыбыс үндестігі бойынша катаң немесе ұяң, не үнді дауыссыздан басталып жазылуына байланысты ереже осы пунктің ескертуі ретінде алынды. Онда: *«e s k e r t y v: 1. yndestik zañъna kōnbej, icindegi dъbъstarъnъь biri çivan, biri çiñicke ajtъlatъn sözder de esitilyvince çazyladъ. mъsal: biraq, kitap, qъzmet, nъtmet»* деп көрсетілді [74, 103]. Бұл ереже аралас буынды сөздердің жазылуына арналған. Ереже 1929 жылы алғаш рет ресми түрде бекітілген болатын. Ереже дұрыс берілгенімен, жазу практикасында қиындық болмады деп айтуға болмайды. Жазу практикасында бұл сөздер бірыңғай жіңішке (*кі+тәп*), бірыңғай жуан (*кы+тап*) және осы ережеге сәйкес аралас буын (*кі+тәп*) түрімен де берілді. Мұның себебі ереженің дағдыға айналмауында деп ойлаймыз. Ал дағды деген әрекеттің саналы түрде автоматтану дәрежесіне жетуін айтады, яғни автоматтанған әрекет.



1929 жылғы ережеде сөздің соңғы дыбысы қатаң **п, к, қ** дыбыстары болса, жалғанатын қосымшалар дауыстыдан басталғанда, **қ, к** дыбыстары ұяндап, **ғ, г** дыбыстарына, ал **п** дыбысы **б** дыбысына айналып, жазылатыны туралы ереже осы баптың ескертпесі ретінде алынған: «*e s k e r t y v: 2. söz ajaqındaq» «p», «k», «q» esitilyvince osь «p», «k», «q» әripteri men çazyladь, çalqav-çurnaqtь basьndaq davьstь dьbьstьь ьqpalь men bular «b», «g», «q» bolьp өзgergende, sol өзgergenince çazyladь. mьsal: көр – көbejdi, төк – төgedi, çaq – çaqadь» [74, 103]. Біздіңше, бұл баптар ереженің ескертпе бөлімінде емес, қазіргідей ереженің негізгі бөлімінде баяндалғанда бұқара халыққа түсінікті, әрі ұғынықты болар еді.*

1929-1938 жылдар аралығында бір буыны жіңішке, екінші буыны жуан, бірақ бір денотаттық мағына үстейтін сөздер босаралықпен, сызықша белгісімен ажыратылып жазылды. Мұның себебі қабылданған ережеде бір денотаттық мағына үстейтін, бірақ екі бөлшектен тұратын сөздер қазақ тілінің үндестік заңдылығына бағынуы керектігі ескертілген. Сондықтан баспасөз беттерінде бірге жазылатын сөздердің орфограммасы 1929 жылғы ережені басшылыққа алып, *шекара, денсаулық, теміржол, ешбір, бірқатар* тәрізді сөздерді *шек-ара, ден-саулық, темір-жол, бір-қатар, еш-қайсысы* деп сызықшамен немесе *шек ара, ден саулық, темір жол, еш бір, бір қатар* түрінде босаралықпен және екінші сыңары *аралық, тану, сымақ, құмар, жай, хана, ақы, нама, хат, тас, бас* тәрізді сөздерден келетін, бірінші сыңары *еш, әр, кей, қай, әлде, бір* деген сөздердің, бірінші сыңары *фото, радио, электр(о), авто, аэро, кино, гидро, агро, теле, стерео, мото, матео, био, микро, макро* деген тұлғалардың өзінің алдындағы сөзбен тіркеспей, бөлек жазу тенденциясына бағынғанын көреміз. Компоненттері мағына жағынан да, форма жағынан да елеулі өзгерістерге ұшырамай-ақ өзара бірігіп, жинақталған біртұтас лексика-семантикалық мағына беретін күрделі сөздер 1938 жылдан бастап жүйелене бастады. 1938 жылғы ереженің мәтіні қайта қаралып, «екі сөзден тұратын, бірақ бір мағынаны білдіретін сөздер бірге жазылады, сингормонизм заңдылығы елене бермейді» деп айқындалды.

Бір сыңары мағыналы, екінші сыңары мағынасыз қос сөздердің, сондай-ақ екі сыңары да мағыналы қос сөздердің жазылуы, ереженің **үшінші, төртінші** баптарын қамтиды. Мұнда: «*çalrylaqьc qos sözder sьzьqca men çazyladь onday sözderdiь dьbьstarьньь birine biriniь tijgizetin ьqpalь elenbejdi, ekevi de tybirince çazyladь»;* «*ekinci bөleginiь bas dьbьsь өзgerip aitьlatьn qaitalama sözder de sьzьqca men çazyladь»* [74, 103]. Қос сөздердің жазылуына арналған бұл ереже қайталама және жалпылағыш қос сөздерге арналады. Ереже латын графикасына көшкеннен кейін алғаш рет құрылды деп айтуға болады. Себебі, араб графикасына негізделген қазақ жазуында *төсек-орын, құрт-құмырсқа, ол-пұл, оқта-текте* тәрізді жалпылағыш және қайталама қос сөздер сызықша белгісімен ажыратылып жазылады деген пікірлер болғанымен, оның заңдастырылмағанын байқаймыз. Сондықтан қос сөздердің жазылу нормасы алғаш рет 1929 жылы қабылданды деп айта аламыз.

Ереженің бесінші бабында **-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе, -ды, -ді, -да, -де** дәнекерлері және шығыс септік жалғауы қосылып жазылатын қос сөздер де қамтылған. Ережеде дәнекерлер қос сөздің бір сыңарына қосылмайды, яғни дәнекерден кейін сызықша белгісі қойылады (*қол-ма қол, жыл-ма жыл*) деп көрсетілген болатын. Бұл ереже 1938 жылы қайта қаралып, ресми түрде **-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе, -ды, -ді, -да, -де** тәрізді дәнекерлер қос сөздің бірінші сыңарына қосылып жазылады (*қолма-қол, жылма-жыл*) деген түзету енгізіледі. Сондай-ақ бір сөздің қайталанып айтылуы арқылы жасалған сөздерге (*лып-лып, ойлай-ойлай*), қос сөздердің ортасына **-да, -де, -та, -те** жалғаулықтары келіп айтылса, екі жағынан да қосылмай сызықшасыз бөлек таңбаланатын (*ойлай да ойлай, сөйлей де сөйлей*) сөздерге, бір сыңары мағыналы, екінші сыңары мағынасыз болып келетін (*жылқы-мылқы, түйе-мүйе*) сөздерге, қарсы мәнді сөздердің (*болар-болмас, қойар-қоймас, әке-шеше, аға-іні, биік-аласа*) қатар келуі арқылы жасалған сөздерге, жеке тұрғанда белгілі бір мағынаға ие болмайтын, екеуі қатар айтылғанда ғана мағынаға ие болатын қос сөздердің (*апыл-тапыл, анда-санда, оқта-текте, там-тұм*) жазылуына байланысты (1938 ж.) жаңадан бірнеше ережелер қосылып, толықтырылады. **Алтыншы** бап күшейткіш буын қосылып жазылатын қос сөздердің жазылуына арналған. Ереже мәтінінде: *«сын esimniñ basındaǵy dьbьstarьna «p» qosylǵan kycejtyv çalǵavь sьzьqса мен çazьladь. çaǵa kycejtyv çalǵavьnyǵa aǵaǵy ьǵaǵy «p» kyjinde çazьladь»* [74, 103-104]. Ал 1938 жылғы ережеде: *«aldь maǵnasьz buьn, soǵь maǵnalь sөz bolǵan cьrailь sьndьq sөzder sьzьqcamen çazьladь»*. 1929, 1938 жылдары күшейтпелі шырайлардың жазылуына байланысты бұл ережелер қазіргі кезде де қолданылады. Алайда 1938 жылғы ереже 1929 жылғы ережеге қарағанда нақтырақ, әрі қазіргі қолданылып отырған ережемен сәйкес келеді.

Фонемалардың қосалқы мәнін негізгі мәнінен ажырата білу белгілі бір жүйемен, бірізді жазуға таяныш болатын ереже алғаш рет 1929 жылғы ереженің **жетінші** бабында көрсетілді. Ережеде: *«çalǵav-çurnaqtardьǵy bәri de tybir мен qosььp çazьladь; tybirdiǵy ьqpalь мен өзgergen dьbьstarь өзgergen kyjince çazьladь, biraq çalǵav-çurnaqtardьǵy tybirge kejincekter tijgizetin ьqpalь bajnada aǵьra aǵьtьlǵan çerlerde ǵana bolmasa, – elenbejdi»* деп көрсетілген [74, 104]. Ереженің мәтіні түсініксіз, әрі күрделі сипатталғандықтан ережені түсіндіру мақсатында мынадай сөздер мысал ретінде алынған: *түнгі (түңгі емес), көнбейді (көмбейді емес). Түнгі (түңгі), көрінбейді (көрімбейді)*. Бұл ереже **н-ң**-мен және **н-м**-мен алмасып жазылып жүрген қатарлардың түбір тұлғасына қарап **н** таңбалы вариантын жазуға арналады. Дыбыстардың комбинаторлық өзгеруіне құрылған бұл ереже қазіргі қазақ орфографиясындағы мына ережеге негіз болды: *«сөздің соңғы дыбысы н болса, оған жалғанатын қосымшалар қ, з, г, б дыбыстарынан басталғанда, н дыбысы өзгеріліп, ң, м болып айтылады. Бірақ бұл өзгеріс еске алынбай, н әрпі жазылады: түн+гі – түнгі (түңгү емес), бұрын+ғы – бұрынғы (бұрұнғы емес), көн+бейді – көнбейді (көмбейді емес)»* [74, 104].

Сонымен қатар қазақ тіліндегі сөздердің фонематикалық принциппен жазылатынын айғақтайтын тағы бір ереже ол **[с]** және **[ш]** дыбыстары іргелес

келген жағдайда <с> фонемасы [ш] реңкіне ауысатыны жөнінде: «*tybir soñındaqъ ьзьη «z», «s» dьbьstarьna çalqav basьndaqъ ьзьηdardьç ьqpalь elenbejdi, - ondaj dьbьstar ьlqъj tybirince çazьladь»* [74, 105]. Аталған ережеде жазуда сөз мағынасын ажырата алатын қабілеті бар дыбыстар белгіленеді «ызыңдардың ықпалы еленбейді» деп, яғни дыбыстық қоршауға тәуелді түрлері еленіп-ескеріле бермейді деп, мынадай мысалдар келтіріледі: *басшы* (ба[ш]шы емес); *тұшы* (тұ[ш]шы емес), *қашса* (қа[ш]ша емес). Бұл ереже – қазіргі кезде де жиі қолданылып жүрген ережелердің бірі.

Қазіргі қазақ орфографиясындағы елеулі қиындықтардың бірі – түбір сөзге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда түбір сөздің соңғы буынындағы қысаң дауыстының түсіріліп немесе түсірілмей жазылуы. 1929 жылы бұл мәселеге де арнайы ереже пункіті қарастырылған. Ережеде тәуелдік жалғаулары жалғанғанда, екінші буындағы *ы, і* әріптері түсіріліп таңбалануына байланысты алынды: «*çalqav –çurnaqtъь basьndaqъ davьсть dьbьs qosьlqannan tybirdiñ soñqъ bitev buvьнь асьльр екі ажьгьlsa, çana osь ажьгьlqannan bitev buvьньнь qьsañ davьсть dьbьсь çoqalьp ketse, tybirdiñ çoqalqan dьbьсь çazьlmajdь»*. Ал екі буынды сөздердің аралығында, *р, л* тәрізді сонор дыбыстардың алдында естілетін *ы, і* дыбыстарын таңбалау немесе таңбаламауға байланысты арнайы ереже қарастырылмайды. Сондықтан болу керек жазу тәжірибесінде *рас, лас, рет* тәрізді сөздердің немесе *мағына, құрылыс, жапырақ* сияқты сөздердің басында не аралығында естілетін *ы, і* дыбыстарының таңбалануы не таңбаланбауы қиындық туғызды.

Қазақ тіліндегі морфонологиялық құбылысқа байланысты, яғни *қ-ғ, п-б, к-г* (*қазақ – қазағы, күрек -күрегі*) дыбыстарының алмасуы туралы ереже алғаш 1924 жылғы құрылтайда қаралып, 1929 жылы ресми түрде бекітілгенін айтқымыз келеді. Ережеде сөз аяғындағы қатаң *п, к, қ* дыбыстары жалғау басындағы дауыстының ықпалымен өзгеріп, *б, з, г* болады, түбірдегі дыбыстары өзгеріп, фонетикалық принципке негізделеді деп дұрыс көрсетілген [74, 105].

Емленің 8-9-баптары шылаулардың жызылуы, олардың қосымша тәрізді өзгертіліп таңбалануы көрсетілсе, 11-бапта қазақ тіліндегі *ш, ж, й* (*жай, шай*) дыбыстарының жіңішкертуге бейімділігі және бұл дыбыстардың аралығындағы дыбыстардың жазылуы қосымшаға бағынып, жуан түрде жазылатындығы, ал 12-бапта *үшүн, құрұқ, құуұс* сөздері естілуінше емес, бір тұрпатта, яғни *үшін, құрық, құуыс* түрінде өзмертілмей жазылатындығы заңдастырылды [74, 106].

Қабылданған емле ережесінде тілдің заңдылығына байланысты жаңалықтар да болды. Латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшпес бұрын дәстүрлі принцип арқылы таңбаланған *-түн, -түн* (*баратүн, келетүн*) жұрнақтары латын графикасы негізіндегі әліпбиде қазақ тілінің дыбыс үндесімділігіне сәйкес, сөздерді үндестік заңына бағындырып, біркелкі езуліктер арқылы жазуға көшеді. Сонымен, алғаш рет осы жылы есімшенің өткен шақ, осы шақтық ұғымын білдіретін *-атүн, -етүн* жұрнақтары *-атын, -етін* түрінде жазуға ереже қабылданады: «**Жазғанда ерін үндестігі еленбейді; дауысты дыбыс көмескі естілетін болғанда еріндік дыбыс жазылмай, езулік дыбыс жазылады.** Мысалы, *үшін* (үшүн емес), *құрық* (күрұқ емес). Ескерту: 1. «тын» жұрнағы

естілуінше «тын» болып жазылады. Мысалы, *баратын* (баратұн емес), *оқыйтын* (оқыйтұн емес)» [74, 106]. Осы ереженің ескертпесі ретінде [y] дыбысының жазылуы берілген. [y] дыбысы сөздің жуан және жіңішкелігіне байланысты [yv], [uv] түрінде өзгеріп жазылатындығы көрсетілді: *çazıv* (çazıv емес), *berıv* (berıv емес).

Сонымен, бұл баптарда түбір сөзге қосымшалардың жалғану ерекшелігі, қосымша, жалғаулар фонетикалық принципке бағынатыны және сөз тіркесі, етістік, біріккен сөз, қос сөз сыңарлары айтылуы бойынша емес, түбірін сақтап, бөлек немесе бірге жазылатындығы көрсетіліп, қазақ тілі дыбыстары фонетика-фонематикалық принципке негізделетіндігі көрсетілді.

Өзге тілдік элементтердің жазылымдық принциптері алғаш рет 1929 жылы қаралып, ресми түрде бекітілген болатын. Жалпы осы жылы кірме сөздерді «сындырып» жазудың механизмдері толықтай болмаса да, жартылай жасалды деп айтуға болады. Себебі 1929 жылы қабылданған он сегіз ереженің (13-баптан 30-бапқа дейін) біразы қазақ тілінің үндесім, үйлесім заңдылығын барынша сақтауға тырысқан.

Ереженің 13, 14, 15, 16, 17, 18-баптарында қабылданған әліпби құрамында жоқ, бірақ интернационалдық сөздерде жиі кездесетін дыбыстардың жазылым тәртібі сөз болғандықтан, оларды біз **графикалық ережелер** деп атадық. Ереженің 19-20-баптарында орыс тіліндегі сөздердің екпін арқылы ажыратып жазуға арналғандықтан **екпінге байланысты ережелер** деп, ал 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 29, 30-баптарында орыс тілі сөздеріне қазақ тілі қосымшалары жалғану заңдылығы көрсетілгендіктен **айтылым заңдылығына негізделген ережелер** деп бөлдік.

**Графикалық ережелерде ф, г, х, ц, ч, ш, щ, я, ю** дыбыстарының жазылымы көрсетілді. Айталық, 13-бапта **ф** дыбысы сөз басында **п** дыбысына алмасып жазылуы: *фабрика* – *rəbirik*; 14-бапта *газ, губерния* тәрізді сөздерде келетін **г** әрпі **г** және **ғ** түрінде сақталуы: *газ* – *qaz*, *губерния* – *gubirne*; 15 бапта кірме сөздердегі **х** әрпі жуан сөзде **қ**, жіңішке сөзде **к** әрпімен жазылуы: *мухтар* – *muqtar*, *хайр* – *qaiyr* т.б.; 16-бапта **ц** дыбысы **с**-ға, **ч, щ** дыбыстары **ш** дыбысына алмастырылып жазылуы: *офицер* – *əpeser*, *станция* – *ʔstansa*, *церковь* – *sekkev*, *чай* – *çaj*, *чек* – *sek*, *червонец* – *cerben*, *приказчик* – *birkencik*; 17-бапта кірме сөздерде келетін **я, ю** әріптерінің жазылуы сөз болған. Бұл ережеде **я** әрпі қазақша **ж** немесе **йа** (йе) әріптеріне алмастырылады, ал **ю** әрпі **йу** әрпі арқылы жазылады деп көрсетілді: *Яков* – *çambʔ*, *ярмарка* – *çərmeŋke*, *Юсуф* – *çusip* түрінде таңбаланады деп шешілген; 18-бапта **в** дыбысының жазылуы сөз болады. Онда шеттен кірген **в** дыбысы қазақ тілінде **у** әрпі арқылы және сөздің басында **б** арқылы игеріледі, бітеу буында орыс тіліндегі **в** дыбысы **п** арқылы жазылады делінді: *quvlaqop*, *sergejip*, *aptamabil*, бірақ *məskev*, *barsav* [74, 106-107].

**Екпінге байланысты ережелерде** орыс тілі сөздеріндегі екпіннің алмасып түсуіне байланысты дыбыстың түсіріліп немесе өзгертіліп жазылуы көрсетілді. 19-бапта *фабрика, палата, аптека* тәрізді сөздердің аяғында [a] дыбысы жазылмайды, себебі [a] дыбысына екпін түспейді деп ескертілген, ал [a]-ға

екпін түсетін болса, онда **а** сақталады (*смола – smola*) деп көрсетіледі: *pəbirik, ismet, aptek* т.б. 20-бапта [**а**] дыбысына аяқталған, бірақ **а**-ның алдында дауыссыз қос дыбыс келген *касса, тонна, ванна* тәрізді еуропа сөздерінің аяғында екпін жоқ кезде **е** немесе **ы** дыбыстарына алмастырылып жазылады (*kasse, vannь*), ал сөз екпінді болғанда **а** (**е**) жазылатындығы (*труба – turba*) дұрыс сипатталған [74, 107-108].

**Айтылым заңдылығына** байланысты алынған 21-ереже географиялық атаулардың жазылым тәртібіне арналады. Мұнда қазақ тілінің заңдылығы сақталып, топонимдік аталымдардың түбірі сақталып, аяғы қазақ тілінің заңдылығына бағындырылатындығы көрсетілген: *Карпаты – qarpat, Альпы – əlpi, германец – germen, русский – orьs* т.б. Сондай-ақ 22-бапта аяғы *-тор*-ға аяқталған *доктор, кондуктор, сектор* тәрізді еуропа сөздері *-тыр, -тір* түрінде жазылатындығы, 23-бапта кірме сөздердің аяғы *-графия, -логия* тәрізді қосымшалардың қазақ тілінде *-ғыраны, -логы* түрінде өзгеретіндігі, 24-бапта *-скоп, -фон* сияқты қосымшалар *-скоп, -пон* болып таңбаланатындығы, ереженің 25-бабында *индустрия, акция* тәрізді сөздерде келетін **ия** қосымшасы жуан сөзде **а** (*станция – ьstansa*), жіңішке сөзде **е**-мен жазылатындығы (*индустрия – yndistire, акция – əkse*) көрсетілген. 26-бапта *пролетарий* тәрізді сөздерде келетін *-ий* қосымшасы алынбайды, сөздің түбірі ғана жазылады деп белгіленген: *пролетарий – proletar* т.б. Ереженің 27-бабында **г, з, д, х, в**-дан басқа еуропа сөздерінің соңындағы дыбыстар өзгертілмей жазылатындығы (*bent, volt*), 28-бапта *электрический фонарь, техническое средство* тәрізді сөздердің аяғындағы сын есім қосымшалары қазақшаға икемделетіндігі нақты сипатталған. Ал ереженің 29-30 баптарында еуропа тіліндегі антропонимдік атаулар қазақ әліппесінің әрібі жеткенше өзгертілмей жазылады деп көрсетілген [108-109].

Қорыта айтқанда, 1929 жылы қабылданған бұл ережелер қазіргі емлеміздің бастау көзі. Мұнда алғаш рет [**а**], [**ә**] дыбыстары арқылы жасалатын сөздердің емлесі (*жай – жəй*), бір буыны жуан, келесі буыны жіңішке, **я** болмаса, керісінше, бірінші буыны жіңішке, келесі буыны жуан бейүндес сөздердің жазылу үлгісі (*қасиет, құзірет*), соңғы буында қысаң дауыстылары бар сөздердің қосымшалармен түрленгенде түсіріліп жазылу емлесі (*ауыл – аулы, көрік – көркі*), соңғы дыбысы [**з**], [**ш**] дауыссыздарына аяқталған сөздер қосымшалармен түрленгенде сөздің қандай нұсқада жазылатыны (*жаз-жазса – жазшы*), сонымен қатар, [**қ**], [**к**], [**п**] дауыссыздарының біріне аяқталған сөздер қосымшамен түрленгенде, түбір соңындағы дыбыстың жазудағы өзгерісі (*ақ – ағар, жап – жабады*) алғаш рет ереже түрінде белгіленді. Қазақ жазуының онтогенездік дамуын зерттеп жүрген ғалым Қ.Күдерінова жоғарыда аталып өткен ережелерге байланысты былай дейді: «Қазақ тілінің дыбыстық негізінен шығарылған алғашқы емле ережесі 1929 ж. латын графикасымен бірге қабылданды. Онда орфографияның негізгі ұстанымы анықталып, шеттілдік сөздер қазақ тілі төл сөздерінің жазылу принципіне сай таңбаланды. Қазіргі емлеміздегі негізгі орфограммалар сол 1929 ж. емле ережелерінде айқындалды» [39, 103]. Шындығында да, қазақ қоғамында 10 жылдай қызмет еткен аталған

ережелер қазақ орфографиясы принциптерінің дұрыс таңдалып алынғандығын және осы принциптерге сәйкес жасалған емле қағидаттары негізінен дұрыс екендігін көрсетеді. Бірақ аталған ережелердің жұмыс істеуіне, оның бұқара халыққа таралуына уақыт аз болды. Дұрыс жазуға бағыт-бағдар, жөн сілтейтін орфографиялық сөздіктер де бұл кезде жасалмаған болатын. Осы себептен және кейбір ережелердің толық болмау себебінен, атап айтсақ, идеографиялық (бас әріптің емлесі), графикалық ережелердің және жеке сөздердің емлесіне байланысты ереженің толық болмауына байланысты жазу тәжірибесінде бірнеше қиындықтар болады. Сондай-ақ шет тілінен енген сөздер дыбыс жүйесінше жазылады және кірме сөздердегі еріндік **о, ө, ұ, ү** әріптері сөздің екінші немесе үшінші буындарда таңбаланбайды деген ереже бір сөздің бірнеше нұсқада жазылуына негіз болды. Бұл әрине сауатты жазуға бірінші кедергі ретінде танылды. Мысалы, қазіргі түпнұсқа принципімен жазып жүрген *материал* сөзі бірнеше нұсқада, яғни *materʲjel//materʲjal//mäterijel* түрінде, осы тәрізді *математика* сөзі – *matematʲjike//mätematʲjike*, *партизан* сөзі – *partʲjzan//pärtijzæn* түрінде таңбаланды. Сондықтан 1938 жылы емлеге бірнеше түзетулер енгізіледі. Онда *Ленинград*, *кабинет*, *совет*, *актив* тәрізді сөздер негізгі тұрпаттарын сақтайды (*Leningrad – lenijngirat* емес, *kabjnet – kəbijnet* емес, *sovet – səbet* емес), сөздің аяғы қатаң дыбысқа аяқталады, орыс тілі сөздеріндегі екінші, үшінші буындарда келетін **о, е, у, и** (*komsomol – kamsamol* емес, *metro – metra* емес, *biro – buijra* емес, *dinamo – dinamʲ* емес, *proletariat – puoltarʲjat, //pyreletarijat //pʲrolʲtariat //pyreletarijat* емес) дыбыстары сындырылмай, түпнұсқа бойынша жазылады деген тәрізді бірнеше өзгерістер енгізіледі. Кірме сөздерді түпнұсқаға жақындатып таңбалау үшін **в, ф, х** әріптері алынады. Ал **я, ю, ё, э, ь, ь, ч, ш, щ** тәрізді дыбыстар қазақ тілінде бар, ұқсас дыбыстармен алмастырылады деп шешілді [85, 3-4].

Сонымен, 1929 жылы қабылданған емле қазақ қоғамында 8 жыл қолданылып, 1938 жылы қайта өңделіп, бұқара халыққа қайта ұсынылады.

## 2 ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ӘЛПБИИНДЕГІ (орфографиялық) ҚИЫНДЫҚТАР

### 2.1 Бас әріпке байланысты қиындықтар

Қазақ тіл білімінде бас әріп мәселесіне байланысты айтыс, пікірталас 1920 жылдың аяғынан басталып, қазіргі кезде де зерттеуді қажет ететін тіл білімінің өзекті мәселесі болып табылады. Әдетте бас әріппен жалқы есімдер және сөйлемнің алғашқы сөзінің бірінші әрпі, ал кіші әріптермен жалпы есімдер және сөйлемнің басқы сөзінің бірінші әрпінен басқалары жазылатыны белгілі. Сонымен қатар адам аттары (антропонимдер), геологиялық атаулар (топонимдер), діни атаулар (теонимдер), жануарлар атаулары (зоонимдер), аспан денелерінің атаулары (астрономимдер), тарихи уақиғалармен байланысты мезгіл атаулары (хронимдер), рухани нысандар (идеонимдер) бас әріппен жазылады. Кейбір жалпы есімдер мәтін ішінде көтеріңкі сарынмен немесе белгілі бір нәрсенің символикасы ретінде айтылса, бас әріппен жазылады.

Зерттеушілер кіші және бас әріптерді әртүрлі графемаларға жатқызады. Олай етудің қажеттігі жайлы пікір олардың қызметтік мәндерінің ерекшеліктеріне байланысты деп түсіндіріледі. Мұның астарын қалай ұғуға болады? Тіл білімінде кіші және бас әріптердің өзіндік қызметі бар. Айталық, сөйлем басында және сөйлем ортасында берілуі; екінші идеографиялық қызметі. Бұған бас әріппен жазылатын жалқы есімдерді жатқызуға болады; үшінші – семасиологиялық. Бұл идеографиялық аллографтардың кездейсоқ жағдайлары. Мысалы, қазақ тіліндегі «орал» және «Орал» сөздері дыбысталуы жағынан біркелкі және мәнмәтінсіз ауызша сөйлеуде де олардың ерекшеліктерін тани алмаймыз. Осы сөздер контекстсіз жазбаша түрде де күдік туғызбайды. Дегенмен, кіші әріптермен жазылған сөз «етістік» мәнінде болса, ал бас әріппен басталған сөз «Орал» қаласын меңзейді. Таңба жүйесінің осындай күрделі қызметін жазуда қолданылмаса, онда оқырман үшін омографиялық жағдаят туындайды, яғни мағына мен дыбысталу оппозициясы тұтастай алғанда мылқау графикамен берілген жағдаят қалыптасады. Бас әріп не кіші әріппен жазу (*сіз /Сіз, Мен /мен*) немесе бірге/бөлек жазу, тырнақшамен, тырнақшасыз жазу сияқты графикалық айырмашылық түрлері омография саласын кеңейтеді. Алайда бас әріптің осындай қызметтері 20-жылдары ескерілмей, әріптің тек кіші нұсқасы ғана алынады. Бұлай етудің себебі, араб графикасындағы таңбалар сөз ішінде келу орындарына қарай әртүрлі тұрпатта таңбаланатын, сондықтан латын графикасы оқуға, сауат ашуға тез әрі оңтайлы болу үшін және араб графикасына ұқсатпау үшін бас әріп таңбасы алынбайды. Сол кезде пікір білдіргендердің көпшілігі араб жазуындағыдай әріптің бас, орта, жекеше түрлерін латында да жазатын болсақ, жазуда таңбалар екі есе өсіп, әріптің саны 58 таңбаға дейін артады деген қарама-қайшылық пікірлер айтылады.

Бас әріппен жазу/жазбау мәселесі 1926 жылы Баку қаласында І Түркологиялық съезде және 1927 жылы Самарқанд қаласында болған

жиылыста, сондай-ақ 1929 жылы 18-23 қазан айында Орталық жаңа әліпкіндік комитеті ұйымдастырған III пленумда мәселе ретінде қаралады. 1929 жылы өткен III пленум 11 отырыстан құрылып, оған 44 адам әртүрлі мемлекеттерден келеді. Пленумның алтыншы отырысындағы күн тәртібінде тұрған негізгі мәселенің бірі – бас әріп болады. Мұндағы көзқарастар әртүрлі қарама-қайшыға толы. Мысалы, бір топ ғалымдар бас әріп мүлде керек емес десе, екінші бір топ кішкене әріпті үлкейтіп жазуды ұсынды. Енді бірқатары бас әріпті еуропа ұстанған түрінде бұзбай алуымыз керек деген сияқты пікірлер айтылды. Отырыста Шонанұлы, Күлбешеров, Ағмалы-оғлы, академик Самойлович, профессор Жирков, профессор Яковлев, Поливанов, Өзбекстаннан келген профессор Бату бас әріп мәселесін талқылайды. А.Н.Самойлович, Жирков, Ағымалы-Оғлы түркі халықтарына бас әріптің керегін айтса, профессор Н.Ф. Яковлев өзінің жасаған баяндамасында түркі халықтарының бәріне бірдей бас әріпті кіргізуге болмайтынын дәлелдейді. Мұнда ғалым жазу дәстүрі қалыптасқан халықтар және жазу дәстүрі қалыптаса қоймаған халықтар деп екіге бөліп, жазу дәстүрі қалыптаспаған халықтарға бас әріптің еуропа ұстанған нұсқасын емес, кішкене әріпті үлкейтіп алу керек дейді. Қазақстаннан барған Т.Шонанұлы бас әріпсіз де жазуға болатынын айтады [59,135]. Ал Дағыстандағы жаңа әліпбиді қарайтын комитеттің төрағасы Гаджибеков бас әріп таңбасы алынуы тиіс деп, **к** және **о** таңбаларына арнайы таңба іздемей-ақ, оларды үлкейтіп қолдануға болатынын айтады [67,198]. Ағымалы-оғлы алтыншы отырысты қорытындылап, Орта Азия халықтарына мәселенің байыбына барып, тексеруді сұрайды. Сонымен Орта Азия халықтарына мәселені дұрыстап шешуге уақыт беріледі.

Осы кезде Қазақстанның түкпір-түкпірінде, яғни Омбы, Алматы қалаларында студенттер, оқытушылар бас қосып, бас әріп туралы айтыстар жүргізеді. Мәжілістердің соңында мынадай қорытындыға келеді: «...бас әріп мәселесіне жұртшылық түгел қатысып, өз ойларын ортаға салсын және жер-жерлерде айтыстар ұйымдастырылсын» [59, 201].

Бас әріп араб графикасы негізіндегі әліпби жүйесінде болмағандықтан латын графикасына өткен халықтардың әліпбиіне бас әріпті қандай жүйе бойынша ендіру керек деген сұрақ тұрды. Мысалы, үлкен қиындықтардың бірі – дағыстан халқының әліпбиінде сезілді, яғни дағыстан тілінің дыбыстық жүйесіне тән екіленген дауыссыздардың (**тт**) сөйлем басында берілуі дау туғызды. Мұнда екіленген дауыссыздарды сөз басында бірдей бас әріппен белгілеу (**ТТ**) немесе екінші дауыссыз дыбысты кіші әріппен белгілеу (**Тт**) жүйесін нақтылау керектігі қаралды [67, 185].

Қазақстанда да бас әріпке байланысты бірнеше мақалалар жарияланады. С.Әміржан өзінің «Бас әріп не үшін керек» деген мақаласында: «Бас әріп – оқудың кілті жеке кіші әріптер болса, адамның көзін жетектейтін тізгін, жазғанды тез аңғаруына бастайтын ірі таңба – үлкен әріптер. Бетпақтың шөліндей тірі жансыз құм далада адасқан адам тәрізді – бас әріпсіз жазуда да адам көзін алып жүре алмақ емес. Екіншіден, оқу-жазудың, психологиялық негізі бойынша қалыпты оқу, безендіріп оқу, сөздің мәнісіне лайық дауысты



өзгертіп оқу, тынатын жерде тыну үшін бас әріп керек. Әріп неғұрлым ұсақ болса (газет әрпі) – жай тыныс белгілері байқалмай – көбінесе үлкен әріптерге еріп оқыймыз. Бас әріп іле сала танылатын ірі тыныс белгілері есебінде. Үшіншіден, қазақ тілі, әдебиеті енді ғана көркейтуге, баюға, мәдени керектің барлығын өтеуге бет алып отыр. Мәдени керегіміз ішінде мемлекеттік маңызы бар «кеңес тілі, заң тілі, телеграф мандай жазуы, пылакат, ұран барлығы бар. Бұларды мәдени түрде жазғымыз келсе, бас әріп керек. Әліппенің интернационалдық мәні жай түрінен де – бас түрінде № – нөмір жер жүзінде бірдей алынған. Мысалы, орыстағы СНК ВКП (б) деген орында біздерде SNK, ВКР (в) десек бұл көп жеңіл. Басқа жай сөздерден айырылмай оңаша көрінбей қалады»\* [86, 12]. Автор сауаттану ісіне бас әріптің ешқандай зияны болмайтынын айта кетіп, жер-су атауларын, адам аттарын бас әріппен жазуды ұсынады.

Бас әріптің керегі шамалы, бас әріпсіз күн кешуге де болады деген пікірлер де болды. Мысалы, Қ.Басымов «Бас әріп – қол бөгеу» деген мақаласында бас әріпті алсақ оның араб әліпбиіне айырмашылығы болмай қалатынын, қайта оқыту мүлде қиындайтынын былайша дәлелдейді: «Бас әріптің баспа түрі мен жазба түрі бір-біріне ұқсас келмейді. Жазуда бір төселдірсек, баспада қайтадан төселдіруге тура келеді. Оқу – жазу да, қай жағынан болса да аяқты орап салады да отырады. Жұмыстан жұмыс туғызып, еңбекті еш келіп адымыңды аттатпайды. Қосар әріптің бұл қылығы сау басқа сақина тілеп алған емей не?» [87, 4].

1929 жылы латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшкеннен кейін талқыға түсіп тұрған «Бас әріп» айтыс ағарту майданында көңіл бөлерлік орын алды. Осы аралықта мерзімді басылым беттеріндегі жалқы есімдер, қысқарған сөздер, саяси ұйымдар, кәсіпорындар мен оқу орындардың, мекемелердің, газет, журнал, кітап, шығарма аттары 1930 жылға дейін кіші әріппен таңбаланды. Бұлай таңбалау жүйесіне Қазақстан оқытушылары газет беттеріне бірнеше қарсы пікірлерін білдіріп, бас әріп көзшалым процесіне оңтайлы деп көрсете отырып, дау туғызбай керісінше бас әріпті оқытудың әдістемесін жасау керек деген пікірлер үздіксіз жарияланады: «Бас әріп бар әліпби мен бала оқытып жүрген адамдарға белгілі – әріп үйрете бастағанда баланы алдымен бір түрімен ғана таныстырады. Соны жаздырып, оқытып, жаттықтырып болған соң ғана бір әріптің екінші түрімен де таныстырады. Егер олай етпей, қатары мен бір әріптің екі түрімен де таныстырса, көп ұшырамайтын түрі тез ұшыратылып қалатыны көрінеді. Бір неше күн өткен соң көрсетсек, бұрын көрмеген, таныспаған әрпі сияқты қарайды. Әсіресе бұл оқиға үлкені мен кішісі біріне бірі ұқсамайтын (А а) сықылды әріптерде кездеседі» [88, 6].

Сонымен еуропа үлгісіне негізделген бас әріп таңбасы 1930 жылы 2 маусым айында Қазақстан Орталық Атқару комитетінің қаулысында бекітіледі. Қаулыда бас әріптің емлесіне байланысты мынадай ереже қабылданған:

---

\* автордың емлесі сақталды (–Ә.Н.)

1. Текст жаңа сөйлем басындағы сөздердің ұлы тыныстан соңғы, сөйлем бекігендегі сұрау (?), таңдану (!) белгілерінен соңғы сөздердің басы бас әріппен жазылады.

2. Адам аттары, өлке, ауыл, қала, көше, теңіз, тау, жер, су аттары бас әріппен жазылады. Мұндай сөздер қосарланып келсе, тек алғашқы сөзі ғана бас әріппен жазылады.

3. Қоғам, мекеме, ұйым, мектеп, кітап, гәзет, журнал, жол, көше аттарының басы бас әріппен жазылады. Бұлар бірнеше сөзден құралса, тек алғашқы сөзі ғана бас әріппен жазылады.

4. Бас әріппен жазылатын сөздер қысқартылып бір әріппен ғана жазылса, олар да бас әріппен қысқартылып, бір сөз есебінде жүрсе, қысқартылған күйінде бас әріппен жазылады [89, 1].

Қаулы қабылданып, ереже бекітілгеннен кейін де газет, журнал беттеріндегі бас әріппен берілген топоним, ороним, гидроним, ойконимдік атаулар екі-үш не одан да көп нұсқада жазылды, яғни бір жерде олар ереже бойынша жазылса, екінші бір жерде кіші әріппен немесе екі сыңары да бас әріппен жазылды. Қаулыдағы бас әріпке арналған ереже дұрыс сақталынбады. Мысалы, *Kazst̄roj yjeldiñ 23 kuni Ala Tavd̄ñ teriskejindegi vel-vulaq tav̄nan izves qazd̄ruvqa vir des̄atnigin vastat̄p vir top kisi çivergen eken. Solar kelip, tavd̄ñ ucan vas̄nan izves qaz̄p çatqanda, tavd̄ñ eteginde K̄alenin avdan̄, Bel vulaq av̄lynda» «Sats̄jal» qalqoz̄nyñ qoj̄ çaj̄lyp çat̄r edi* («Сатсыйалды Қазақстан», 1932 ж. 1-б.).


*Alma-Ata (telegiram arq̄ly) Qaraçand̄ av̄lynyñ ekr̄indi mal carvac̄lyq mal sapqozdar̄nyñ sajas̄j v̄limderi men virigip ðlkelik ekr̄indiler syletine* («Сатсыйалды құрылыс», 1933 ж. 3-б.)

*M̄acijne-t̄rakt̄r ыstansalar̄nyñ vul qarq̄nyñ On̄ tystik qazaç̄stan av̄lysy men almat̄ ыstansalar̄nyñ çum̄sy tykke turmajd̄* («Сатсыйалды Қазақстан», 1932 жыл. 1-бет). *On̄ Tystik Qazaç̄stan men Almat̄ av̄lystar̄nda ast̄q daj̄ndav navqan̄ vastalqal̄ aj çar̄mdaj vold̄* («Сатсыйалды Қазақстан», 1932 ж. 3-бет). *S̄mkent, on̄ tystik qazaç̄stan av̄lysy ekin̄ci toqsann̄ny qarç̄ çospar̄n olq̄lyq ren or̄ndap edi* («Сатсыйалды Қазақстан», 1932 ж. 3-б.).

Сонымен, латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшкен қазақ жазуының басты орфографиялық қатесі – бас әріппен жазылу ережелерінің сақталмауы болды. Бұрын-соңды орфографиялық ережелер қатарында болмаған еуропа үлгісіне негізделген нормалар (топоним, гидроним, антропоним, ороним атауларының бас әріппен жазылуы (?!) белгілерінен кейін сөздің бас әріппен жазылуы т.б. ) қазақтың жазу болмысына алғашқы рет жат, тұрпайы көрінді. Бұл ережелерге бейімделу біршама уақытты талап етті.

## 2.2 И, У дыбыстарының жазылуы

20-жылдары и, у дыбыстары естілуінше жазылды. Аталған дыбыстар қазақ жазу тарихында бірнеше рет өзгеріске түсіп, былайша жазылған:



Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде и, у-дың жазылу формасы екі түрлі болғандығын көреміз. Яғни 1929-38 жылдар аралығында *комитет, институт* т.б. сөздердегі [и] дыбысы және *туралы, ескерту* тәрізді сөздердегі и, у дыбысы қосар таңбамен, сөздің жуан және жіңішкелігіне қарай **ій, ый, ұу, үу** түрінде таңбаланды. Мысалы, *рылармонья* (пыйлармоныйа), *кавийнет* (кәбийнет), *ујренуу* (үйренуу), *өндіруу* (өндіруу), *респовіліјке* (респобілійке), *еканоміјке* (еканомійке), *кәміјтет* (кәмійтет), *пөліјметал* (пөлійметал), *кәтвіјнат* (кәмвійнат), *пырарсөјөз* (пырарсөйөз); *тұуралы*, *ескертүу*, *алуу* (*оқушы*) т.б.

1933 жылдан бастап осы мәселенің төңірегінде мерзімді баспасөз беттерінде и, у дыбыстарының емлесі туралы әртүрлі көзқарастағы мақалалар жарық көреді. Бірсыпыра ғалымдар [і+й], [ы+у], [ұ+у], [ү+у] **дыбыстарын қосар әріппен таңбалау керек** десе, екіншілері [і+й], [ы+у], [ұ+у], [ү+у] **дыбыстарын бір таңбамен таңбалауды** ұсынады. Сондай-ақ осы дыбыстарды жарты дауысты дыбыс демей, оған толық дауысты дыбыс деген статус беру керек дейтін пікірлер болады. [і+й], [ы+у], [ұ+у], [ү+у] дыбыстарын қосар әріппен таңбалау жөнінде Ж.Аймауытұлы өзінің жобасын ұсынады. Бұл жобада қосар **у, и-ді** жарты дауысты демей, толық дауысты дыбыстар қатарына кіргізу керектігін айтады. [і+й], [ы+у], [ұ+у], [ү+у] дыбыстарын дауысты дыбыс қатарына кіргізуге көптеген оқытушылар, ғалымдар қарсылық танытады. Олардың негізгі ұстанатын принциптері қазақ тілінде екі дауысты дыбыс қатар келмейді, сондықтан **и, у** өз-өзінен дауысты дыбыстың қатарына шығып қалады және буынға бөлгенде де буын үндестігі бұзылатындығын айтады [90, 3].

С.Аманжолов «і-дің қосарлы жазылуына себеп болған бізде орыстың «и» дыбысы сияқты толық әріптің жоқтығы. Бізде **ј** дыбысы тек жіңішкелік үшін, дәнекер үшін жүреді, біздегі «ј» -дыбысы тек қысқалықты, шолақтықты көрсетеді. Ол екеуі де жарымжан, екеуі де толық әріптік қабілеті жоқтар. Енді біз екеуін қосып, бір әріп қылмау үшін не жаңадан бір дыбыс алу керек десек, оған қолайлы таңба жоқ, і-дыбысына толық орыстың «и» дыбысымен бірдей бол дегенмен ешбір болатын емес. Оның негізгі жіңішке, жарты дауысты екендігі. Бұл екі қасиет оны толық «и» (орысша) қыла алмайды. Егер мұны толық бал деп қойсақ, жазу ережесі үш есе артады. Қытайдың жазуы болады.

Сөйткен күнде де оны сол қалпында қалдырмау керек», – дей отырып, мынадай жоба ұсынады:

1) **і** әрпін бұрынғы күйінде қалдыру, оның жіңішкелік, дәнекерлікке беретін мәні де жеткілікті;

2) **ј** әрпіне толығырақ маңыз беру керек. Оны орыстың «и» дыбысы мен бірдей дәрежеге жеткізу керек. Сонда екі дыбыс (**і**, **ј**) қатар жазылмайтын болады;

3) **ј** дыбысы дауысты дыбыстардан соң ғана, қысқа шолақ дауыссыз саналсын;

4) еш жерде **ј**-дің алдынан **і** дыбысы жазылмасын, қосарланбасын тек **ј**-дің артынан **і** келуіне болады. Мысалы, *kjim, tjin* т.б.

5) **и** дыбысын орыстың **в**-сына (сөз басында келсе), сөз ортасында, аяғында орыстың «у»-на тең деп жоба алу [91, 4]. Ал Ниязұлы Ғали бір дыбысқа қосар әріп арқылы таңбалу жазу экономиясына әсер етеді, сондықтан әріптерді ықшамдап қолдану керек деген ойын айта отырып, былай дейді: «Социалистік Қазақстан» газетінің бір нөміріндегі басы артық «ь» мен «і» дыбыстарын санап шықтық. Сонда «СҚ»-ның төрт бетінде (орта есеппен) не барлығы 4000 жол (120000 әріп) бар екен. Сонда бір жолда орта есеппен артық түскен 5 (ь мен і) әріптен қойғанда 4 бетте басы бос 700 жол артық «ь» мен «і» дыбыстары барлығы көрінеді. Егер біз осыларды ықшамдай білсек кітап журнал, газеттерге бірталай сөз сыйғызып, онымен қатар артық еңбек етіп арамтер болмас едік» [92, 7]. Тағы да осы мәселеге байланысты 1935 жылы «Социалды Қазақстан» газетінде Ә.Садуақасов өзінің жобасын ұсынады. Автор әліпбидегі әріптерді шатастыра отырып, «үу» орнына «ю»-ды алуды (*шүу – сю (шю)*); ұу орнына «уу» қолдануды; «ый» орнына «ь»; «і» орнына «ь» қолдануды ұсынады.

Лингвист ғалым, проф.Қ.Жұбанов қысаң дауыстыларды сөз еткенде қосар дыбыстар ерте кезде бір дауысты, бір дауыссыздардан құралған деп, қазіргі емледе **у**, **и**-ді қосарлап қолдану болмайтынын айтқан. Қ.Жұбанов «Қосар ма, дара ма?» деген өзінің мақаласында былай дейді: «Бұрын екі дыбыс (бірі дауысты, бірі дауыссыз) болған жердің бәрі бірдей қосар әріппен таңбалана беретін болғанда, «сары» сөзі бұрын «сарығ» түрінде болған; сондықтан етістікке айналған кезде «сарғ-ай» болып ғ пайда болды. Онда мұны да «сарұу» немесе «сарый» түрінде жазбақшымыз ба? Тірі сөзі «тірік, «торы» сөзі «торық» түрінде болған, әлде бұларды да «тірій, торый» деп жазамыз ба? Әрине, жаза алмаймыз» [69, 245].

Сонымен, ғалымдардың көпшілігі [**і+й**], [**ы+у**], [**ұ+у**], [**ү+у**] дыбыстарын қосармен таңбалау тілдің экономия заңдылығына қайшы келеді деген тұжырымдама жасап, 1938 жылы **и**, **у**-дың таңбалануы өзгертіледі. Жаңа ережеде қос таңбалар ажыратылып, ол дыбыстар жеке бір таңбамен көрсетіледі. **Ұу**, **үу**, **у** дыбыстарын барлық жерде **и** таңбасымен және **ьj**, **ij**, **j** дыбыстарын барлық жерде **і** таңбасымен таңбалайтын жазу жүйесі жасалады. Қосар әріппен таңбаланатын дыбыстарды бір әріппен таңбалау тәжірибе жүзінде де іске асты.

## 2.3 Кейбір дауысты және дауыссыз дыбыстардың орфографиясы

Тілдің дамуына, кемелденуіне тікелей әсер ететін құбылыс – фонетикалық өзгерістер. Фонетикалық өзгерістер арқылы тілімізге көптеген жарыспалы сөздер орнығып жатады. Мұндай сөздердің біршамасы жеке-жеке лексика-семантикалық мәнге ие болса, енді бір бөлігі қазақ тіліндегі жарыспалы сөздер қатарында жүреді. Олар орфографиялық ережелер арқылы бірізге салынып жүйеленеді.

Қазақ тілінде дыбыстық өзгерістер мен дыбыстық алмасуға бейім *жай, шай, жайлау, хал, куә* тәрізді бірқатар сөздер бар. Бұл сөз бірліктері әдетте өзінің лексика-семантикалық тұлғасын сақтай отырып, фонетикалық өзгерістер ықпалынан, яғни дыбыстардың бір-біріне тигізетін акустикалық, артикуляциялық әсерге байланысты жуан езуліктер, жіңішке езуліктерге алмасуға бейім тұрады. Тіл білімінде мұндай құбылысты **палатализация** деп атайды.

Бір буынды сөздердегі **а** және **ә** дауыстылардың алмасуын бірқатар түркологтар **ш, ж, й** дауыссыздарының жұмсартушылық қызметімен байланыстырады. Жиырмасыншы жылдары бұл мәселе алғаш рет 1929 жылғы емле конференциясында көтерілген болатын. *ш, ж, й* дыбыстарының аралығында келген **а** дыбысының бірде жуан, бірде жіңішке естілетіндігі туралы Т.Шонанұлы баяндамасында былай дейді: «Кей дыбыстарымыз жұмсалуға тарта жайылып келеді, бірақ жұмсарып жеткен жоқ. Менің көздегінім *ш, ж, и* деген үш дыбыс, бұл үш дыбыс ауызға кейде жуан, кейде жіңішке естіледі. Мәселен: *шай – шәй, жай-жәй, тыйын – тийін* болып, екі түрлі естіле береді» [74, 13]. Автор мұндай дыбыстардың екі түрлі естілгендіктен арнайы қарастыру керектігін айтады.

Конференцияда К.К.Юдахин «қазақ тілінде *ж, ш, и* дыбыстары жуан да, жіңішке де екі түрлі айтылатын болса керек, солай болуға қыйсыны бар» дей отырып, ғалым мұндай сөздерді мүлде қозғамай-ақ 12 пункттен алып тастауға болатындығын айтады. Конференцияның кешкі мәжілісінде Қ.Кемеңгерұлы *ш, ж, и* дыбыстарының түркі тіл білімінде де жіңішкеруге бейім екендігін айтып, қазақ тілінде де **ж, ш, и** дыбыстары жіңішкеруге икемді деген пікірге келеді.

Қ.Басымов «Емле сөздігіне негізгі тиянақ керек» деген мақаласында жазуда әртүрлі жазылып жүрген сөздердің емлесіне байланысты былайша бөліп қарастырады: «- ұғымы бір, түбірі бөлек тұтас сөздердің жазылуы; - ұғымы бір түбірі айныған тұтас сөздердің жазылуы; - ұғымы бір, жуанды-жіңішкелі сөздердің жазылуы, - екі-үш тұрпатты сөздердің жазылуы; - ұғымы да, түбірі де бірдей түрлі тұрпатты сөздердің жазылуы; - ұғымы бір құрама сөздердің жазылуы» деп бес үлкен топқа бөледі. Автор *ж, ш, и* дыбыстары арқылы жасалатын *жай, шай, тиын* тәрізді сөздерді үшінші топқа жатқыза отырып, баспасөз беттерінде екі түрлі нұсқада жұмсалуды көрсетеді. Автор мұндай сөздердің орфографиясын нақтылау үшін сөздің шыққан тегінің жуан немесе жіңішкелігі, басқа түркі халықтар тілінде айтылымы, қосымша немесе жұрнақ жалғанғанда үндестік заңдылығы сақталуы, негізгі түбіріне жақындығы

ескерілуі тиіс деп пайымдайды. Осы негіздерге сүйене отырып, автор *ж, ш, и* дыбыстары жуандылыққа бейім деген тұжырым жасайды [93, 6-8]. Осы пікірге Т.Шонанұлы да қосылып, екі ұрықты сөздердің аяғына қосымша жалғау керек дейді [74, 34]. Сонымен, 20-жылдардың өзінде-ақ **а, ә** фонемаларының дүдәмалдығын анықтау үшін қосымша жалғау әдісін пайдалануға болады деп шешіліп, 1929 жылы мұндай сөздердің жазылуына байланысты ереже де болады. Онда: «Сөз ішіндегі дыбыстардың жуан-жіңішкелігі көмескі болған жерлерде, анығы жалғау-жұрнақтың түрінен ашылады: жалғау жуан болса, түбірдегі көмескі дыбысы да жуан болады. М., *шай-шайға* (шәйге емес) *тыйын* – *тыйынға* (тійінге емес), *жай* – *жайланды* (жәйленді емес)» деп көрсетілген [74, 100]. Осы ережеге сәйкес *шай, жай* тәрізді бір буынды сөздер ереже бойынша таңбаланды. Мысалы, *Batırlar qıldı namıstı әyeli tәyir sәjlesip // Artınan saıtan çabıstı.* // *Saıtan emej nemene* (С.Мұқанып, 15-б.). *Qant penen saıb bar. Ajaqta malda esep çoq, Ajdalıp baqıp saıbılar* (С.Мұқанып, 24-б.). *Meniң saı icuvime ыstaqan bar* (А.Апыйнаженіп, 23-б.). *Sonıң kirpigine saı aqıac әsip cыqtı* (А.Апыйнаженіп, 27-б.). *Мына kitaptıң sırtına çazıvcısbıңız өз qolı men çazıdıan çajsız sөz bar* (А.Апыйнаженіп, 30-б.). Сонымен бірінші буында дүдәмал естілетін **а** әрпі ереже қағидатына негізделіп, қазіргі орфографияға сәйкес дұрыс таңбаланды. Ал екінші буындағы **а** әрпінің жазылуы 20-жылдары да үлкен проблемалардың бірі болғандығы байқалады. Бірінші буыны <ә> фонемасы, екінші, үшінші буында палатализация кұбылысына ұшыраған <а> фонемасы арқылы жасалған *сәруар, әжуа, зәузат, жәннат* тәрізді тіл бірліктері аталған жылдары тұтастай **жуан** немесе **жіңішке** нұсқада жазылған: *Qazıretti Musaqa Asa bolıan bul aqıac Çәnәtine tuzaqtıң tasa bolıan bul aqıac* (А. Жұбанов, 18-б.). **Жәннатман** шыққан төрт қылыш, /*Айтқан сөзім бек дұрыс* (А. Жұбанов, 18-б.). *Sәjlev, tamiq pen qorqıtp, ıstaq pen qызqtıruv, qaçylarqa qonaqtan-qonaqqa çyruv, dav-carıb mәseleге pәtyvә veruv* (І.Жансүгіров, 74-б.). *Tavva qır, vasımdı oqan ijmek edim* (С.Мұқанып, 179-б.).

**Шүбә, күнә, кінә, тілмаиш** тәрізді сөздер баспасөз беттерінде жуан және жіңішке нұсқалары бірдей таңбаланды. Мысалы, *Domıbra күnә degen sөz* (А.Жұбанов, 18-б.). *Aqıstıң birinci 5 kyndiginiң mundai төmendep ketyvine oң tystik kazaqıstan күnәli* («Сатсыйалды Қазақстан», 1932. 1-б.). *Әбсан ıльнıң suraqıbı dep meni kinalaptı* («Сатсыйалды Қазақстан», 1933 2-б.). *ВК(б)R Ortalıq Komitetj çana Sojyzdıq Qalıq komijsarlar soveti kolhozıylarđ kolhozdar qalai bolsa solai kınәsiz cыjarısa tıym salıp oтыr* (Лениншіл жас, 1938. 3-б.). *Oquv oғьndarımbz tygel çana әlip bilmev- tekeme qызmetcilerjнıң basında болр oтырған kına* («Сатсыйалды Қазақстан», 1932. 3-б.). *Soqıstıң qan qımartqan maidanında kınәsjz әlde bjz de - өlemjz be?* (И.Дүйсенбаев, 202-б.). *Çana saqırtıdıan күvә esepi bop, isiңizge aralasqanımdı әjр qılmaңız* (А.Апыйнаженіп, 46-б.). *Ças tilmactar, oғьs төreleri, çәdijt tuqalım, çaңa cәkirtter* (І.Жансүгіров, 44-б.).

Қазіргі орфографиядағы *мұғалим, саудагер, тәкаппар, құдірет, ақырет, қауесет, қазірет, қасірет, рақмет, тауқымет, қорек, мехнат, тақсірет* тәрізді бейүндес сөздердің жазылуы латыншада қазақ тілінің үндестік заңдылығына

бағынып, **бірыңғай жуан** және **бірыңғай жінішке** түрде таңбаланды. Бірақ мерзімді басылым беттерінде мұндай сөздер әртүрлі фонетикалық варианттар арқылы жазылғандығын көреміз. Мысалы, *qadir// qədir// qadыр; savdager // səvdeger; qasiret// kəsiret; meqnat// meqnət; təkəppər//taqəppər// takabbar// təkəppir* т.б. Мысалы, *Munь ajtp səjlejdi qart səvdeger* (С.Мұқанып, 94-б.). *Bular çergilikti bailarqa, səvdegerlerge arqa* (А.Жұбанов, 25-б.). *Qazaq ek, ala kjgiz tuьrlьqtь, Takabbar teksinbejtin basqa çurttь* (А.Тоқмағамбетов, 135-б.). *Qьz Çibekti təkəppir, əri ajlaker, ajtqanьnan qajtpajtьn qьz etip kørsetedi* (С.Мұқанып, 22-б.). Сонымен латын графикасына негізделген әліпби жүйесінде екінші буындағы **а** не **ә** әрпінің жазылуы қиындық туғызды. Бұл қиындық негізінен ереженің жоқ болуынан болды.

**Қысаң езулік дыбыстардың емлесі.** Қазіргі қазақ тіл білімінде, оның ішінде қазақ орфографиясындағы елеулі қиындық **ы, і** қысаң езуліктердің таңбалану/таңбаланбау мәселесі өзекті. 1920 жылдары **ы, і** әріптерінің емлесіне байланысты қазақ тілі орфографиясының негізін қалаушы аға ғалымдарымыз А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Қ.Кемеңгерұлы, Е.Омарұлы, Қ.Басымұлы тәрізді ғалымдарымыз атсалысқаны белгілі.

А.Байтұрсынұлы **ы, і** қысаң дауысты дыбыстарды қысқартып қолдану принципін негізге ала отырып, бұл әріптер естілуінше жазылуы тиіс дейді. Ғалым **ы, і** әріптері сөз басында және барлық бітеу буында жазылмайды, ал ашық буында қалмай жазылады деп айтқан болатын [94, 35]. Ал 1925 жылы болған қазақ-қырғыз білімпаздарының құрылтайында **ы, і** әріптерінің жазылу жүйесі біршама өзгертіледі, айталық конференцияда **ы, і** қысаң дауысты дыбыстар бітеу буында, сонымен қатар естілген барлық позицияда таңбаланады деген ереже қабылданады. Бұл мәселе 1929 жылы Қызылорда қаласында өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда да көтеріледі. Конференцияда Әлібайұлы *атың, әлім, көзім, жетім* тәрізді сөздерде келетін **ы, і** әріптерін таңбаламауды ұсынады. Автор **ы, і** фонемаларын жазбау тілдің үнемділік заңына қолайлы, сонымен қатар ауызша, жазба тілде **ы, і** таңбаланбаса да, сөздің лексика-семантикасына әсерін тигізбейді деп есептейді [74, 57].

Қ.Басымұлы *іленін, ійә, ылақ* тәрізді сөздердің абсолют басында естілетін дыбысты таңбаламау керек деп тұжырымдайды. Автор ілеспелі дыбыстарды таңбаламау басқа түркі әліпбиімен жақындастыру, сонымен қатар кірме сөздердің мағынасына нұқсан келмейді дейді [93, 2]. Ал Е.Омаров *лас, лақ* тәрізді сөздерді *ылас, ылақ* деп таңбалауды дұрыс деп есептей отырып, күшейтпелі шырайлар арқылы жасалатын *ып-ылас, ып-ырас* деп жазу дұрыс деп көрсетеді [74, 77].

Қ.Кемеңгерұлы **ы** әрпі қазақ тілінде сөз басында, сөз ортасында, аяғында ең жиі ұшырасатын дыбыс, сондықтан оларды ықшамдап қолдануды ұсынады [95, 3]. Ал Досқарұлы Жұмат бірінші буында екі дауыссыз дыбыс арасындағы **ы, і** дыбыстарын таңбаламауды ұсынады. Яғни автор *қзыл, қзмет, снау, бреу, брақ* деп таңбалау сөздердің семантикасына әсер етпейді деп есептейді [96, 3]. Сонымен, осы жылдары **ы, і** қысаң дыбыстардың жазылуына байланысты мынадай ұсыныстар болады:

- *л, р* сонорлары бар буындарда міндетті түрде таңбалау;
- бірінші буында таңбаламау;
- екі дауыссыз дыбыс аралығында келетін сөздерде таңбаламау;
- естілген жердің барлығында таңбалау.

Ұсыныс-пікірлердің көпшілігі негізінен **ы, і** әріптерін ықшамдап, қысқартып қолдану туралы. Бірақ 1929-40 жж. латын графикасына негізделген әліпби жүйесінде қысаң дауыстылар естілген позицияның барлық шенінде таңбаланады деп, **ы, і** дыбыстарының жазылуына байланысты бір ғана ереже қабылдайды. Ол сонор дыбыстардың, сондай-ақ қатаң дыбыстың аралығындағы, түбір сөзге тәуелдік жалғауы жалғанғанда қысаңдардың жазылуына алынған ереже. Ережеде: **жалғау-жұрнақтың басындағы дауысты дыбыс қосылғаннан түбірдің соңғы бітеу буыны ашылып, екі айырылса, жана осы айырылғаннан бітеу бұуынның қысаң дауысты дыбысы жоғалып кетсе, түбірдің жоғалған дыбысы жазылмайды. Мысал: қарын – қарным (қарыным емес), тұрық – тұрқы (тұрығы емес), мұрын – мұрным (мұрыным емес)** [74, 104]. Алайда бұл қағидаттың өзі жазу тәжірибесінде толықтай сақталынбай, сонор дыбыстардың, сондай-ақ қатаң дыбыстың аралығындағы қысаң дауыстылар редукцияланбай қолданылғандығын көреміз. Мысалы, *Qызыqtan qacьp bul ьerge, kәniliniz suvьp kelipsiz* (С.Мұқанып, 107-б.). *Atandaj davьsьn aqьrtьp...* (С.Мұқанып, 82-б.). *Kerikine qatсь basьp ekrindetip...* (С.Мұқанып, 61-б.). *Munь estigende, baqanьq ьyregi lyp-lyp etip avьzьna tьqьldь* (А. Әлібаев, 10-б.). *Сьqqalь on kyp boldь, ьoqarqь Arqьn, Bәden avььnikimin* (А. Әлібаев, 40-б.).

Баспасөз беттерінде бейүндес буын жіктерінде келетін **ы, і** қысаң дауыстылардың мынадай фонетикалық түрлерін көруге болады: *qьzmet – qьзьmet; aqьret – aqiret – aqret; raqmet – raqьmet*. Мысалы, *adal ьyrip adal qьzmet istevge talaptansaь* (І.Жансүгіров, 123-б.). *Bar edi qьзьmetker 300 qьзь* (С.Мұқанып, 60-б.). *Endi aqiret aldьnda kytkennen ьaqьn teьdik ьoq saqan* (І.Жансүгіров, 101-б.); *Vaqa yjrekterge raqьmet dep, aьta ьazdap batьp өзin өзi azar tьjdbь* (С.Мұқанып, 8-б.). *Avьldьq barlьq adamь qivanьp qьзьldar qь raqьmet ystine raqьmet ьavdьrdь* (С.Мұқанып, 8-б.).

**Ы, і** қысаң дауыстылары екі буынды сөздердің бірінші буынында, әсіресе қатаң дауыссыздардың аралығымен **р, л, н, м** сонорларының алдында келсе, олар қысқа айтылып, дыбысталуы жағынан күңгірттенеді, естілуі жағынан көмескіленеді. Аталған жылдар аралығында сөздің абсолют басында қысаң езуліктердің таңбалану/таңбаланбауына байланысты арнайы ереже болмағандықтан, мерзімді басылым беттерінде, оқулықтарда [р], [л] сонорларының алдында естілетін селбеспелі [ы], [і] қысаң дыбыстар әртүрлі таңбаланды. Мысалы, *Odaqтьq ьer kәmesarьjatьnьq irespvбилik, Өkkelik, Обьльстьq [...]* («Сатсыйалды Қазақстан», 1933. 4-б.). *Tyzej bilyv ycin aldь men mekemedegi, kәsip ornьndaqь, bәlimdegi istinь ьyrgizilyv iretin zerttep yjrenyv kerek* («Сатсыйалды құрылыс», 1934. 1-б.). *[...] eьbek kynninь eсеbine abanьs retinde berilsin degen //еьбек күннің есебіне абаныс ретінде берілсін деген* («Сатсыйалды Қазақстан», 1933. 1-б.). *Ekinci ьaqьnan “Satsьjaldь Qazaqьstan”*



*körsetken kemcilikter ьрасқа сьаьр отьр* («Сатсыйалды Қазақстан», 1936. 2-б.). Сонымен, мерзімді басылымдарда сөздің абсолют басында **р, л** дауыссыз дыбыстарының алдында селбесіп естілетін **ы, і** дауысты дыбыстар бір жерде таңбаланса, енді бір жерде таңбаланбағанын байқаймыз.

Тілде өте жиі ұшырасатын және түрлі фонетикалық жағдайларда түрліше айтылып, сан, сапа жағынан әртүрлі өзгерістерге ұшырап, кейде тіпті сөз құрамынан мүлде шығып қалатын **ы, і** дыбыстарының жазылуы қиындық туғызады. *Ғарьрақ, тоьрақ, көкйрек, төңйрек, қааһйез, қимьра, соһьра* сияқты сөздердің ортаңғы буынындағы қысаң дауыстылар кейде таңбаланып, ал кейде таңбаланбады: *Ғарьрақ// Ғапрақ, тоьрақ// топрақ*. Сол сияқты адамның аты-жөні, тегінде кездесетін **ы, і** қысаңдарының жазылуында жүйелілік принципінің жоқтығына көзіміз жетті. Айталық, *Spataep – Сьпатаер, Mysirepulь – Mysrepulь* түрінде жазылған. Бұлай жазудың себебі, қазақ тіліндегі қысаң дауыстылардың редукцияланып, акустикалық жағынан көмескі, күңгірт естілуінде деп ойлаймыз.

Қысаң езуліктердің таңбалануында осындай көптеген қарама-қайшылықтар болу себебінен 1938 жылы негізгі ереже қайта толықтырылады. Онда **ы, і** дауысты дыбыстарға байланысты мынадай бірнеше ереже енгізіледі:

1. Сөз басында негізгі сөздің мағынасы өзгермейтін жағдайда қысаң езулік дауыстылары жазылмайды: *ьskaf, ьstadion, ьspravka, ьrai, ьlai, jret* түрінде жазылмайды, *skaf, stadion, spravka, rai, lai, ret* түрінде жазылады.

*Jnj, ьza, jrj, ьdьs, jnjr, js, ьs, jn, ьq, jl, jz* сияқты сөздердің алдындағы **ы, і**-лері түсірілмей, осы қалпында жазылады. Өйткені алдыңғы қысаңдарын түсірсек сөздің мағынасы өзгеріп кетеді.

2. Түбір сөздің ішінде екі дауыссыз дыбыстың арасында көмескі естілген жерде, өзінен соңғы ашық **а, о, е** дыбыстары болғанда сөз мағынасын және негізгі тұлғаларын сақтайтын болса, жаңа мәнді сөздерде **ы, і**-лер жазылмайды: *plan, pravda, proletariat, tramvai* түрінде жазылады. *Рьlan, рьравда, рьroletariat, тьramvai* түрінде жазылмайды.

3. Түбір сөздің орта буынында сөздің мағынасы өзгермейтін жерде екі дауыссыз дыбыс арасындағы буындалуға керексіз қысаң **ы, і** дыбыстары жазылмайды. Мысалы: *Axmet, Ғаурьн, тааһна, Ғапрақ, топрақ, көкйрек, telegramma* түрінде жазылады. *Aхьmet, Ғауьрьн, тааьһна, Ғарьрақ, тоьрақ, көкйрек, telegjramma* түрінде жазылмайды.

4. Бір буынды бітеу түбір сөздегі қысаң **ы, і**-лер аяғына тәуелді жалғаулар қосылғанда, түбірдегі сонар дыбыстар арасынан түсіп қалып айтылғанда болмаса соңғы қатаң дыбысы ұяндамайтын болғанда жазылмайды: *mylk – mylkjm, qalq – qalqь, әrp – әrpj, көrk - көrkjkm, орьн – орьньт, ауьл – ауьльт, мұрьн – мұрьньт* түрінде жазылмайды.

Қос одағай сөздерге қысаң **ы, і** жазылады: *qarq-qarq, vylk-vylk, sart-sart* түрінде жазылады.


5. Бір буынды, бітеу түбір сөздегі қысаң **ы, і**-лер аяғына тәуелді жалғаулар жалғанғанда соңғы қатаң дыбысы ұяндап келетін болғанда жазылады: *tyljk-tyligi, көrkj-kөrkjg, syljk – syljg* түрінде жазылады. *tylk-tyligi, көrk-kөrkjg, sylk –*

*sylygj* түрінде, түбірінде **j** жоқ болып, жалғау қосылғанда бар болып жазылмайды. **Ескерту: ы, і** әріптері интернационалдық сөздердің аяққы бітеу буынында жазылмайды: *Marks, Engels, silindr, realizm, karl, өктәвр* т.б [85, 1].

1929-40 жылдар арасында қолданылған әліпбиімізде **ы, і** дыбыстарының емлесін былайша салыстыруға болады.

Қазіргі кезде де **ы, і** әріптері жайлы пікірлер толастар емес. Ғалымдардың бір тобы *лай, лақ, рет, рұқсат, бұлт, мәмле, кілт* тәрізді сөздерге **ы, і** әріптерінің бірін үстемелеп, буын санын өсіріп жазамыз, солай айтуымыз керек деген критерийді басшылыққа алса, екінші топтағы ғалымдар мұндай қағидаға толықтай сүйенудің еш негізі жоқ деп біледі. Осы мәселеге байланысты Қ.Күдерінова «Қазақ жазуының теориялық негіздері» атты монографиясында қазақ тіліндегі **ы, і** әріптерін қысқартып жазудың бірнеше сатыларын ғылыми түрде зерттеп көрсете білді. Ғалым жазудың мақсаты минимум таңбаға максимум ақпарат сыйғызуды қалыптастыру керек деген ұстанымды негізге алады [20, 220].

Сонымен біздің ойымызша, 1938 жылғы емле кодексі қазақ тіліндегі сөздерді мейлінше дұрыс таңбалауға жасалған алғашқы қадам. Бұл ережеде қазақ тіліндегі бірнеше даулы мәселелерге көңіл бөлініп, нақты емле ережелермен толықтырылды. Екіұшты жазылып жүрген бірқатар сөздердің жазылуы нақтыланады. Қазіргі кезде де талас тудырып, әртүрлі пікір айтылып жүрген екі буынды сөздердің ортасында келетін **ы, і** әріптерінің таңбалану (*та~~ы~~на – та~~ь~~на емес, saxna – saxьna емес, qatnas qatьnas емес, qazna – qazьna емес, qurlьs – qurььs емес*) орфограммасы нақтыланып, көрсетілді. Жазу практикасында да бұл қағида толығымен сақталады.



Сурет 1. Ы, і әріптерінің 1929-40ж. жазылуы.

**Кейбір дауыссыз дыбыстардың жазылуы.** Араб графикасына негізделген әліпби жүйесінде, яғни ескі қазақ жазба тілінде бір буынды сөздің аяғында (*көп – көб, шөп – шөб*), сонымен қатар, есімше формалы сөздерде келетін **-ып, -іп** жұрнақтары, алғашқыда **-үб, -ұб** (*келүб, барүб*), одан кейін **-ыб, -іб** (*келіб, барыб*) түрінде таңбаланатын. Ескі қазақ жазба тіліне тән бұл орфограмма 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының съезінде алғаш рет көтерілген болатын. *Болыб, барыб* түрінде жазылып жүрген сөздердің емлесіне байланысты Е.Омаровтың және Х.Досмұхамедұлының пікірлері біржақты болады. Мысалы, Х.Досмұхамедұлы былай дейді: «б»-ны қалдырып, «п» жазу орынсыз, «б» тұйықталып келгенде де «п» болып естілмейді, «б» болып естіледі: «болыб», «келіб», «көб» сықылды сөздерде «б» тұйық буынның соңғы дыбысы бола тұрып «п» болып естілмейді, «б» болып естіледі» [97, 59].

Құрылтайда Елдес Омаров: «...*қап, топ, тап* деген сөздердің аяғында п дыбысы естіледі. Бұларды өзгертіп, *қабы, тобы, табады* десек, «п» өзгеріп «б» болады, артынан дауысты дыбыс түскенде «б» болып шығады, бұл дыбыстардың асылы «п» емес, «б» болуға тиіс, ...«*қап*», *топ*», «*тап*»-тарды «*қаб*», «*таб*», «*топ*» деп «б» мен жазамыз». Осындай пікірлерден соң, 1924 жылы өткен құрылтайда дәстүрлі орфограмма бойынша таңбалады деп шешіледі [52, 23].

Алғаш рет 1929 жылы емле конференциясында бұл мәселе шешімін тауып, *теуіб, жауыб, өтбейді* болып жазылып жүрген сөздер *теуіп, жауып, өтпейді* түрінде жазылуға тиіс екені хабарланады [74, 100]. 1929 жылы Қызылорда қаласында болған ғылыми-орфографиялық конференцияда алғашқы қатаңның ықпалына байланысты кейінгі ұяңның өзгеріп, қатаңға айналдырып жазуға мынадай ереже қабылданады: **«Көмекші етістіктер алдындағы сөздер бөлек жазылады. Арадағы дыбыстарының өзгергені еленбейді»** [74]. Мысалы, *оқып жатыр* (*оқыб жатыр* емес). Жазу практикасында да бұл ереже толық іске асады.

Қазақ тілінде <н> фонемасы мен <г>, <қ> фонемасы сөз ішінде жақын, іргелес келген жағдайда <н> фонемасының [ң] қосалқы реңкі естіледі. Осындай күрделі мәселеге байланысты 1929 жылы Қызылорда қаласында өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда Қ.Кемеңгерұлы тілдің күрделі құбылысы жөнінде арнайы зерттеу керектігін айтады. Мұндай сөздердің жазылуына байланысты конференцияда арнайы ереже қабылданады. Ережеде: **«к, г, қ, ғ төртеуінің біреуімен басталған жалғау, жұрнақтар түбірдің айағындағы «н»-мен кездесе, «н» өзгеріп «ң» болады. Бұл төрт дыбыстың қай-қайсысы да алдындағы «н»-ды өзгертіп <ң> қылып шығарады; бұл да тартыншақ еліктірудің бірі; мысал: *түн+гі – түңгі; жон+қа – жоңқа*»** [74, 102]. Яғни ережеде мұндай сөздердің жазылуы фонеманың негізгі мәнінде жұмсалатындығы ескертіледі.

Алайда 1929 ж. баспасөз беттерінде *алдыңғы, үстіңгі, астыңғы* тәрізді сөздер екі түрлі нұсқада жазылғандығын көруге болады: *Онън устине, тунъ да алдынь ақасъ мен арасть съжақтандьғыр ... бурьнъ 24 қалқоздън орньна б қалқоз қана қаладь* («Сатсыйалды Қазағыстан», 1932 жыл. 2-б.). *Матап тек қана*

*aqsaqal, ... burьŋa eski peodal emes ...* (Қалық поемалары, 134-б.). Бұл мысалдардан мерзімді баспасөз беттерінде, сондай-ақ оқулықтарда жоғарыда көрсетілген сөздердің фонетикалық принципке негізделіп жазылғанын аңғарамыз.

Сол сияқты қазақ орфографиясында қиындық тудырып жүрген морфемалар жігінде немесе ортасында *-нз-* тіркесі арқылы таңбаланатын сөздер. Мұндай сөздер аталған уақытта біркелкілік жүйемен фонеманың негізгі реңкі арқылы таңбаланды. Мысалы: *bailьŋa Maman baidьŋ aitalmaqan, Ғььnda botalaptь bes suz ingen* (Қалық поемалары, 139-б.); *Mingen Arьstannьŋ qaragerdi* (Қалық поемалары, 140-б.); *Ғoq kezinde mergenderdiŋ tap boldь, Sarbaz basь Amangeldi kemeŋger* (И. Дүйсенбаев, 64-б.). *QurmanҒазьньŋ angimelep oьrtьz* (А.Жұбанов, 25-б.).

Осындай сөздердің жазылуына байланысты Н.Уәлиұлы былай дейді: «*інген – іңген, кемеңгер – кемеңгер, жауынгер – жауыңгер, әмеңгер – әменгер, шенгел – шеңгел, жыңғыл – жынғыл* т.б. бұл типтес сөздерді фонеманың негізгі реңкін тексеру мүмкін емес. «Тексеруге» болмайтын бұл типтес сөздерді жазуда қазақ емлесі *жауынгер, дүнген, монғол* тәрізді бірер сөзді еске алмағанда, *ң* варианты түрінде таңбалау бағытын ұстанған» [97, 21].

Әдетте <н> фонемасы, <б> фонемасына іргелес тұрған жағдайда, сөздің абсолют аяғында келген <н> фонемасының қосымша реңкі [м] дыбысы естіледі. 1929 жылы емле конференциясында Әлібайұлы *көнбейді* және *көмбейді* сөздерінде мағыналық айырмашылық бар дей отырып, осы тәрізді сөздердің жазылу принципін белгілеу керектігін айтады [74, 55]. Конференцияда мұндай сөздер фонетикалық принципке негізделеді деп мынадай ереже қабылдайды: «**тартыншақ еліктірудің тағы мынадай бір түрі бар. Жалғау-жұрнақтың басындағы «б» – «п»-ның ықпалы мен түбірдің айағындағы «н» өзгеріп «м» болады; «б» мен «п» алдындағы «н» ды ылғый «м» қылып өзгертіп шығарады; мысал: *жан+бас – жамбас; сын+байды – сымбайды*» [74, 100].**

1929-38 жылдар аралығындағы мәтіндерде *сәрсенбі, жексенбі* тәрізді күн аттарының жазылуы фонетикалық принципке негізделді. Сөздер фонетикалық түрленімге түсіп *сәрсембі, жексембі, бейсемді* түрінде таңбаланды. Мысалы, *Үjtkeni, bir Ғetiniŋ icinde bejsembi kuni tysken kejin, Ғuma kuni tutasь men oquvdan bospьz. Sembide oquv bastamasь* (А.Әлібаев, 15-б.). Қ.Басымұлы сөздің негізгі түбірін ескеру қажеттілігін, сонымен қатар көрші ұлт республикаларындағы жазба түрімен салыстыру керектігін айтады. Ғалымның пікірінше, парсының *иак-шәнбә, ду-шәнбә* сөздері қазақ тіліне *жексенбі, дүйсенбі* түрінде игерілгендігін айта отырып, кісі аттарында келетін *Жексенбі, Дүйсенбі* сөздері <н> -мен, ал күн аттарында <м> фонемасы арқылы таңбалаудың ешқандай негізі жоқ деп, *жексенбі, дүйсенбі* тәрізді сөздер <н> фонемасы арқылы таңбалау дұрыс деп көрсетеді [98, 132-133]. Сонымен 20-жылдың өзінде-ақ ғалымдар фонема терминін қолданбағанымен, оның мәнін, мазмұнын толық түсінген.

## 2.4 Күрделі сөздердің жазылуы

**Бірге және бөлек жазылатын сөздер.** Қазіргі кезде норма ретінде танылып, қалыптасып, орнығып үлгерген біріккен тұлғалы күрделі сөздер, әдеби тіліміздің алғашқы жылдары бөлек таңбаланып, сөздердің жігі айырылып, құрылымдық принципке негізделді.

1929-40 жылдардағы жарияланған мақалаларда, оқулықтарда күрделі сөздерді «қос сөз», сондай-ақ **тіркескен сөз, біріккен сөз, қосалқы сөз, қосар сөз, қосынды сөз** деп атаған.

Латын графикасы негізіндегі әліпбиді қабылдар алдында бір мағына үстейтін екі түбірлі сөздерді бірге таңбалауға алғаш ұсыныс жасаған ғалым – Ж.Аймауытұлы.

Ж.Аймауытұлы 1928 жылы 9-12 желтоқсан аралығында өткен жаңа әліпбешілердің өлкелік тұңғыш конференцияда өзінің мынадай жобасын ұсынады:

а) екі түбірден құралған бір мәнді болып кеткен сөздердің арасына сызықша арқылы жазбай, оларды бірге жазу;

ә) үстеу мәніндегі пысықтауыш сөздерді бірге жазу (*бүрсігүні, таңертең, қыстыкүні*);

б) етістік мәнінен айырылған, сан есім орнына қолданылатын сөздерді бірге жазу: *бірсалар, шоқбар, көріпкел*;

в) күшейтпелі сын есімдерді бірге таңбалау: *қапқара, аппақ, көкбеңбек*

г) белгісіздік есімдіктердің түрлерін бірге жазу: *әрбір, әркім, бірдеңе, ескіш, ешбір*;

д) *-ай, -ау* күшейтпелі демеулік шылауларды бірге жазу;

ж) *-еке* жұрнағын қосып жазу;

з) *-мен, -бен* жалғаулықтарын сызықша арқылы айырып жазу;

и) *қой, гана, да, де, та, те ақ, ма, ба, па* сияқты шылауларды сызықша арқылы жазу;

й) етістікке кірігіп кеткен көсемшелер (*баралмайды, жүреалмайды*) бір дауысты дыбысты түсіріп бірге жазу;

к) *еді екен* сияқты көмекші етістіктердің алдында «ма, ба» сұрау есімдіктері келген жағдайда, «ма», «ба» мен бірігіп одан бұрынғы етістікпен сызықша мен айырып жазылу керек (*болы-педі, бара мекен*);

л) *келе-келе, айлап, айлап, басқа, басқа, жол, жол* сияқты қайталама сөздерді сызықша арқылы жазу;

м) *барған соң, келген соң, онан соң* сияқты сөздерде келетін *-соң* қосымшасы негізгі сөзбен бірге жазу [61, 52-54].

Сонымен, автор күрделі сөздердің құрамындағы сөздер синтаксистік жағынан бөлшектенбей, бір ғана семантикалық тұтастыққа ие сөздерді бірге жазуға болады деп қорытады.

1929 жылы Қызылорда қаласында болған конференцияда Т.Шонанұлы *Ақтөбе, Көктөбе* тәрізді сөздерді бірге жазуды ұсынады. Ал Әлібайұлы Т.Шонанұлының пікіріне қарсы шығып, оларды екіге айырып таңбалау керек

дейді [74, 58]. Қ.Басымұлы екі түбірден біріккен сөздерді морфологиялық принципке бағындырып, оларды сызықша арқылы таңбалау керек деп, *Бекболат, Баймырза, Тұрғанбай, Қазанғап, желбау* тәрізді сөздерді дефис арқылы ажыратып таңбалауды ұсынады (*Бек-болат, Бай-мырза, Тұрған-бай, Қазан-қап, жел-бау* [93, 1-4]). Е.Омаров *бүгін, таңертең, бозқұнан* және *анарсам игі еді, игі еді, игі едің* тәрізді сөздерді бірге жазу керек деген уәж айтады [99, 3]. Бірақ 1929 жылы конференцияда бірге жазылатын сөздердің емлесіне байланысты мынадай қарар қабылданады: «1. Бірнеше түбірдің дыбыстары кіріккеннен шыққан бір мағыналы сөздер де естілген күйінде тұтас жазылсын. 2. Дыбыстары жөнді кірікпесе де, айтушының түсінуінше ішіндегі түбірлері бірінен-бірі басқаланып айырылып шықпайтын болса, ондай сөздердің бәрі де тұтас жазылады. 3. Бірнеше түбірден құралған кісі аттары да тұтас жазылады; осы орында көрсетілген тұтас жазылатын сөздердің өзгерген дыбыстары өзгерген күйінде жазылып, үндестік сақталады» [74, 101].

Мәулен Балақаев біріккен сөздерің жазылуындағы бірсыпыра қиындықтардың болуы емледеге ережелердің толық болмауы деп санайды. «Екі сөз қосылғанда бір мағына беретін болса, сондай сөздер біріккен сөз болып есептелсін де, бірге жазылсын» деген ереже жалпы екендігін айтқан болатын.

Осындай жалпы ереже болғандықтан және сөздердің бірге жазылуы үндестік заңына бағынуы керек деген қағидат бір мағына үстейтін, бірақ екі түбірден құралған сөздердің бірге жазылуына үлкен кедергі болды. Сондықтан мерзімді басылым беттерінде қазіргі кезде норма ретінде кодификацияланып, қалыптанып үлгерген сөздер 1929-38 жылдар аралығында бөлек, кейде сызықша арқылы ажыратылды. Мысалы: *Ol әli қимысты далادا да, derevinede de birdej qatar қyrgizyuge yjrenwegen kәsip orындарында өnimniң sapasыn арттыруда* («Сатсыйалды Қазақстан», №38. 1932 ж. 1-б.); *Men mekemedegi, kәsip орнындағы wәlimдеgi istiң қyrgizilyw iretin zerttep yjrenyw керек*//*Мен мекемедеgi, кәсiп орнындағы, бөлімдеgi істің жүргізілуу іретін зерттеп үйренуу керек* («Сатсыйалды Қазақстан», №38. 1932 ж. 1-б.); *Қандарбек сотсјалјстiк темір қолдағы өзiniң ylgisi isi ycin екpинди деген ардақты атақты je woldь* («Лениншіл жас», №219. 3-б.); *Сьғыс qazaғыstan 203 тьη Оη tystik qazaғыstan 102 тьη, Almatь 58 тьη, Aqtөwe оwьльсь 46 тьη ьдыь даjындаv керек* («Сатсыйалды Қазақстан», 1932 ж. №155.); *Мәсijne-тырақтыр ьstansalarьныη vul qarqьныη qanaғattь qarqьn деп ajta алмаймыз. Әsirese, Оη tystik qazaғыstan оwьльсь мен almatь ьstansalarьныη қимысты tykke турмаидь* («Сатсыйалды Қазақстан», 1932 ж., 1-б. №185.). *Әr bir mekeme kәsip орындарь қанынан kәmsamol мен kәsip одағы туселерinen қара қат қоспарьныη орындаlvьn carvacьььq esepти qoldajды* («Сатсыйалды құрылыс», 1933 ж. 2-б. №52.). *Bonbastь ajaqqa qojyw қимыстынь bәрінде қergilikti өjirli kәsip, қer carvacьььь қәне savda қимыстарь. Tas көmir өнерli kәsibiniң Don gьvernasьныη қer-sv mekemesi* («Сатсыйалды құрылыс», 1933 ж., 2-б. №52.).

*Өнеркәсiн* (промышленность) сөзі 1930 жылдардағы баспасөз беттерінде *өнерлі кәсiн, өнер кәсiн* сияқты сөздер бір денотаттық мағынада емес, *өнер*

(өнерлі), *kəsin* екі лексема жеке-жеке денотат ретінде танылып, оларды құрылымдық принципке негіздеп жазу басым болды.

Бір сыңары жалпылама мәнде жұмсалатын *-аралық, -тану, -жанды* тәрізді дерексіз ұғымдар бөлек жазылды: *Biz aймақ танuv zerttev çumьсь* («Жаңа мектеп», 1931 ж., № 10. 1-б.) т.б.

Атауыш сөздердің лексика-семантикалық топтарына жататын есімдіктер қазіргі қазақ тіл білімінде бірге жазылса, 1929 жылдардағы басылым беттерінде бөлек таңбаланды: *Sentəbirdiñ basьnda qaladaşь Erçan ulьna 2 but astьqtь ec bir dəkvmentsiz berdi* («Сатсыйалды құрылыс», №14. 1933 ж., 3-б.). *Vasьjlijsa Egorobna ec kimgе avьзьnan сьşarmajьndьşьna sөz berdi de, ьqtьjarsьz barльşьn ajtqьzdbь* (С.Мұқанып, 116-б.). *Sonь men komendantтьñ çarльşь bizdiñ ec qajsьmьzdbь tañьrқatqan da, eleñdetken de çoq* (С.Мұқанып, 116-б.). *Çarajdbь, тьnadан icтeme өndirip bolmaitьn сьqьldь şoj* (С.Мұқанып, 116-б.). *Qajsь bir çeke рьromсьldarmьzda өziniñ aldьna turşan mindetin aqtamaj, elimizge bir nese tonь tunai beryv çumьсь orasan таñьzdbь* («Сатсыйалды құрылыс», 1933 ж., №38. 1-б.). *Biraq 1-2 birigadide çana cerkop birigadisinde bir nese qalqozсьlar өz beti men çumьсь normasьn artьşьmen orьndар отьrşan* («Сатсыйалды Қазақстан», 1932 ж., №197. 1-б.). *Odaqta, sonь men qatar әr bir çeke obььs, Өlke çәne respөbilijkelerde de toльq orьndaldь* («Лениншіл жас», 1938 ж., №219. 4-б.).

Қазіргі кезде біртұтас сөз ретінде қалыптасқан *таңертең, денсаулық, күншығыс, көзқарас, маскүнем, қаскүнем, ақсүйек, перизат* тәрізді сөздер де бөлек немесе сызықша арқылы таңбаланды. Мысалы, *Qan valasь aq-syjek, Baj eke, sultan sen volьp* (С.Мұқанып, 71-б.). *Әlevmettik çaşdaјda qaşaşuv көrgen aq syjek – mьrzalar kyc qurastьrьp, cet eldiñ өkimdigine qarsь turdbь* (С.Мұқанып, 59-б.). *Әngime таñ ertengi qorşandь vasьp aluvlarь, көterilistiñ көñildegі çerde сьşunь çana aldaşь isteri tuvrasьnda edi* (С.Мұқанып, 129-б.). *Таñ-erteñ erte «Sovet qanatь» yderip usьp çөnelmek eken* (А.Әлібаев, 125-б.). *Аvajdbьн сьşarmalarьnda viz onьñ dynijege көz qarasьньñ qattь өзgergenin, өzine de, өzi өskен ortasьna da qattь сьn көzi мен qaraj vastaşanьn көremiz* (А.Әлібаев, 89-б.). *Balalar көz-qarastарьн тьnacшан qalaj?* (А.Әлібаев, 56-б.).

Адамның фамилиясын немесе әкесінің атын білдіру үшін қолданылатын **Ұлы, қызы** деген сөздер жалпы есімнен бөлек таңбаланды: *Abai Qunanbai ulь Lijas Çansygir ulь* т.б.

Сонымен, бір денотат мағынаны меңзейтін, бірақ екі түбірден тұратын сөздер 1924 жылғы емле ережесін басшылыққа алды деп айтуға болады. Тіл бірліктері сөздің жуан, жіңішкелігіне байланысты сызықша, емле белгісі арқылы ажыратылып отырды. Сызықша белгісі сөздің лексикалық мағынасын сақтаған сөздерден жасалған күрделі сөздер арасында, яғни сөздің бір компоненті жуан, бір компоненті жіңішке болғанда, сондай-ақ екі денотаттан тұратын антропонимдік атауларды бөліп көрсетіп тұратын белгі ретінде қолданылды.

1937 жылы Қ.Жұбанов осындай күрделі орфографияны бір жүйеге салу керектігін айта отырып, күрделі сөздің табиғатын сөз тіркесінен ажыратуда жалғыз семантикалық тұтастық белгісі жеткіліксіз дейді. Бұл жайында проф.



Қ.Жұбанов былай деген: «... неше сөзден құралған болса да, кіріккен сөздер бір-ақ нәрсені атайтын, бір-ақ сөздің орнына жүретін болу керек». Сондай-ақ ғалым біріккен сөз болу үшін ішіндегі жеке сөздердің әрқайсысы сөйлемде өз алдына бір-бір мүше болмай, бәрі жиналып барып **сөйлемнің жалғыз мүшесі болу** керек екендігін айтады. Сонымен, автор сөздердің бір **екпінге бағынатын** белгісі және сөздердің әрқайсысы сөйлемде жеке-жеке мүше болмай, бәрі қосылып сөйлемнің бір ғана мүшесі болу керек деп қорытады [69, 121]. Көрсетілген бұл белгілерді қазіргі кезде Н.Уәлиұлы бірнеше деңгейге қатысы бар екенін ашып, қазіргі теория бойынша былайша дәлелдейді: бір екпінге бағынатыны – суперсегменттік деңгей (1); сыртқы формасының өзгеру/өзгермеуі– сегменттік деңгей (2); бәрінің/біреуінің мағынасының өзгеруі – коннотативтік деңгей (3); бір нәрсенің аты болуы – денотативтік деңгей (4); бір мағына беруі – сигнификативтік деңгей (5); сөйлемде бір мүше болып жұмсалуды – синтаксистік деңгей (6); бір сөздің орнына жұмсалуды – лексемалық деңгей (7). Осылайша Н.Уәлиұлы Қ.Жұбановтың концепциясын қазіргі теория бойынша талдай отырып, күрделі атауларды бірге немесе бөлек таңбалау тек жазудағы шарттылық деп түсінбеу керек деген тұжырым жасайды [100, 1-5].

30-жылдың ортасында сөздерді бірге немесе бөлек таңбалауға байланысты лингвист-ғалым Қ.Басымов біріккен сөздерді іштей мынадай топтарға бөледі:

1. Қосынды біріккен түбір;
2. Құрамалы біріккен түбір;
3. Тең біріккен қосынды түбір;
4. Анықты біріккен қосынды түбір сөз;
5. Баянды біріккен қосынды сөз.

Автор қосынды біріккен сөздерге мынадай мысалдар келтіреді: *Қызыл + жар, бас + құр, Бек + болат* сөздері тұлғаларын өзгертпей сол қалпынша, *Қызылжар, басқұр, Бекболат* түрінде қосылып жазылып, үшінші мағына шығарғанда тұлғасы өзгермей жазылатын сөздерді айтады.


Құрамалы біріккен түбірлерге *алып+кел = әкел, солай + ет = сүйт, бұл + күн = бүгін* сияқты сөздерді жатқызады. Яғни екі сөздің біреуінің формасы фонетикалық өзгеріске ұшырап, жымдаса біріккен күрделі сөздің тұтасқан бір түрін құрамалы біріккен сөздерге жатқызады. Ғалым құрамалы біріккен сөздердің кейбіреулері әлі күнге шейін үшінші ұғымға айналып үлгермегенін айтады. Оларға *келе + ғалды = келеғалды, бара + алмадым = баралмадым, біле + алған = білеалған* түрінде жазылмайтынын, яғни тұлғасы мен мағынасын сол күйінше сақтап қолданылатынын айтады.

Тең біріккен сөздерге *Мұрат + бек, Тас + болат, Сәрсен + ғали* сияқты сөздерді жатқызса, анықты біріккен қосынды түбір сөзге *Ақ + төбе, Қызыл + жар, қос + аяқ, қырық + аяқ* деген сөздерді жатқызады. Автордың ойынша, мұндай сөздердің алдыңғы сыңарын анықтай келіп біріктірілгендіктен **анықты біріккен қосынды** түбір деп атайды.

*Күншығыс, желбау, басқұр* сияқты сөздерді **баянды біріккен қосынды сөз** деп атайды. Автордың пікірінше, мұндай сөздер алдыңғы сөз, соңғы сөзді баяндау ретінде келіп бірігеді, *күннің шығысы, желдің бауы, бастың құры*

деген сөйлем құрылысындағы сөздер мағыналарынан ауып, алдыңғыларынан ілік жалғаулары, соңғыларының тәуелді жалғаулары түсіріліп, баянды біріккен сөз болады дейді [101, 23].

Сонымен, жоғарыдағы ұсыныс-жобалар 1938 жылы ескеріліп, осы жылы 2-қаңтарда ресми органдардың қаулысы бойынша «Қазақ тілінің емле ережелері» жарияланады. Біріккен сөздерге байланысты мынадай Ереже қабылданады: «**2. Екі түбірден қосылып, бір мәнді мағына шығарған, осы күнге дейін тұлғаларын жоғалтып жібермеген біріккен сөздер де, өз тұлғаларын сақтап, морфологиялық принципке сүйеніп, қосылып жазылады. Мұндай сөздердің жалғаулары да фонетикалық принципке – дыбыс жүйесі жолымен қосылып жазылады. М: Ат+басар=Атбасар, Еркін+бек=Еркінбек, Жиен+ғали=Жиенғали, Ақ+сай=Ақсай түрінде тұрпаттары бұзылып жазылмайды. Негізгі тұрпаттары сақталып жазылады**» [85, 3-4]. Осы ережеден кейін біріккен сөздердің жазылуы, жаңа сөз жасау формалары күшейіп, *теміржол, өнеркәсіп, оқтүстік, солтүстік, шекара, бүкілсоюз, кәсіподақ, таңертең, денсаулық* тәрізді сөздер бірге жазыла бастады.



Сурет 2. Сөздердің бірге және бөлек жазылуы (1929-40жж.).

1938 жылы қабылдаған емледегі бұл өзгерістер қазақ орфографиясының кемелденуінің, дамуының алғашқы сатыларының бірі еді. Мерзімді



*Успенский, Горно-өктәбр*, ал кейде бірге жазылған түрлері де кездеседі *Малоривински*.

- **тал, -тас, тау** сыңарлы топонимдік атаулар 1938 жылға дейін бөлек жазылса, 1938 жылдан бастап бірге жазыла бастады. Мысалы, *Қаратал аудандарында, пішен шабу жұмысының не күйде екендігін ыспаттай алады* («Сатсыйалды құрылыс», 1939 ж.). *Қыранның басын құраған, / Орал, Алтай, Алатау, / Қара теңіз, каспимен, / Айналасын ораған* («Лениншіл жас», 1938 ж.). *Қаратас ауданында орылған астықтар зор* («Сатсыйалды Қазағыстан». 1932 ж.).

- **көл, -арал, -су, -арық** сыңарлары арқылы жасалған топонимдік атаулардың жазылуы бірнеше нұсқада қолданылып жүр. Мысалы, *Ала көл// Алакөл, Үш арал//Үшарал, Ақ су//Ақсу, қарасу/ Қара су, Тас-арық, Үшарық*.

*Алматы* сөзі де бірнеше нұсқада жазылды, бір жерде сызықшамен жазылса, екінші бір жерде сызықшасыз, босаралықпен таңбаланды (*Алматы//Алма ата/Алма-ата*).

**Қызылорда, Талдықорған** атаулары 1929-40 жылдар аралығында екі үш түрлі жазылды: *Талдықорған – талды - қорған// Талды – Қорған// талдықорған; Қызылорда// Қызыл – орда//Қызыл-Орда*.

Сонымен, 1929-40 жылдардағы емле ережелерінің даму, өзгеру динамикасын сараптау келгенде, сөздердің бірге, бөлек жазылу нормаларында айтырлықтай өзгерістер болғаны байқалады. 1929 жылдардағы сөздердің бірге, бөлек жазылуы құрылымдық принципке негізделіп, сызықша арқылы немесе тіркес күйінде жазылса, 1938-40 жылдардағы жазылу нормасы функционалдық принципке құрылды, яғни Қ.Жұбановтың, Қ.Басымовтың концепциясы іс жүзінде де іске асып, біршама сөздердің орфограммасы нормаланып, сөздердің сегменттік, суперсегменттік, коннотативтік, денотативтік, синтаксистік және лексемалық деңгейлері ескеріле бастады.

«Біріккен сөз мәселелерінің дау-дамайынан асқан бірде-бір проблема жоқ» деп, кезінде М.Балақаев айтқандай, осындай күрделі мәселелердің басын ашуға қазіргі кезде Г.Жәркешованың [102], Ә.Ермековтің [103] еңбектері танымал. Сонымен қатар бірге және бөлек жазылатын сөздердің заңдылығын, жүйелілігін айқындауда проф. Р.Сыздықованың [104] және Б.Қалиевтің [105], сөздерді бірге жазудың мазмұнмеже, тұрпатмеже, денотат, сигнификат теориясы тұрғысынан қарастырып, теориялық тұжырымдама жасап, бірнеше сөздің бірге жазылуын ғылыми түрде дәлелдеген проф. Н.Уәлидің [106] және сөздерді бірге жазудың формалды және семантикалық белгілерін саралап жүрген ғалым Қ.Күдеринаның еңбектерін [20] ерекше атағымыз келеді. Себебі бұл еңбектерде қазіргі қазақ орфографиясындағы динамизм құбылысы, жазу тәжірибесіндегі қарама-қайшылықтар кеңінен зерттелген.

**Қос сөздердің жазылуы.** Көс сөздер екі сөздің қосарлануынан жасалып, біртұтас сөз ретінде қалыптасқан күрделі сөздердің бір түрі. Қос сөздер екі түрлі тәсіл арқылы жасалады. Біріншісі, сөздің өзгеріссіз қайталануынан немесе бір сыңарының не бір буынының, не бір дыбысының өзгеріп қайталануынан жасалса, екіншісі, формасы біртектес сөздердің немесе синоним, антоним

сөздердің қосарлануынан жасалады. Қос сөздердің аталған бұл түрлері 1929-40 жылдардағы мәтіндерде молынан кездеседі. Олар негізінен фонетика-фонематикалық принципке негізделіп, сызықша арқылы бөлініп жазылды.

1929 жылы Қызылордада болған конференцияда қос сөздер компоненттерінің аралығындағы дыбыстың негізгі реңкін таңбалау үшін мынадай ереже қабылданған болатын. Олар:

- «сөздердің дыбыстарының біріне-бірінің тійгізетін ықпалы еленбейді, екеуі де түбірінше жазылады. Мысалы: *кійім-кешек* (кійім-гешек емес), *төсек-орын* (төсег-орын емес), *айып-анжы* (айыб-анжы емес)»;

- «екінші бөлегінің бас дыбысы өзгеріп айтылатын қайталама сөздер де сызықшамен жазылады. Мысалы, *ол-нұл, тайақ-майақ, етік-метік*. Сын есімнің басындағы дыбыстарына «п» қосылған күшейтүү жалғауы сызықшамен жазылады. Жана күшейтүү жалғауының айағы ылғый «п» күйінде жазылады. Мысал: *ұп-ұзын, қып-қызыл, қып-қысқа, жап-жақсы* (*жаб жақсы* емес), *доп-домалақ* (*доб домалақ* емес). *Ескертүү*: күшейтүү жалғауларының дыбыстары түбірмен тұтасып, әбден кірігіп, өзгеріп кеткендері түбірмен бірге жазылады, өзгерген дыбыстары өзгерген күйінде естілуінше жазылады. Мысалы, *аппақ, көкпеңбек*»;

- «ішіндегі сөзден түбірлері айтушының түсінуінше басқа-басқа аңғарылатын (*айақ-табақ, құрт-құмырысқа*) жалпылағыш қос сөздер де болады. Мұндай сөздер өзінен-өзі-ақ бөлініп тұрса да, қосып айтқанда екеуін де жалпылап шығаратын жаңа ұғым шығады. Екі арасында дәнекер «ма» келетін қайталама сөздер болады (*көз-бе көз, қол- ма қол, ауыз-ба ауыз*)».

Аталып көрсетілген соңғы ереже бойынша жазу практикасында қиындық болды, яғни бір сөздің қайталанып айтылуынан жасалған қос сөздердің арасына *-ма, -ме, -па, -пе, -да, -де, -шы, -ші* дәнекерлері арқылы жасалатын қос сөздердің жазылуы бірнеше нұсқалықты құрады. Мысалы, *közbe-köz// көз-be көз, betpe-bet // bet-pe bet* т.б. Осы тәрізді бір сөздің қайталануынан жасалған кейбір қос сөздердің екінші сыңарына шығыс, көмектес, барыс жалғаулары қосылып келетін *бір-бірден, шет-шетінен, өз-өзінен* тәрізді сөздер негізгі сөзден бөлек, сызықшасыз *bir birden, cet cetinen, өз өзinen* түрінде екі түрлі жазылды.

Осындай қиындықтарды байқаған Қ.Жұбанов 30-жылдың орта тұсында қос сөздерді іштей 5 топқа бөліп, (1. Теңдес қосар (*аяқ-табақ, төсек-орын*); 2. Сөздес қосар (*сатыр-сұтыр, даңғыр-дүңгір, жарық-жұрық*); 3. Матаулы қосар (*қолма-қол, жүзбе-жүз, көзбе-көз, ауызба- ауыз*); 4. Тіркеулі қосар (*шай-пай, жылқы-мылқы, ойын-пойын, өлең-сөлең*). 5. Қосақты қосар (*қап-қара, қып-қызыл, ұп-ұзын, кіп-кішкене*) олардың дұрыс жазылуын дәлелдейді [69, 158-162]. Осы жылы Қ.Басымұлы қос сөздерді мағынасына қарай 6 топқа бөліп (Айнысыз қайталама қос сөз: *ойлай-ойлай, сөйлей-сөйлей, қарқ-қарқ*; 2. Айнулы қайтала қос сөз: *жылқы-мылқы, түйе-мүйе, сиыр-миыр* т.б.; 3. Жалпылы заттық қос сөз: *құрт-құмырсқа, бақа-шайан, аяқ-табақ*; 4. Жанаспалы қос сөз: *үйме-жүйме, ағыл-төгіл, жалт-жұлт*; 5. Жинаспалы қос сөз: *там-тұм, апыл-*

*тапыл, оқта-текте*; б. Ауыспалы қос сөз: *болар-болмас, қойар-қоймас, аға-іні, биік-аласа, ұзын-қысқа*), қос сөздердің әрбір түріне, беретін мағыналарына сәйкес оларға айырым айдар тағып, жеке-жеке ат қойып, қос сөздердің мұндай түрлері бірдей сызықшамен айырылып жазылуы тиіс деп көрсетеді [98, 46-52].

Ғалымдардың бұл концепциялары 1938 жылы ескеріліп, қос сөздердің жазылуына байланысты толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі. 1929 жылғы ережеде қайталама қос сөздердің арасында келетін **-ма, -ме, -па, -пе, -да, -де, -шы, -ші** т.б. қосымшалар сызықшамен жазылады делінген. Ал 1938 жылғы емле заңдылықтарында бұлардың қосылып жазылуына ереже қабылданады: **Тұлғасы бұзылмай, екінші рет айтылған қос сөздер сызықшамен жазылады. Мысалы, ойлай-ойлай, сөйлей-сөйлей, жүре-жүре, қарқ-қарқ, дүңк-дүңк** т.б. Мұндай қос сөздердің ортасына «да, де, та, те» жалғаулықтары келіп айтылса, екі жағынан да қосылмай сызықшасыз бөлек жазылады. Мысалы: *ойлай да ойлай, сөйлей де сөйлей, жүре де жүре* т.б. Егер мұндай қос сөздердің ортасына «ма, ме, ба, бе, па, пе» буындары келіп айтылса, алдыңғы сөзге қосылып, соңғы сөзден бөлек жазылады. Мысалы, *қолма-қол, ауызба-ауыз, баспа-бас бетпе-бет* т.б. [74, 105].

Сонымен, 1929 және 1938 жылы қабылданған емле заңдылықтары қазіргі кездегі жазу теориясына, жазу практикасына өз үлесін қосып келеді.

**Қысқарған сөздердің жазылуы (1930-40 жж.).** Өткен ғасырдың 20-жылдарында тілімізге шетел және орыс сөздерінің дайын үлгілерімен қатар, қысқарған сөз формалары да енді. Тілдің ішкі дүниесінде мағыналық ауысулар, жаңа жасалымдар күрделене бастады. Нәтижесінде қазақ тілінде де қысқарған аталымдар қажеттігі туындап, айтылымы, жазылымы күрделі, ұзақ сөздер тізбегінен тұратын аталымдар орыс тілінің қысқарған сөздер нормасына сәйкес таңбаланып жазылып, жазылу үлгісі де дәл сол қалпында қолданылды. Әуелгі кезде қысқарған сөздер бұқара халыққа түсінікті болмағандықтан, жалпыхалықтық сипат ала алмады. Бірақ кейіннен қысқарған аббревиатуралар молынан ене бастады. Мұндай сөз жасау формалары өте ыңғайлылығымен ерекшеленіп, 20 жылдардан бастап кеңінен қолданыла бастайды.

20-жылдары қазақ ғалымдары қысқарған сөздердің жазылуын арнайы зерттемесе де, өздерінің шағын мақалаларында қысқарған сөздерге тоқталып өткен. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Қ.Басымов, Т.Шонанұлы және тағы басқа ғалымдардың грамматика саласына байланысты еңбектерінде қысқарған сөздер «қиюлы сөз» және «қысқарған сөз» деп аталады. Жалпы 20-жылы қысқарған сөздер жаңадан пайда болған категория болса да, оның зерттеле бастағанын байқаймыз. Мысалы, Қ.Жұбанов қысқарған сөздерді «қиюлы сөз» деп атайды. Кіріккен сөздер мен қысқарған сөздердің аражігін мысалдар арқылы дәлелдей түсіп, *қол+ған, ашу+дас* сияқты сөздер, *қол* сөзімен *қан* сөзі, *ашу* (ашы) сөзімен *тас* сөзі қысқарып барып кіріккенін айтады. Ғалым мұндай сөздерді кіріккен сөздер қатарына, ал *ауатком, аухалтер, партком* сияқты сөздерді қиюлы сөздер қатарына жатқызады. Олардың қиюлы екенін мынадай мысалдар арқылы дәлелдейді: *ау+ат+ком* сөзі *аудандық атқару комитеті* деген үш сөзді қиюлап барып жасалған. *Ау+хал+тер* сөзі *аудандық халық тергеушісі*;

*парт+ком* сөзі *партия комитеті* деген екі сөздің қиюын келтіріп жасалғандығын көрсетеді. Қ.Жұбанов қиюлы сөздерді құрылысына қарай үшке бөледі. Оларды: **буын қиюлылар, әріп қиюлылар және аралас қиюлылар** деп бөледі [69, 157]. Қ.Жұбанов қысқарған сөздер мен кіріккен сөздердің аражігін ажыратуға байланысты былай дейді: «Қиюлы сөздердің қиысуының белгілі заңы бар: бұлар не буын қиюлыне дыбыс қиюлы немесе аралас қиюлы болып, құрылысының өзінде белгілі заңға бағынады. Ал кіріккен сөздерде, құрылыс жағынан ондай заң жоқ» [69, 228]. Ғалымның бұл тұжырымдары мен ойлары әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Ал 1938 жылы Қ.Басымов «Қысқарған сөздерді дұрыс жаза білейік» деген мақаласында қысқарған сөздерді алғаш рет мынадай топтарға бөліп көрсетеді: 1) кейбір сөздердің тек бас әріптері ғана алынатын сөздер: *МТС.*; 2) кейбір сөздердің басқы буындарынан қысқартатын түрлері: *совнарком*; 3) кейбір сөздердің басқы буыны алынып, соңғысы түгелдей жазылатын түрлері: *нед ійнстійтұут*; 4) кейбір күрделі сөздердің басқы буыны алынып, соңғыларының басқы әріптері алынатын түрлері: *ҚазПИ* [107, 80-81]. Қысқарған сөздердің сыртқы белгілеріне қарай бөлінген ғалымның бұл жіктелім үлгісі қазіргі қазақ тіл білімінде де өз деңгейінде пайдаланылады.

Жалпы 1929-40 жылдары мерзімді басылым беттерінде қысқарған сөздердің мынадай түрлері жиі кездеседі:

1. Күрделі атаулардың құрамындағы әрбір жеке сөздің тек басқы дыбыстарынан жасалған қысқартылымдар: *ВК(б)Р тарихь қысқаса курсьның сьщьмен байлаьсть ВК(б)Р Орталық Комитеті мен БЛКЖС Орталық Комитетінің пропаганда ... // БК(б)П тарихы қысқаша құрсының шығуымен байланысты БК(б)П Орталық Комитеті мен БЛКЖС Орталық Комитетінің пропаганда («Лениншіл жас», Октябрьдің 28, 1938 ж., 2-б.); *Комсомол активінің оқуып ійтмастьруға көңіл бөлмеу ҚЛКЖС басқанда ійтмадарь басцьларь арасьнан оғып алыр отыр //Комсомол активінің оқуын ұйымдастыруға көңіл бөлмеу ҚЛКЖС басқанда ұйымдары басшылары арасынан орын алып отыр («Лениншіл жас», Октябрьдің 28, 1938 ж., 2-б.); *МТС-тің бірігәділеріне тырақтырлер берүү ісі әдейі әкіт бойынша жүргізіледі («Социалды Құрылыс». №14. 3 окт. 1933 ж.); SSSR Ғер Қакқ Комиссарь // СССР Жер Қалқ Комиссары («Лениншіл жас». Октябрьдің 28, 1938 ж., 2-б.); *ОК(В)Р Орталық Комитетінің Секретарь Сквортсов қолдасқа //ҚК(Б)П Орталық Комитетінің Секретары Сквортсов жолдасқа («Лениншіл жас», 23-қараша, №267, 1939 ж. 2-бет.);****

2. Күрделі атаулардың құрамындағы алғашқы сөздің бірінші буыны мен соңғы сөздің басқы дыбыстарынан не басқы буыннан жасалатын қысқартылымдар. Мысалы, *Semei dekabrdjñ 22 (QazTAG) Xasan көлі таңьндағы ігьс больр қатқан //Семей, декабрдің 22 (Қаз ТАГ) Хасан көлі таңында ұрыс болып жатқан («Лениншіл жас», 24 дек. №293. 1939 ж. 4-б.).*

3. Күрделі атаудың құрамындағы әрбір сөздің алғашқы буындарынан жасалған қысқартылымдар. Мысалы, *Odan кейін сащьт-арьздар бойьнса partkom, obkom сьщарған қавльлардың орьндалуьв әр бжр аида өткизилсин // Одан кейін*

шағым-арыздар бойынша **партком, обком** шығарған қаулылардың орындалуы әр бір айда өткізілсін («Сатсыйалды Қазағыстан», 3.09.1932. 1-б.). *Al atkөm attarыn қасырғр urlыqqa salғaп ынақыttарда да болғaп* // *Ал аткөмнің аттарын жасырып ұрлыққа салған уақыттарыда болған* («Сатсыйалды Қазағыстан», 3 сен. №203. 1932 ж., 3-б.).

4. Күрделі сөздің құрамындағы бірінші сөздің алдыңғы буыны мен соңғы сөздің тұтас айтылуынан, сондай-ақ күрделі тіркес құрамындағы бір не бірнеше сөздің алдыңғы буындары мен бас дыбыстарынан, не тұтас сөздерден жасалатын қысқарған сөздер. Мысалы, [...] *Өkjrpartkөm telgiramъ мен Өkirigtik keңes kәmijtetiniң qavlъsып sөzsiz iske asыruvғa барlыq çiger, барlыq кyc çumsaluvъ kerek* // *Өкірпарткөм телгірамы мен Өкіріктік кеңес кәміітетінің қаулысын сөзсіз іске асыруға барлық жігер, барлық күш жұмсалұуы керек* («Сатсыйалды құрылыс», 20 ноябрь, 1933 ж. №52, 2-б.).

5. Күрделі атаулардың құрамындағы сөздердің басқы буынынан ғана қысқарып, соңғы сөз түгел жазылатын түрі. Мысалы, *Audandыq profsojuz қапъндағъ bastaуыс komsomol komitetiniң екinci sekretаръна* [...] // *Аудандық профсоюзу жанындағы бастауыш комсомол комитетінің екінші секретарына* («Лениншіл жас», 27 июль, №170. 1938 ж.). *Maғat pъromsәbetteri qarçъ тъньсъп өtkiztvge* [...] // *Мақат пыромсәбеттері қаржы тынысын өткізуге* [...] («Сатсыйалды құрылыс», 2 дек. 1933 ж. №62. 2-б.). *Mjne Kәzыstъroidың deldülъ, cal sөreleri qakqozдың bir adamъn кем qыльp, 3 eckisin өltirdi* // *Міне, Кәзістыройдың делдұлы, сал сөрелері қалқоздың бір адамын кем қылып, 3 ескісін өлтірді* («Сатсыйалды Қазағыстан». №203. 3 сентәбрь. 1932 ж.). *Çапънда балаларғa «Lenin Өktәbrде» Partbilet degen kino көрсетildi* // *Жанында балаларға «Ленин Өктәбрде», «Партбилет» деген кино көрсетілді* («Лениншіл жас», 27 июль, №170. 1938 ж.).

**1930-40 жылдарда қолданылған кейбір қысқартылған өлшемдердің жазылуы:**

**Ұзындық өлшемдері.**

Километр – km  
Метр – m  
Детсиметр – dm  
Сантиметр – sm  
Милиметр – mm

**Шаршы өлшеуіштері:**

Шаршы километр – c.km  
Гектар – ga  
Ар – a  
Шаршы метр – c.m  
Шаршы детсиметр – c.dm  
Шаршы сантиметр – c.sm

**Ауырлық өлшеуіштері:**

Тонна – t  
Центнер – ts  
Килограмм – kg  
Декаграмм – dkg  
Грамм – g  
Детсиграмм – dg  
Сантиграмм – sg  
Грамм – g

**Көлем өлшеуіштері**

Көлем метр – көl.m  
Көлем детсиметр – көl.dm  
Көлем сантиметр – көl.sm

**Сұйық заттар өлшеуіштері**

Килолитр – kl (1000 литр)  
Гектолитр – gkl (100 литр)



Гекалитр – dkl (10 литр)

Литр – l

Детсилитр – dl (10 сантиметр)

Сантилитр – sl (10 миллиметр)

Қазіргі кезде *пайыз* деп аударып жүрген *процент* термині, аталған жылдары *пұрсент* сөзінің алғашқы буыны *pur.* жазылды.

Міне, бұқаралық ақпарат құралдарында қысқарған сөздердің осындай түрлері молынан кездесіп отырады. Бұл мысалдар арқылы біз 1930 жылдары қысқарған сөздердің тілімізге жаңадан пайда болған категория екенін көруге болады. 30-жылдарда тілімізге неологизм болып көрінген бірталай қысқарған сөздер ескіріп, қазір көнерген сөздер, яғни историзм категориясына ауысқаны баршамызға белгілі.

1950 жылдардан бастап қысқарған сөздер аудырала бастады, яғни «қазақыланды» деуге болады. Н.М. Алдашев қысқарған сөздерді жан-жақты зерттеп, оларды мынадай түрлерге бөледі: а) сыртқы белгілері, функционалдық қызметі бойынша топтасқан қысқартылымдар; ә) жасалу тәсілдері бойынша топтастырылған қысқартылымдар; б) әдеби тілдегі орны бойынша топтасқан қысқартылымдар деп бөліп қарастырады [108, 39-40]. Қазіргі қысқарған сөздерге қосымша жалғау жайы екшелену, сұрыпталу үстінде. Егер соңғы жылдарға дейін оларды қосымшалармен түрлендіру жағдайында орыс тілінің дыбыстық заңдылықтары басшылыққа алынып келген болса, ендігі кезеңде қысқартылымдардың қазақша, табиғи дыбысталуына мән беріле бастады. Бұл – қазіргі қазақ графикасын өзгерту, жаңарту, табиғиландыру проблемаларына байланысты мәселе. Егер шын мәнінде көптеген ғалым-зерттеушілердің айтып жүргеніндей, қазақ әліппесіне өзгерістер енгізілсе, қысқарған сөздер легі де өздерінің дыбысталуы жағынан байқатып отырған ала-құлалықтан арылып, бір ретке түсері, табиғилық сипат алары анық.

## 2.5 Шылаулардың жазылуы

Шылаулар – сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыру үшін қолданылады. Олар өздерінің тіркескен сөздеріне әртүрлі реңк, грамматикалық мағына үстейтін көмекші сөздер.

1929 жылы конференцияда шылаулардың жазылуы талқыланып, олардың жазылуына мынадай ұсыныстар айтылған болатын:

- демеулік *гой* және жалғаулық *мен* шылауларын негізгі түбірмен бірге жазу (*алдегой, малмен, кітаббен*) (Ж.Аймауытұлы);

- демеулік **-ақ** шылауы түбір сөздің, жалғау, жіктеулердің арасында келген жағдайда сызықша арқылы бөліп жазу (*жақсы-ақ*) (Қ.Басымов);

- сұраулық мәнде жұмсалатын шылауларды фонетикалық принциппен жазу;

- **мен** қосымшасын септеу болғанда түбірмен бірге, демеу болғанда бөлек таңбалау (Е.Омаров).

Ұсынылған пікірлер негізінде 1929 жылы жаңа емледе шылаулардың жазылуына мынадай ереже қабылданады: «*құрлы, қой, гана, да, дагы, ақ, ма?*

*ше? ау, ай* алдындағы сөзден бөлек жазылады; бірақ алдындағы сөздің ауанына қарай өзгерген дыбыстары (ійтіншек еліктіру) өзгерген күйінде жазылады; мұндай сөздер өзі өзгермей, алдындағы сөздің соңғы дыбысын өзгертетін болса, (тартыншақ еліктіру) оның өзгергені еленбейді». «да» етістіктің шартты ырайына жалғанғанда да естілуінше бөлек жазылады. *сүйтсе де, бүйтсе де* дегендегі «де» бөлек жазылады.

«барыпты-мыс» келіпті-міс, дегендегі «мыс» жана «еді» деп ықшамдалған «ды» (ді) «ты» (ті), (етістіктің үшінші жақ жалғауы «барады», «барды» дегендегі «ды» емес), онан соң есімдерге ғана қосыла айтылатын, «барған-ды», «атан –ды», «жас-ты» дегенде айтатын «ды» естілуінше сызықшамен айырылып жазылады [74, 106].

Шылаулардың жазылуына арналған бұл ережелер жазу практикасында толық іске асты. Алайда 1929 жылғы ережеде кейбір шылаулардың жазылуы көрсетілмегендіктен жазуда қиындық болды. Мысалы, түбір мен қосымшаның аралығында келетін *да, де, -ақ* шылаулардың жазылуы бірнеше нұсқада жазылды. Яғни негіз сөз бен қосымша аралығындағы *-ақ* шылауы бірде сызықша белгісі арқылы ажыратылса, енді бірде бірге жазылған: *жақсақпысың//жақсы-ақпысың*.

**-мен** қосымшасы қазақ тілінде екі бірдей қызметте жұмсалады. Біріншісі қызметі, зат есімді етістікпен байланыстыра отырып, іс-әрекетке қатысты әртүрлі мағынаны білдіру (көмектес септік) болса, екіншісі бірыңғай мүшелерді жалғастыратын шылаудың қызметі. 20-жылдары септік жалғаулары мен шылаулардың сөйлемде атқаратын қызметі және олардың жазылуына байланысты арнайы ереже болмады. **Мен** жалғаулық шылауы, көмектес септік жалғаулары да бөлек жазылды. Көмектес септік жалғаулары мен ыңғайластық жалғаулық шылаулардың мәндері бір-біріне сәйкес келмесе де бөлек жазылды: *Osъ men sөzimdi bitiryvge ruqsat etinjizder* (А.Апыйнаженіп, 68-бет). *German tankalarъ men samөlөtterі de сь џьsta џь so џьs reketinen kejin bir az remont çasavdъ kerek etetin dejdi* («Лениншіл жас», Сентәбірдің 24, №219. 1938 ж. 4-б.). *Angida, Franciada çer betjндеgi kycter men әye kycterjn нь џajtv [...]* («Лениншіл жас», 1938 ж. Сентәбірдің 24, №219. 4-б.). *Kerek çaraq kәperetjpterjne abanъs aluv, tьraktъ ortalъ џь men picen mekemesiniъ aksijesin taratuv çumъstarъ tьm nasar* («Сатсыйалды Қазағыстан», 20 август. 1932 ж. 3-б.).

**Және** шылауы дыбыстық тұлғасы жағынан бірнеше орфографиялық дублеттер қатарын құрайды. Мысалы, *Әртелдерде және қалқоз үйінің көпшілігінде електір күші жүргізілген* («Сатсыйалды құрылыс», №77. 1933 ж. 4-б.). *Жер сұу және сапқоздар кәмесерыйаттары олардың...* («Сатсыйалды құрылыс», №14. 3 окт. 1933 ж.). *Қыйнжүүк жолдас кеткеннен кейін түнгі сағат бір шамасында кілұунқа ұлтшыл-сатсыйалістердің №42 күзет әтіретінен, қасында бір пәлетсе және бір жай адам бар 4 ұлтшыл-сатсыйаліс келіп...* («Сатсыйалды құрылыс», №14. 3 окт. 1933 ж.). *24-өктәбірде пұрокұурор мекемесінде заң қызметкерлерінің кеңесі бол ды. Бұл мәжіліске пырокұурор мекемесінің сот-тергеу орындарының Өкіріктік және Маңғыстау ауданының мелетсе мекемесінің қызметкерлері қатысты.*

Мәжілісте Теңіз ауданының пырокұроры мен содыйасының байандамасы тыңдалды («Сатсыйалды құрылыс». №14. 3 окт. 1933 ж.). Партияның **жәнә** көсеміміз Ыстаминнің басқаруы мен табысты ілгері басалық деп Мырза жан сөзін бітірді («Сатсыйалды құрылыс». 16 нояб, №49. 1933 ж.). Одақтық жұмысшы-қара шаруа ініспексіе алқасы «ізбестіе», «Кәмсамолыскайа Пырабда», «Сатсыйалистыйшское пырабда» кәзеттері мен бірігіп пішен шабұу-жыйнау **жана** сүрлеу науқандарының барысын байлау тұралы екпінді екі жетілік жарыйалады (Сатсыйалды Қазағыстан. №155. 6 июль, 1932 ж.). Бірақ 1-2 бірігадіде **жана** Шеркоп бірігадісінде бір неше қалқозшылар өз беті мен жұмыс нормасын артығымен орындап отырған («Сатсыйалды Қазағыстан», №197. 26 август, 1932 ж. 1-б.). Азаматтық қорғану **және** қалқты көшіру отрәдтарын ұйымдастыру мәселелеріне тоқтап... («Лениншіл жас», Сентәбірдің 24, №219. 1938 ж. 4-б.).

Сонымен, бұл мысалдардан **және** шылауының үш түрлі нұсқада **жәнә** ~ **жана** ~ **және** түрінде жазылғандығын көреміз. Мұндай жуанды-жіңішкелі қатарлардың ішінен **және** шылауының қазіргі тілімізге орнығуының өзіндік себебі бар. Біздің ойымызша, **жәнә** ~ **жана** ~ **және** дыбыстық-орфограммалық дублеттердің ішінен жіңішке инвариант нұсқасының таңдалуы, жазуда жуан нұсқасы біреу (**жана**), ал жіңішке нұсқасы (**жәнә**, **және**) одан көп болу себебінен сияқты. **Жәнә** жіңішке нұсқасының әдеби тілдік норма ретінде тұрақталынбауы біздіңше, қазақ тілінің фонетикалық заңдылығында. Яғни қазақ тілінде ә фонемасының орын талғайтындығында және соңғы буында [ә] дыбысы қолданыла бермейтін ерекшелігінде. Осы принципке сәйкес жазуда екі жіңішке нұсқадан дұрыс **және** орфограммасы нормаға айналды.

**Да, де, та, те** жалғаулығы сөйлеммен сөйлемді, сөзбен сөзді байланыстырып, ыңғайластық мәнде жұмсалады. Баспасөз беттерінде **да, де, та, те** жалғаулықты шылаулар негізгі сөзбен бірге және бөлек тұлғаланды. 1929 жылы Қызылорда қаласындағы конференцияда мынадай қарар қабылданған: «**Да** етістіктің шартты ырайына жалғанғанда **да** естілуінше бөлек жазылады» делінген еді [74]. Бірақ мерзімді басылым беттерінде немесе мектеп оқулықтарында бұл ереже толықтай сақталынбады. Мысалы, *Қашаған сондай діншіл бола тұрсада, музыкаға дұрыс көз бен қарайды. Оның орнына, оданда қаһарлы орыстың патшасының деспотыйасы орнайды. 25. Одақта, соны мен қатар әр бір жеке Обылыс, Өлке жәнә респөбілікелерде де толық орындалды* («Лениншіл жас», Сентәбірдің 24, №219. 1938 ж. 4-б.). *Осылар мен қатар тырақтыр аксиесінтаратұу 5,5 пұрсент орындалдыда, орталық пішен мекемесінің 1-мүлиен 660 мың сомдық аксиесінен түк таратылған жоқ* («Сатсыйалды Қазағыстан», 20 август. 1932 ж. 3-б.).

Сұраулық демеулік шылаулар бөлек жазылды: *Бәйге кәміісііесі ме? Ійгілік пе? Жоқ па? Құттықтауыма бола ма?* (А.Апыйнаженіп, 26-б.).

**-ақ, -ау, -мыс, -ды, -ай** тәрізді демеуліктер ереже бойынша сызықшамен таңбалануы тиіс деп көрсетілген. Алайда бұл жүйелілік жазу тәжірибесінде толықтай сақталынған жоқ. Мысалы, *Бірақ, болашақ талантты музыкант – Құрманғазы жас кезінен – ақ домбыраға құмар болған. Домбыраны ерте ақ*

тарта бастаған (А.Жұбанов, 30-б.). *Жақсы-ақ ау! Мақаббат тұралы қандай жырлар жырланады* (А.Апыйнаженіп, 5-б.). *Герман сіз бақыттысыз-ау, жолыңыз бола береді* (А.Апыйнаженіп, 7-б.). *Мен сізге ғашық боп ем – ау. Татыйана күнінен бастап есімнен айрыла сүйіп ем – ау. Қорқыныш. 8 суретті Бұлтарасың, бұлтарасың ақ бірақ бәрі бір, бір жаққа қыйсайды, деген аттан құтылуы болмас* (А.Апыйнаженіп, 35-б.). *Оның мәдениеттілігі сен арқылы ақ білініп тұр* (А.Апыйнаженіп, 40-б.). *Саған жігітті өзім ақ тауып берем* (А.Апыйнаженіп, 42-б.). *Шіркін ай қандай еді менің аттарым, қыйалда гана көргендей* (А.Апыйнаженіп, 56-б.).

Осындай ала-құлалықтардан соң 1938 жылдан бастап әрбір грамматикалық категориялар ғылыми түрде зерттелініп, газет, журнал беттерінде шылаулардың жазылуы сөз бола бастайды. Сөйтіп, осы жылы 3 пункттен тұратын жаңа емле ережесі ресми түрде жарияланады. Ережеде шылаулардың бөлек жазылатыны, ал септік жалғауы болған жағдайда бірге таңбаланатыны нақты мысалдар арқылы көрсетілді. **1938 жылғы ережеде\***:

1. «**да, де, та, те**» буындары екі сөзді, не екі сөйлемді жалғастырған жерде, бұларды түсіріп тастағанда сөйлем мағынасына онша зиян келмеген жерде, көбінесе «жана» мағынасының орнына тұрғанда жылау тұлға саналып бөлек жазылады. Мысалы, *Ол оқыды да мен тыңдадым. Біздің мектепте Құрмаиш та, Еркінбек те, Омар да, Қасен де оқыды*. Бұл буындар бір түстес екі сөздің ортасында дәнекер ретінде айтылса да бөлек жазылады. Мысалы, ойлай да ойлай, сөйлей де сөйлей, оқи да оқи сияқты. Мұнан басқа жерлерде не жұрнақ, не жалғау болып жалғанады.

2. «**ма, ме, ба, бе, па, пе**» буындары сұрау мағнасын шығарғанда шылауыш саналып бөлек жазылады. Мысалы, *Кітабың бар ма?, Ол келе ме?, Бұл қазақ ба? Анау киіз бе?, сен жас па?, қолыңдағы күрек пе?* – деу сияқты. Бұдан басқа жерде не жұрнақ, не жалғау болып, қосылып жазылады.

3. «**мен, бен, пен**» буындары сөз бен сөзді, болмаса сөйлем мен сөйлемді жалғастырып, шылау тұлға болып келгенде сөзге қосылмай бөлек жазылады. Бұлар бөлек жазылатын жерде де көбінесе «және» мағынасынан шығарып, түсіріп тастағанда сөз мағнасына онша зиян келмейді. Мысалы, *Қасым мен Жағнар келді, аул мен аулдың арасы – деу сияқты* [85, 48].

Ережеден кейін шылау мен септік жалғауларының таңбалануы біршама нормаланды. Осыған байланысты көптеген мақалалар жарияланады. Мысалы, Ә.Қимасовтың авторлығымен «Да, де, та, те жалғаулары жана олардың жатыс жалғаудан қалай айыру керек» [109, 131], «Мен, бен, пен жалғаулықтарын көмектес жалғау мен есімдік «мен» мен айыру» тәрізді бірнеше мақалаларды атауға болады [110, 121].

Байқап отырғанымыздай, шылаулардың жазылу ережесі айтарлықтай өзгеріске түспеген, олар сөз бен сөзді, ой мен ойды байланыстырушы, дәнекерші қызмет атқаратындықтан әрдайым ажыратылып, бөлек жазылу тиіс екені 30-жылдардан бастап, қазіргі кезге дейін ғалымдардың назарында.

---

\* емле сол күйінде беріліп отыр (Н.Ә.).

## 2.6 Омографтардың көбеюі және олардан «қашу» үрдісі

Әдетте омофон және омограф терминдері жазба қарым-қатынас (коммуникациясы) шеңберінде қалыптасып, оның қалыпты болмысына жиі кедергі келтіретін құбылыс деп танылады. Олар шектеулі және жүйеленбеген мысалдар жиынтығымен түсіндіріледі, дәйектеледі. Бұл мысалдардан олардың шектеулі көлеміне сай туындаған кездейсоқ генезисі туралы және ретсіз қызмет ету жағдайлары туралы әсерлі күдіктер туындайды.

«Омофон» және «омограф» терминдері дәстүрлі танымда тілдік (ереже бойынша лексикалық) бірліктердің жазба және дыбыстық формасына сәйкес келетін ең үстірт (жоғарғы немесе беткі) түрі. Осылайша ұғыну олардың, (каламбурды қоспағанда) функционалды-семантикалық қырын айқындап танытуға негізделеді. Және де олардың сөйлеу тұрпатындағы түрленім ауқымы (диапазон) да едәуір тарылған. «**Дыбысталуы бірдей, бірақ жазылуы әртүрлі сөздер**» деп омофонға берілген немесе «**жазылуы жағынан өзара сәйкес келетін әртүрлі сөздер**» деп омографқа берілген дәстүрлі анықтамалар ондағы «бірдей», «әртүрлі», т.б. сияқты ішкі маңызды предикаттардың негізгі қызметінен «бұрмалап» сипаттайды. Дегенмен, осы бірліктер ғана дыбыстық формаға қатысты ұқсастық/айырмашылық көрсеткішін дәл айқындайды, сондай-ақ мағынасы (қызметі) жағынан да олардың ауқымын (көлемін) анықтап береді.

Омонимия құбылысының бір түрі – омографтар (грек. *homos* – бірдей, *grapho* – жазамын). Омограф біркелкі жазылып, екпіннің алмасып түсуіне байланысты түрліше дыбысталатын, лексика-семантикалық мағыналары әр басқа сөздер мен сөз формалары. Қазақ тілінде жазылуы бірдей, бірақ дыбысталуында айырмашылық бар бірқатар омографтар бар. Олар негізінен екпін, кідіріс арқылы, яғни бұлардың алдыңғы және соңғы буындарына түсетін екпіннің ықпалына байланысты мағынасы ажыратылады. Омографтар өзара сәйкес келетін, бірақ түрліше айтылатын әртүрлі сөздер. Олардың мағынасында ерекшелік, айырмашылық болады. Мысалы, **бөлме** (зат есім) – **бөлме** (етістік), **алма** (зат есім) – **алма** (етістік).

Латын графикасына негізделген әліпбиде (1929-1938 жж.) кірме *x* дыбысының таңбасы жоқ болуына байланысты тілде бірнеше омографиялық элементтер пайда болды. Мысалы,

*қор* (бір нәрсенің жиынтығы)  
*хор* (музыка)

} бір тұрпатта *qor* (*қор*) түрінде таңбаланды

*қалық* (антонимі – озық)  
*халық* (ел)

} бір тұрпатта *qalyq* (*қалық*) түрінде таңбаланды

*қабар* (қабағын қабару)

}

бір тұрпатта *qabar* (*қабар*) түрінде таңбаланды

*хабар* (мәлімет)

*қан* (денедегі)  
*хан* (билеуші) } бір тұрпатта *qan* (*қан*) түрінде таңбаланды

*қал* (мен)  
*хал* (жағдай) } бір тұрпатта *qal* (*қал*) түрінде таңбаланды

*қат* (қат болу – жетпей жату)  
*хат* (жазу) } бір тұрпатта *qat* (*қат*) түрінде таңбаланды

*қақ* (су)  
*хақ* (дұрыс) (хақ тағала) } бір тұрпатта *qaq* (*қақ*) түрінде таңбаланды

Аталған кезеңде кейбір графемалардың сөздің мазмұндық деңгейін ажырататыны ескерілмегендіктен, сөздердің мағынасын тек мәтін арқылы айыру мүмкін болды. Мысалы, *Çangir ölgen soñ Çangirdiñ balasъ Saqьrkerej qan boladъ. Qandьq çoq bolqansoñ sultan ьrabijildikte çoq boladъ* (А.Жұбанов, 25-б.). *Қан жүгірді бойыма// сен бастаған заманда* (Қ.Аманжолов, 4-б.) *Семей, декабрдің 22 Хасан көлі маңында ұрыс болып жатқан күрдерде, Жарма ауданындағы «Шалабай» совхозындағы орталау мектептің директоры Андрей Никіфорвиш ұрысша қатынасқан үлкен баласы Алекстандрдан қат алды* («Лениншіл жас», Декабрь 24. №293. 1939 ж. 4-б.). Сондай-ақ мерзімді басылым беттерінен араб-парсы тілінен енген *хижра* сөзі *қыжыра*, *хикмет* сөзі *қиқымет* түрінде игерілгендігін көруге болады.

Геминацияланған дауыссыздар тілдегі бір сөз бен екінші сөзді ажырату үшін қолданылады. Геминацияланған дауыссыз дыбыстар көбінесе кірме сөздерде кездеседі. Мысалы, *тәкаппар*, *молла*, *алла*, *біссімлла*, *тонна*, *касса* т.б. 1929 жылдары шыққан мерзімді басылым беттерінде кейбір кірме сөздер геминацияланбаған түрде қолданылғанын көреміз. Мысалы, орыс тіліндегі *тонна* сөзі тек қана бір [н] әрпімен берілген, сондықтан орыс тіліндегі бұл сөздің қазақ тіліндегі *тона* етістік мәнді сөз тәрізді болып таңбаланған. Мысалы, *Qajsъ bir çeke ьромсьldarmъzda өзiniñ aldьna turqan mindetin aqtamaј, elimizge bir nese tonъ minai беруу çumъsь orasan маңьzдь. // Қайсы бір жеке ьромшылармызда өзінің алдында тұрған міндетін ақтамай, елімізге бір неше тоны мұнай беруу жұмысы орасан маңызды* («Сатсыйалды құрылыс», 1 ноябрь. №38. 1933 ж. 1-б.). Бұлай етіп қолданудың себебі кірме сөздерді қазақ

тілінің заңдылығына икемдеу басты міндет саналды да, семантикалық «кедергі» ескерілмей қалды.

Х.Досмұхамедұлы геминацияланған дауыссыздардың біреуін түсіріп немесе басқа бір дыбысқа алмастырып қолдануға болады деп тұжырымдайды: «Қазақ-қырғыздың түбір сөзінде бір дыбыс екіленіп келмейді... жат сөздердегі екіленіп айтылатын дыбыстарды қазақ-қырғыз не бір дыбыс қылып айтады, не соңғысын бөтен дыбысқа аударады» [77, 97]. Мерзімді басылым беттеріндегі кірме сөздердің жазылуы осы принципті басшылыққа алған тәрізді. Сондықтан кейбір кірме сөздердің мағынасына зиян келген.

Сондай-ақ, орыс тілінен енген сөздердің екі дауыссыз дыбысының ортасына қысаң дыбыстың таңбалануы арқылы **клуб** тәрізді сөздердің мағынасы семантикалық «кедергіге» ұшыраған:

<b>клуб</b> (қоғамдық орын)	} <b>qulьp//qulup</b> ( <i>құлып, құлұп</i> ) түбірде жазылды.
<b>құлып</b> (есіктің құлыбы)	

Қазіргі қазақ тіл білімінде селбеспелі дыбыстардың таңбалануы екі негізге құрылады. Бірінші негіз бойынша, **л, р** дыбыстарынан басталатын, осы дыбыстардан кейін **а, ә, е, у, ұ, и** дыбыстары келетін түбір сөздердің басында **ы, і, ұ** әріптері жазылмайды (*лаж, лайық, лас, лай, леген, рай, рас, лауазым, лашын, лашық, рухани, ру, рұқсат, риза, рия* т.б.). Ал қалған жағдайда сөз басында **р, л** әріптерінен бұрын **ы, і** әріптері жазыла береді (*ырыс, ырым, ырық, іріт, ырыл* т.б.) [106, 40]. Қазіргі кезде тіл білімінде бұл ереже ретінде орнығып, қалыптасты. Ал 1929-40 жылдары қолданған латын графикасы негізіндегі әліпби жүйесінде кірме сөздер фонетикалық принципке негізделгендіктен функционалдық мәні бәсең селбеспе (ілеспе) дыбыстар жазуда ескеріліп отырған. Сондықтан тілде омографиялық жағдаяттардың орын алғанын көреміз. Мысалы, қазақ тілінде **ру** сөзі 1929-1938 жылдар аралығында үнемі селбеспелі дыбыспен таңбаланып, **ұру, ыру** түрінде жазылды.

<b>Ұру</b> ( <i>соғу</i> мағынасында)	} <b>ұру, ыру</b> түрінде таңбаланды
<b>Ру</b> ( <i>тайпа</i> мағынасында)	

1930 жылдардың орта тұсында **ру** сөзінің таңбалануына байланысты екі түрлі пікір болады: бірінші, а) егер [ұ] дыбысын таңбаламаса, онда *ыру, ыруханий, ырұссо* түрінде оқылып, сөздің негізгі мағынасы бұзылады; ә) ал екінші топтағы ғалымдар **ру** сөзін екі ғана таңба арқылы таңбалаудың үлкен бір пайдасы етістік **ұру** (*ұрамын*) сөзімен айырылып тұратындығын көрсетеді. Оқытушылар тарапынан Мұқас Мүсіпов **ру** сөзі мәтін ішінде бірден көрініп тұруы керек дей отырып, автор былай дейді: мәтіндегі мағынасына қарап айырып жатпай-ақ бірден білу керек және бұл оқушыларды оқытқанда пайдалы дейді. Осыған байланысты Қ.Жұбанов: «В начале слова, перед г, и, і, ь не отмечается там, где не искажает смысла слова: *ru* – род (не *уру*), но *уру* – быть

(не *ruv*), *ret* – порядок, последовательность (не *iret*), но *ьret* – заставить выдрать кожу (но не *ret*) и т.д.» [69, 270-272]. Осындай мақалалардан кейін 1938 жылғы қазақ тілінің әліпбиі мен емлесіне бірнеше өзгерістер енгізіледі. Бірінші өзгеріс кірме сөздерді морфологиялық принцип арқылы таңбалау керектігі ескеріліп, араб-парсы тілінен енген сөздерді және орыс тілінен енген кейбір сөздерді таңбалау үшін *x* дыбысының әрпі алынады. Ал емле ережесінде **ы**, **і** селбеспелі дыбыстар сөздің мағынасына зиян келмейтін тұста ғана таңбалануы тиіс деп ескертіледі.

Қазақ тілінде айтылымы бірдей, бірақ жазылуында және мағынасында айырмашылық болатын бірнеше омофон сөздер бар. Қазақ тілінде омофондар түбір мен қосымшаның немесе сөз тіркестері сыңарлары аралығында дыбыстардың ілгерінді, кейінді ықпал, элизия және тағы басқа фонетикалық заңдылықтардың пайда болуынан, орфоэпиялық нормаларды дұрыс сақтаудан туындап жатады. Олар негізінен мәтін ішінде немесе белгілі бір графема арқылы ажыратылып көрсетіледі. Орыс тілінде сөздің аяққы позициясында дауыссыз дыбыстардың күңгірттеу естілуіне және дауысты дыбыстың екпін түспеуіне байланысты бірнеше омофон сөздер жасалған. Мысалы, *порог* – *порок*, *парок*; *лук* – *луг*; *прод* – *плот*; *бал* – *балл*; *туш* – *тушь*, *надеж* – *надешь*, *косный* – *костный* т.б. Ал қазақ тілінде омофондар белгілі бір сөздің бірге немесе бөлек таңбалануы арқылы (кей жағдайда) ажыратылады. Сондай-ақ фонема жігінде немесе белгілі бір дыбыстың вариациясы пайда болады. Жазуда сөз мағынасын ажырата алатын қабілеті бар дыбыстар белгіленеді, ал олардың дыбыстық қоршауға тәуелді түрлері еленіп-ескеріле бермейді.

Аталған бірліктің табиғи болмысын функционалды-мағыналық тұрғыдан қарайтын болсақ, дыбыстық және жазба формаларының қарама-қайшылығы белгілі дәрежеде бәсеңдеп, оның орнына мағыналық қырлары қарама-қарсы қойыла бастайды. Мұндай жағдайда омографтар пен омонимдер омонимия саласының қызметін атқарып, оның жеке жағдайындағы әрекеттерін танытуға кіріседі. Осындай омонимдердің омографиялық мәні айқын байқалады, бірақ оқығанда, әсіресе оқырман екпін, кідіріс, мәнерлеп айту тактілерінің көмегімен дауыстап оқығанда омографиялық тіркестердің (фразалардың) графикалық жазылуын білдіріп отыру қажет. Соның нәтижесінде ғана тілдің дыбыстық мәні оның мағынасымен тығыз тұтастықта көрініс табады. Және осы тұтастық «мылқау» графикада функционалдық қарама-қайшылықты (оппозицияны) бейнелейді. Екпін, кідіріс, т.б. бұл жағдайда шығарманы дауыстап оқитын оқырманның интерпретациялық формасы ретінде байқалады, екпінін ажыратып, акценттеп оқиды. Мысалы, «*оның не айтатынын мен білдім/ оның не айтатынын мен білдім*» сияқты қарама-қарсы (оппозиция) сөйлемдеріндегі логикалық екпінді ескеретін болсақ, ол омографиялық тұрғыдан танылуы тиіс, яғни дыбысталуы әртүрлі, бірақ жазылуы бірдей бірліктер деп анықталуы тиіс. Ю.Д. Апресян осы типтес грамматикалық омонимдері мағына жағынан ғана емес, сондай-ақ просодикалық дыбысталуы жағынан да өзара ажыратылатын омографтар ретінде таниды. Керісінше, пунктуация, параграфемдік құралдар және ішінара бірге-дефиспен-бөлек жазылу ерекшеліктері шығарманы (мәтінді)



жазып отырған адамның интерпретациялық формасы ретінде ұғынылады; жазып отырған адамның көзімен қарасақ, бұнда омофониялық жағдаят негізгі болып саналып, өзектеледі.

Сөздің тыныс белгілеріне салғырт қарау немесе пунктуациялық белгілерін сауатсыз жазу салдарынан (әлеуетті) омофондардың (оказиональді) омографтарға ауысу құбылысы қалыптасады, мысалы, тырнақшаның болмауы жағдаяттық омографтың туындауына әкеліп соқтырады, яғни кейіпкер атын жазу және роман атауын жазу. Осылайша танылған омофония мен омография оппозициясы (қарама-қайшылығы) тілдік бірліктерге және олардың қатыстарына ономаσιологиялық және семасиологиялық жолдармен қарау арасындағы қарама-қайшылығымен тікелей байланысты екенін танытады. Ал олардың нәтижесінде сөйлеуші мен тыңдаушының (біздің жағдайда оқырман мен жазушының) өзара қарама-қарсы тұру позициясы көрініс табады.

Бүгінде қазақ жазуының латын графикасына өту мәселесі қолға алынғалы қазақ әліпбиіне [x] дыбысының таңбасын алу не алмау мәселесі талас тудырып жүргендігі. 1929-38 жж. жазу тәжірибеміз көрсеткендей, омофониялық қатарлардың кең өріс алмауы үшін [x] дыбысының таңбасы әліпбиде белгіленуі тиіс деп ойлаймыз.

## **2.7 Араб-парсы тілінен енген сөздердің орфографиялануы**

Бір тілден екінші бір тілге сөз ауысу әрқашан болып тұратын құбылыс. Кірме сөздердің енуі – тілдің лексикасын байытудың негізгі тәсілдері болып табылады. Бір тілден екінші тілге сөз ауысу негізінен ауызша сөйлеу тілі арқылы және жазба тіл арқылы іске асырылады. Ауызекі сөйлеу тілі арқылы енген сөздер көбінесе сол тілдің дыбыстық заңдылықтарына бағынып, тілге сіңісіп, байырғы сөздік құрамына айналып кетеді, ал жазба тіл арқылы енген кірме сөздер өзгеріске бірден ұшырамайды.

Сонымен, кезінде талай тарихи кезеңдерді басынан кешірген қазақ халқының тілдік құрамы екі түрлі қабаттан тұрады. Біріншісі – қазақ тілінің төл сөздері, екіншісі, өзге тілден енген тілдік элементтер (орыс, араб, парсы т.б.). Араб-парсы сөздері белгілі бір уақыт әртүрлі дыбысталып, нәтижесінде олар дифференциялану процесіне ұшырап, жеке-жеке сөздердің немесе ұғымдардың баламасы ретінде қалыптасқан.

Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдерде тілімізде кітаби лексикаға тән араб-парсы сөздерінің қолданылу аясы өте кең болса, Қазан төңкерісінен кейін олардың қолданылу аясы тарыла түсті. Алайда араб-парсы тіл элементтері түрліше жазылып, жазуда ала-құлалықтар байқалады. Бұл, әрине, әдеби тілдің қалыптасу, нормалану кезеңінде байқалатын заңды құбылыс. Араб-парсы тілінен енген сөздердің таңбалануына байланысты Баку қаласында өткен Бірінші түркологиялық құрылтайда Ибрагимов араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздерді әр халық өз тілінің ыңғайына, яғни сингармонизм заңдылығына көндіріп, фонетикалық принципті басшылыққа алу керектігін айтқан болатын.

1926 жылы Н.Төреқұловтың «Жат сөздер туралы» атты еңбегінде араб-парсы тілінен енген сөздердің қазақ тілінде игерілуін, көптеген нақты мысалдар арқылы көрсетеді. Зерттеуші араб-парсы элементтерін белгілі бір заңдылыққа сүйеніп өзгерту керек деп санайды. Ғалым кірме сөз қазақ сөзі болуы үшін сөздің жалпы құрылысы қазақша болуы тиіс екенін, сондай-ақ қазақ тілінің артикуляциясында бар дыбыстармен алмастырылуы тиіс деген пікір айтқан. Н.Төреқұлов араб-парсы тілінен енген кірме дыбыстар қазақ тілінде игерілуін беруге тырысқан. Мысалы, ғалым араб тіліндегі «ғайн» қазақ тілінде қ дыбысының орнына (*Furat – Қайрат*), кей жағдайда араб тіліндегі [ш] дыбысы қазақ тілінде [с] дыбысының орнына (*мишал – мысал*), арабтың «Сад» әрпі, қазақ тілінде [с] дыбысының орнына жүретіндігін бірнеше мысалдарды көрсетеді. Автор «татарда араб-парсы сөздерін бұзбай алу, айту мінезі бар. Бұл мінез қазаққа жарамайды. Басқаның сөзін бұзбай айтамын деп әбігерге түсіп жүргенде өз тіліңнен айырылып қаласың», – деп қазақ тілінің өз мүмкіндігін пайдалану керектігін көрсеткен. Н.Төреқұлов парсы тілінен енген *-кер, -паз, -стан* тәрізді қосымшалары қазақ тілінің үндестік заңына қайшы келетіндігін былайша көрсетеді: «*Ленинградтағы, әдебиетке, өнерпаздағы ...* деп айту үндестік заңын ойран қылмақ. Ежіктей түссек «паз» парсының «похит» деген сөзінен алынған. ... Парсының «станы» түкке жарамайды. *Қазақстан, Татарстан* орнына *Қазақ Республикасы* десек әрбір жылқышыға түсініктірек болмай ма?», – деп көрсете келіп, қазақ тілінің өзіне тән, сөздің қорда бар жұрнақтармен түрлендіруге (*-ғыш, -гіш, -шы, -ші; білім иесі, қазақ елі, татар елі*) болатындығын көрсетеді [111, 86-99].

Ал Қ.Басымов үндестік заңына көнбейтін жұрнақтарды сызықша белгісімен айырып қолдануға болады дей отырып, былай дейді: «Қосымшалар дыбыс жүйесінше жазылып, алдыңғы сөздің жуан-жіңішкелігіне қарай әуендескендері құбылып жазылсын да, әуендеспегендері сызықшамен (–) айырым жазылсын. «лық, лас, лы, лау, дық, дас, ды, дау, тық, тас, ға, тап, лік, лық, лес, лі, леу, дік, дес, ді, деу, тік, ес, ті, тек» сияқты өзіміздің неше жүздеген тума жұрнақтар – «балалық, бастық, томдық; еркелік, бестік, жерлік» түрінде қосылып жазылсын. Саны өте аз тіліміздің әуеніне бағынбай айтылып жүретін жұрнақтар «*жем-қор, әуес-қой, кішкен-тай, әсем-паз, өсім-тал* түрінде сызықшамен айырылып жазылсын» деп, ғалым *жем-қор, әуес-қой, кішкен-тай, әсем-паз, өсім-тал* тәрізді сөздер сызықшамен айырып жазылса, қазақ тілінің үндестік заңдылығы түгелдей бұзылмауына, қазақ тілінің әуеніне көнбейтін жұрнақтар көрініп тұруына, кірме сөздерге де жұрнақ, жалғау жалғағанда оңтайлы дейді [98, б].

Осындай мәселеге байланысты Х.Досмұхамедұлы да өз ойын «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты мақаласында білдіреді. Автор парсы тілінен кірген *-кер, -гер, -хор (-қор), -паз* тәрізді жұрнақтарды әндеспейтін жұрнақтар деп көрсете отырып, ғалым алдындағы қосылатын сөздің түбірі жуан болса, сол сөзге *-кер* немесе *-гер* жұрнағы қосылатын болса, сөз түгелімен жіңішкеріп таңбаланады дейді. Сонда: *сауда+гер – сәудегер, айла+кер – әйлекер* және т.б. Сөйтіп, Х.Досмұхамедұлы *-кер, -гер* тәрізді жұрнақтарды негізгі түбірмен бірге жазуға болады деп есептейді [77, 139-154].

Кірме сөздерде екі дыбыс қатар келетін *молла, ұммет, алла, аууал, жиннат, суннат* тәрізді сөздер қазақ тілі заңдылығы бойынша бір дыбыс екіленіп айтылатын дыбыстарды бір әріппен немесе басқа дыбысқа алмастырып игерілетіндігін Х.Досмұхамедұлы айтқан еді [77, 152]. Сонымен қатар ғалым, *тағдырге, мұғалымге, мейменға* деп таңбалау қазақ тілінің заңдылығына қайшы. Мұндай сөздерді таңбалағанда қазақ тілінің үндестік заңдылығын естен шығармау керектігін ескертеді.

1929-40 жылдар арасында араб-парсы сөздері графикалық, дыбыстық түрлері өзгеріске түсіп, фонетикалық принципке негізделді. Сондықтан жазу практикасында араб-парсы сөздері бірнеше нұсқалықты құрады. Айталық, қазіргі кезде норма ретінде орнығып үлгерген *ғаділет* сөзінің бес түрлі нұсқасын көруге болады. Мысалы, *Sol maxavvat pen ғадәлетке qarai tartraqъъz...* (А.Құнанбайұлы, 226-б.). [...] *çaratqandьғьnda hәм ғадәләт, hәм maxavvat var.* (А.Құнанбайұлы, 227-б.). *Bül xikmetterjnen hәmmasъna marxamat hәм ғадәләт zahir tūr eken* (А.Құнанбайұлы, 228-б.). *ғадәләт uaraғqat virlән voladь, ғәmal – us – salix ғадәлетj marxamәttj volmaq kyllj tән vjrlән qьlған qұлсьььqtarьj есвjz ғадәләттj marxamәttj vermeidj* (А.Құнанбайұлы, 228-б.). [...] *ғәdәләт, marqamat, mаxavvatъna vjz qarar volar та eken degen ymjtpenen volsa kerek.* (А.Құнанбайұлы, 230-б.).

Араб-парсы сөздері қазақ тілінің айтылу заңдарына қарай бейімделгенде, ұқсас дыбыстарға жуық бірнеше дыбыстармен алмасады, олардың ішінде әсіресе **б – п, қ – х** дыбыстарының алмасуы арқылы пайда болған варианттар жиі кездеседі. Мысалы: *Kәmil pirdi çat etpej, Bәnde voldьm duspañqaj ...* (С.Мұқанып, 19-б.). *Dәvleti әr pәndenij vөlek – vөlek* (С.Мұқанып, 40-бет).

Қазіргі қазақ тілінде **қ** дыбысына алмастырып таңбаланып жүрген араб-парсы сөздері 1929-38 жж. аралығында **қ** әрпімен, ал 1938 жылдан бастап көбінесе **х** әрпіне алмастырылғандығын көреміз. Мысалы, *Оньменен sezmjdz tazalьqqa kjrgendjgьndj kәmәl ьxlasььndь көrsetjz jсjmnjz saflьғьньz соғьnda qalq көrer ...* (А.Құнанбайұлы, 235-б.). *ғьасьq тағьсиqььqqa qalq vjrlән maxlūq ortasь тynәsivәtsjz* (А.Құнанбайұлы, 230-б.). *Mixravьm sen, vas ūramьn Tjz çete almas xūzjzme* (А.Құнанбайұлы, 77-б.). *Үсbi xial kelse basqa, Sen çyder dep men yсjz* (А.Құнанбайұлы, 81-б.). Ал *қарекет* сөзінің **қ** және **х** әрпі арқылы таңбаланған нұсқасы параллель қолданылған. Мысалы, *Kyndjzgzj қарекеттен vosaqanda, Өzjzә өзjz tigen tәttj tyn var* (А.Құнанбайұлы, 105-б.). *Uaiьm qaiғьсььzdьғьz, uaiьm qaiғь qьldaғь, sol uaiьm qaiғьсььzdzьqtan qūtьlarььq orьndь xaraket tavu kerek ...* (А.Құнанбайұлы, 172-б.).

Қазіргі кезде әдеби тілде әбден сіңіп кеткен *ғалам, қалам, камзол, кітап, жиһаз, ислам, сауда* тәрізді сөздер *ғәлем, қәлем, кітәп, жиһәз, исләм, сәуде* түрінде **бірыңғай жіңішке** нұсқада жазылған. Сонымен, орфографиядағы варианттылық әсіресе кірме сөздердің жазылуында айқын байқалады.

## 2.8 Орыс тілінен енген сөздердің орфографиялануы

Тіл-тілдің лексикасын байытудың аса өнімді жолы кірме сөздерді қабылдау арқылы жүзеге асады. Белгілі бір саяси-әлеуметтік қарым-қатынасқа байланысты бір тілден екінші тілге көптеген сөз ауысады. Бір тілдің сөздері екінші, не үшінші, төртінші бір тілге тікелей де, жанамалап, сатылап та, екінші бір аралық тіл арқылы да, сондай-ақ ауызша да, жазбаша да енеді.

Қазақ тілі өзінің сөздік құрамының бір бөлшегін орыс тілінен қабылдау арқылы да байытып отырғаны белгілі. Мұндай сөздердің қалыптасуы, дамуы әртүрлі. Қазан төңкерісіне дейін тілімізге басқа тілден енген сөздер алғаш сөйлеу тілінде қолданылып, кейіннен сіңісе еніп, нормаланды.

1930 жылдары тілімізде қарқынды қалыптаса бастаған оқу-ағарту, мәдениет, баспасөз салаларының тілі болды. Ғылым, қоғам дамуына байланысты түрлі салада терминдік атаулар, варваризмдер, жаңа мағына беретін сөздер етене кірді. Бұл кезде қазақ зиялы қауым өкілдері арасында кірме сөздерді қандай заңдылықтар бойынша жазамыз, қандай принципке негіздейміз деген күрделі мәселелер күн тәртібінен түскен емес. Кірме сөздерді халық тіліне икемдеу, қалыптастыру бағытында А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төрекұлов, Т.Шонанов сияқты қазақ зиялыларының орны ерекше болғандығын айту қажет.

А.Байтұрсынұлы кірме сөздер ана тілдің бар мүмкіндігін барынша пайдалануы тиіс және қазақ тілі жаңа ұғымды белгілеу үшін қажетті атау сөздерді алудан қашпау керек дейді. Осы мәселе жайында А.Байтұрсынұлы 1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтық I Түркологиялық құрылтайда кірме сөздердің орфографиясын нақтылау – күн тәртібінің негізгі мәселесі ретінде қаралды. Конференцияда А.Байтұрсынұлы орыс тілінен енген және интернационалдық терминдердің жазылуына байланысты мынадай пікір айтады: «Общеупотребительные мировые термины могут приниматься, но с соответствующими природе казахского языка изменениями. Все неказахские слова, не согласующиеся с природой казахского языка, точно должны подтверждаться изменениям соответственно казахскому говору. Это значит, во-первых, что во всех неказахских словах, с чуждыми казахскому языку звуками, последние заменяются соответственно нужными звуками, во-вторых, суффиксы в неказахских словах заменяются казахскими, в третьих, двойные звуки принимаются в ординарном виде, в-четвертых, чуждые казахскому языку окончания должны измениться в пределах требуемого языком удобства произношения, например, *Оренбург – Орынбор, Самара – Самар, пуховой – бөкебай, покров – боқырау, Адамовский – Адамау* и т.п.». Сонымен ғалымның пікірінше, интернационалдық терминдер қазақ тілінің фонетикалық заңына сәйкес игеріліп таңбалануы тиіс деп көрсетеді [48, 423]. Әзірбайжандық Зифельдт Симумяги А.Байтұрсынұлының сөзіне қосыла отырып, кірме сөздер түркі халықтар тіліне мынадай жолдармен икемделуі керек деп көрсетеді: «1. Заимствуемое слово не должно выходить из границы определенных звуков, свойственных заимствующему языку (например: не должно заключать в себе аффриката ц). 2. В заимствуемых словах могут быть лишь такие сочетание и

чередования звуков, которые свойственны заимствующему языку (например, слово не должно начинаться согласным дифтонгом). 3. Заимствуемое слово должно укладываться в правило сингармонии. 4. необходимо строго сохранить общий стиль языка в интересах психо-физической экономии слов говорящего. В заимствуемых словах, если ударение стоит не там где предполагается, то его нужно переставить на последний слог. Затем нужно его сингармонизовать. Если это слово не соответствует сингармонии, то требуется соответствующая переделка» [56, 189].

Кірме сөздердің жазылуына байланысты «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» деген мақаласында Х.Досмұхамедұлының да арнайы тоқталып, көптеген ғылыми тұжырымдар жасағаны мәлім. Ғалым көптеген терминдерді жасаған және терминдерді қабылдаудың бір жолы халықаралық сөздерді қазақ тілінің табиғатына сәйкестендіріп алу қажет деп түсінеді және ол ойын былай білдіреді: «Бұл сөздер біздің тілімізге соншама сіңіп кеткен, қазақ-қырғыз халқы бұлардың жат екендігін сезбейді. Қай жағынан қарағанда да бұларды жат сөздер деп айтуға болмайды, бұларды жат сөздер десек ел көнбейді. Бұларды жат деген адамның өзін ел өзіне жат санайды. Сондықтан бұл сөздердің бәрі қазақ-қырғыз сөзі деп айтуға тура келеді». Осындай тұжырым айта отырып, Х.Досмұхамедұлы жат сөздерден қашпай, тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне икемдеп алу керектігін сөз етеді. Бұл пікірдің дұрыс екенін әрі бұдан кейін де қолдана беру қажеттігін қазіргі уақытта көптеген ғалымдар мойындап отыр [77, 146 ].

Н.Төрекұловтың «Жат сөздер туралы» деп аталатын еңбегінде (1926 жылы Мәскеу қаласында жарық көрген) араб-парсы тілінен енген сөздер және еуропа тілінен енген сөздер тілдің заңдылығына бағыну тиіс деп белгілейді [111].

Е.Омаров та шет тілдерден етене еніп жатқан интернационалдық сөздерді жазу мәселесін талқылаудан шет қалмады. Ол түбір сөздермен ғана шектелмей, кірме қосымшалардың да төл жұрнақтармен алмастыру қажеттігін айтады. «Жаңа сөзді түбірге жат жұрнақ жалғап шығарғаннан өз жұртымызбен шығарған артық» – деп жазды ғалым [99, 8]. Сонымен, алаш зиялылары кірме терминдерді жазу мәселесіне ерекше мән беріп, кірме сөздерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына, яғни үндестік заңы арқылы дыбыстардың тіркесімін сақтай отырып жазу қажет деп санады.

1927 жылы «Еңбекші Қазақ» газетінде «Шет сөздердің емлесі жайында» атты Т.Шонанұлының мақаласы жарық көреді. Мұнда автор кірме сөздерді қазақ тіліне икемдеудің бірнеше заңдылығын көрсетеді:

- шет сөздердегі **ф** дыбысының орнына **п** әрпін жазу: *фильма* – *пилма*, *физика* – *пизик*;

- еуропа немесе орыс тілінен енген сөздердегі сөз басындағы **г** дыбысын **ж** дыбысына алмастыру: *Георгий* – *Жагор*, *Гаврил* – *жебрел*, *география* – *жағырапия* т.б. Ал *грек* тәрізді сөздерді қазақ тіліне *крек* түрінде, яғни **г**-ны **к**-ға алмастыру;

- кірме сөздердің бірінші буынындағы **о**-ны өзгертпеу, *социал*, *коммунес* түрінде таңбалау;

- орыс сөздеріндегі сөз аяғындағы **г** дыбысын түсіріп жазу: *Оренбург – Орынбор, Гамбург – кембір*;
  - орыс тілі сөздеріндегі **х** дыбысын қазақ тіліндегі сөздерде **к, қ**-ға алмастыру: *мұхтар – мұқтар, хайр – қайыр*;
  - *офицер, станция* тәрізді сөздерде келетін **ц** дыбысын **с** әрпімен таңбалау: *аписер, станса*;
  - **я** дыбысын **ж** әрпіне алмастырып, таңбалау: *ящик – жәшік, ямбы – жамбы, Яков – Жақып, яр – жар*;
  - **щ, ч** дыбыстарын **ш** әрпіне алмастырып игеру арқылы беру: *чай – шай, начальник – нәшендік* ;
  - **у, и** дыбыстарын бір таңбамен беру: *кино (кйно емес), брошур (брошұр емес), литр (лйтр емес)* ;
  - *физика, ботаника, смета* тәрізді сөздерді *пизик, ботаник, смет* түрінде таңбалау;
  - сөздің аяғындағы **а** дыбысына екпін түспеген жағдайда **ы, і** әрпіне алмастыру: *касса – кассы*;
  - сөздің аяғындағы **а**-ға екпін түскенде *а, е*-ге алмастыру: *сумма – сома, тюрма – түрме*;
  - географиялық атауларда келетін **а**-ны **ы, і**-ге алмастырып таңбалау: *Америка – Америк, Африка – әпрік, Европа – Ауropy*. Тек *Азия* сөзі ғана өзгермейді;
  - орыс тіліндегі географиялық атауларда кездесетін **-ия** қосымшасын түсіріп қолдану: *Германия – Гермен, Испания – Испан* т.б.;
  - орыс тілі сөздеріндегі **-иат** (*пролетариат, комесариат*) қосымшасын қазақ тіліне сол күйінше енгізу;
  - **ция** қосымшасын **-са, -се** түрінде игеру: *концелярия – кеңсе*;
  - орыс тіліндегі *буфет, бюджет, банкет* тәрізді сөздердің аяғындағы **-ет** қосымшасы қазақ тіліндегі *жендет, белет, сундет* тәрізді сөздерде кездесетіндіктен **-ет** қосымшасына өзгеріс енгізбеу;
  - *директор, трактор* тәрізді сөздерде кездесетін **-тор** қосымшасын қазақ тілінің заңдылығына орай **-тұр, -түр** түрінде игеру: *директұр, трактұр* т.б.
  - орыс тіліндегі **-щина, -изм, -ист** қосымшасын қазақ тілінде **-шы (-шіл), -шыл (шіл), -шылдық (-шілдік)** жұрнақтарымен алмастыру;
  - **граф, -лог** қосымшаларын **-шы (-ші)**-ге алмастыру;
  - **ческий** (технический) қосымшасын түсіріп таңбалау;
  - кірме сөздердегі негізгі түбірдің аяғындағы дауыссыз дыбыстарды бұзбай таңбалау (тек **г, д, ф, в, х**-дан басқа). Мысалы, *волт, мекрескоп, телескоп* т.б.
  - орыс тіліндегі сөздің аяғында келетін **-ия** қосымшасын **-а** немесе **-е** әрпіне алмастыру: *губерния – губерне*;
  - орыс тіліндегі **-ий** қосымшасын алмау: *пролетарий – пролетар* т.б.;
  - **тр**-ға аяқталған *театр, литр, метр* тәрізді сөздерді өзгертпей қолдану;
  - **иум** жалғауын сол күйінде алу. Мысалы, *консиум, натриум* т.б [112, 3-5].
- Бұл жоба 1929 жылы конференцияда талқыланып, жобаның кейбір тұстарына байланысты ғалымдар әртүрлі ұсыныстарын білдіреді. Мысалы,

Юдахин адамның аты-жөні, елдің, жердің аты бұзылмай, түпнұсқамен жазылу керектігін баса айтып, ғалым былай дейді: «Шетелдің адам аттары бұзылмай түбіріндегідей жазылу керек. Шетел аттары өзгертілмей жазылсын дегенімде, өз атым түзу жазылсын деген ойым емес. Қазақ тілінің заңы бойынша *judaqьjn* деген ат *судаqьп* болуы керек. Бұл анық нәрсе. Кісі аты мен терминдерді ия басқа сөздерді теңгеруге болмайды. Терминдер қазақ тіліне кірген соң өзгеруі керек. Басына тұмақ киіп, қолына асық, жілік ұстап, қазақ болып кету керек. Кісі атын бұзып жазғаннан екі адамның аты шатасуы да мүмкін. Шетел адамының атын бұзбай жазу керек деген заң шығармасақ та, бұзбай жазуымыз керек» [74, 45]. Осы отырыста Юдахиннің кісі аттарына байланысты тұжырымдамасына Елдес Омарұлы, Әлібайұлы, Иса Токтыбайұлы және тағы басқа ғалымдар қарсы пікірлерін білдіреді. Сондай-ақ конференцияда орыс тілінен енген *метр, литр, проект, метрия* сияқты сөздердің жазылуы қазақ тілінің үндестік заңына бағындырылуы керек деп, яғни екі дауыссыз дыбыстардың арасына дәнекер ретінде **ы, і** дыбысын қосып жазуды ұсынады [74, 82-83].

Конференцияға қатысушылардың көпшілігі кірме сөздер фонетикалық принцип бойынша жазу керектігін айтып, орфографияда қолданылып жүрген үш принципті де жақтамай, жалғамалы тіл болғандықтан, оған ерекше төртінші принцип ойлап шығарып, осы принципті ұстанушылар да табылды. Бұлардың айтуынша, жалғамалы тілдер түбір үшін фонетикалық принцип, қосымша үшін араб әліпбиінің емлесіндегі дыбыстардың белгіленбеу принциптерін қолдануды және қосымшалардың дыбыстық вариацияларын ескермей, бір ғана формасын жазуды ұсынды. Мысалы, көптік жалғауларын «лр» формасында қолдануды, сол сияқты қосымшаларды да осылай жазуды ұсынды. Конференцияда көп таластан соң емленің негізгі принципі – **фонетикалық принцип** болып қабылданады. Фонетикалық принцип болғандықтан, термин сөздерді естілуінше жазу. Осы жылы 29 маусымда қазақ тілінің жаңа емлесі, яғни латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиіне көшуге байланысты жаңа емле ережесінде кірме сөздердің жазылуына байланысты 18 ереже қабылданды.

Алдыңғы көрсетілген жобадан қаулы болып бекітілген ереженің ерекшелігі – орыс тіліндегі қосымшалардың берілуі біршама редакцияланған. Мысалы, орыс сөздеріндегі **-тор** қосымшасы қазақ тілінің дыбыс үндестігі бойынша **-тыр, -тір** түрінде алынды, сонымен қатар ғылым, ілім аттары немесе мекеме, кәсіпорындарының аттарында кездесетін **-графия, -логия** қосымшасы **-гыраны, -логы** түрінде алынды.

Бекітілген ережеде **кірме сөздердің емлесі дыбыс жүйесінше жазылуы (фонетикалық) керектігі және сөздің аяғы қазақтың сөз жүйесіне көнуі, сонымен қатар орынсыз шет сөздердің түбірін бұзуға болмайтыны ескертіледі** [74, 102].

Емленің негізгі принципі фонетикалық болғандықтан кірме сөздерді әркім өзінше естіп, өзінше таңбалады. Сондықтан мерзімді басылымдарда кірме сөздер екі-үш, кейде одан да көп нұсқада жазылды. Мысалы, *Sodan kejin Gart qaltasъnan paperosъn alьp demin sonь men aldьrqandai volьp* //Содан кейін Қарт

паперосын алып демін соны мен алдырғандай болып (С. Камалұлы, 5-б.). *Qaharman papъjros tartъp otъrdъ/ Қаһарман парыйрос тартып отырды* (С.Камалұлы, 7-б.). *Съволъс “kълvijt” qazaq meniъ papъrosъmdъ sen urladъъ деп, сьerde сатqan multaq qajъъ мен Qaharmandъ салъp өtti //Сыболыш «кәлбійт» қазақ менің папыросымды сен ұрладың деп, жерде жатқан мұлтақ қайың мен Қаһарманды салып өтті* (С.Камалұлы, 7-б.). *Тек dъjnamъjt dyris etken сьрт иjqъ сьгадаi асълдъ // Тек дыйнамыйт дүріс еткен шырт ұйқы шырадай ашылды* (С.Камалұлы, 9-б.). *Dijnәmittъ Qaharmanнъ qasъna qojadъ// Дыйнамытты Қаһарманның қасына қояды* (С.Камалұлы, 10-б.). *Бja Divnajъp тьна sizderge алъp kele сатqan qarсъ, kәnvertti алмаq volъp аjqasqan ватъr деп kәnvertti nacalnikke verdi // ыйа Дунаеп мына сіздерге алып келе жатқан қаржы, кәнбетті алмақ болып айқасқан батыр деп кәнбертті нашалникке берді* (С.Камалұлы 7-б.). *Ujat volqan eken! – деп necalnik вәdik volъp аlaqtadъ// Ұyam болған екен! - деп нешалник бәдік болып алақтады* (С.Камалұлы, 18-б.). Бұл сөйлемнен папирос сөзі 3 (*paperosъn/ papъjros/ papъros*) түрлі нұсқада қолданылғанын, ал динамит (*dъjnamъjt/ dijnәmit*), начальник (*nacalnik/ necalnik*) сөздері 2 нұсқада қолданылғанын байқаймыз.

Қабылданған емледе *газ, губерния* тәрізді сөздердегі г әрпі сақталады деп көрсетілген. Алайда бұл ереже толық сақталынбай, сөз басында г әрпі к әрпімен де алмасып қолданылған. Мысалы, *1363 кектір орылған астықтың 31,4 гектірі гана майаланыпты, 153 кектірі гана бастырылған* («Сатсыйалды Қазағыстан», 26 август, №197. 1932 ж. 1-б.). *Осы тәрізді Германия атауы да г/к алмасуы арқылы: Мұнан бұрын германіде ұлтшыл-сатсыйалис көсемдерімен бірге жұмыс істеген, кәзір Парійжде тұратын мәшійнескіден алынған дәкумент оқылды. Бұл дәкументті мәшійнескеге белгілі бір ұлтшыл жорналис бастырған дәкументтің мазмұны рейқыстақты ұлтшыл-сатсыйалистер өртегенін әшкерелеген Оберпыронның көсемі* («Сатсыйалды құрылыс», 3 окт. №14. 1933 ж.). *Керманийенің тұс-тұсында жұмысшылар пашистер террорына қарсы забастопке, ереуіл жасап жатыр. Қаражат жыйнау жұмысында екпінді қызымет істеп жәнә оның барысы жөнінде дабыл қағып отырған жақсы ауыл кеңестеріне жәнә аудандық гәзеттер де мынадай сыйлық белгіленсін.* («Сатсыйалды құрылыс», 1 нояб. 1933 ж. №38. 1-бет); *Одақтық жұмысшы-қара шаруа ініспексйе алқасы «Ізбестийе», «Кәмсамолыскайа Пырабда», «Сатсыйалистыйшское пырабда» кәзеттері мен бірігіп пішен шабұу-жыйнау жана сүрлеу науқандарының барысын байлау тұралы екпінді екі жетілік жарыйалады* («Сатсыйалды Қазағыстан», 6 июль, №155. 1932 ж.).

Кірме сөздердің көпшілігі мерзімді басылым беттерінде **бірыңғай жіңішке** немесе **бірыңғай жуан** нұсқада жазылған түрлері де баршылық: [...] *жолсыздық істеген, өз ара сынға жол бермеген пактылері ашылды* (Сатсыйалды құрылысқа. 1 нояб. №38. 1933 жыл. 1-бет); *Жергілікті бақылау кәмесийелері бақылау мекемелері қайда болған, бұл пәктілерді неге білмеген?* («Сатсыйалды құрылыс». 1 нояб. №38. 1933 ж. 1-б.); *Берген зайапке бойынша, Өлкелік астық дайындау канторына Мәскеуден 130 мың ыдыс жіберілді.*



(«Сатсыйалды Қазағыстан», 6 июль, №155. 1932 ж.); *Бұл жағдай өлкелік кәнтөрдің «айлықты кәбійнетте отырып, шенеунійкше жүргізуу керек» деген пікірін қуаттайды* («Сатсыйалды Қазағыстан», 6 июль, №155. 1932 ж.). Тіпті кейбір кірме сөздер танымастай болып өзгергенін де байқауға болады. Мысалы, *Тағы біз... /Дегенше келіп, бір неме, /Пәлійсмен бе бір деме?*

Сонымен, орыс тілі арқылы енген кірме сөздердің дыбыстық жамылғысы көптеген өзгерістерді басынан өткізген тарихи құбылыс. 1929-1938 жылдар аралығында орыс тілінен енген сөздердің көпшілігі қазақ тілінің айтылымы бойынша жазылды. Аталған кезеңде ауызша каналдың функциясының басымырақ болуы негізгі фактор болып, сөздердің дыбыстық жағынан өзгерген түрлері молынан қолданылды. Кірме сөздер қазақ тілінің фонетикалық заңдарына бағынып, грамматикалық нормаларына сәйкестеліп, сөз жасау формаларына икемделді. Тілдік базадағы материалдардан байқағанымыз, 1938 жылға дейін кірме сөздер қазақ тілінің заңдылықтарына толықтай бағындырылды. 1929-1938 жылдар аралығында кірме сөздер дыбыстық құрамы мен тұлғасы өзгеріп, **сындырылды** («қазақшаланды»). Жалпы алғанда аталған кезеңде «кірме» дыбыстар **ұлттық орфографиялық жүйеге** сәйкестендірілді.

Сөйлеу кезінде дыбыстардың бір-біріне тигізетін ықпалынан көптеген заңдылықтар, ерекшеліктер, алмасулар, өзгерістер пайда болады. 1929-1938 жылдар аралығында орыс тілінен енген сөздерде дыбыстық алмасулар арқылы, комбинаторлық, позициялық фонетикалық процестер арқылы жасалған **эпентеза, апокопа, протеза** сияқты тілдік құбылыстар молынан байқалады.

Сөз ішіндегі дыбыстар құрамына жаңадан бір дыбыстың қосылып таңбалануы арқылы (протеза): *республика, литр, Сталин, школа* тәрізді сөздерді айтқанда [ы] дыбысы естілгендіктен, жазуда да таңбалап отырғандығын көруге болады. Мысалы, *Партыйаның жәнә көсеміміз Ысталиннің басқаруы мен табысты ілгері басалық деп Мырза жан сөзін бітірді* («Сатсыйалды құрылыс». 16 нояб, №49. 1933 ж.) *Одақтық жер кәмесарыйатының іреспублилік, Өлкелік, Обылыстық ....* («Сатсыйалды құрылыс». 3 окт. №14. 1933 ж.). *Өндіріс пұрағырамы бойынша 1933-жылы сыйыр пермісінен 63000 ілетір сүт сауылұудың орынына 1-өктәбірге 68790 летір сүт сауылған ал қой пермісінде сол сыйақты 10520 ілетір сүт сауылып, жоспары 105 пұрсент орындалған* («Сатсыйалды құрылыс». 16 нояб, №49. 1933 ж.). Сөздердің осылай жазылуына байланысты Қ.Жұбанов былай дейді: «Жазуды сыңар езу ультра-фонетик жолымен жазатын болған соң, естілуі, әр жолы әртүрлі, кейде болып, кейде түсіп қалып отыратын көмескі дауыстылардың емлесі мүлде шатысып, былығып кетті» [69, 126]. Шынында да, бір жерде селбеспелі дыбыс ескеріліп жазылса, екінші бір жерде ескерілмей жазылған тұстар өте көп.

Қазақ тілінің үндестік заңдылығына сәйкес *ромб, факт, фонд, банк* сияқты бір буынды кірме сөздер *ромбы, пәкті, понды, банкі* түрінде игерілді. Бұл мысалдарда қазақ тіліндегі *ы-і* қысаң дауыстылары – **эпитеза** жасаушы элементтер болып табылатындығы. Акценттік-фонетикалық процеске байланысты кірме сөздерде, қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне тән емес

қатар келген екі дауыссызы бар сөздер соңында **апокопа** құбылысы кездеседі: *текст – текіс, машинист – мәшійнійс* т.б. тәрізді сөздердегі [т] дыбысы түсіріліп таңбаланды.

Фонетикалық өзгерістерге байланысты екі дауыссыздың арасында дауысты дыбыс пайда болу арқылы жасалатын сөздер көптеп кездеседі. Кірме сөздерді қабылдап алғанда ана тілдің ерекшеліктеріне жатпайтын дербес тіркестерге (*про-, пре-*), жеке сөздерге байланысты пайда болған эпентеза құбылысы 1930-1937 жылдардағы баспасөз беттерінде көптеп ұшырасады. Дыбыстар комбинаторлық өзгеріске түсіп былайша жазылды: *Осылар мен қатар тырақтыр аксиесінтаратұу 5,5 пұрсентт орындалды да, орталық пішен мекемесінің 1-мүлиен 660 мың сомдық аксиесінен түк таратылған жоқ.* («Сатсыйалды Қазағыстан», 20 август. 1932 ж. 3-б.). *Бұл бірінші санды Қаріба ұлының бірігадісінен көбірек кездесіп отыр* («Сатсыйалды Қазағыстан». 20 август. 1932 ж. 3-б.). Орыс тілінен енген сөздердегі қос дауыссыз дыбыс аралығында **ы/ і, ұ/ ү** дыбыстарының естілуіне байланысты мынадай нұсқалар пайда болды: *24-өктәбірде пұрокұурор мекемесінде заң қызметкерлерінің кеңесі болды. Бұл мәжіліске пырокұурор мекемесінің сот-тергеу орындарының Өкіріктік жәнә Маңғыстау ауданының мелетсе мекемесінің қызметкерлері қатысты. Мәжілісте Теңіз ауданының пырокұуроры мен содыйасының байандамасы тыңдалды* («Сатсыйалды құрылыс». №14. 3 окт. 1933 ж.). *Пұрокұурор мен содыйаға пұркұурор мекемесі жанынан сот тергеу орны қызметкерлерінің кеңесін ашұулары мақұл деп саналсын* («Сатсыйалды құрылыс», №14. 3 окт. 1933 ж.). *Арыс аудандық пұркералл Тасболат ұлының қылмыстарын ашып, тез сотқа тартұу керек. Бұл жөнде қандай шара істегені тұуралы аудандық пұркерел басқарманы тез қабарландырұуын күтеміз* («Сатсыйалды Қазағыстан», №203. 3 сентәбрь. 1932 ж.). Сонымен қазақ тілінде **ы, і** қысаң дауысты дыбыстар 1938 жылға дейін фонетикалық принципке негізделді.

Кірме сөздердегі екінші, үшінші буындарында екі дауыссыз дыбыс аралығында қысаң дауыстылар бірде жазылып, бірде жазылмады. Мысалы, *sentäbir // sentäbr// sentabyr, өктäbir // өктäbr // oktabyr* т.б.

Орыс тілі – жылжымалы екпінді тіл. Орыс тілінде екпін сөз түбіріне, сөздегі қосымшаларға да түсуі мүмкін. Орыс тілінде екпін белгілі бір грамматикалық форма көрсеткіші ретінде қызмет атқарады, ал қазақ тілінде негізгі екпін сөз түбірінің соңғы буынына түседі, сондықтан қазақ тілінде екпін – грамматикалық мағына білдірудің өнімді тәсілі емес. Орыс тілінен енген сөздерде дауыссыз дыбыстарға қарағанда дауысты дыбыстардың өзгеруінде айырмашылық байқалады. Дауысты дыбыстардағы айырмашылық тікелей орыс тіліндегі екпінге байланысты деуге болады. Осыған орай П.М.Мелиоранский кірме сөздердің қазақ тіліне дыбыстық жағынан игерілуі туралы былай дейді: «При заимствовании слов из русского языка киргизы переделывают обыкновенно гласные данного слова, сообразуясь с гласной того слова, на котором в русском языке приходится ударение. Что-же касается согласных, то звуки и звуковые комплексы, несвойственные киргизскому языку, заменяются

другими подобно тому, как это делается в арабских и персидских словах, напр: мошенник – масандык» [113, 71]. Ғалым орыс тілі сөздеріндегі екпін түскен жағдайда дауысты дыбыстар өзгеруге бейім екенін, яғни орыс тілінде дауысты дыбыстың дыбысталуы тікелей екпінге байланысты дейді. Ал орыс тіліндегі кейбір дауыссыз дыбыстар қазақ тілінде ұқсас дыбыстарға алмастырылып игерілгендігін айтқан. П.М.Мелиоранскийдің осы тұжырымдамасына сәйкес орыс тілінен енген сөздер қазақ тілінің акцентті жүйесінде игерілгендігін дауысты дыбыстар арқылы байқауға болады.

В.А. Богородицкий де дауысты дыбыстардың өзгеруі екпінге байланысты екенін айтқан болатын, бірақ ол бұл жердегі екпіннің үндесу (сингармонизм) сипатын анықтайтын қасиеті болуы керектігін ескертеді [114, 204]. Дегенмен, бұл ережені жалпыға ортақ деп, яғни барлық кірме сөздерге қатысты деп түсінуге болмайды. Мысалы, *бочка, булка, пуховый, повозка, залог* деген сөздерде екпін жуан дауысты дыбыстарға түсіп тұр, сондықтан қалған дауысты дыбыстар қазақ тіліндегі сингармонизм заңы бойынша жуан дауысты болуы тиіс секілді. Ал қазақ тіліне кірме сөз ретінде енгенде бұл сөздердегі дауысты дыбыстар жіңішкеріп қабылданады, сөздер толықтай жіңішке айтыла бастайды: *бөшке, бөлке, бөкебай, пәуеске, залок*. Осыдан барып мынадай қорытынды шығаруға болады: бұл сөздер өн бойында өзге дыбыстық заңдылықтың ықпалын сіңірген және кірме сөздің екпін түскен дауысты дыбысы басқа дауыстылардың сапасына, яғни өзгеруіне барлық жағдайда негізгі ықпал ете алмайды. Бұған қоса оның өзі, келтірілген мысалда көрсетілгендей, өн бойындағы дыбысқа күшті фонетикалық әсер беру арқылы сапасын өзгертуі мүмкін. Бақылау нәтижесі бойынша бұл құбылыстар қазақ тіліндегі дауыссыз [к] және [г] дыбыстарының ерекшеліктеріне байланысты (дыбыстардың өзгеруін айқын көрсету үшін біз қазақ тіліндегі жуан және жіңішкелік белгілерін ь, ь пайдаландық).

Қазақ тілінде **к – к, ғ – г** жұп дыбыстарынан басқа дауыссыз дыбыстардың барлығы жуан немесе жіңішке болуы мүмкін. Әрине бұл буын жасаушы дауысты дыбыстың жіңішке немесе жуан болып келуіне байланысты. Бірақ артикуляциялық қатынаста олар бір-бірінен еш ажыратылмайды, айырмашылықтары болмайды. Яғни сөздің жуан немесе жіңішке айтылуы сөз мағынасына еш кедергі келтірмейді, мағына өзгермейді. Қазақ тіліндегі **к-к** және **ғ-г** дыбыстарының сапасы дауыстылардың сапасымен сәйкес келмейді, бірдей сипатталмайды. **к-г** дыбыстары алдыңғы буындағы дауыстылармен ғана үйлеседі. Қазақ тіліндегі тіл арты дыбыстары жеке тұрып фонематикалық мәнділікке ие және тек жуан дауыстылармен ғана буын құрайды. Орыс тілінде **к – г** дыбыстарының **къ – гь** сияқты қатаң-жуан жұп түрлері бар, ал қазақ тілінде бұл дыбыстардың ондай эквиваленті жоқ. Осыған орай қазақ тіліндегі тіл ортасы **К** дыбысы орыс тіліндегі тіл арты қатаң – жуан **къ** дыбысының орнына қолданылса, оның төңірегіндегі дауыстылар жіңішкелену (палаталдану) құбылысына ұшырайды.

**К** дыбысы өзі тұрған буынды түгелдей жіңішкелендіріп қана қоймай (мысалы, *болыскей* сөзі (польский), сондай-ақ жанындағы буындарды да, тіпті

бүкіл сөзді де жіңішкелендіреді. Мысалы, *пәуеске (повозка); бөтелке (бутылка)*, т.б. *счеты және щетка* сөздерінің қазақшаға кірігуі осы құбылысқа негізделеді. Себебі, екпін айқынды түрде бір дыбысқа түседі. *Счеты* қазақ тілінде *шот* деп, ал *щетка* – *шөтке* деп таңбаланды.

**К** дыбысының кірме сөздерді жіңішкелетуге ықпал ететінін В.А.Богородицкий де айтып өткен болатын. Бірақ ол жуан буынды сөздерде кездесетін жіңішке (палаталь) типті **к** дыбысы бастапқы позицияда-ақ өз әсерін білдіреді деп түсінді [114, 213]. Бұған қоса жіңішке буынның жіңішке емес буынға ауысуы сөздегі жіңішкеленбеген буынның ықпалы негізінде жүзеге асатынын атап өтеді [114, 212]. Бұл тұжырымдардан буынның жіңішкеру құбылысы алдыңғы буындарда көрініс табатынын байқауға болады. Дегенмен, ғалымның өзі былай қорытынды жасайды: кірме сөздердегі сингармонизм регрессивті және прогрессивті екі бағытта да байқалады [114, 213]. В.А. Богородицкийдің талдауынша, «идеалды немесе қалыпты жағдайдағы» сингармонизм үлгілері қазақ тілінде шексіз көп кездеседі, бірақ оның барлығы тек бірінші буынның сапасына негізделмеген.

Қырғыз тілінде [э] дыбысының болмауы **къ** мен **гъ** дыбыстарын **қ** және **ғ** дыбыстарына кірігіп кетуіне үлкен мүмкіндік болып саналады [114, 38]. Қазақ тілінде бұндай шарттылықтар шектелген.

**Қ** және **ғ** дыбыстары – қазақ тілінің өзіне тән арнайы дыбыстары. Орналасу, буын құрау ерекшеліктеріне қарай олар тіл арты дыбыстарының қатарына жатады. **Қ** дыбысы **къ** дыбысына қарағанда **хъ** дыбысына жақын келеді (**Қ** дыбысы тіл арқасының артқы бөлігінің таңдайдың артқы жиегіне келіп жымдасуы арқылы жасалады). Дегенмен, саңылау-желбезекті **хъ** дыбысына қарағанда **қ** – шұғыл дыбыс.

Қазақ тіліндегі **қ** және **ғ** дыбыстарының осындай өзіндік ерекшеліктерінің күші арқасында кірме сөздердің айтылуы күрт өзгеріске ұшырайды (әсіресе орыс тіліндегі **къ** мен **гъ** дыбыстарын ауыстырған жағдайда). Осындай артикуляциялық айырмашылықтар орыс тіліндегі тіл арты **къ** мен **гъ** дыбыстарын қазақ тіліндегі **қ** және **ғ** дыбыстарына ауыстырғанда қиындық тудырады. Мұндай ауыстырулар мынадай жағдайда ғана көрініс табады: **къ** мен **гъ** дыбыстарын жіңішке (палаталды) **к** және **г** дыбыстарымен кіріктіру (ауыстыру) мүлде мүмкін болмаған жағдайда, яғни олар екпін түскен жуан буында тұрса және қатысқан барлық дыбыстар (дауысты болсын, дауыссыз болсын) жуан болса, бірінің-бірі орын ауыстыра алмайды. Мысалы, *покрыв – боқырау; Фекла – Шоқла; карта – қарта; шкаф – ышқап; вокзал – бағзал*, т.б. Осы шарттардың біреуі орындалмаса, **къ** мен **гъ** дыбыстарын **к** мен **г** дыбыстарының орнына ауыстырып қолдануға әбден болады, ондай жағдайда сөздің да айтылуы өзгереді. Дегенмен, орыс тіліндегі жіңішке **къ** мен **гъ** дыбыстарымен сәйкес келе отырып, қазақ тіліндегі **қ** мен **ғ** дыбыстарынан гөрі бәрі бір артикуляциялық және акустикалық жағынан **къ** мен **гъ**-ға жақын дыбысталады.

**қ** мен **ғ** дыбыстары 30-жылдары орыс тілінен кіріккен дыбыстарды ауыстыруда кеңінен қолданылды. Олар орыс тіліндегі шұғыл жуан (қатаң) **къ**

мен **гъ** дыбыстарының субституты орнына жұмсалды. Мысалы, *кондуктор, фотография*, т.б. Сөздің осылайша емлеленуі алуан түрлілікті тудырды. Мысалы, *педагог және кондуктор* сөздері жазба тілде *педагогы, қандоқтыр* деп, ал ауызекі тілде *доктор* сөзі *дөгдір* (сондай-ақ *дөктір*), *конфеты* сөзі *кәмпійт; оглобля* сөзі *әглөп* деп қабылданды, оның *доқтыр, қампыйт, аглоп* деген варианттары туындай бастады.

Кейбір фонетикалық заңдылықтар барлық түркі тілдері үшін ортақ болып табылады. Сондықтан қазақ тіліндегі кірме сөздердің фонетикалық негізі басқа түркі тілдеріндегі заңдылықтар жағынан ортақ сәйкестіктерге ие болады. Бұған қоса өзге түркі тілдерінен қазақ тілін ажыратып көрсететін фонетикалық ерекшеліктер де кездесіп отырады.

Әсіресе орыс тіліндегі дыбыстардың өзгеруі, ауысуы көп жағдайда дауысты дыбыстардан байқалады. Бұл құбылыс, біріншіден, үндестік заңы бар екенімен түсіндіріледі, екіншіден, орыс және қазақ тілдеріндегі дауысты дыбыстар арасындағы айырмашылықтардың болуымен түсіндіріледі, үшіншіден, фонетикалық шарттылықтарға қарағанда орыс тіліндегі дауыстылардың қызметтік сапасы басым екендігімен айқындалады.

Салыстырылатын дыбыстарға жеке сипаттама бермей-ақ, белгілі бір дыбыстық өзгерістердің сипатын білдіретін негізгі фонетикалық факторларға тоқталсақ: **[а] дыбысының жазылуы**. Бірінші, екінші, үшінші, төртінші буындарда [а] дыбысына екпін түскен жағдайда, сөздің жуан немесе жіңішкелік қасиетіне байланысты [а], [ә] арқылы игерілді және таңбаланды. Бірінші буында: *[á]вгуст – aevgys//agus//aquvs, см[á]нция – stansa, ф[á]брика – pəvirig, тр[á]ктор – tiraktыр//tiraktir, м[á]стер – məstir, [á]дрес – ədiris*. Екінші буында: *букв[á]рь – vukiвар, комб[á]йн – kamвајьн, тир[á]ж – tijраç, февр[á]ль – ревьрал, плак[á]т – pulakat*. Үшінші буында, төртінші буында: *матем[á]тика – matemətjike// mətemətjike, партиз[á]н – partьjzan// pərtijzən, матери[á]л – materьjel// materьjal// məterijel* т.б.

І.Кеңесбаев орыс тілінің [а] дыбысы қазақ тіліндегіден гөрі жіңішкелеу естіледі дейді, ғалым *факт, акт, пассив* тәрізді сөздердегі [к] және [и] фонемаларының әсерінен [а] дыбысы қазақ тілінде ә-ге жуықтау айтылады дейді. Сонымен қатар ғалым негізгі морфемада келетін [а] дыбысы кейде [ә] дыбысымен ауыстырылатындығын көрсеткен [110, 235]. Ал Н.Уәлиұлы [а] дыбысының акустикалық белгілері жағынан ұқсас жіңішке вариациясы бар екендігін, яғни [а] инвариант фонеманың әлсіз позицияда [ә] варианты және [ä] вариациясы бар екендігін айтады [17, 167]. Авторлардың пікірлеріне қосыла отырып, *фабрика, трактор, мастер* сияқты сөздердің *pəvirig, tiraktыр, məstir* сияқты өзгеруіне [а] дыбысының әлсіз жағдайдағы [ä] вариациясының болуына байланысты деп ойлаймыз.

**[а] дыбысының екпін алдында және екпіннен кейін тұрғанда жазылуы**. Екпіннің алдында бірінші буындағы [а] дыбысы сөздің жуан немесе жіңішкелік қасиетіне байланысты [а], [ә] түрінде игерілді және таңбаланды: *плак[á]т – pulakat, матери[á]л – materьjel// materьjal// məterijel, анк[é]та – ənket, арт[é]ль – ərtel, мар[é]лка – tərelke, балъз[á]м – vəlzəm*.

Екпіннен кейін келген дауысты [а] дыбысы сөздің жуан немесе жіңішкелік қасиетіне байланысты және екі дауыссыздан кейін келген жағдайда қысаң *ы, і* немесе *е* дыбыстарына алмастырылды және солай таңбаланды: *т[ó]нна – топпь, в[а]нна – ванпь, б[á]нда – вандь*. Сөздердің бұлайша жазылуы алғашқы буындарға түсетін екпін қазақ тіліне қабылданып естілуінде, яғни сөздің соңындағы [а] дыбысы екпін түспегендіктен және көмескі естілгендіктен [ы], [і] алмастырылды. Осыған байланысты 1929 жылы Қызылорда қаласында өткен орфографиялық конференцияның қорытындысы бойынша мынадай Ереже қабылданған: **«Орысша «а»-ның алдында дауыссыз қос дыбыс келген – касса, тонна, фильма, ванна сықылды еуропы сөздері айағында екпін жоқ кезде «е» иа «ы» жазылады»**. Ережеге сәйкес екі дауыссыз дыбыстан кейін келген [а] дыбысы түсіріліп, қысаң [ы], [і] фонемалар таңбаланды.

1929 жылы қабылданған ереженің 19 тармағында сөздің аяғында келетін [а] дыбысының жазылуына байланысты мынадай шешім қабылданған: **«Орыс тілінде соңғы екі буыны ашық, жана соңғы «а» да екпіні жоқ фабрика, палата, смета, аптека сықылды сөздердің айағындағы а дыбысы жазылмайды»**. Сөздің аяғында келетін [а] дыбысына екпін түспеген жағдайда [а] дыбысы түсіріліп жазылды: *газет[а] – kəzet//gəzet*. [а] дыбысына аяқталатын сөздердің жазылуындағы мұндай ерекшелік орыс тілінің екпіннің бәсең айтылып, естілгенде [а] дыбысының түсіп қалуына байланысты. Ал сөздің аяғындағы [а] дыбысына екпін түскен жағдайда [а] дыбысы [е] дыбысына алмастырылды: *сумк[á] – sumke, щетк[а] – cətke* т.б.

**Орыс тіліндегі [е] дыбысының жазылуы.** Бірінші, екінші буындарға [е] дыбысына екпін түскенде мына түрде жазылды: *т[é]хника – teqnijke, пл[é]нум – pilenym, кр[é]дит – kiredijt*. Екінші буындағы [е] дыбысына екпін түскен жағдайда [е] жазылды: *дер[é]вня – derevine// derepne, пион[é]р – pijener, газ[é]та – kəzet//gəzet, анк[é]та – ənket, арт[é]ль – ərtel, конгр[é]сс – konigires*. Үшінші буында екпін түскен жағдайда [е] дыбысы өзгермей жазылды: *комит[é]т – kəmiotet// kamijtet, континг[é]нт – kəntijngenit*. Екпіннен кейін келген [е] дыбысының жазылуы: *дв[ú]гатель – divijgatel, м[ó]дель – model//mədel*. Екпіннің алдында [е] дыбысы өзгертілмей жазылды: *декр[é]т – dekiret, регр[é]сс – regires//regres, телеф[ó]н – telepon, телегр[á]ф – telegirap, рем[ó]нт – remont, респ[ú]блика – respubilijke, през[ú]диум pirezijdyt, дер[é]вня – derepne, февр[á]ль – reviral, матем[á]тика – matematijke, металл[ú]ргия – metallorgije*. Орыс тіліндегі иотталған [е] дыбысы сөздің жуан немесе жіңішке болуына байланысты *ие, йа* түрінде жазылды: *съезд – sьjaz* т.б.

**[о] дыбысының жазылуы.** Қазақ тілі төл сөздерінде тек бас буындарда ұшырайды. Ал орыс тілінде [о] дыбысы барлық буындарда келеді. [о] дыбысының әртүрлі позицияда келетін варианттарын екпін түскен жағдайға байланысты былайша көрсетуге болады:

1) екпін түскен сөздің басында жуан дауыссыз дыбыстың алдында келетін [о] дауысты дыбысы: *омут, опыт*;

2) екпін түскен сөздің қатаң дауыссыз дыбыстың ортасында келетін [о] дауысты дыбысы: *сон, том, толк, волос*.

3) екпін түскен сөздің қатаң дауыссыз дыбыстың аяғында келетін [о] дыбысы: *волокно, окно, бревно*. Бұл [о] дыбысының күшті позицияда жұмсалуды. Қалған барлық жағдайда [о] әртүрлі вариантта қолданылады, яғни [о]-ның естілуі, дыбысталуы күшті позициядағыдай емес, ілеспелі дыбыспен бірігіп айтылады.

Жіңішке дауыссыздан кейін, екпін түскен сөзге [о] дыбысының алдына ілеспелі дыбыспен естіледі, шартты түрде бұл дыбысты [ү] түрінде алуға болады: [н<sup>у</sup>ос], [с<sup>у</sup>ола] және тағы басқа.

Бірінші буындағы [о] дыбысына екпін түскен кезде [а] дыбысына ұқсас: *в[а]да, хор[а]шо, х[а]лодный* т.б.

[о] дыбысы сөздің басында екпін түспесе де [а] дыбысы арқылы естіледі: *[а]быскать, [а]тдавать, [а]живать* т.б.

Екпін түспейтін жағдайда [о] дыбысы әлсіз, қысқа, көмескі естіледі: *в[ъ]лноваться, х[ъ]рошо, м[ъ]локо* т.б.

Сонымен, орыс тіліндегі [о] дыбысының әлсіз жағдайда бір фонеманың бірнеше реңкте көрінетіндігі айтылды. Ал қазақ тіл білімінде [о] дыбысы сөздің абсолют басында ілеспелі дыбыспен естіледі. Бұл жөнінде академик Р.Сыздықова, Ә.Жүнісбек, Н.Уәлиұлы, Қ.Неталиева, М.Дүйсебаева және тағы басқа ғалымдар ауызша тілдің кодификацияланған нормасы ретінде көрсетеді. Жазба тілде қосамжар дыбыс таңбаланбай, тек негізгі фонема ғана таңбалады.

1929 жылы баспасөз беттеріндегі мысалдардан орыс тіліндегі сөзге екпін түскенде, бірінші және екінші буындарда буындағы [о] дыбысы сөздің жуан немесе жіңішкелік қасиетіне байланысты *о, Ө* ауыстырылып жазылғандығын көруге болады: *к[ó]нкурс – көнкүрис// конкүрис, к[ó]рпус – көрпіс//көрпіс, т[ó]нна – тонна*. Екінші буында: *рем[ó]нт – ремонт, налог[ó] – налог, кил[ó] – кело, ваг[ó]н – вагон//вөгөн //вөген*. Үшінші буында: *прокур[ó]р – пуркорол, комсом[ó]л – камсамол//кемсамол//кәмсамол*.

Екпіннің алдында және екпіннен кейін [о] дыбысы сөздің жуан немесе жіңішкелік қасиетіне байланысты [а], [ә], [о] фонемаларына алмастырылды. Екпіннің алдында: *комб[á]йн – камбайн, конфиска[á]ция – кәпеске, про[é]кт – пуроекіт, прокур[ó]р – пуркорол, комсом[ó]л – камсамол*. Конфискация сөзінің [ә] жіңішке фонемамен берілу себебі әлсіз позициядағы [к] жіңішке түрі бар екендігі.

1929 жылы ережеде *директор, сектор, сеператор, кондуктор, доктор, трактор* тәрізді сөздердің аяғында келетін **-тор** қосымшасы **-тыр, -тір** түрінде игерілді және таңбаланды [74, 108].

**[ы] дыбысының жазылуы.** Қазақ тілінде жүрдек, әрі көп кездесетін дыбыстардың бірі болып табылады. Бірнеше дауыссыз дыбыстардан басталатын немесе бірнеше дауыссыздан аяқталатын интернационалдық сөздерде басында немесе ортасында кездесетін жағдайда дәнекер ретінде жұмсалады.

І.Кеңесбаев орыс тілінің [ы] дыбысына қарағанда қазақ тіліндегі [ы] тілдің азын-аулақ кейін жиырылуынан пайда болғандықтан, жуанырақ естіледі дей

отырып, ғалым орыс тіліндегі *рынок* сөзі қазақ тілінде *ринок* түріне айтылады дейді [115, 237].

Орыс тілінде [ы] дыбысы көбіне қатаң дауыссыздан кейін келеді: *выговор* – *вьгауар*, *выпуска* – *вьпръске*, *выставка* – *вьстәрке//вьстәрпака*. Мысалдардан байқағанымыздай, [ы] дыбысы өзгертілмей жазылды. *Почтовый* сияқты сөздерде келетін сын есім сөздердегі [ы] дыбысы *-ый* қосымшасы *-ай* (*роставай*) қосымшасы арқылы түрленіп игерілді.

Екінші буындағы сөзге екпіннің ықпалымен [ы] дыбысы [е] дыбысы арқылы игеріліп жазылды: *бут[ы□]лка* – *вөтелке*. Орыс тілінен енген географиялық атауларда кездесетін, көптік мәнінде жұмсалатын *-ы* қосымшасы түсіріліп, таңбаланды. Мысалы, *Karpat* (*Карпаты*), *Alip* (*Альпы*) т.б.

**[и], [у] дыбысының жазылуы.** Орыс тілінен енген сөздерде [и] дыбысы қосар таңба арқылы таңбаланды. Бірінші, екінші, үшінші буындарда, екпіннің ықпалы арқылы және екпіннен кейін немесе екпіннің алдында келетін [и] дыбысы сөздің жуан немесе жіңішкелік қасиетіне байланысты **ьј** (**ый**), **іј** (**ій**) түрінде игерілді және таңбаланды: *дв[ú]гатель* – *divijgatel*, *баз[ú]с* – *vazijs*, *мин[ú]стр* – *mijnijstir*, *м[ú]нимум* – *mijnijmivm*.

Сөздің басында [и] дыбысынан кейін келетін фонема дауысты дыбыс болса, [і] дыбысы арқылы таңбаланды, ал [и] дыбысынан кейін келетін фонема дауыссыз дыбыс болса [ij] қосар таңба арқылы жазылды: *идея* – *ijdea*, *иерархия* – *ierarqija*, *импорт* – *ijmport*, *импульс* – *ijmpulis*, *идеология* – *ijdeolqije* т.б.

*Бригадир*, *командир* сияқты сөздердің аяғында келетін *-дир* қосымшасы *-дip* түрінде өзгертіліп таңбаланды: *virijgadir*, *kamandir* және т.б.

Орыс тіліндегі [и] дыбысы соңғы буында көптік жалғау ретінде танылатын *сутки*, *ботинки* сияқты сөздерде келетін [и] дыбысы [е] арқылы игеріліп *вәтиңке* (бәтiңке), *sotke* (сөтке) түрінде жазылды. Орыс тілінде [и] дыбысы сөздің басында немесе сөзге екпіннің ықпалы арқылы қазақ тілінде [е] дыбысымен ауыстырылып жазылды: *П[ú]сарь* – *pesir*; *б[ú]лет* – *velet* т.б.

**Орыс тіліндегі [у] дыбысының жазылуы.** [у] дыбысы сөздің басында және ортасында [о], [ө], [ү] фонемалары арқылы игерілді және жазылды: *Урал* – *Oral*, *уезд* – *yiez/oiaz*, *участка* – *ycacke* т.б. Бірінші буында [у] дыбысы сөздің жуан немесе жіңішкелік қасиетіне байланысты [о], [ү], [ө] фонемалары арқылы таңбаланды: *пулемет* – *pølemet*, *консультация* – *kansoltatsije*, *апортун* – *apartvyn*, *суд* – *sot*, *руд* – *put*, *бутылка* – *vøtelke*. Кейде екінші буында [у] дыбысы қысаң езуліктері арқылы алмастырылып жазылды: *округ* – *okirik//økirig*, *конкурс* – *konkiris//kønkuris*. Екінші буындағы [у] дыбысы екпіннен кейін [о], [ө] дыбыстары арқылы игерілді және жазылды: *закуска* – *zakoske* (*закоске*), *канюста* – *kapøste/ kaposte*.

**Кірге дыбыстардың жазылуы.** Орыс тілінің **х, в, ф, ц, ч, ё** дауыссыз дыбыстары қазақ тілінің артикуляциялық базасында болмағандықтан, қазақ тілінің фонетикалық жүйесінде бар ұқсас дыбыстарға алмастырылып таңбаланды.

**[х] дыбысының жазылуы.** Қазақ тіліне орыс тілі мен кітаби тілден енген дыбыстардың ішіндегі тағы бір кең тарағаны **х** дауыссыз дыбысы. Кірге **х**



дауыссыз дыбысының қазақ, орыс тілдеріндегі артикуляциялық белгілеріне келер болсақ, қазақ тілінде **х** дыбысы тілшік, тоғысыңқы, қатаң, ал орыс тілінде тіл арты, жуысыңқы, қатаң. Бұдан екеуінің арасында екі айырым белгі және бір ортақ белгісі бар екенін көреміз.

1929 жылы бұл әріп әліпби құрамынан мүлде шығарылған болатын. Ал орыс тіліндегі *химия, арахис, хром, хоккей* тәрізді сөздер сөздің жуан, жіңішкелігіне байланысты **қ, к** әріптеріне алмастырылды. Осыған байланысты 1929 жылы мынадай ереже қабылданады: **«Еуропаның ch-сы, орыстың «х»-сы, арап-парсының қ-сы жуан айтылатын сөздерде қ, жіңішке айтылатын сөздерде к арқылы жазылады»** [74, 106].

Баспасөз беттерінде орыс тілінен енген сөздерде кездесетін **х** дауыссыз дыбысы қазақ тілінде **қ** және **к** дыбыстарымен игерілді. Мысалы, *Кәлінің ауданының орталығы Кәскелең рәсөлкесінде «Қазағыстан 10 жылдығы» атты ірі қалқоз бар* («Сатсыйалды Қазағыстан», 26 август, 1932 ж. 1-бет). *Дүние пұролетарыйатының көсемі Сталин жолдас алдымызға ұлы міндет қойып отыр, ол міндет текнйкеге жетіліп алұу* («Лениншіл жас». Сентәбірдің 24, №219. 1938 ж. 4-б.); *Жақын арада меқ-зауыттың шойын құйатын сеқының бір жұмысының баласы нан алұуға барса кәртішкесінен б күннен қыйып нанды 5 күнге берген* («Лениншіл жас», Сентәбірдің 24, №219. 1938 ж. 4-б.). *Мұнай өзінің пезйкелік құрлыс пішіні жеке қыймйелік білім тексеруу лабораторыйасын жүргізууді қорытты* («Сатсыйалды құрылыс», 3 окт. №14. 1933 ж.).

**Орыс тіліндегі э дыбысының жазылуы.** 1940 жылға дейін сөздің барлық позициясында орыс тіліндегі **э** әрпі қазақ тіліндегі **е** әрпіне алмастырылды: *эбонит – евонит, экран – екран, эксперимент – експеримент, элемент – элемент, электр – электир, экономика – економитке, экватор – экватор, коэффициент – коериситент* т.б.

*Біз металшылдарды, көміршілдерді, теміржолшылдарды, электр шаруашылығында істейтіндерді, тоқымашыларды – еліміздің барлық жас патриоттарын бүкіл совет қалқының үлкен жана қуанышты мерекесі болатын – еңбекшілер депутаттарын жергілікті Советтерді сайлау...* («Лениншіл жас», нояб. 23, №267 1938 ж. 2-б.). *Ауа райының бұлтты, жауын-шашынды болуы екскурсиашылдардың көрмеге ағылып келуіне бөгет жасай алмады* («Лениншіл жас», дек. 25, №293. 1939 ж. 2-б.).

**Орыс тіліндегі [я] дыбысының жазылуы.** Орыс тілінен енген кейбір сөздерде дауыссыз дыбыстардан кейін келген **я** әрпінің орына **э** әрпі дауысты дыбыстан кейін және сөз басында келген **й+а** қосар әріппен жазылған.

1929 жылы қабылданған емледе **я** әрпінің жазылуына байланысты бір ғана ереже болды: **«еуропа, арап-парсы сөздерінің басында келетін иот қазақша «ж» арқылы жазылады. Ал енді ю – иу, я –иа түрінде жазылады. Сөз басындағы я – ж болады. Ямбы-жамбы, яков – жақып»** [74, 107].

Сөздің аяққы позициясында **[я]** дыбысы **[е]** дыбысына алмастырылды: *физиология – pizijologije+ler* (пизиологийе); *фамилия – pәmelije+ler*

(пәмеліейелер). **-я** дауыссыз дыбысына аяқталған орыс тілінен енген термин сөздер түгелдей «қазақыланып» қолданылды.


Сөз басында [я] дыбысы ғ әрпіне алмастырылды. Мысалы, *Съјнувар ајьнан bastap kјrјstј* («Сатсыйалды Қазақстан», 1932 ж. №156. 15-б.). Сөз ортасында [ә] дыбысына алмастырып таңбаланды: *sentәbir, oktәbirn* т.б.

**[в] дыбысының жазылуы.** Қазақ тіліне орыс тілінен енген дыбыстардың ішіндегі кең тарағандарының бірі **в** дауыссыз дыбысы. Бұл дыбыс қазақ және орыс тілінің артикуляциялық базасындағы ең үлкен айырмашылық кездесетін дауыссыз дыбыс. Қазақ тілінің артикуляциялық базасында астыңғы ерін мен күрек тіс арқылы жасалатын ұяң дауыссыз жоқ. Сондықтан фонетикалық жағынан өзара ұқсас дыбыстармен алмастырылып қолданылды.

Интернационалдық термин сөздерде кездесетін **в** әрпіне байланысты 1929 жылы қабылданған ережеде былай делінген: «**Шеттен кірген сөздерді ерін жығысты в дыбысы қазақша у әрпімен жазылады. Орыс сөздердегі в дыбысы екі дауысты дыбыс арасында келгенде у арқылы, сөз басында б арқылы жазылады. Бітеу буында орысша в сіңіп кеткен ескі сөзден басқа жерде ылғый п арқылы жазылады *сергеніп, аптамабіл***» [74, 106].

Жоғарыда көрсетіп өткеніміздей, бұл дыбыс негізінен қазақ тілінің артикуляциялық базасында жоқ, сондықтан қазақ тілінде [в] дауыссыз дыбысының фонетикалық белгілері түгелдей өзгереді, яғни орыс тілінде бұл дыбыс тіс, еріндік, жуысыңқы, ұяң болса, қазақ тілінде ерін, еріндік, жуысыңқы, қатаң кейде үнді дауыссыз дыбыстарға алмастырылып таңбаланды. Ережеде көрсетілгендей **в** дауыссыз дыбыс, сөздің басында еріндік және езулік [б] дыбысына алмастырылды және солай таңбаланды: *волость – болыс, валюта – балута, вариант – бариант, выставка – быстанке, варваризм – барбаризм* т.б. Әлсіз позицияда [в] дыбысы түсіріліп таңбаланды: *взвод – ызбот*. Интервокалдық жағдайда [в] дыбысы у-ға алмастырылды: *Москва – Мәскеу, самовар – самаурын, завод – зауыт* т.б. Сөздің аяғында және ортасында [п] арқылы берілді: *коллектив – көлектіп, кооператив – көператіп, выставка – быстанка, негатив – негатіп*.

Сонымен орыс тілінің тіс, еріндік, жуысыңқы, ұяң **в** дауыссыз дыбысы латын графикасы негізіндегі әліпбиде мынадай дыбыстармен алмастырылды:



**Орыс тіліндегі [ф] дыбысының жазылуы.** Орыс тіліндегі [в] дыбысының бір варианты **ф**. В.А.Богородинскийдің ойынша, орыс тілінде сөздің басында [ф] дыбысы жоқ, дауыссыз [в]-ның қысыммен айтқанда ғана пайда болады

дейді. Ғалым *лов, новь, в том, всегда*, сияқты сөздерді тыңдаушы *лоф, ноф, фтом, ф'с'әгда* түрін естіп, бірақ [ф] дыбысын емес [в] дыбысын таңдайды дейді [109]. Ал қазақ тілінде ызың дауыссыз [ф] дыбысы, қазақ тілінің шұғыл дауыссыз [п] дыбысына артикуляциялық жағынан жақындау болғандықтан, сөздің барлық позициясында **п** әрпі таңбаланған (*фаза – paza, факт – rakt, философия – rijlosorija, фонд – pond, фабрика – pəvirig*). Кей жағдайда сөздің басында **к, қ** әріптеріне алмастырылғанын да көреміз (*Федор – Қодар, фуфайка – күпәйке*).

Ал 1929 жылы емле ережесінде [ф] дыбысының жазылуына байланысты мынадай ереже қабылданған: **шеттен кірген сөздерде «ф» орнына «п» жазылады: *фильма – пійлме, физика – пійзіке*** [74, 107].

**Орыс тіліндегі [ё] дыбысының жазылуы.** Орыс тілінің «ё» дыбысы сөздің басында және дауысты дыбыстан соң «**и+о**» қосындысы арқылы берілді: *iolka, zaiom* т.б.

«ё» дыбысы «е» дыбысынан басқа дауыссыз дыбыстан соң келсе, «ө» әрпімен берілген: *aktər, mantər, pulemət, katəl, pələmkin, vidənni* т.б.

**Орыс тіліндегі [ц] дыбысының жазылуы.** **Т** және **с** элементтерінен құралғандықтан аффрикат дауыссыз дыбыс деп аталады. Аталған кезеңде **ц** дыбысы сөз басында негізінен **с** әрпімен берілді: *центр – sentir* (сентір), *цивилизация – siviļijzatsija* (сибійлійзатсйа), *центнер – sentiner* (сентінер). Сөздің аяғында келетін *кварц, жрец* сияқты сөздердің аяғындағы **ц – тс** арқылы берілгенін көреміз: *Жрец – çirets* (жіретс), *кварц – kvarts* (кбартс), *терция – tertsiya* (тертсйа) т.б.

Тек *шіркеу* (церковь) сөзінің қазақ тіліне кіру процесі күрделі болып табылады. Ғалымдардың пікірінше, *шіркеу* сөзі бірінші татар тілінен барып, кейін қазақ тіліне ауысқанын айтады. Мысалы: *церковь – чиркау, чиркяу, шіркеу*.

**Орыс тіліндегі [ч], [щ] дыбыстарының жазылуы.** **Ч – т, шь** элементтерінен құрылған, тіл алды, қатаң аффрикат фонема болып табылады. Орыс тілінде [ч] дыбысы [в], [й], [к], [л], [м], [н] дыбыстарынан кейін немесе алдында келеді: *почва, чья, очки, член, ночной, чмокать* т.б. Қазақ тілінде [ч] дыбысы кірме болып саналады. Аффрикат [ч] дыбысы қазақ тіліне орыс тілі сөздері арқылы енді. Орыс тіліндегі **ч, щ** әріптері, қазақ тілінде **ш** әрпіне алмастырылды: *чертеж – certeç* (шертеж), *участка – uvcaske* (үушаске), *щетка – cətke* (шөтке).

**Орыс тіліндегі [ю] дыбысының жазылуы.** **Ю** әрпіне байланысты 1929 жылы қабылданған ережеде [ю] дыбысын **и+у** арқылы таңбалау керектігі ескерілген. Ал жазу практикасында **ү+у** түрінде игеріліп жазылған түрлері де кездеседі. **Л** сонар дыбысынан кейін келетін [ю] дыбысы қосар **ув** (үу) түрінде таңбаланды: *революция – revolyvtsie, абсалют – avsolvyt*. Ал [о] дауысты дыбысынан кейін келген жағдайда **ju** (иу) арқылы таңбаланған: *союз – sojuz* т.б.

Сонымен, 1929-1938 жылдары қолданылған орыс тілінен енген сөздер қазақ тілінің заңдылығына бағындырылды. Жуан және жіңішкелік принципі қатаң сақталды. Жалпы бұл кезеңдегі қазақ жазуы жүйесі **ұлттық** сипатта болды деп

айта аламыз. Бірақ орыс тілінен енген кірме сөздер немесе интернационалдық сөздердің жазылуы бірнеше нұсқалықты құрады, бұл бірінші кемшілік болса, екінші кемшілік, кірме сөздерді таңбалауда тек қана фонетикалық принциптің басшылыққа алынуы. Осындай кемшіліктерге байланысты 1933 жылдан бастап, мерзімді басылым беттерінде Қ.Жұбановтың, Қ.Басымовтың, С.Жиенбаевтың, С.Аманжоловтардың бірнеше ұсыныстары жарияланады.

Кірме сөздердің көпнұсқалығы туралы 1933 жылы Бірінші Бүкілодақтық пленумда Пальмбах өзінің баяндамасында былай дейді: «В одних орфографиях заимствуемые слова пишутся согласно правилам правописания данного языка, причем эти слова подвергаются таким значительным фонетическим изменениям, которые нередко делают слово вовсе неузнаваемым. Это относится к якутской и адыгейской орфографиям, а также частично к казахской» дей отырып, автор якут орфографиясында *революция*, *большевик* сөзінің *yrəwəlytsyjə*, *vassaavьk* түрінде өзгеруі сөздің мағынасына зиян келгендігін атайды. Ал кейбір халықтар тілінде кірме сөздерді ешқандай өзгеріссіз, негіз сөзбен қосымшаны түпнұсқа арқылы беруге тырысқан. Мысалы, *коммунальный* сөзі *коттупалньj* (қарақалпақ), *мобилизовать* сөзі *товилizovajt* (қазан-татар). Осы отырыста А.Хашимов интернационалдық терминдерді орыс тілі орфографиясына бағындырып таңбалау керектігін айтады: «На русском языке надо остановиться потому, что он является нашими вторым государственным языком, он преподается в наших школах, и русское произношение слов привычнее другого ...» дей отырып, сөздер механикалық өзгеріске түсіп, бір сөздің бірнеше вариантта жазылуы бой көтеріп бара жатқандығын ескертеді. Ғалым *кооператив*, *комиссар* сөзі мерзімді екі түрлі нұсқада жазылып жүргендігін айтады (*коператив//кооператив*, *комиссар// комисар*) [67, 238].

30-жылдардың орта тұсында Қ.Жұбанов қазақ орфографиясын және әліпбиін өзгертуге байланысты жобасын ұсынады. 1929 жылдары қолданылған латынға бірнеше өзгерістерді енгізу арқылы 25 әріп, бір дәйекше белгісі бар әліпби жобасын жасайды. Ғалым жобасында қосар *үу*, *ұу*, *ый*, *ій* таңбалары бір ғана графемамен белгіледі, яғни *үу*, *ұу*-ды *u* арқылы, осы тәрізді *ый*, *ій* дыбыстарын *i* таңбасымен алмастыруға болады деп есептейді. Ғалым дауысты дыбыстардың жіңішке варианттары дәйекше белгісі арқылы ажыратылады деп көрсете отырып, былай дейді: «Твердые и мягкие разновидности гласных звуков обозначать не двумя разными буквами, как это имело место в существующем алфавите, а одной буквой». Ұсынған әліпбиде дауысты дыбыстардың жіңішке варианттарына арнайы таңба арнамай-ақ, дәйекше қызметін пайдалануды ұсынады: а – [a] [ə]; о – [o] [ə]; у – [y] [y]. Қ.Жұбанов «Ни одна из существующих букв, (употребляемых) для (изображения) согласных звуков, не может быть исключена из алфавита: они необходимы и затруднений с ними в письме мало» дей отырып, қазақ әліпбиіне **ф**, **h** және **x** таңбаларын алуды ұсынады [69, 243]. Автор кірме сөздерді жазғанда сөздің орыс тіліндегі түбірін сақтап, қосымшаны қазақ тілде жалғауды, сондай-ақ

туынды кірме сөздердің жұрнағын қазақ тілінде беруге болатынын ескертеді. Алайда ғалымның дәйекше қызметі бар бұл жобасы 1938 жылы енгізілмейді.

Сонымен, 1938 жылға дейін қолданылған әліпби жүйесіндегі бірнеше қиындықтарды шешу үшін Қазақ ССР-ның Орталық Атқару Комитеті мен Халық комиссарлары Советінің және Орталық Атқару комитетінің председателі, орынбасары Н.Өмірзақов, Ы.Тәжібаевтің ұйғаруымен 1938 жылы 1 қаңтардан бастап «Қазақ әліппесі мен орфографиясын біраз өзгерту туралы» қаулысы жарыққа шығады [85]. Бұл қаулыда қазақ тілінің емле кодексiне біраз өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Қаулы мынадай тармақтардан тұрады: а) емленің негізгі принциптері; ә) әліппе және дыбыс жіктері; б) дауысты, дауыссыз дыбыстардың бір-бірімен алмасып естілгендегі жазылуы; в) қысаң езулік дауысты **ы, і**-лердің жазылуы; г) **и, у** әріптердің жазылуы; д) орыс тілінде бар, қазақ тілінде жоқ дыбыстардың жазылуы; ж) сызықшамен жазылатын қос сөздердің түрлері; з) кейбір жалғаулықтардың жазылуы; л) бас әріптің емлесі. Осы ережеден кейін орыс тілінен енген сөздер фонетикалық принциппен емес, **түпнұсқалыққа жақындық** принципі бойынша жазыла бастады. 1929 жылғы ереже бірнеше өзгерістерге және жаңалықтарға толы болды. Айталық: 1) **х** дыбысының таңбасы әліпби құрамына ендіріледі. 1938 ж. дейінгі әліпбиде сөздің жуан-жіңішкелігіне байланысты өзгеріп жазылып жүрген сөздер, 1938 жылдан бастап түпнұсқа принципін басшылыққа алады: *колхоз* – *қалқоз* емес, *химия* – *қыймыйа* емес, *хлор* – *қылор* емес т.б.

2) **я** дыбысының жазылуы мынадай ереже арқылы толықтырылады:

- **я** дыбысы сөздің басында келгенде және дауысты дыбыстан соң келсе «**и+а**» қосындысы арқылы белгілеу (*Laroslavski, Iakutia, Ideia, Ialta, Koreia* т.б.)

- **я** дыбысы дауыссыз дыбыстан соң, сөз аяғында «**ия**» болып келсе де «**иа**» арқылы беру: *ispania, ximia, aksia* т.б.

- **я** дыбысы дауыссыз дыбыстан соң келгенде «**иа**» арқылы беріліп, егерде жіңішке естілсе тек **ә** арқылы беру: *izolatsia, Alaska, Tatiana, Məta* т.б.

3) **в** дыбысының таңбасы әліпби құрамына кіргізілгендіктен *бәгөн, бәкзәл* түрінде жазылып жүрген сөздер, түпнұсқаға жақындатып *вагон, вокзал* түрінде жазу;

4) 1929 жылы **ц** дыбысына байланысты бір ғана ереже болды. Ал 1938 жылы **ц** дыбысына байланысты тағы бір ереже қабылданады. Ол **ц** дыбысының сөздің орта және аяққы позициясында келген жағдайда **тс** қосындысы арқылы жазу ережесі. Мысалы: *konstitutsia, protses, printsip, solts* т.б.

5) **щ** дыбысы дауысты дыбыстан соң және сөздің ортасында қосынды **ш+ш** арқылы жазуға ереже қабылданады: *Miccantino, Blagoviccenski, Roccin* т.б. Ал **щ** дыбысы сөздің басында немесе аяғында, ортасында дауыссыз дыбыстан кейін келсе, тек бір ғана **ш** әрпімен таңбалауға байланысты ереже болды. Мысалы: *Cucie, Cedrin, coloc* т.б.

6) 1938 жылы **ю** әрпіне байланысты ереже толықтырылады. Ережеде сөздің басында дауысты дыбыстардан соң **ю** дыбысы қазақ тілінің қос **и+у** әріптерімен (*iuvilei, soiuz, kaiuta*), ал барлық дауыссыз дыбыстан соң **и+у** дыбысы тек **у**

әріпмен беріледі делінген (*revolutsia, budçet,ulleten*). *Biuro, viurokrat* сияқты сөздер қос **иу** әріптерімен таңбаланады деп ескерту енгізілген.

7) орыс тілінің **ё** дыбысы сөздің басында немесе дауысты дыбыстан кейін келген жағдайда **io** (*iolka, zaiom*) әріптерімен, ал дауыссыз дыбыстан соң дара **ө**-мен белгілеу: *aktør, mantør, pulemèt, katøl, pølømkin, vidønni* т.б.

8) **ф** дыбысының таңбасы әліпби құрамына кіргізілгендіктен бұрын **п** дыбысына алмастырылған сөздерді түпнұсқалық принципті басшылыққа алып **ф** арқылы жазу: *фабрика – пәбірiк емес, физика – пiйзiк емес*;

9) кірме сөздердің бастапқы позициясында келетін **о, е, и, у** дыбыстарын өзгертпей жазу: *пролетариат – purьltarьjat // pyreletarьjat // pьroletarьjat // puraletarьjat* емес. *Коммунист – көменес, кәменес, кәтiмiвнес* емес.

10) кірме сөздердің аяққы позициясында келетін **о, е, и, у** дыбыстарын өзгертпей жазу: *метро – метра емес, биро – бұйра емес, динамо – динами емес, самалөт – самалұт емес*.

8) сөздің аяғында келетін **в, д, г** дауыссыз дыбыстарын өзгертпей жазу: *Ленинград – Ленинграт емес, актив – әктiп емес, педагог – педагок емес*.

9) кірме сөздерде келетін екі дауысты дыбыс қатар жазылады: *зоология – зология емес, театр – тыйатыр емес* т.б.

11) орыс тіліндегі **-ист** қосымшасының тұрпатын өзгертпей жазу: *коммунист, социалист, натуралист*, ал бұл сөздерге жалғау қосылғанда **т** дыбысын түсіріп жазу: *натуралист+тiң* т.б.

«Түпнұсқаға жақындық» принципіне сәйкес алынған бұл ережелер 1938 жылдан бастап іске асырыла бастайды. 1939 жылдан бастап орыс графикасына негізделген қазақ әліпби жүйесіне көшіру жедел түрде жүргізіледі. Латын әліпбиі тұсындағы талқылау да бұл кезеңде бола қойған жоқ, тек «бұйыру», «нұсқау» етек алып, қазақ тіліне жат таңбалар мен белгілер (**ъ, ь**) молынан енгізіледі.

Осы кезден бастап бүгінгі күнге дейін кирилше негізінде жасалған қазіргі әліпби орыс тілінен енген сөздерді сол күйінде, икемделмеген күйде қабылдауға лайықталып жасалғаны белгілі. Қазір де аса қажетті болған термин сөздер қабылданып, жазу тәжірибесіне қолданысқа еркін еніп, тілдің дыбыстық жүйесін бұза-жарып жатыр. Соның салдарынан ұлттық тілдің табиғатын кері әсер ететіндей, тілде креолдану құбылысы етек алып келе жатқаны айқын байқалады. Осымен байланысты орыс тілінен енген сөздерді қазақыландырып жазу қолданысқа еніп, әдеби сөздіктер қатарынан орын алғанда, 42 әріптің бірқатары қазақ сөздерін таңбалауға мүлде қатыспайтыны, қазақы ұғымдар мен атаулар үшін жат екені аңғарылады. Мәселен, орыс тілі арқылы енген *роль, ноль* сөздерін *рөл, нөл* деп жазу тез қалыптанып, жіңішкелік белгісінің (**ь** таңбасының) артық екені өзінен-өзі белгілі болды.

Қазақ әліпбиіндегі басы артық әріптерді сұрыптап, тілдік болмысқа лайықтап, атап айтқанда, қазақи дыбысталымға (орфоэпияға), қазақи дыбыс жүйесіне (фонологиялық жүйеге) икемдеп қайта құру және әлемдік лингвистикалық деңгейіне сай етіп, жаңа тұрпаттағы әліпби жүйесін жасау, қазақ жазуының бірегейлендірудің бір жолы. Осы орайда акад. Р.Сыздықова

латын графикасына негізделген қазақ жазуының орфографиялық тәртібін түзуде ең басты назар аударылуға тиіс мынадай тұстарын (ұсыныстарды) атап көрсетеді. Алдымен ғалым латын графикасына негізделген ереже жүйесінің баптарын тізіп толық кодексін ұсыну қиын, өйткені алдымен графиканың қазақ тіліне сай нақты әліпбиі түзілуі керек дегенді баса айтады. Р.Сыздықова қазақ тілінің өзіне тән [ə], [ø], [i], [y], [y], [k], [f], [n] дыбыстардың таңбалары әліпбиде арнайы таңбамен берілу керектігін ескертеді. Ғалым латын және кирилше жазуымен бірдей келетін тақырыптарға қатысты емле баптары сақталады, яғни қос сөздердің, бөлек жазылатын сөздердің, бірге жазылатын сөздердің, шылау сөздердің, бас әріптің жазылуына қатысты ереже баптары көп өзгермейді. Тек бөгде тілдік сөздерге қосымшалардың жалғану ретіне байланысты және бөгде тілдік сөздерді қазақыландырып жазуға байланысты бірнеше емле баптары енгізілуі керек дегенді ескертеді [116].

Р.Сыздық орфография қосамжар болмауы үшін қазіргі қазақ әліпбиіндегі **ш, ц, ё, я, ю** әріптерінің және **ь, ь** белгілерінің таңбасын әліпби құрамынан мүлде алып тастап, қазақтың сөйлеу тіліндегі айтылуынша «қазақыландырылып» та жазылмайтын ереже баптарын қарастыру керек дейді [116].

Шындығында, ғалымның арнайы көрсетіп отырған **ш, ц, ё, я, ю** тәрізді әріптері қазақ тілінің тек фонемалық құрамына ғана емес, сол сияқты грамматикалық құрылымына да тіптен сәйкес келмейді. Жазуды күрделендіруімен қатар, көптеген шатасушылық туындатып, тілдің өзіндік табиғатына елеулі нұқсан келтіреді. Жалпы жазу теориясында уәжді және уәжсіз принцип бар. Бұл мәселені қазіргі кезде ғалымдар лингвистикалық және психологиялық жағынан қарастырып келеді. Лингвистикалық жағы – бұл әліпбидегі әріптердің саны негізгі дыбыстардан соншалықты алшақ кетпеуі, негізгі дыбыстармен тең түсуі т.б. Ал психологиялық жағын алар болсақ, жазу – адам ойының материалданып, жарыққа шығуының құралы. Сондықтан ұлттық санада немесе тілдік санада белгілі бір дыбыстың суреті жоқ дыбысты тіл арқылы жарыққа шығару немесе оны жазу өте күрделі. «Әліпбидегі әріптердің саны шамадан тыс көп болуы мектеп табалдырығын аттаған оқушыларымызға да оңай тимейді. Ана тілінің дыбыстарын бейнелейтін әріптерді мектепке келген балдырғандарымыз дыбысқа (уәжге) сүйеніп, тез үйреніп алады. Сөйтіп дыбыс пен әріптің байланысы оқушы санасында білімге айналады. Ал **ь, ь, ц, ш, ...** тәрізді таңбаларды дыбыстық уәжі болмағандықтан, жаттап алуына тура келеді. Қазақ тілінің дыбыс жүйесіне қатыссыз әріптерді жаттап, миға салмақ түсіреді. Бұл – мәселенің лингвистикалық-психологиялық жағы. 42 әріппен байланысты бұл қайшылықты, әсіресе ұстаздар қауымы жақсы біледі. Бұл жайт, жоғарыда айтқанымыздай, кирилше әліпбидің түкке алғысыздығынан емес, я болмаса кирилшені әуелде тіліміздің жүйесіне сай етіп ұқсата алмаған тіл мамандарының да кемшілігі емес. Қазақ лингвистерінің кәсіби біліктілік деңгейі қай кезде де төмен болған жоқ. Әліпбидегі түйткілдің түп-тамыры тоталитарлық жүйенің Кеңестер Одағындағы тілдерді, ұлттарды бірте-бірте ассимиляциялау саясатымен байланысты болды. Кеңестік кеңістікте халықтарды бір тілге көшіріп, Бабыл мұнарасын орнатып, көктегі коммунизмге

қол жеткізбек болған идеологиялық қысымның салдарынан кирилше әліпбиіміз бұрмалауға түсті. Қазақ әліпбиіне енгізілген *в, ь, ы, ц, щ* ... тәрізді әріптер алдымен халықаралық терминдерді, советизмдерді, онимдерді (жалқы есімдерді) орыс орфографиясымен жазу үшін енгізілген. Қазақ орфографиясы да сиям егіздері сияқты қосамжар орфография болып шықты. Қазақ мәтіндерінде қазақша жазылатын сөздер мен бөтен тілдің бөркін киген сөздер аралас-құралас жүрді. Сөйтіп, советизмдерді, интернационализмдерді, онимдерді Орталық орыс орфографиясымен бұлжытпай жазу үшін *ч, щ, ю, я, ь, ь, ц* ... тәрізді әріптерді енгізуге тіл мамандарын мәжбүрледі» [117, 82]. Сонымен, қазіргі қазақ әліпбиі ұлттық әліпби емес, қосамжар әліпби болып отыр. Осымен байланысты ғалымдар әліпбиді реформалау ең бірінші лингвистикалық түрткіжайтқа барып тірелетінін дәлелдейді. Екі тілдің орфографиясына қызмет ететін әліпбиге түбегейлі реформа жасау арқылы тіліміздің дыбыстық жүйесін нақты белгілейтін, оның өзіндік табиғатын бейнелеп қана қоймай, ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізетін жазу-сызу жасау керек деген пікірде. Себебі, қазақ тілі өзіндік дыбыстық жүйесі жағынан (әсіресе, дауыстылар тұрғысында) тіпті, жақын туыс түркі тілдерінен едәуір өзгеше болып келеді. Түркі тілдер тобындағы қазақ тіліне тән болып келетін фонетикалық жүйенің өзіндік ерекшелігі типологиялық аспектіде, яғни туыс емес тілдермен салғастыруда анағұрлым айқын көріне түсетіні сөзсіз. Қазақ және орыс тілдерін алатын болсақ, онда олардың арасындағы бірнеше ондаған елеулі өзгешеліктерді аңғаруға болады. Бұл, ең алдымен, дыбыстардың саны мен құрамына қатысты өзгешелік: қазақ тілінде барлығы – 29 фонема, 9 дауысты және 17 дауыссыз; ал орыс тілінде – 43 фонема, 6 дауысты және 37 дауыссыз. Мұндағы елеулі өзгешелік дыбыстардың жалпы санында емес, екі тілдегі дауысты және дауыссыз фонемалар жүйесінің мүлде бөлектігінде болып отыр. Ол нақты айтқанда осы тілдердің фонетикалық жүйесінің өзіндік табиғатымен, дауысты және дауыссыз фонемалардың сандық-сапалық ерекшеліктерімен байланысты.

Фонетикада «дыбыстың сапасы» ұғымы дыбыстың артикуляциялық-акустикалық сипатымен тығыз байланысты. Ол дауысты және дауыссыз фонемалардың айырымдық белгілерімен ерекшеленеді. Дауыстылар тіл қатынасына қарай жуан және жіңішке, жақтың қатысына қарай қысаң, ашық, еріннің қатысына қарай еріндік және езулік, ал дауыссыздар үшін жасалу орны мен тәсілі, үннің, салдырдың қатысуы және т.б. белгілер релевантты болып табылады.

Орыс тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жалпы типологиялық айырымдық белгілерімен қатар (жасалатын жері мен тәсілі, акустикалық сипаты), оған тән және бір қосымша белгі бар – ол палатализацияның болуы немесе болмауы. Басқаша айтқанда, орыс тілінде жуан және жіңішке дауыссыздар бар және олар фонемалық деңгейде бір-біріне қарама-қарсы қойылған (*дал – дал, мол – мол, сидит – сидет, ходок – ходьба* және т.б.). Ал қазақ тілінде, бұған ұқсас палаталданған дауыссыз дыбыстар жоқ. Қазақ орыс тілінің орфоэпиялық нормаларын меңгерудің қиындығы да осында, яғни *л, ж, ш, д, т* және т.б.



палаталды дыбыстарды айтудағы қиындық болып отыр. Бірақ қазақ тілі дауыссыздарындағы «жіңішкелік» пен орыс тілі дауыссыздарындағы жіңішкелік бірдей емес. Орыс тілінде олар әлдеқайда жіңішке болып келеді. Мұндай жағдайларда, әдетте орыс тіліндегі жіңішке дауыссыз дыбыстар қазақ тіліндегі біршама «жіңішке» дыбыстармен «айтылады», сол сияқты керісінше де болуы мүмкін. Белгілі бір позицияларда орыс тілінің палаталданған дауыссыздарын қазақ тілінде палаталдану деңгейі жоғары болмайды.

Сонымен қатар типологияда анықталғандай, дауыстыларының мөлшері басым келетін тілдерде, олар, әдетте тілдерде белсенді рөл атқаратын болса, ал дауыссыздар – пассив болып келеді, ал дауыстыларының мөлшері аз кездесетін тілдерде (орыс тіліндегідей) дауыссыздар белсенді рөл атқарады [118, 132]. Бірінші типтегі тілдердің жарқын мысалы қазақ тілі болып табылады. Мұнда, шын мәнінде дауыстылар белсенді болып келеді. Қазақ тіліндегі дауыссыздардың жуан немесе жіңішке болып айтылуы дауысты дыбыстарға байланысты, жуан және жіңішкелігіне қарай фонологиялық қарама-қарсылық толығымен жоқ: *бар – бәр, мал – мэл, тор – төр, тал – тел* және т.б.

Басқаша айтқанда, қазақ тілінде тек дауыстылардың ғана емес, сондай-ақ дауыссыздардың да үндестігі (үндестік заңы) бар. Ал бар-жоғы алты дауыстысы бар орыс тілінде дауыссыздар белсенді рөл атқарады. Олар дауысты фонемалардың жуандығын немесе жіңішкелігін айқындайды. Бұл құбылысты төмендегідей мысалдармен көрсетуге болады: *мал – мял (м ал), танк – тянет (т анет), сад – сядь (с ад), воз – вяз (в оз)* және т.б.

Сонымен, орыс тілінде жуан және жіңішке дауыссыздардың фонологиялық қарама-қарсылығы (оппозиция) бар. Орыс тілінің фонетикалық жүйесіндегі түркі тілдерінен, оның ішінде қазақ тілінен ерекшелейтін басты өзгешелік те осы болып табылады. Түркі тілдеріндегі кирил әліпбиінің көп жағдайда сәйкес болмауы орыс фонетикасының дәл осы ерекшелігімен байланысты.

Мәселе мынада, орыс тілінде жіңішке дауыссыздарды таңбалайтын арнайы әріптер жоқ. Жазуда оларды таңбалау үшін мыналар қолданылады:

а) жіңішкелік белгі (*быть, моль, резьба*);

ә) **я, ю, ё** тәрізді арнайы графемалар дауыссыздың жіңішкелігін білдіреді (*тянет, тюк, учет*);

б) дауыссыздардың тілалды дауыстылармен тіркесуі арқылы (*идти, дети, лихо*) және т.б.

Бұл қосымша таңбалар мен графемалардың барлығы қазақ жазуындағы кирилше әліпбиінде сақталған. Әрине, бұлар қазақ тілінің тек фонемалық құрамына ғана емес, сол сияқты грамматикалық құрылымына да тіптен сәйкес келмейді. Осыған байланысты мына жағдайды ескерте кеткен артық болмас. Түркітанушы ғалымдар түркі тілдерінде кирилше әліпбиі қолданыла бастағаннан бергі уақыттарда бұл әліпбидің түркі тілдері үшін тиімсіз екендігін, оны ең болмағанда өзгерту, жетілдіру қажеттігі жөнінде айтумен келеді. Осы ретте белгілі түркітанушы ғалым Н.А.Баскаковтың пікірін келтіре кетейік: «Әрбір сөзіндегі морфемалардың, белгілі бір буындарының жекелеген дара мағыналары болатын түркі тілдерінің құрылымдық сипаты әр әліпбидің

әдістемелік тұрғыдан осындай морфемалар мен буындардың жік-жікке бөлінуін сақтауға ықпал етуін талап етеді, сондықтан түркі тілдері үшін, мәселен, әліпбилерде дауыстылар мен дауыссыздардың бірігуін білдіретін дыбыстарды сақтап қалу принципі тиімсіз, мысалы, орыс әліпбиіндегі *я, ё, ю* әріптері» [119, 7]. Екінші бір түркітанушы-ғалым И.В.Кормушин де *я, ё, ю, е* графемаларының қолданылуын жіңішке дауыссыздары бар тілдердің өзіндік ерекшелігімен байланыстыра отырып, былай деп атап көрсетеді: «... КСРО халықтарының ішінде ненец және кавказ тілдерінің кейбіреуінде ғана жуан және жіңішке дауыссыздар бар... ал қалған тілдерде орыс әліпбиіндегі *я, ю, ё, е* дыбыстарынан бас тартуға болатын тәрізді» [120, 16].

Жоғарыдағы ғалымдардың тұжырымдарын ескере отырып, орыс графикасына негізделген қазақ нұсқасындағы **я, ю, ё, щ, ч** графемалары қандай қызмет атқаратынын басын ашып алу керек сияқты.

Жалпы **я, ю, ё** әріптері дыбыстардың қосындысын білдіреді. Мұндай дыбыстардың қосындысы қазақ тілінде екі вариантта (жуан және жіңішке), яғни *йа – йә, йу – йү* түрінде кездеседі. Сондықтан мұндай әріптерді әліпби құрамынан мүлде алып тастауға болады. Өйткені қазақ орфографиясында *йа – йә* тәрізді әріптік тіркестермен беруге болатын прецедент бар. Сөз басында және дауысты дыбыстардан кейін келетін **я** әрпін қосынды **й+а** немесе **й+ә** арқылы таңбалауға әбден болады. Мысалы: *қойан, тайақ, аяа, майа, сайа, қийа, сийа, тұйақ, сайақ*. Ал орыс тілінен енген кейбір сөздерде дауыссыз дыбыстардан кейін келген **я** әрпінің орына **э** әрпі, дауысты дыбыстан кейін және сөз басында келген сөздерде **й+а** қосар әріппен жазуға болады. Мысалы: *отрад, снарад, аккумулятр; йадро, йахта, йарус*. Осы тәрізді **ю** әрпін әліпбиден алып, орнына **й+у** қосар таңбасы арқылы таңбалауға болады. Мысалы: *айу, ойу, кейу, көркейу, айуан, айуанат, хайуан, хайуанат, кейуана, миуа, диуана, қиуа, қиуаз*. Орыс тілінен енген сөздерде **й+у** дауыссыз дыбыстан кейін келгенде дара **ү** әрпін жазуға болады. Мысалы: *бүджет, полүс, лүкс*. Бұлай таңбалау 1920-40 жылдары қолданылған жазу жүйемізде болған.

Орыс тілінде дауыссыздың жіңішкелігін білдіретін **Её** әрпі қазақ жазуы үшін тіптен артық болып табылады, өйткені 1930-40 жылдары бұл таңбаларды екі әріп тіркесімен беруге болатын жазу жүйесі қалыптасқан. Сондықтан орыс тіліндегі **ё** дыбысын қазақ тілінде **й+о, й+ө** қосындысы арқылы және кей жағдайда **ө** арқылы да беруге болады. Мысалы *щётка – шөткі, ёлка* (шырша) – *йолкі* сөздерінде ғана кездеседі. Сондықтан латынша емледе бұл типтес сөздер қазақ тілінің ерекшелігіне байланысты дұрыс жазылуын қуаттаймыз.

**Щ, ц, ч, ш, э** тәрізді әріптер латын графикасына негізделген әліпбиге кіргізілмеуі тиіс. 1929-1938 жылдардағы жазу практикасында бұл дыбыстардың жазылу механизмдері толықтай болмаса да жартылай жасалып үлгерген. Сондықтан бұл дыбыстарды бір әріппен немесе екі әріп тіркесімен жазуға толық мүмкіндік бар.

**Щ** дыбысын **ш** әрпімен беруге болады. Мысалы: *щетка – шөтке* т.б.

**Ц** дыбысын бұрынғы латын жазуындағы тәжірибемізге сүйене отырып, **ц** дыбысының сөз ішінде келу позициясына байланысты таңбалауға болады.



жазу үшін арнайы ереже баптары қарастырылуы және жасалуы болашақтың ісі дей отырып, біздің тарапымыздан мынадай екі принципті ұсынамыз. Бұл «жуан – жіңішкелік» және «түпнұсқалыққа жақындық» қағидаттары болып табылады.

**Кесте 1.** Шеттілдік сөздердің қазақ орфографиясы өзгерістеріне сай жазылуы.

Рет саны		Орыс орфография -сында	1929 жылғы орфография	1938 жылғы орфография	Қазіргі орфография
1	грек. <b>praktikos</b>	<i>практика</i>	<i>praktijke</i>	<i>praktika</i>	<i>практика</i>
2	грек. <b>texnike</b>	<i>техника</i>	<i>teqnijke</i>	<i>texnika</i>	<i>техника</i>
3	лат. <b>trahere</b>	<i>трактор</i>	<i>търактър</i>	<i>traktor</i>	<i>трактор</i>
4	лат. <b>institutum</b>	<i>институт</i>	<i>inistijtyt</i>	<i>institute</i>	<i>институт</i>
5	лат. <b>agent</b> (agentis)	<i>агент</i>	<i>agent</i>	<i>agent</i>	<i>агент</i>
6	лат. <b>cursus</b>	<i>курс</i>	<i>kørs //kyrs</i>	<i>kurs</i>	<i>курс</i>
7	лат. <b>communisme</b>	<i>коммунизм</i>	<i>kəmynes //kəmyvnes</i>	<i>kammunist</i>	<i>коммунист</i>

Қорыта келгенде, XVIII ғасырдың басында кирил әліпбиінің негізінде Петр патша арнайы жасаған және орыс тілін жазуда беру үшін өте тиімді икемделген орыс әліпбиі өзге жүйедегі қазақ тілінің (кеңірек айтқанда – түркі тілдерінің) дыбыстық жүйесін беруде үлкен қиындықтар туындатып отыр. Шешілуі қиын болып отырған кедергілер аз емес деуге болады – орфографияның күрделенгендігінде сөз жоқ, ал күрделі орфография орфоэпияға, айтылымға кері әсерін тигізеді. Ә.Жүнісбек қазіргі әліпбиімізді «қазақ әліпбиі» деп атаудың еш реті жоқ дейді. Өйткені ол «қазақ әліпбиі» емес, «қазақ-орыс әліпбиі», тіптен ақиқатын айтып, «орыс-қазақ әліпбиі» десе де болады деген еді [121]. Қазіргі кездегі қазақ тілі қолданылып отырған ортадағы өзгеріске ұшыраған тілдік ахуалды ескерген жөн. Егер 40-50 жыл бұрын қазақтар өздерінің ана тілдерін жетік біле отырып, орыс тілін меңгерсе, кейінгі онжылдықта қазақтардың басым бөлігі балаларын орыс мектерінде оқытқан жағдайларда, енді орыс тілі арқылы ана тіліне қайту үрдісі бел алып отыр. Әрине, осындай жағдайдағы әліпбилердің ұқсастығынан қазақ тілінің нағыз табиғи айтылым нормаларын жетік меңгере қою аса қиын шаруа. Сондықтан да әліпбиді жетілдіру мәселесі, ең алдымен, тілдің қазіргі кездегі жағдайына қамқорлық таныта отырып, тілді дамыту перспективасын және оны сақтау шараларын қамтиды. Сөзімізді түйендей келе, мынадай қорытынды шығаруға болады: **туыстығы әр басқа екі семиотикалық жүйеге қызмет ететін таңбаларды (орыс және қазақ тілі) біріктіруге болмайды.**

## 2.9 «Бұрынғы латынның» тағылымы және оның қазіргі кездегі латын графикасына негізделген жаңа әліпбимен сабақтастығы

Кез келген ұлттық қоғамдастықтың ұлттық бірегейлігі тарихи, саяси, мәдени, тілдік, территориялық, діни, өркениеттік және т.б. әртүрлі факторлармен анықталады. Ұлттық бірегейлікті сақтауда аталған факторлардың әрқайсысының атқарар рөлі ерекше. Соның ішінде біз жеке-дара бөліп алып

карастырып отырған тілдік фактордың өзіндік маңызды қызметі бар. Ал тілді тұрақтандыратын, асқақтататын – оның әліпбиі, яғни жазуы. Жер бетін мекен еткен барша халық өзіндік ұлттық мұраларын осы жазу арқылы ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп келеді. Әліпби – ұлттың рухани байлығы. Жазу – ұлттың рухани қазынасын, мұрасын, ғылымын, көркемөнерін, әдебиетін, мәдениетін сақтаушы қойма.

Жазу мәдениеті өте ерте заманда қалыптасқанымен, әлем халықтары арасында жазудың негізгі үш түрі (латын, араб, кирил) кең қолданысқа ие.

Орта ғасырларда бүкіл Еуропа халықтарына кең таралған латын әліпбиі грек жазуы негізінде пайда болған. Дегенмен, әрбір халық (тілі) әліпбиін өз тілінің дыбыстық жүйесіне лайықтандырып, әріптердің мағынасын сақтап, формасын ғана өзгеріске түсірген. Еуропаның сексен пайыз, Азияның елу шақты, Африканың жүз отызға тарта, Американың алпысқа таяу халқы осы графика үлгісін қолданып келеді. Латын әліпбиінің тіл ерекшелігіне бейімделгіштігі және жазудағы икемдігіне көз жеткізген басқа да әлем халықтары оны өз әліпбиі ретінде қолданысқа енгізуге бет бұра бастады.

Еуразияның кіндігінде орныққан түркі тілдес халықтар өткен ғасырдың 20-жылдары осы әліпби негізінде жазуын дамытқаны тарихтан мәлім.

Жазу мәдениетіне саясаттың кереғар ықпалының нәтижесінде әліпбиін өзгертуге мәжбүр болған осы түркі тілдес халықтардың ішінде тек қана Түрік мемлекеті латын графикасына негізделген жазумен сауаттанып келеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы лебі соғылып, Кеңес Одағының ыдырауымен түркі тілдес тәуелсіз республикаларда түркілік идея бас көтере бастады. Ұлттық бірегейлікті бекіту мақсатында қазақ зиялылары түркілік түбірге назар аударды. Қазақ жазуын латын графикасына көшіру туралы мәселе қазақ зиялы топ өкілдерінің бастамасымен, 1989 жылы «Тіл туралы» Заңның қабылданысымен ақ көтерілген болатын. Осындай әрекеттер өзге де түркі тілдес республикаларда орын алып, бұл үдерісті ашық қолдаған, өзінің сыртқы саясатында басқа түркі тілдес елдермен байланысын нығайтуды мақсат еткен, ортақ түркі әліпбиі идеясын шабыттандырушы, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің түрлі салалық институттары мен жоғары мектептері, университеттерімен қарым-қатынас жасаудың инициаторы **Түркия** елі болатын.

Түрік мемлекетінің ұстанымы бойынша, түркі тілдес елдер өркениетін нығайтудың негізгі мәні мәдени құндылықтарда жатыр. Түркі мәдени бірегейлігін қалыптастыруда басты рөлді түркі тілдерін латын графикасына көшіру атқаратыны белгілі.

1991 жылы Түрік үкіметі Анкара қаласында ұйымдастырылған жиынға Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Өзбекстан және Түрікменстан мемлекеттерінің тіл білімі ғылымының жетекші мамандарын шақырады. Мұнда аталған мемлекеттердің негізгі халқының латын графикасына өту мәселесі талқыланады.

Жыл сайын Түркия және тәуелсіз түркі мемлекеттерінің саясаткерлері мен ғалымдарының қатысуымен конференциялар өткізіледі\*.

1992 жылы тағы да Түркия мемлекетінде түркі халықтарының бүкіләлемдік конгресі өтеді. Қазақстаннан бұл жиынға 50 делегат қатысады. Конгресс күнтізбіндегі мәселелер арасында түркі халықтарының жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесі де бар болатын. Осы жиынға қатысқан академик-тілші ғалым Ә. Қайдар бастаманың конгреске қатысушылар тарапынан кең қолдау тапқандығын, латын графикасы түркі халықтары тілінің ортақ әліпбиі ғана емес, олардың мәдени, рухани, әдеби, тағы басқа да байланыстарының іргетасы болуы қажеттігін айтады [122].

Конгрестен қайтқан академик-тілші ғалым Ә. Қайдар қазақ жазуының латын графикасына өтуі кезек күттірмейтін аса қажеттілік екенін негіздеп, үлкен мақала жариялайды. Соңын ала осы мәселе бойынша ел Президентіне де Ашықхат жолдайды.

Осы хат негізінде ел Президенті әліпби ауыстыру мәселесіне байланысты қоғамдық пікірді зерттеу үшін өкілетті органдарға тапсырма жүктейді [123, 2].

Тіл комитеті тарапынан ұйымдастырылып, ғалымдардан, әдебиет және өнер, қоғам қайраткерлерінен, мемлекеттік мекемелер өкілдерінен құрылған комиссия қазақ жазуын латын графикасына көшіру бойынша келіп түскен жобаларды сараптау жұмысын бастап кетеді.

1995 жылы март айында Қазақстан халықтары ассамблеясының бірінші сессиясында Н. Назарбаев латын графикасына өту мәселесі қоғам мен мемлекет назарынан тыс қалмау қажеттігін қозғағанымен, не үкіметке, не басқа мемлекеттік органдарға нақты тапсырма берген жоқ.

---

\* 1991 жылдың қараша айының 18-20 күндері аралығында Стамбулдағы Мармар университетінде өткен конференцияда КСРО құрамында болған түркі мемлекеттеріне қазіргі таңда Түркияда ортақ латын әліпбиі негізінде қолданылып отырған **29 әріптен** тұратын әліпбиді тағы бес әріппен толықтырып қолдануды ұсынды. Аталмыш әліпби барлық түркі тілдес халықтар үшін ортақ әліпби болады және олардың әрқайсысы оған өзінің тілдік ерекшеліктеріне байланысты өзгертулер енгізе алады деп болжам жасалады.

Осы мәжілістен соң 1992 жылы 19-21 маусым аралығында Стамбулда Түрік Республикасының президенті Тұрғыт Озалдың бастамасымен Түркия және бес түркі мемлекеттерінің үкіметтік делегацияларының жоғарғы деңгейдегі кездесуі болып өтеді. Осы бірінші кездесу барысында және 1993 жылдың 8-10 наурыз аралығындағы Анкарада өткен кездесуде Әзірбайжан, Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркияның Мәдениет министрлері ортақ әліпби мәселелерін күн тәртібіне түсіріп талқылайды. Сонымен қатар, 1992 жылдың 4-8 маусымы аралығында Анкарада, 1992 жылы 22 маусымда Мюнхенде, 1992 жылы қараша айының 26-27-і күндері Анкарада, 1993 жылдың 21-23 наурыз күндері Анталияда Түркия және посткеңестік түркі мемлекеттерінің ғалымдары кездесу өткізіп, ортақ әліпби мен орфография мәселесін ұзақ талқылайды. 1993 жылы қыркүйектің 22-26-ы күндері аралығында Түркияның мәдениет министрлігі ұйымдастырған, Анкарада өткен, Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан және Түрікменстан мемлекеттерінің тіл мамандары қатысқан конференцияда ортақ жазудың оң және теріс жақтары талқыланады. Күн тәртібінде бір ғана мәселе – түркі халықтарын тек Түркияда ғана қолданылып отырған латын әліпбиіне негізделген ортақ жазуға көшіру болды. Мамандардың талқылауы мен пікір алысуынан соң, түркі халықтары үшін бұл әліпби ортақ және өздерінің тілдік ерекшеліктеріне байланысты өзгертулер енгізуге болатындай келісіммен, ғылыми негізде жасалған **34 әріптен** тұратын әліпби жүйесі қабылданады. Осыдан кейін Өзбекстан, Әзірбайжан, Түрікменстан мемлекеттері біртіндеп жаңа әліпбиге көшті.

Ал 2007 жылы 27 ақпанда Қазақстан Республикасы Президенті **Н.Назарбаев** Қазақстан халықтары ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру мәселесіне қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де, латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңістік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның плюстері мен минустарын зерделеп алуымыз керек» – деген-ді.

Осыған байланысты Білім және ғылым министрлігі латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшу шараларын А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының құзырына тапсырған болатын. Аталған институтқа Философия және саясаттану, Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер және Экономика, Информатика институттарының ішінен ғылыми қызметкерлер, орындаушылар тағайындалып, латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбилерінің жобалары талқыланды, жаңа әліпбиге кететін экономикалық шығындар есептеліп, халық арасында түрлі әлеуметтік сауалнамалар және шетелдік тәжірибелер қарастырылып, сараптамалар, ғылыми негіздемелер жасалды.

Алайда қазіргі Қазақстан қоғамында өзекті мәселе болып тұрған қазақ жазбасын өзгерту — әліпби мәселесі басы ашық күйінде қалып отыр. Оның басты себебі — ғалымдар, қоғам, өнер қайраткерлері арасындағы әртүрлі көзқарастар мен пікір қайшылықтары. Өз ұстанымдарын негіздеуге тырысқан зиялы топ өкілдері бір тоқтамға келген жоқ.

Сонымен, қазіргі қазақ қоғамында әліпби реформасын жасау мәселесіне қатысты төрт түрлі көзқарас қалыптасқан. Бірінші топ **орхон жазуына** өту керек десе, екіншілері А.Байтұрсынұлы реформалаған **араб әліпбиі** негізінде жасалған төте жазуды қайта ұстануды қолдайды. Үшінші топты құраушылар **қолданыстағы әліпбидің** кемшін тұстарын реформалау керек, ал басқа әліпбиге көшу халықты сауатсыздандыруға жеткізетіндігін алға тосады. Енді бір басым бөлігі қазіргі заман технологиясында қолдануға жеңілдігін, басқа да артықшылықтарын санамалай ескеріп, **латын графикасы негізіндегі әліпби жүйесіне** түпкілікті тоқталуды жөн санайды.

Бір айта кетер жайт, осы төрт топ өкілдерінің пікір қайшылықтары ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде болған әліпби реформалауға қатысты қызу тартыстарды еске түсіреді.

Көне түркі жазуы – түркі халықтарының, атап айтқанда, қазақ халқының тілдік, рухани мұрасы. Мерзімді басылымдарда жарияланған мақалаларда орхон жазуына, араб графикасына көшу ұстанымын қолдайтын ғалымдардың пікірі ауық-ауық көрініп қалады. Жазушы А.Сейдімбек «Қазақ әліпбиін жаңғыртуға қатысты ойласатын мәселелер» атты мақаласында кез келген әліпби компьютерге жат болмайтынын, қытай, жапон, араб, орыс, грузин, армян сияқты елдер төл әрпімен-ақ әлемдік өркениеттен қалыспай келе

жатқанын айта келіп, төл руникалық әліпбиді қабылдауға ұсыныс жасайды [124]. Ә.Жақыпов, С.Сыпатайұлы, Аманқос Мектеп-тегі осы пікірге қосыла отырып, қазірден бастап көне түркі жазуына белгілі бір саты бойынша көшуді жоспарлау керек екенін атап көрсетеді. А.Мектеп-тегі: «Руна жазуы – әрбір рудың қасиетті рулық таңбасының жиынтығы. Руна алфавитінің құрамында қазақтың, башқұрттың, түрікменнің, татардың, ұйғырдың, түріктің қасиетті рулық таңбалары бар. Сондықтан мемлекеттік тілдің баянды болуы үшін, рухани тәуелсіздіктің кепілі – руна алфавиті, – деп айта келіп, – ақыры әліпбиді өзгерту керек екен, мәңгі жазу үлгімізді – ежелгі түркі руникалық әліпбиді тілімізге икемдеп алуға мемлекеттік деңгейде бүгіннен бастап қам жасағанымыз лазым. Руника жазуын, яки бабатүрік төлтума жазу нұсқамызды алар болсақ, орыс, ағылшын, қытай, араб т.б. өзге жұртқа мәдениетіміздің ежелден дамығандығын іс жүзінде дәлелдейміз. Өзгеге жалтақтаған мінезден арыламыз,» – деп түйіндейді [125].

Бұл пікірлер ұлтжандылық сезімнен шыққан көзқарас екені даусыз. Алайда, кейбір маман ғалымдар пікірінше, көне түркі таңбаларының дыбыстық мәнінің айқындалмаған тұстары көп.

Ғалымдардың көрсетуі бойынша, орхон әліпбиінің вокализм жүйесі 8 дауыстыдан, консонантизм жүйесі 16 дауыссыз дыбыстан тұрады. Осымен байланысты орхон әліпбиіне көшетін болсақ, *тон* сөзіндегі *t* дауыссызын бір таңбамен, *төн* сөзіндегі [н']-ді басқа бір таңбамен белгілеуге тура келеді және 9 дауыстыны 5 әріппен, 16 дауыссызды 32 әріппен таңбалауымыз қажет. Орхон «әліпби» концептісімен байланысты кодқа салынған мұндай ақпараттар тек филолог, тарихшы, шығыстанушы, қоғамтанушы және дилетанттардың тілдік санасында білім алу жолымен жүйеленген. Ал өзге жұртшылықтың когнитивтік санасында білім түрінде орныққан ақпараттар жеткілікті болмағандықтан, мұрагері ретінде қайта жаңғыртып, орхон әліпбиін, қазақ әліпбиі ретінде алу ұсынысы қалың жұртшылықта қолдау табатыны күмәнді болып қалды. Ұсынылған жобалар жоқтың қасы, ғылыми-лингвистикалық тұрғыдан негіздеу, мықты дейтіндей факторларды ашып көрсету жағы олқы болып келеді [117]. Сонымен орхон-енисей руналық жазуы бүгінгі заманның информациялық қауырт та қарбалас талаптарын орындауға ыңғайланбағандықтан, оны қабылдауға болмайтын тағы да басқа себептермен мамандар тарапынан көп қолдау таба қойған жоқ.

Екінші топ өкілдері латынға да көшпей, кирил жазуында да қалып қоймай, араб жазуына көшуді қолдайды. Шынында да, осындай шешуші сәтте қайтадан ислам мәдениетімен табысу үшін, ата-бабаларымыз мың жылдан астам уақыт бойы қолданып келген, қазақ тілінің барша дыбысын толығымен кескіндеп, өрнектей алатын, жетілген, жаңғыртылған араб жазуына көшсек қайтеді деген ой желісімен айтылған пікірлер баспасөз беттерінде оқтын-оқтын көрініп қалады [126]. Араб жазуын қолдаушы Д. Елдесов өз тұжырымын: «Латинский алфавит не является национальным, традиционным для тюркских народов, как арабский или древнетюркский. Лингвисты заняты тем, чтобы придать увядающей кроне языка европейскую, латинскую форму. Хотя за ней для нас



нет ничего ни литературы, ни истории, ни религии. Пробуждение национального самосознания казахов, возрождение духовности и языка связано с культурой и письменностью Степи-арабской и древнетюркской. Для начала оздоровления языка необходимо ввести учебную программу казахских школ и вузов изучение арабского алфавита и основы языка, древнетюркских письменности. А также реформировать нынешней казахской алфавит (и произношение названий букв) согласно фонетике языка Абая с учетом алфавита Байтурсынова и привести в соответствие с ним заимствования или заменить их казахскими эквивалентами. Это языковая и школьная реформа, которая поможет развитию языка» – деп көрсеткен [127].

Әліпбиді өзгертуге байланысты пікірталастар негізінен соңғы екі топтың арасында ерекше өтуде. Кирил негізіндегі әліпбиді жақтаушылар өз негіздерін дәйекті дәлелдерімен көрсетеді. Атап айтқанда:

- кирил жазуы Қазақстандағы әлеуметтік барша салада этностар арасында қарым-қатынастық қызмет атқару құралы;

- Қазақстандағы барлық тілдердің, тіпті қазақ тілінің өзін қосқанда, бірыңғай жазу тілі;

- осы кезеңге дейінгі барлық баспалық өнімдер кирил жазуымен жарық көрген;

- графиканы өзгерту – халықтың тоқырап қалып, сауатсыздануына әкеліп, орта, аға буынның жас буынмен арасындағы сабақтастығы үзіледі;

- жас буын ұрпақтары мәдени құндылықтардан мақұрым қалып, латын графикасымен білім алған жас буын үшін бұл мұралар қолжетімсіз болады;

- психологиялық, экономикалық жағынан тиімсіз болып саналады.

Аталған және басқа да проблемалар болғандықтан, латын жазуына өтудің қажеттігі жоқтығын айтып, бұл мәселені Қазақстанда латын графикасын енгізуге қолайлы жағдай болатын болашақтың үлесіне қалдырған дұрыс деп ойлайды.

Жалпы графиканы өзгертуге қарсылық танытып, кирил жазуының сақталып қалуына үн қосып жүргендер тобында О.Сүлейменов, Э.Төреханов, Е.Игенберлин, А.Құлпатшаева, Л.Дүйсембекова, Ж.Асанов, және т.б. ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері бар. Сонымен қатар Қазақстанның әліпби реформасына көрші Ресей ақпараттары да теріс көзқарастар танытып, өз ықпалын жүргізуден айырылып қалу қаупінен қорқатындықтарын, отаршыл пиғылдан арылмағандықтарын байқатып қалды. Осы пікір ағымындағы жазушы Б.Нұржекеұлы мәселеге басқа қырынан келіп, мысал ретінде: «...*бақыт*» сөзін «*bagyt*» деп таңбалаудың не артықшылығы бар, одан да қолданып отырған әліпбиімізді реформалап, орыс тілінен енген таңбаларды алып тастауға болады» – деп, жазу реформасын жасаудың өзінше тиімді нұсқасын ұсынады.

Қазақ тілінің латын негізіндегі әліпбиге көшу қажеттігін мәселе ретінде көтеріп жүргендердің шоғыры анағұрлым басымырақ. Осы ұстанымды қолдаушылар да өзіндік дәйектерін көп аспектілік негізде ұсынып, қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі Қазақстанның түркі халықтары әлемімен

**жақындасуына** мүмкіндік беретіндігін, ал бұл дегеніміз Қазақстанның мәдениетін және **ұлттық бірегейлігін** нығайтуға септігін тигізетіндігін; латын графикасына өту Қазақстанның Ресейдің империялық ықпалынан, сыналап енген орыс мәдениетінен құтылудың жолы ретінде ұлттық бірегейліктің ғұмырын ұзартатын, әлем қазақтарын біріктіретін құрал екендігін, Қазақстанның өзінің дербес **ұлттық жазуы** болатындығын басты критерий етіп көрсетеді.

Айта кетерлік жайт, бұрынғы посткеңістік түркі елдері дербестік алысымен, ұлттық бірегейлігін нығайту, ұлттық тілін дамыту, орыс тілінің және әліпбиінің отарлық әсерінен құтылу мақсатында ХХ ғасырдың 90-жылдарында-ақ өз жазуларын латын әліпбиі үлгісіне түсірген болатын.

Әліпби ауыстыру мәселесі көтерілген 1990 жылдардың басында латын графикасы негізіндегі әліпбиді енгізуге байланысты қарсы көзқарастардың көп болуына қарамастан, Ә.Қайдар бастаған қазақ ғалымдары осы ұстанымды берік ұстанды.

Ғалым, академик Ө.Айтбаев қазақ тіліне және бүкіл Қазақстанға латын графикасын енгізудің принциптік мәні бар екенін айта келіп, бұл мәселеге филологиялық тұрғыдан қарап, латын әліпбиі кирилге қарағанда қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сай келетіндігін атап көрсетеді. Сонымен қатар, оның пікірінше, латын әліпбиі қазақ халқының тілін, рухын, ділін сақтайтын маңызды мәдени элемент [128].

Д.Исабеков – мерзімді баспасөз беттерінде латын графикасын қолдайтындығын білдіріп келе жатқан қазақ жазушысының бірі. Оның пікірінше, латын әліпбиі қазақтың дербес ұлт екендігін сездіретін, ұлттық бірегейлікті бекітетін және өзінің ұлттық мүдделерін қорғауға мүмкіндік беретін құрал.

Профессор К.Хұсайын тіліміздің өзге түркі тілдес халықтардан ерекшелігі болғанымен, түріктік біртұтастықтың негізі ретінде жазуымыздың латын әліпбиі негізінде болуын қолдайтындығын баса айтып көрсетеді. Дегенмен, ғалым қазақ тілінің латын әліпбиіне ауысуын рухани байлығымыздан ажырап қалмау үшін сатылап жүргізу қажеттілігін айтады [129].

Неміс ұлтының өкілі, жазушы, аудармашы Герольд Бельгер көп жылдар бойы осы пікір ағымын қолдап келеді. Оның көзқарасынша, латын жазуы түркі халықтарының жоғалған байланыстарын қайта қалпына келуіне себеп болады [130].

Жалпы латын әліпбиіне өту, яғни әліпби реформасына байланысты нақты дәйектер келтіріп жүрген ғалымдар: Ә.Жүнісбек, Н.Уәли, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова, З.Базарбаева, Р.Қадыржанов, А.Айтқожин, А.Мереке, Д.Мыңжасарқызы, А.Шананов, И.М.Кушенов, М.Жұрынов, М.Алтай, Р.Бұласай, Б.Сарбалаұлы, Қ.Ғабитханұлы, А.Сейітұлы және тағы басқалар осы мәселені әр қырынан талдап, жобаларын ұсынып келеді.

Латын әліпбиіне көшу мәселесі көтерілгеннен бері, 1990 жылдардан бастап қазақ тілінің ұлттық әліпбиін жасау үшін лингвистер, програмашылар және тағы басқа сала мамандары өзіндік жобаларын ұсынуда. Ұсынылған

жобалардың көпшілігі лингвистикалық талаптарға, сонымен қатар ортақ әліпби жүйесіне сәйкес алынбағандықтан, көпшілік ғалымдар тарапынан қолдау тауып отырған жоқ. Айта кетелік, кейбір жобаларда қазіргі қолданыстағы 42 әріп автоматты түрде латын әрпіне түсіріліп берілсе, ендігі бір топ жобаларда орыс тілінен енген кірме дыбыстар қосар таңбамен, мысалы, **в, ф, ш** дыбыстары **bh, fh, ch** әріп тіркестерімі арқылы таңбаланған. Сондай-ақ қазақ тілінің төл дыбыстары да осы жүйеге салынып, **қ** → **kh**, **ұ** → **qw** үлгісінде алынған [131]. Орыс тіліндегі **ч, ш** дыбыстары **sh** және **ch** қос әріп тіркесі арқылы берілген [132]. Қазақ тілінің **ө, ң, ғ** секілді төл дыбыстары қосар таңба арқылы таңбаланып, **ө** → **oe**, **ң** → **nh**, **ғ** → **gh** тұрпатымен ұсынылған [133].

Жаңа әліпби қазақ жазуының кемшіліктерін болдырмауға мүмкіндік беретін, тілдің қолданыс аясын кеңейтуге, дамуына ықпалын тигізердей деңгейде болып, түркі тілдес халықтардың қабылдаған әліпбилерімен ортақтық сипатын сақтау басты алғышарт ретінде саналуы қажет. Ал жоғарыда келтірілген екі әріп тіркесі арқылы бір дыбысты белгілеу, жазу тәжірибесінде оңтайлы болмайды, қайта жазуды күрделендіре түсетіні сөзсіз. Ғалым Н.Уәли осы мәселеге байланысты ұсынған жобасында қазіргі қолданыста жүрген кирил әліпбиі мен жаңа латын әліпбиі арасындағы айырмашылықтарды санамалап көрсетеді [117]:

#### «Дәстүрлі» әліпбиде

- әріп саны – 42;
- негізгі дыбыстың саны – 29;
- емле ережелері – 54 бап;
- жазу-сызу ұлттық сипатта емес;
- шеттілдік сөздер орыс орфография сымен жазылады;
- әліпбиді үйретуге көп уақыт кетеді;
- компьютерде қолданудың қиындығы көп;
- мәтін теріміне біршама көп уақыт кетеді;
- негізгі әліпбиден Интернеттік нұсқа алшақ.

#### «Жаңа» әліпбиде

- әріп саны – 29 (28);
- негізгі дыбыстың саны – 29;
- емле ережелері – 30 (34) бап;
- жазу-сызу ұлттық сипатта;
- шеттілдік сөздер қазақ тілінің заңдылығымен жазылады;
- әліпбиді үйретуде аз уақыт кетеді;
- компьютерде қолданылу қиындығы біршама аз;
- мәтін теріміне біршама аз уақыт кетеді;
- негізгі әліпбиден Интернеттік нұсқа алшақ емес.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қызметкерлері (Ө.Қайдар, К.Хұсайын, Н.Уәли, Ә.Жүнісбек, З.Базарбаева, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова) латын графикасына өткен Әзірбайжан, Өзбекстан, Түрікменстан мемлекеттерінің көшу тәжірибесін негізге алып, оның тиімді

және тиімсіз тұстарын зерделей отырып, ортақ түркі әліпбиі қорындағы таңбалары бар жобалар ұсынды.

Ұсынылған қазақ жобалары мынадай принципке негізделіп жасалды:

- әліпбидегі әріптердің саны тілдің негізгі фонемаларынан алшақ келмеу;
- бір дыбысқа бір әріп жүйесін қолдану;
- басы артық графемаларды алмау;
- қазақ тілінің үндесім заңдылығына толықтай бағындыру;
- көзшалымға оңтайлы болуы;
- кірме әріптерді қысқарту;
- компьютер бағдарламаларына жеңіл графемаларды алу;
- түркі тілдес халықтар қолданып отырған әліпбимен жақындастыру;
- қазақ тілінің ұлттық әліпбиін жасау.

**Бірінші жобада** 31 әріп, оның ішінде қазақ тілінің төл дыбыстарына 29 әріп арналған. Ал ағылшын-латын стандартына сәйкес 18 таңба алынып, 6 әріпке диакретикалық белгі қойылған. Графика теориясының басты принципі болып табылатын шарт (бір дыбысқа бір әріп) қатаң сақталған. Ашық, езулік, тіл арты (жуан) дауысты дыбыс <a> фонемасының варианты ашық, езулік, тіл алды (жіңішке) <ә>-ні белгілеу үшін әріпүсті қос нүктелі ä таңбасы, ал ашық, еріндік, тіл арты (жуан) <o> дауысты дыбысының жіңішке варианты ашық, еріндік, тіл ортасы (жіңішке) <ө> фонемасын белгілеу үшін ö таңбасы, қысаң, еріндік, тіл арты (жуан) <ұ> фонемасының жіңішке варианты қысаң, еріндік, тіл ортасы (жіңішке) <ү> дыбысын белгілеу үшін ü таңбасы, сонымен қатар қысаң, езулік, тіл арты (жуан) <ы> дауысты дыбысының жіңішке варианты <i> фонемасын сол қалпында алынған. Ұсынылған жобада бірегей дауысты әріптердің үстіне қос нүкте (Ää, Öö, Üü), дауыссыз дыбыстардың үстіне айшық қанатша (Ǧǧ, Šš) қойылған. Ал жазу тарихымызда қолданылған әліпбиде (1929-38) жуан дауыстылардың жіңішке варианттарына арнайы диакретикалық белгілер қойылмай, латын стандартында бар таңбалардың формасы өзгертіле отырып таңбаланды. Мысалы, *әке – äke, өр – ör, үтік – ütik*. Бұл принцип негізінен диакретикалық қосымша белгілерді үнемдеп қолданудан шыққан болатын. Тек 1938 жылғы әліпбиде [ү] дыбысы ü әрпімен берілген.

1929-40 жж. қолданылған латын графикасына негізделген әліпбидегі және ғалымдар ұсынған 1-жобадағы дауысты дыбыстар таңбаларының айырмашылықтары мен ұқсастықтары:

**1938 жылғы әліпби**                      **1-жобада**

a → a	a → a
ә → ә	ә → ä
o → o	o → o
ө → ө	ө → ö
ұ → ü	ұ → u
ү → y	ү → ü
ы → ь	ы → i
i → j	i → i

1929-40 жж. қолданылған латын графикасына негізделген әліпбидегі және ғалымдар ұсынған 1-жобадағы дауыссыз дыбыстар таңбаларының айырмашылықтары мен ұқсастықтары:

**1938 жылғы әліпби            1-жобада**

Г → g	Г → g
Ғ → ƒ	Ғ → ġ
к → k	к → k
қ → q	қ → q

1929-40жж. қолданылған латын графикасына негізделген әліпбидегі және ғалымдар ұсынған 1-жобадағы кірме дыбыстар таңбаларының ұқсастығы:

<b>1938 жылғы әліпби</b>	<b>1-жоба</b>
в → v	в → v
ф → f	ф → f

**1938 жылғы әліпби            1-жоба**

у → ұу, үу	у → uw, üw
и → ый, ій	и → iy, iü,

1-жобаның 1938 жылғы әліпбиден ерекшелігі диакретикалық белгілердің берілуінде болып отыр. 1929 жылғы әліпбиде **j** графемасы [й] дыбысын беру үшін, 1938 жылғы әліпбиде қысаң езулік [i] дыбысын таңбалау үшін жұмсалса, бірінші жобада латын стандартына сай <ж> фонемасын белгілеу үшін алынған. Сонымен, 1-жобаның жазу тарихымызда қолданылған әліпби жүйесінен негізгі айырмашылығы жіңішке дауыстылардың диакретикалық таңбамен берілуі болып табылады.

**2-жоба.** Екінші жобаның бірінші жобадан санаулы айырмашылықтары бар. Мұнда кірме дыбыс болып саналатын **ч** дыбысына **с** таңбасы арналып белгіленген. 2-жобаның 1929-40 жж. қолданылған латын графикасына негізделген әліпбиден ерекшелігі де осында. «Бұрынғы латында» [ч] дыбысын [ш] дыбысына алмастыру механизмдері ұтымды пайдаланылған болатын, сондықтан әліпбиде ч дыбысының таңбасы болуы шарт емес. Сондықтан да қазақтың әдеби тілінде кездеспейтін **ч** дыбысына таңба белгілеу бұл жобаның негізгі кемшілігі екендігін айтып өткеніміз жөн. Сондай-ақ, бірінші жобада кірме **х, һ** дыбыстарына жеке-жеке таңба арналса, екінші жобада бұл дыбыстарды бір ғана графемамен белгілеуге болады деп шешілген.

[Ғ] дауыссыз дыбысының әрпі «Бұрынғы латында» өзгеше түрде таңбаланған. Бірақ бұл таңба полиграфиялық жағынан тиімсіздігін көрсеткен болатын, сондықтан әліпби жобаларындағы Ғ дыбысының таңбасы әріпүсті айшық арқылы белгіленуі дұрыс деп ойлаймыз.

**1938 жылғы әліпби**

Г → g  
 Ғ → ƒ  
 к → k  
 қ → q

**2-жоба**

Г → g  
 Ғ → ğ  
 к → k  
 қ → q

**3-жоба.** 3-жобада бір ғана айырым белгімен ажыратылатын дауыстылардың әрпі өзара ұқсас алынған.

**1938 жылғы  
әліпби**

а → a  
 ә → ä  
 о → o  
 ө → ö  
 ұ → ū  
 ү → ü  
 ы → y  
 і → i

**3-жоба**

а → a  
 ә → ä  
 о → o  
 ө → ö  
 ұ → u  
 ү → ü  
 ы → y  
 і → i

3-жобада ұ, ү дыбыстарын белгілеу үшін Ū ū, Ü ü графемалары алынған. Графемаларды ұқсас диакретикалық белгілермен белгілеу психологиялық тұрғыдан көзшалым процесінде қиындық туғызады. Сондықтан диакретикалық белгілерді аз қолдану дұрыс болмақ. «Бұрынғы латынмен» 3-жобаның әріп саны тең дәрежеде. Дегенмен, 24 әріптің тұрпаттары ғана өзара ұқсас болып келеді де мазмұн және тұрпат жағынан 18 әріптің ғана сәйкестігі байқалады. Жобада берілген ъ әрпінің таңбасы 1929-40 жж. латын графикасына негізделген әліпбидегі өз таңбасымен сәйкес келеді.

**Тұрпат жағынан сәйкес таңбалар:** *A a, B b, D d, E e, F f, G g, I i, Y y, J j, Q q, K k, L l, M m, N n, ъ, O o, P p, R r, S s, T t, U u, V v, Z z, H h.*

**Мазмұн және тұрпат жағынан сәйкес таңбалар:** *A a, B b, D d, E e, F f, G g, Q q, K k, L l, M m, N n, ъ, O o, P p, R r, S s, T t, Ū ū.*

**4-жобада** 32 әріп бар. Алдыңғы жобадағыдай (3-жоба) **в, ф, һ** дыбыстары әріптермен белгіленген. Жобаның негізгі ерекшелігі дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке варианттары әріпүсті қос нүкте арқылы, жұп дауыссыз дыбыстар әріпүсті айшық таңбасы арқылы ажыратылған. [ң] дыбысының графикалық тұрпаты «Бұрынғы латында» қолданылған таңбамен сәйкес.

Үшінші және төртінші жобалар бір-бірінен дауысты дыбыстардың белгіленуі бойынша ерекшеленеді. Айталық, қазақ тіліндегі қысаң езулік, жуан дауысты **ы** дыбысы үшінші жобада **Ū** таңбасы арқылы, ал төртінші жобада **Ū** деакретикалық таңбасы арқылы берілген.


А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қызметкерлері жасап ұсынған латын графикасына негізделген әліпби жобалары өз кезегінде өткен әліпби тарихымызды саралап, түркі әліпбилерін бірлестіру идеясы тұрғысынан зерделеніп жасалған үлгілер екендігі даусыз. Атап өтерлік жайт, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдары ұсынған бұл жобалар **«бұрынғы**






**латынның» жаңғыртпасы** екенін ұмытпауымыз керек. Дегенмен, «Бұрынғы латын», Әзірбайжан, Түрік, Түрікмен, Өзбек мемлекеттері қолданып отырған әліпби жүйесінен ерекшеліктері мен өзгешеліктері де жоқ емес. Сонымен қатар мазмұндық және тұрпаттық сипаты тұрғысынан бірегей таңбалардың бар екендігін айтқымыз келеді.

1929-40 жж. Қазақстанда қолданылған әліпби жүйесінің және жоғарыда атап өткен жобалардың, сонымен қатар қазіргі таңда түркі халықтары қолданып отырған әліпбилердің ұқсас таңбаларын төмендегідей көрсетуге болады:


Мазмұндық және тұрпаттық сипаты тұрғысынан сәйкес және барлық түркі тілдерінің әліпбиін бірлестіру мүмкіндігіне басымдық беретін әріптер: *A a, B b, D d, E e, F f, G g, K k, C c, M m, N n, O o, Ö ö, P p, R r, S s, T t, Z z.*

Жоғарыда көрсетілген әріптер тізбегінен тыс қалған таңбалар тұрпаттарының біздің негізге алып отырған принциптерімізбен сәйкес келмейтіндігін байқадық.









**Кесте 2.** Қазіргі кезде ұсынылып жүрген латын графикасына негізделген жаңа әліпби жобаларымен және түркі мемлекеттері қолданып отырған әліпбимен «Бұрынғы латынның» сабақтастығы.

№	Түрік әліпбиі	Әзербай-жан әліпбиі	Өзбекстан әліпбиі	Түрікменстан әліпбиі	Тіл білімі институты тарапынан ұсынылған жобалар				«Бұрынғы латын»	
					Жоба1	Жоба 2	Жоба 3	Жоба 4	1929ж. латын	1938ж. латын
1.	A a <a>	A a <a>	A a <a>	A a <a>	A a <a>	A a <a>	A a <a>	A a <a>	A a <a>	A a <a>
2.	-	Ə ə <ə>	-	Ä ä <a>	Ä ä <a>	Ä ä <a>	Ä ä <a>	Ä ä <a>	Ə ə <ə>	Ə ə <ə>
3.	B b <b>	B b <b>	B b <b>	B b <b>	B b <b>	B b <b>	B b <b>	B b <b>	B b <b>	B b <b>
4.	C c <дж>	C c <дж>	-	C c <дж>	-	-	-	-	-	-
5.	Ç ç <ч>	Ç ç <ч>	Ch ch <ч>	Ç ç <ч>	-	C c <ч>				
6.	D d <д>	D d <д>	D d <д>	D d <д>	D d <д>	D d <д>	D d <д>	D d <д>	D d <д>	D d <д>
7.	E e <е>	E e <е>	E e <е>	E e <е>	E e <е>	E e <е>	E e <е>	E e <е>	E e <е>	E e <е>
8.	F f <ф>	F f <ф>	F f <ф>	F f <ф>	F f <ф>	F f <ф>	F f <ф>	F f <ф>		
9.	G g <г>	G g <г>	G g <г>	G g <г>	G g <г>	G g <г>	G g <г>	G g <г>	G g <г>	G g <г>
10.	Ğ ğ <ғ>	Ğ ğ <ғ>	G' g' <ғ>	-	Ğ ğ <ғ>	Ğ ğ <ғ>	Ğ ğ <ғ>	Ğ ğ <ғ>	Ç ç <ғ>	Ç ç <ғ>
11.	H h <h>	H h <h>	H h <h>	H h <h>					H h <h>	H h <h>
12.	I ı <ы>	I ı <ы>	-	Y y <ы>	I ı <ы>	I ı <ы>	Y y <ы>	ÿ ŷ <ы>	Ь ь <ы>	Ь ь <ы>
13.	I i <и>	I i <и>	I i <и>	I i <и>	-	-	-	I i <и>	-	-
14.	J j <ж>	J j <ж>	J j <ж>	-	J j <ж>	J j <ж>	J j <ж>	J j <ж>	Ç ç <ж>	Ç ç <ж>
15.	K k <к>	K k <к>	K k <к>	K k <к>	K k <к>	K k <к>	K k <к>	K k <к>	K k <к>	K k <к>
16.	L l <л>	L l <л>	L l <л>	L l <л>	L l <л>	L l <л>	L l <л>	L l <л>	L l <л>	L l <л>
17.	M m <м>	M m <м>	M m <м>	M m <м>	M m <м>	M m <м>	M m <м>	M m <м>	M m <м>	M m <м>
18.	N n <н>	N n <н>	N n <н>	N n <н>	N n <н>	N n <н>	N n <н>	N n <н>	N n <н>	N n <н>
19.	O o <о>	O o <о>	O o <о>	O o <о>	O o <о>	O o <о>	O o <о>	O o <о>	O o <о>	O o <о>
20.	Ö ö <ө>	Ö ö <ө>	O' o' <ө>	Ö ö <ө>	Ö ö <ө>	Ö ö <ө>	Ö ö <ө>	Ö ö <ө>	Ө ө <ө>	Ө ө <ө>
21.	P p <п>	P p <п>	P p <п>	P p <п>	P p <п>	P p <п>	P p <п>	P p <п>	P p <п>	P p <п>
22.	R r <р>	R r <р>	R r <р>	R r <р>	R r <р>	R r <р>	R r <р>	R r <р>	R r <р>	R r <р>
23.	S s <с>	S s <с>	S s <с>	S s <с>	S s <с>	S s <с>	S s <с>	S s <с>	S s <с>	S s <с>
24.	Ş ş <ш>	Ş ş <ш>	Sh sh <ш>	Ş ş <ш>	Ş ş <ш>	Ş ş <ш>	Ş ş <ш>	Ş ş <ш>	C c <ш>	C c <ш>
25.	T t <т>	T t <т>	T t <т>	T t <т>	T t <т>	T t <т>	T t <т>	T t <т>	T t <т>	T t <т>
26.	U u <у>	U u <у>	U u <у>	U u <у>	W w <у>	W w <у>	U u <у>	U u <у>	V v <у>	U u <у>
27.	V v <в>	V v <в>	V v <в>	W w <в>	V v <в>	V v <в>	V v <в>	V v <в>	-	V v <в>
28.	Ü ü <ү>	Ü ü <ү>	-	Ü ü <ү>	Ü ü <ү>	Ü ü <ү>	Ü ü <ү>	Ü ü <ү>	Y y <ү>	Y y <ү>
29.	Y y <й>	Y y <й>	Y y <й>	ÿ ŷ <й>	Y y <й>	Y y <й>	I i <й>	I i <й>	J j <й>	I i <й>
30.	Z z <з>	Z z <з>	Z z <з>	Z z <з>	Z z <з>	Z z <з>	Z z <з>	Z z <з>	Z z <з>	Z z <з>
31.		X x <х>	X x <х>	Đ đ <ң>	Đ đ <ң>	Ñ ñ <ң>	Đ đ <ң>	Đ đ <ң>	Đ đ <ң>	Đ đ <ң>
32.			Q q <қ>	-	Q q <қ>	Q q <қ>	Q q <қ>	Q q <қ>	Q q <қ>	Q q <қ>
33.					U u <ұ>	U u <ұ>	Ü ü <ұ>	Ü ü <ұ>	U u <ұ>	Ü ü <ұ>
34.					I i <і>	I i <і>	I ı <і>	I ı <і>	I i <і>	J j <і>
35.					H h <х>	H h <х>	H h <х>	H h <х>		X x <х>

Жоғарыдағы айтылғандарды қорыта келе, әліпби тарихымызда болып өткен тәжірибелерді ескеріп, әліпби реформасын жасауды бастама қылып көтерген, жобаларын ұсынған, әліпби реформасының негізгі принциптерін белгілеген ғалымдардың ой-пікір, ұстанымдарына сүйене отырып, бұрынғы сабақтастықты күшейту үшін жоба ұсынуды жөн көрдік.

**Кесте 3.** Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің жаңа жобасы.

№	қаз.	лат.	аты	№	қаз.	лат.	аты
1	А а	<b>A a</b>	<i>a</i>	16	М м	<b>Mm</b>	<i>мы</i>
2	Б б	<b>B b</b>	<i>бы</i>	17	Н н	<b>N n</b>	<i>ны</i>
3	Д д	<b>D d</b>	<i>ды</i>	18	Ң ң	<b>ŋ</b>	<i>ың</i>
4	Е е	<b>E e</b>	<i>e</i>	19	О о	<b>O o</b>	<i>o</i>
5	Ә ә	<b>Ä ä</b>	<i>ä</i>	20	Ө ө	<b>Ö ö</b>	<i>ө</i>
6	<b>Ф ф</b>	<b>F f</b>	<b>фы</b>	21	П п	<b>P p</b>	<i>пы</i>
7	Г г	<b>G g</b>	<i>gi</i>	22	Р р	<b>R r</b>	<i>ры</i>
8	Ғ ғ	<b>Ğ ğ</b>	<i>gy</i>	23	С с	<b>S s</b>	<i>сы</i>
9	Х х	<b>H h</b>	<i>hy</i>	24	Ш ш	<b>C c</b>	<i>шы</i>
10	Ы ы	<b>I i</b>	<i>y</i>	25	Т т	<b>T t</b>	<i>ты</i>
11	І і	<b>İ i</b>	<i>i</i>	26	Ү ү	<b>U u</b>	<i>ү</i>
12	Ж ж	<b>Ç ç</b>	<i>жы</i>	27	Ү ү	<b>Ü ü</b>	<i>ү</i>
13	К к	<b>K k</b>	<i>ki</i>	28	<b>В в</b>	<b>V v</b>	<i>вы</i>
14	Қ қ	<b>Q q</b>	<i>қы</i>	29	У у	<b>Ww</b>	<b>уу</b>
15	Л л	<b>L l</b>	<i>ly</i>	30	Й й	<b>Y y</b>	<i>ый</i>
				31	З з	<b>Z z</b>	<i>зы</i>

**Латынша**  
*Ğilim tapray maqtanba,  
 Orın tapray bapıanba,  
 Bes nãrseden qacıq bol,  
 Bes nãrsege asıq bol...*

**Кирилше**  
*Ғылым таппай мақтанба  
 Орын таппай баптанба  
 Бес нәрседен қашық бол,  
 Бес нәрсеге асық бол...*

**Латынша**  
*Betti bastım,  
 Qattı sastım,  
 Tura qactım çalma- çan...  
 Ayttı – köndim,  
 Aldı – berdim...  
 Üki taqtıq,  
 Külki baqtıq  
 Çoq nemege süyünip...*

**Кирилше**  
*Бетті бастым,  
 Қатты састым,  
 тұра қаштым қаштым  
 жалма-жан...  
 Айтты – бердім... Үкі  
 тақтық,  
 Күлкі бақтық  
 Жоқ немеге сүйініп*

(Абай Құнанбаев)

Ұсынылған жоба түркі тілдес халықтардың қолданылып отырған әліпби жүйесіне және 1929-40 жылдардағы әліпбиге сәйкестендірілді. «Бұрынғы латында» қолданылған [ш] дыбысының с әрпі, ал [ж] дыбысы үшін ç әрпі алынды. Бұлай етуіміздің себебі жазуға қолайлы және көзшалым процесіне де икемді деп ойлаймыз. Сонымен қатар ұсынылып отырған жобаға А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қызметкерлері тарапынан ұсынылған жоба негізделді. Мұнда дауысты дыбыстардың жіңішке сыңарлары арнайы диакретикалық белгілермен ерекшеленеді. Мысалы, <ә>, <ө>, <ү> фонемаларына арнайы белгі қойылды **ä, ö, ü**, ал <i> фонемасының таңбасы өзгертілмей алынды. 1929-40 жылдарда қолданылған [ң], [ж], [ш] дыбысының әрпі өзгертілмей берілді.

«Бұрынғы латынмен» біздің ұсынып отырған жобамыздың тұрпат және мазмұн тұрғысынан сәйкес таңбалар: *A a, B b, D d, E e, F f, V v, G g, K k, C c, Ç ç, M m, N n, O o, P p, R r, S s, T t, Z z.*

Жобаның негізгі ерекшелігі жұп дауыссыз дыбыстарға диакретикалық белгілер пайдаланылған жоқ. Сондықтан көзшалым процесіне оңтайлы болмақ деп ойлаймыз.

Жалпы қазіргі қолданыста жүрген әліпбиді болашақта реформалауда негізгі ұсталатын қағидат «бір дыбыс – бір әріп» деген қағидатқа негізделуі тиіс. Себебі, түбір сөздің фонемалық құрамы өз графикасын таңбалану жүйесін сақтап, оған тіркесетін, жалғанатын сөздер мен қосымшалардың ықпалына бағынбай, өз фонемалық қасиетінде үйлессе, емле ережелерін де ашып көрсету жеңіл болады әрі оның айтылу нормасы мен жазылу нормасындағы айырмашылық та салыстырмалы түрде айдан анық ажыратылып тұрады. Ал жалғанатын, тіркесетін сөздер мен қосымшалардың ықпалына ойысып, жазуды соған қарай бейімдей берсек, орфография мен орфоэпияның аражігін ажырату қиынға соғады. Сондықтан А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары (Н.Уәли, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова) қазақ графикасының басты қағидаты фонематикалық принципке сәйкес деп, болашақ латын әліпбиін сараптаудың мынадай өлшемдерін көрсетіп отыр:

1. Әліпби – төл дыбыстар құрамын түгел қамтып, үйлесімді болу;
2. Қазақ тіліндегі кірме дыбыстар мен әріптерді өз алдына топтастыру;
3. Кірме сөздерді қазақ тілінің айтылымына икемдеп жазу;
4. Кірме сөздерді өзінің төркін айтылым үлгісі бойынша алу;
5. Ғасырлар бойы әбден қалыптасып қалған жазу дәстүрінің ұстанымдарын бұзуға болмайды;
6. Дауысты дыбыстың таңбасымен дауыссыз дыбысты, керісінше, дауссыз дыбыстың таңбасымен дауысты дыбысты белгілеуге болмайды;
7. Дауысты дыбыстардың жіктелім белгілеріне қатысты таңбаларды өзара шатастыруға болмайды;
8. Ашық дауыстының таңбасымен қысаң дауыстыны, керісінше, қысаң дауыстының таңбасымен ашық дауыстыны белгілеуге болмайды;
9. Езулік дауыстының таңбасымен еріндік дауыстыны, керісінше, еріндік дауыстының таңбасымен езулік дауыстыны белгілеуге болмайды;
10. Тіл арты дауыстының таңбасымен тіл ортасы (тіл алды) дауыстыны, керісінше, тіл ортасы дауыстының таңбасымен тіл арты дауыстыны белгілеуге болмайды;
11. Дауыссыз дыбыстардың жіктелім белгілеріне қатысты таңбаларды өзара шатастыруға болмайды;
12. Ерін дауыссыздың таңбасымен тіл ұшы (тіл ортасы, тілшік) дауыссызды, керісінше, тіл ұшы дауыссыздың таңбасымен ерін (тіл ортасы, тілшік) дауыссызды белгілеуге болмайды;
13. Қатаң дауыссыздың таңбасымен ұяң (үнді) дауыссызды, керісінше, ұяң дауыссыздың таңбасымен қатаң (үнді) дауыссызды белгілеуге болмайды;

14. Жуысыңқы (жинақы, жайылыңқы, діріл, жанама) дауыссыздың таңбасымен тоғысыңқы дауыссызды, керісінше, тоғысыңқы дауыссыздың таңбасымен жуысыңқы (жинақы, жайылыңқы, діріл, жанама) дауыссызды білгілеуге болмайды;

15. Кейбір дыбыстарды таңбалау үшін әріптерді қосақтап алуға болады, бірақ қосаң таңбалардың мейлінше аз болғанын ойлау керек және де олар өзара үйлесімді болу керек;

16. Дәйекше белгілерді пайдалануға болады, бірақ оларды пайдаланудың да шегі болу шарт;

17. Әліпби қолдағдыға ауыр болмау керек;

18. Көзтанымға жеңіл болмау шарт.

Сонымен, басты лингвистикалық проблема болып тұрған латын графикасына көшу мәселесі бойынша жоғарыда келтірілген әртүрлі әліпби нұсқаларын салыстыру нәтижесінде және де сараптаудың өлшемдерін ескеріп төмендегідей тоқтамға келуге болады: жаңа әліпби қазақ жазуының кемшіліктерін болдырмауға мүмкіндік беретін, тілдің жазба сөздегі қолданыс аясын кеңейтуге, дамуына ықпалын тигізердей деңгейде болып, түркі тілдес халықтардың қабылдаған әліпбилерімен ортақтық сипатын сақтау басты алғышарт ретінде саналуы қажет. Ал жоғарыда келтірілген екі әріп тіркесі арқылы бір дыбысты белгілеу, жазу тәжірибесінде оңтайлы болмайды, қайта жазуды күрделендіре түсетіні сөзсіз. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты тарапынан ұсынылған 4 жоба – ғалымдардың тарапынан жан-жақты ойластырылып құрастырылған, әріптерді белгілеудегі жеке-дара пікір қайшылықтары болғанымен, қазақ жазу тарихындағы тәжірибелер қорытылған, дұрыс шешімін тапқан тұстар бар.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеп қарастыру нәтижесінде мынадай қорытындыға келдік:

1. Қазақ жазу графикасы әрдайым динамикалық даму сатысынан өтіп отырған. Соған сәйкес халықты сауаттандыру, емле ережелерін біріздендіру мақсатында орфографиялық даму деңгейі де жиі реформалану процесіне ұшыраған. Қазақ жазу тарихындағы жалпыхалықтық сауаттандыру, тұрақты біркелкі жазу нормасын қалыптастыруға бағытталған кезеңдердің ішіндегі қиындығы мен тәжірибесі мол байқалғаны 1929-40 жылдардағы латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшу кезеңі деп атауға болады.

2. Бұл кезеңде көтерілген ең өзікті мәселенің бірі – түркі халықтары әліпбилерін бірыңғайластыру. Әліпби типологиясын жасауда, латын әліпбиін қолданған туыстас тілдердің жазуын өзара бірегейлендіру мақсатында тілдердің генетикалық-тілдік жағынан жақындығы негізге алынды. 1929-40 жылдарындағы түркі тілдер халықтар үшін түзілген латын әліпбиінде **a, b, d, e, f, k, m, n, j, p, r, s, t, z** таңбалары барлығы ортақ деп танылды, ал кей жағдайда белгілі бір тілдің таңбалары сол тілдің дыбыстық жүйесіндегі өзгешелікке байланысты **w, ь, ı, '**  тәрізді айрықша (спецификалық) таңбалар алынды. Бірнеше халықтың әліпбилерін бірізге салу айтарлықтай көп қиындық туғызды. Бірақ латын графикасы, жазуы жоқ және жазба тілі кенжелеп қалған түркі тілді халықтардың жазба тілін дамытуға күшті серпін берді. Түркі тілдері әліпбилерін латын графикасына көшіру біршама жетістіктер әкеліп, қазіргі заманғы жазба тілдің құрылуына негіз болды.

3. 1929-40 жылдардағы латын графикасына көшудегі мақсат еуропа мәдениетіне бет бұру болды және бұл мәдени уақиға қоғамды жаппай сауаттандырудағы ең тиімді, оңтайлы әліпби жасау жөніндегі ізденістердің бірі ретінде саналды.

4. Қазақ қоғамында 10 жылдай қызмет еткен латын жазуының өзіндік жүйесі мен ерекшелігі барын зерттеу барысында байқадық. Латын графикасына негізделген қазақ әліпби жүйесі жазу грамматологиясындағы негізгі шарттылықтарға жауап беретін **ұлттық жазуға негізделген әліпби**. Себебі, емле ережесі де, әліпбиі де төл дыбыстардың негізінде болатын жазу түрі. Латын графикасына негізделген әліпбидің негізгі **артықшылығы** мынада: а) «бір дыбыс – бір әріп» принципі қатаң сақталған; ә) түркі халықтары ұстанған принцип мүмкіндігінше сақталды; б) әліпбидің «оқуға қолайлы», «жазуға оңай» болуы көзделген; в) кірме әріптер жоқ; г) жол асты, жол үсті белгілері жоқ. Ал әліпбидің **кемшілігі** кейбір таңбалардың латын стандартында жоқ, кирил әліпби жүйесінде бар (**ә, ө, ь**) әріптердің және жасанды әріптің (**ɑ**) болуы. Бұл әліпбидегі әріптердің белгілі бір стандартқа негізделмегендігін, бірегей еместігін көрсетеді.

5. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының төл сөздерді дұрыс жазу үшін 12 баптан тұратын ережесі және кірме сөздерге байланысты қабылданған 18 баптан тұратын жаңа емле ережесі талданып, негізгі ұстанған принцип – фонетика-фонематикалық екені анықталды. Жалпы 10 жылдай қызмет еткен

аталған ережелер қазақ орфографиясы принциптерінің дұрыс таңдалынып алынғандығын және осы принциптерге сәйкес жасалған емле қағидалары негізінен дұрыс екендігін көрсетеді. Бірақ аталған ережелердің жұмыс істеуіне, оның бұқара халыққа таралуына уақыт аз болды. Дұрыс жазуға бағыт-бағдар, жөн сілтейтін орфографиялық сөздіктер де бұл кезде жасалмаған болатын. Сондықтан болу керек, емледе бірнеше қиындықтар болды.

6. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының басты орфографиялық қатесі – бас әріппен жазылу ережелерінің сақталмауы. Бұрын-соңды орфографиялық ережелер қатарында болмаған еуропа үлгісіне негізделген нормалар (топоним, гидроним, антропоним, ороним атауларының бас әріппен жазылуы (?,!)) белгілерінен кейін сөздің бас әріппен жазылуы т.б.) қазақтың жазу болмысына алғашқы рет жат, тұрпайы көрінді. Бұл ережелерге бейімделу біршама уақытты талап етті. Сондықтан жазу тәжірибесінде екіұштылық болды.

7. Қиындығы мол әрі жазылу орфограммасы екіұшты болып келетін а – ә дауысты дыбыстарының жазылу емлесі, ы – і қысаң езуліктердің және кейбір дауыссыздардың (м – н, п – б т.б.) жазылу орфограммасы қазіргі кезде де орфографиядағы қиындықтардың бірі ретінде танылып жүргендіктен 1929-40 жылдары мерзімді басылым беттерінде аталған дыбыстардың таңбалануы нақты мысалдармен көрсетілді.

8. 1929-40 жылдардағы емле ережелерінің даму, өзгеру динамикасын сараптап келгенде, бірге, бөлек жазылу нормаларында айтырлықтай өзгерістер болғаны байқалады. 1929 жылдардағы сөздердің бірге, бөлек жазылуы құрылымдық принципке негізделіп, сызықша арқылы немесе тіркес күйінде жазылса, 1938-40 жылдардағы жазылу нормасы функционалдық принципке құрылды, яғни біршама сөздерді бірге таңбалауға ерекше мән беріліп, сөздердің денотативтік, коннотативтік, суперсегменттік қызметтері ескеріле бастады.

9. 1929-38 жж. қолданылған кірме сөздердің көпшілігі қазақ тілінің айтылымы бойынша жазылды. Аталған кезеңде ауызекі тілдің функциясы басымырақ болып, сөздердің дыбыстық жағынан өзгерген түрлері молынан қолданылды. Кірме сөздер қазақ тілінің фонетикалық заңдарына бағынып, грамматикалық нормаларына сәйкестеліп таңбаланды. Ал 1938 жылы әліпби және емлеге бірнеше өзгерістер енгізіліп, мұндай сөздердің жазылуы түпнұсқалыққа негізделіп бастады. Осы жылдардан бастап қазақ әліпбиіне **в, ф, х** әріптері, кейіннен олардың саны екі есе өсіп кеткені белгілі. Орыс тілінен енген кірме сөздердің тұрпатын өзгертпей жазу үшін қазақ әліпбиінде қосымша таңбалар мен графемалардың барлығы (я, ю, щ, ц, э, ь, ъ) қазақ жазуындағы кирил әліпбиінде сақталған. Әрине, бұлар қазақ тілінің тек фонемалық құрамына ғана емес, сол сияқты грамматикалық құрылымына әсерін тигізуде. Демек, қазақтың төл сөздерін, қазақиланған кірме сөздерін таңбалап, жазып көрсететін әріптер жүйесін бір ретке келтіріп, ықшамдайтын уақыт жетті деген сөз.

10. Тіл жайлы Заңның қабылданған (1989) сәтінен бастап 20 шақты жылдай өтсе де, ғалымдар, жазушылар, қоғам қайраткерлері және осы мәселеге көңіл

аударған азаматтар тарапынан қазақ тілі латын графикасына өту қажет пе немесе кирил жазуында қалу керек пе деген тақырыпта әртүрлі дәйектерін алға тартқан пікірталастар толастамауда. Осыған орай лингвистикалық технологиялық, әлеуметтік және басқа да сипатты дәлелдемелер сараланып, әртүрлі деректер келтірілуде. Дегенмен, біздің ойымызша, бұл пікірталастың шешуші мәні Қазақстанның **ұлттық бірегейлігінде** жатыр. Латын, кирил дилеммасы қаншалықты өткір мәселе болғанымен, біз үшін екеуі де жазу тарихымызда бастан өткен, қолданыста болған және бар әліпби жүйелері.

11. Қазіргі кезде А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты тарапынан ұсынылған латын графикасына негізделген жаңа әліпби жобалары жан-жақты ойластырылып, ғалымдар тарапынан құрастырылған ғылыми нақтыланған жобалар. Онда қазіргі әліпби жүйелерінде шешімін тапқан, сонымен қатар жазу тарихымыздағы тәжірибелерді қорытып, дұрыс нәтиже көрсеткен сараптамалар өз деңгейінде пайдаланылған. Қазіргі қазақ жазбасында енгізуге толықтай жарамды. Әріптерді белгілеудегі жеке-дара пікір қайшылықтары болғанымен, қазақ халқы үшін латын графикасына өту заман талабына сәйкес өте қажетті де маңызды болып саналады. Сондықтан қазіргі қазақ тілін латын графикасына негізделген әліпби жүйесін таңбалауда барлығы шамамен 31, 32 таңба жұмсалуды тиіс деп ойлаймыз. Зерттеу барысында в, ф, х әріптері өзге тілден енген сөздерді жазуда ғана белсенді көрініс табатыны анықталды. Ал қазақтың төл фонемаларын (дыбыстарын) 29 латын әрпімен еркін монофтонг түрінде таңбалауға болады.

Қорыта айтқанда, 1929-40 жылдары қолданылған қазақ әліпбиі – барынша **ұлттық** сипатты бойына сақтаған жазу түрі.



## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Амирова Т.А. Функциональная взаимосвязь письменного и звукового языка. – М.: Наука, 1985. – 100 с.
- 2 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. –397 б.
- 3 Басымов Қ. Жаңа әріп пен жаңа емле және дыбыстарымыздың жіктері. – Алматы: Қазбаспа, 1932. – 36 б.
- 4 Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: фил. ғыл. канд. ... автореф. –Алматы, 1993.–162 б.
- 5 Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. –Алматы: Ғылым, 1987. – 272 б.
- 6 Кеңесбаев І. Қазіргі қазақ тілі. Фонетика. –Алматы, 1954. – 283 б.
- 7 Сыздықова Р. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш. –Алматы: Мектеп, 1974. –223 б.
- 8 Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. –Алматы: Мектеп, 1986. –180 б.
- 9 Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. –Алматы: Қайнар, 2001. – 472 б.
- 10 Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы. –Алматы: Қазақ университеті, 1992. –192 б.
- 11 Аманжолов А. Графика таласских, енисейских и орхонских надписей// Қазақ тілі мен әдебиеті. –1973. – 3-шығуы.
- 12 Қордабаев Т., Томанов М. Тарихи грамматика мәселелері. –Алматы: Мектеп, 1975. –176 б.
- 13 Әбілқасымов Б. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1982. –224 б.
- 14 Оралбаева Н. Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі қазақ жазуының тарихы: фил. ғыл. канд. ...диссертация. –Алматы, 1955. –211 б.
- 15 Хасанова С. Қазақ жазуы мен оқуының бастаулары (көне, түркі, араб, латын жазбалары). Оқу құралы. –Алматы: Арда, 2007. –264 б.
- 16 Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. –Алматы: Сөздік-Словарь, 1999.–200 б.
- 17 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: фил. ғыл. д-ры диссертация: 10.02.02. – Алматы, 2007. –330 б.
- 18 Джунибеков А. Просодика слова в казахском языке. Алматы, 1987. –115 с.
- 19 Мәжітаева Ш.М. ХХ ғасырдың І жартысындағы қазақ әдеби тілі. –Алматы, 1999. –129 б.
- 20 Күдеринова Қ. Қазақ жазуының онтогенездік дамуы. –Алматы, 2006. –330 б.
- 21 Мамырбекова Г. ХVІІІ-ХІХ ғғ. араб жазулы қазақ жазбаларының графикалық-орфографиялық ерекшеліктері: фил. ғыл. канд. ... автореф. –Алматы, 2006.–130 б.

- 22 Трофимов В.А. Современный русский литературный язык. Фонетика. Графика, –Л., 1957.
- 23 Аванесов Р.И., Сидоров В.Н. Реформа орфографии в связи с проблемой письменного языка// Из историй отечественной фонологии. –М.: Наука, 1970. – 75 с.
- 24 Панов М.В. Об усовершенствовании русской орфографии//Вопросы языкознания. 1963, №2.; Панов М.В. Современный русский язык. Фонетика. – М.: Высшая школа, 1979. –256 с.
- 25 Ильинская И.С., Сидоров В.Н. Современное русское правописание. – Уч. Зап. МГПИ им. В.П.Потемкина, 1953. Т. XXII, Вып 2.
- 26 Букчина Б.З., Калакуцкая Л.П., Чельцова Л.К. Письма об орфографии. – М., 1969. –280 с.
- 27 Маслова Ю.С. Введение в языкознание. –М., 1975. –272 с.
- 28 Иванова В.Ф. Современный русский язык. Графика и орфография. –М., Просвещение, 1976. – 288 с.
- 29 Кузьмина С.М. Теория русской орфографии. М.: Наука, 1981. – 264 с.
- 30 Щерба Л.В. Теория русского письма. М.:Наука, 1983. –134 с.
- 31 Бодуэн де Куртенэ И.А. Об отношении русского письма русскому языку. Избранные труды по общему языкознанию. – Т. II, –М., 1963 (СПб., 1912. 81 с.)
- 32 Зиндер Л.В. Очерк общей теории письма. –Л.: Наука, 1987. –111 с.
- 33 Анастасьев А. Отношение звуков русского языка к буквам русской азбуки. Воронеж, 1880. –С. 310.
- 34 Осипов И. История русской графики//Фонетико-орфографический сборник. –Барнаул, 1974. –С.17-90.
- 35 Шаляпина З.М. Модель автоматического синтеза английской орфографии // Институт русского языка АН СССР. Предварительные публикации. –Вып. 6. –1970.
- 36 Вахек Й. К проблеме письменного языка. Пражский лингвистический кружок. – М., 1967.
- 37 Солнцев М. Язык как системно-структурное образование. –М., 1977. – С.223.
- 38 Николаева Т.М., Панов М.В. И все-таки она хорошая! Рассказ о русской орфографии, ее достоинствах и недостатках. –М., 1964. –РЯНШ,1964. –№3.
- 39 Кодухов В.И. Русская орфография и пунктуация. –М.:Наука, 1989.
- 40 Сыздыкова Р. Емле және тыныс белгілері. –Алматы: Рауан, 1996.–288 б.
- 41 Уәлиұлы Н. А.Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Алматы: Ғылым, 1999. –566 б.
- 42 Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. –Алматы: Ғылым, 1993. –232 б.
- 43 Ильминский Н.И. Из переписи по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам. Казань:Тип. Имп. ун-та, 1883. –47 с.; Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречья И.Ильминского. –Казань, 1861. –199 с. //Н.И.Ильминский. Вспоминания об И.А.Алтынсарине. – Казань, 1891. –С. 30.

- 44 Григорьев В.В. О передаче звуков киргизского языка буквами русской азбуки. Письмо к Н.И.Ильминскому. –Оренбург, 1862. –12 с.
- 45 Алтынсарин И. Начальное руководство к обучению киргизов к русскому языку. –Оренбург, 1979. –32 с.
- 46 Сулейменов Д. Д. Научно педагогическая деятельность Алекторова А.Е. в Казахстане. –Семиполатинск, 1997. –С. 304.
- 47 Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. –Алматы, 1971 –170 б.
- 48 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992.
- 49 Машқанова Н. Ахмет Байтұрсынов – қазақ жазуының реформаторы: фил. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. –Алматы, 1994. –154 б.
- 50 Сыздық Р. Тіл және ұлттық мәдениет. Ғылыми мақалалар жинағы. –Түркістан: Тұран, 2005. –221 б.
- 51 Жүсіпұлы М. А.Байтұрсынов және қазақ тілінің фонологиясы. –Алматы: Ғылым, 1998. –216 б.
- 52 Қазақ білімпаздарының тұңғыш сйезі. Алматы, 2005. –144 б.
- 53 Алфавит октября. Итоги введения нового алфавита среди народов РСФСР. Сб.статей. М.-Л., 1934. –63 с.
- 54 Әбілқасымов Б. Тарих тағылымын ескерсек// Ақиқат. –1995.– №3
- 55 К борьбе за новый алфавит. Сб. статей. Из. Научной Ассоциации Востоковедения при ЦИК СССР. – М., 1926. –69 с.
- 56 I Всесоюзный тюркологический съезд 26/II-5/III-1926. Баку, 1926. –426 с.
- 57 Отчетный доклад Центрального комитета нового Казахстана алфавит о работе за 1927-28 год. Проект постановления совета Народных Комиссаров о оплате работ ЦК. 19 июня – 5 мая. 117-с. Орталық Мемлекеттік мұрағат. –740-қор, 1-тізім. – 3-іс.
- 58 Протокол №10. Заседания коллегии Наркомпроса КССР от 26 января. 1928 г. Орталық Мемлекеттік мұрағат. –740-қор, 1-тізім. – 2-іс. – 29 б.
- 59 Стенографический отчет третьего пленума всесоюзного центрального комитета нового тюркского алфавита заседавшего в Казани, от 18-23/ХII-1928. Казань, 1928.–228 с.
- 60 Тоғжанұлы Ғ. Жаңа әліпке жаппай көшуге кімдер қарсы//Еңбекші Қазақ. –1931. –№141. –28 шілде.
- 61 Қазақстан жаңа әліпбешілерінің өлкелік тұңғыш конференциясы (1928 жыл. Дек. 9-12). –Қызылорда: Қазбас, 1930. –56 б.
- 62 Дискуссионного совещания по вопросу латинизации казахской письменности в ГорКИНО. –Орталық мемлекеттік мұрағат. –740-қор, 1-тізім. – 1, 4, 5-істер.
- 63 Жаңа әліпби жолында. –Қызылорда, 1927. –110 б.
- 64 Мәжітаева Ш. Әліппе айтысы. –Қарағанды: ҚарМУ баспаханасы, –1990.
- 65 Стенографический отчет первого Пленума Научного совета ВЦК нового алфавита. –М., 1930. – 310 с.
- 66 Қазақстан жаңа әліпбешілерінің өлкелік тұңғыш конференциясы (1928 жыл. Дек. 9-12). –Қызылорда: Қазбас, 1930. –56 б.

- 67 Стенографический отчет 1-го всесоюзного пленума НС ВЦКНА 15-19 фев. 1933. Под редакцией К.Алавердова, С.Диманштейна, Д.Коркмасова, А.Нухрат// –Язык и письменность народов СССР. –М., 1933. –125 с.
- 68 Всесоюзный центральный комитет нового алфавита Н.Я.Марру. Сб. статей. –М.: Власть советов, 1936. – 208 с.
- 69 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1999. –581 б.
- 70 Переход в ближайшее время русских на единый интернациональный алфавит на латинской основе – неизбежен//Культура и письменность Востока. – 1930г. –№6.
- 71 Первая всесоюзная конференция по латинизации китайской письменности//Революция и письменность. –1931. –192 с.
- 72 Поливанов Е.Д. Новая казак-киргизская (Байтурсыновская) орфография. –Ташкент, 1926. –16 с.
- 73 Яковлев Н.Ф. Математическая формула построения алфавита // Реформатский А.А. Из истории отечественной фонологии. –М.: Наука, 1970. – 575 с.
- 74 Стенографический отчет научно-орфографической комиссии созданной 2-4.06. 1929 г. научно-методическим советом НКП и ЦКИКА. –Кзылорда, 1930.–482 с.
- 75 Поливанов Е.Д. Проекты латинизации турецких письменности СССР. К тюркологическому съезду II-1926. Ташкент, 1926. –16 с.
- 76 Төрекұлов Н. Жаңа әліппе. Қазақ-қырғыз үшін жаңа әліппе. –М.: СССР халқының орталық баспасының қырғыз секциясы, 1924. –32 б.
- 77 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. –Алматы: Ана тілі, 1998. –384 б.
- 78 Мәжітаева Ш. 1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Қарағанды: ҚарМУ баспаханасы, 1994. –168 б.
- 79 Латын әліппесі // Еңбекші қазақ. – 1927.– 28 август.– 3 б. –№ 196, –№ 924.
- 80 Байділдаұлы Ә. Жаңа әліппе туралы. Қызылорда, 1928. –166 б. – 117-121 бб. // Байділдаұлы Ә. Біздің жобамыз // Еңбекші қазақ. –1924. –13 маусым.
- 81 Шонанұлы Т. Біздің жоба//Тілші, 1927. –№3, 5-6-бб.
- 82 1-й краевой конференции сторонников нового казахского алфавита. Кызылорда. –Орталық Мемлекеттік мұрағат. –740-қор, 1-тізім. – 7-іс. С.1-9.
- 83 Әлиев О. Жаңа әліпті іске асыру жолында социалды жарыс [Жаңа әліппені іске асыру жолында Солтүстік Кавказ Қазақстанды социалды жарысқа шақырады// Жаршы. –1930. –№ 1 1-8-бб.// Қазақстан көлемінде жаңа әліп істері (орындардан хабар-ошарлар). Жаршы. –1930, –№ 1.// Қазақтың орталық жаңа әліппе комитетінде//Жаңа мектеп. – 1929.– № 10. –44 б.
- 84 Емле туралы (Тіл білімпаздарына)// Еңбекші қазақ. 1929. 18 ақпан.
- 85 Қазақ тілінің емле ережелері// Төте оқу. – 1938 ж. –26 апрель (№10-11) // Ауыл мұғалімі. – 1938. –9 наурыз. –48 б. (№6).
- 86 Әміржан С. Бас әріп не үшін керек// Жаңа мектеп. – 1930. –1-2 бб. (№11).

- 87 Басымов Қ. Бас әріп – қол бөгеу //Еңбекші қазақ. – 1930. – 4 ақпан. (№ 28).
- 88 Латын әліппесі //Еңбекші қазақ. –1929. – 26 ноябрь ( №246).
- 89 Бас әріпті кіргізу мерзімі жайында халық ағарту комиссариаты алқасының қаулысы // Еңбекші қазақ. –1930. – 20 октябрь. (№232); Жаңа мектеп. –1930, –№11; –Жаршы. –1930. (№ 8).
- 90 Аймауытов Ж. Ұу, ыу, іу, үу // Еңбекші қазақ. – 1929. – 12.05.
- 91 Аманжолұлы С. Жаңа әліппенің кейбір дыбыстарын өзгерту, емле мен терминді дұрыстау туралы // Сатсыйалды Қазағыстан. – 1933. –23.08.
- 92 Ниязұлы Ғ. Әліппе туралы (Айтыс ретінде)// Сатсыйалды Қазағыстан. – 1935. –22.03.
- 93 Басымұлы Қ. Емлемізді түзетудің тиянақты жолдары// Еңбекші қазақ. – 1929. –28.11 (№48, 1377).
- 94 Байтұрсынұлы А. Емле туралы. –Орталық Мемлекеттік мұрағат. –81-қор, 1-тізім. –№1313-іс.
- 95 Кеменгерұлы Қ. Емлені түзету туралы //Еңбекші қазақ. – 1929. – 19 ақпан.
- 96 Досқараев Ж. Айтыс ретінде // Сатсыйалды Қазағыстан. – 1935. 22-маусым. – 3 б. (№94).
- 97 Досмұхамедұлы Х. Аламан. –Алматы: Ана тілі, 1991. –176 б.
- 98 Басымов Қ. Түрлі түсті сөздердің жазылуы туралы// Халық мұғалімі. – 1938. –№3-4; Басымов Қ. Қос сөздер туралы // Ауыл мұғалімі. – 1938. – №6 наурыз.
- 99 Омаров Е. Емле туралы// Еңбекші қазақ. – 1929. – 7-мамыр.
- 100 Уәлиұлы Н. Біріккен сөз туралы // ҚР ҒА Хабарлары. –2006, №3.
- 101 Басымов Қ. Жаңа емлеміздің ережелері жөнінен//Жаңа мектеп. –1930. –№2. –16-22 бб.
- 102 Жәркешова Г. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі біріккен сөздер. Фил. ғыл. канд. дисс. автореф. Алматы, 1949. –26 б.
- 103 Ермеков А. Семантика слитных слов в казахской лексике. Автореф. дисс. канд. фил. наук. Алматы, 1950. –29 б.
- 104 Сыздықова Р. Қазақ тілінің анықтағышы. –Астана: Елорда, 2000. –532 б.
- 105 Қалиев Б. Қазақ орфографиясындағы қайшылықтар. Алматы, 1994. –19 б.
- 106 Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. Алматы: Ғылым, 1988. –113 б.
- 107 Басымов Қ. Қысқарған сөздерді дұрыс жаза білейік //–Ауыл мұғалімі, 1938. –№7-8, 80-82-бб.
- 108 Алдашев Н.М. Қазіргі қазақ тіліндегі қысқартылған сөздер. Фил. ғыл. кан. дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 1996. – 167 б.
- 109 Қимасов Ә. Да, де, та, те жалғаулары жана олардың жатыс жалғаудан қалай айыру керек»// –Халық мұғалімі. –Алма-Ата, 1939.– №17-18. –131б.

- 110 Қимасов Ә. Мен, бен, пен жалғаулықтарын көмектес жалғау мен есімдік «мен» мен айыру// Халық мұғалімі. – Алма-ата, 1939. – 121 б. –№19-20.
- 111 Төрекұлов Н. Шығармаларының көп томдық жинағы. –Алматы, 2007. – 3-том. –288 б.
- 112 Шонанұлы Т. Шет сөздердің емлесі жайында//Еңбекші қазақ. –1927. –2 ақпан.
- 113 Мелиоранский П. Краткая грамматика казак-киргизского языка. –Часть I. –Фонетика и этимология. –Санкт-Петербург, 1894. –72 с.
- 114 Богородицкий В.А. О Заимствованных словах в татарском языке. Введение в татарское языкознание. –Изд.2. –Казань, 1953. –310.
- 115 Кеңесбаев І. Қазіргі қазақ тілі. Лексика.Фонетика. –Алматы, 1962. –260 б.
- 116 Сыздық Р. «Қазақ жазуының қалыптасу кезеңдері, даму жолдары мен бағыттары» атты 2008 жылғы ғылыми зерттеу жұмысы бойынша жасаған есебінің қолжазбасы.
- 117 Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру туралы ғылыми зерттеу материалдары. –Алматы, 2007. –194 бет.
118. Реформатский А.А. Введение в языкознание. – М., 2001. – 222 б.
- 119 Баскаков Н.А. Достижения и проблемы в усовершенствовании алфавитов и орфографий современных тюркских языков// Опыт совершенствования алфавитов и орфографии языков народов СССР. –М.: Наука, 1982. – 29 б.
- 120 Кормушин И.В. Основы графемологического анализа русского алфавита и проблемы расширения его графемного состава// Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков народов СССР. – М.: Наука, 1982. – 20 б.
- 121 Жүнісбеков Ә. Әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдыру керек. –Орал, 2007.–32 бет.
- 122 Қайдар Ә. Латыншаға көшу – заманауи қажеттілік, бірақ ол – ұзаққа созылатын процесс // Алматы ақшамы, 2006. 2 қараша.
- 123 Дөңгелек үстел «LATIN: Бір адым алға ма, әлде екі адым кейін бе?» – Ана тілі. – 2007. –18 қаңтар.
- 124 Сейдімбек А. Қазақ әліпбиін жаңғыртуға қатысты ойласатын мәселелер (келіп түскен хат).
125. Мектеп А. Жаңа қаріпті ұсынушылар – ұлтты рухани дағдарысқа итермеушілер // 50 де 50. –2006. – 3 қараша.
126. Бегулләһ Ә. ибн Алдамжар әд-Дөйти. Латынға Исраил көше ме?// Ана тілі. –2006. – 9 қараша.
- 127 Дастан Ельдесов. Что за графической основой языка?// Ана тілі. –2007. – 24 мамыр (№ 21).
- 128 Айтбаев Ә. Бұл мәселенің пісуі жетті // Алматы ақшамы. –2006. – 2 қараша.
- 129 Хұсайнов К. Тіл тынысын ашу үшін қазақ балабақшасын көбейту керек // Алматы ақшамы. –2006. – 2 қараша.

130 Бельгер Г. Біз бәрібір латынды таңдауға мәжбүрміз // Алматы ақшамы. – 2006. – 2 қараша.

131 Диханбаев Н.Б., Диханбаева Н.Н., Диханбаева А.Н.// Казахский алфавит Диханбай на основе латинской графике. – Тараз, 1999.

132 Бұласай Р. Қазақ алфавиті. –А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына келіп түскен хат.

133 Тоқтарұлы Ө. Латын әліпбиі адам үркетін дүние емес//Айқын. –2006. – 27 қазан.

### **Пайдаланылған көркем әдебиеттер тізімі**

1 «Жаңа мектеп» журналы. –1931. –№ 10.

2 «Лениншіл жас» газеті. – 1939. –№219, №293.

3 «Сатсыйалды Қазақстан» газеті. –1932, 1933, –№38, №185, №155 №62. №197.

4 «Сатсыйалды құрылыс» газеті. –1933. –№14, №49, №62, №52., №38

5 Аманжолов Қ. Өмір сыры. – 1938. –64 б.

6 Апыйнаженіп А. Қорқыныш. 8 суретті песса. –Қызылорда: «Қазақстан» баспасы. –1934. –64 б.

7 Әлібаев А., Қоңыратбаев Ә. Хрестоматия. Бастауыш мектептің 3-классына арналған әдебиет оқу құралы. Қызылорда, 1936. –215.

8 Дүйсенбаев И., Ысмайылов Е., Сәрсенбаев Ә. 1916 жыл. –Алматы, 1941. – 202-б.

9 Жансүгіров І. Жолдастар. –Алматы, 1935. –1-кітап. –335 б.

10 Жұбанов А. Құрманғазы. – Алматы: «Қазақстан» баспасы. – 1936.–52 б.

11 Қалық поемалары. –Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1939. –134 б.

12 Құнанбайұлы А. Толық жинақ. Аудармалары мен қара сөздері. –Алма-Ата: «Қазақстан көркем әдебиет» баспасы, 1 т., –1940. –280 б.

13 Мұқанып С., Бекқожійн Қ. Әдебиет хрестоматиясы. 8-кл. –Алматы: «Қазақстан» баспасы. – 1937. –180 б.

14 Мұқанып С., Бекқожійн Қ. Әдебиет хрестоматиясы. 8-кл. –Алматы: «Қазақстан» баспасы. – 1937. –180 б.

15 Тоқмағамбетов А., Әбішев Ә., Әбілев Д. Тарту. Алматы: «Қазақ көркем әдебиет» баспасы, 1940. –135 б.

*А ҚОСЫМША*

**20-ЖЫЛДАРЫ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ӘЛПБИ  
ЖҮЙЕСІНЕ КӨШКЕН ХАЛЫҚТАРДЫҢ ТІЗІМІ**

№	Халық аты	Жаңа әліппиге көшкен жылы
1.	Әзірбайжан түріктері	1922
2.	Қарашай	1924
3.	Бұлғар	1924
4.	Қазақ	1929
5.	Қырғыз	1928
6.	Түрікмен	1927
7.	Өзбек	1927
8.	Қарақалпақ	1928
9.	Ұйғыр	1928
10.	Қырым татарлары	1927
11.	Құмық	1927
12.	Ноғай	1928
13.	Башқұрт	1927
14.	Татар	1928
15.	Ойрат	1929
16.	Хақас	1929
17.	Шор	1921
18.	Құман	1932
19.	Якут	1920 (1929 жылы бірлестірілді)
20.	Тәжік	1928
21.	Еврей	1929
22.	Ортаазиялық еврей	1929
23.	Талыш	1929
24.	Күрт	1929
25.	Тат	1933
26.	Парсы	1930
27.	Шугнан	1932
28.	Рушан	
29.	Белудж	1933
30.	Осетин-дигор	1923
31.	Осетин-ирон	1923
32.	Қалмақ	1930
33.	Бурят	1929
34.	Коми-зырян	1931-32
35.	Коми-пермяк	1931-32



36.	Вепс	1932
37.	Ижор	1932
38.	Карел	1932
39.	Абхаз	1924 (1929 жылы бірлестірілген әліпби)
40.	Кабардин	1923
41.	Адыгей	1925-26
42.	Черкес	1925
43.	Ингуш	1923
44.	Шешен	1925
45.	Абазин	1932
46.	Лаз	1930
47.	Авар	1928
48.	Даргин	1928
49.	Лак	1928
50.	Лезгин	1928
51.	Табасаран	1931-32
52.	Дұңған	1928
53.	Лопар	1931
54.	Самаед	1931
55.	Вогул	1931
56.	Остяк	1931
57.	Тұңғыс	1931
58.	Лапут	1931
59.	Чукча	1931
60.	Гольд	1931
61.	Удэ	1931
62.	Корьяк	1931
63.	Гиляк	1931
64.	Эскимос	1931
65.	Кет	1931
66.	Селькуп	1931
67.	Алеут	1931
68.	Ительмен	1931
69.	Моңғол	1930
70.	Тува	1932
71.		
72.		

1929 ЖЫЛЫ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА РЕСМИ БЕКІТІЛГЕН  
ЕРЕЖЕ\*

1. қазақ емлесінің негізі дыбыс жүйесінше болуы керек; дыбыстың өзгеруі осы күнгі қалық тілінде айтылған, есітілген күйінде жазылуы керек. сөз-сөздің ішіндегі дыбыстардың бірінің біріне ұсап өзгергені де – еліктіруу, ұсамай өзгергені де ірітүү, әсіресе бір ыңғай жуан, жа бір ыңғай жіңішке болып өзгергендегі, – өзгерген күйінде жазылуы керек. жазудың бұл дыбыс жүйесіне келмейтін жерлеріне осы қаулыда айырықша ережелер болуы керек.

2. шеттен кірген сөздердің емлесі дыбыс жүйесі мен жазылуы керекте, айағы қазақтың сөз жүйесіне көнуу керек.

**ескертуу:** шеттен кірген сөздерді қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен сөз жүйесі негізіндеріне бағындырып жазам деп, орынсыз шет сөздердің түбірін бұззуға болмайды.

3. шеттен кірген сөздердің дұрыс жазуы ережесі жасалғанда, – ол сөздерді қалың бұқара жеңіл ұғып алатын болсын, шапшаң қат танып, жазуу үйренүүге, қалықтың жалпы сауаты ашылуына қыйындық келтіретін болмасын. бұл үшін шеттен кірген сөздердің арпағырапысы қазақ тілінің заңына қайшы келмеуі шарт.

4. жалпы еуропалық сөздерді алғанда, – олардың тек түбірлері ғана алынады да, осы қаулыда көрсетілген дыбыс жүйесіне бағындырылады, сөз жүйесі іретінде түбірге жалғанатын жалғау-жұрнақтары қазақ тілінің заңына бағындырылады.

**жоғарғы көрсетілген емле негізіндеріне сүйеніп, жана қазақ дыбыстарының өзгеруі заңы мен сөз жасалып, қосылуу заңдарын ескеріп, емле төменгі түрде алынсын:**

1. тұтас сөз жеке күйінде есітілгенінше жазылады, жанындағы сөздің жалғас дыбыстарының ықпалы еленбейді. мысалы: *бос белбеу* (бос пелбеу емес), *көк дөнен* (көг дөнен емес), *торы ат* (*торат емес*)

**ескертуу:** 1. үндестік заңына көнбей, ішіндегі дыбыстарының бірі, жуан бірі жіңішке айтылатын сөздер де естілуінше жазылады. мысал: *бірақ, кітап, қызмет, нығмет*

**ескертуу:** 2. сөз айағындағы *п, к, қ* естілуінше осы *п, к, қ* әріптері мен жазылады, жалғау-жұрнақтың, басындағы дауысының ықпалы мен бұлар «б», «г», «ғ» болып өзгергенде, сол өзгерінше жазылады. мысал: *көп, төк, жақ, көбейді, төгеді, жағады.*

2. бір неше түбірдің дыбыстары кіріккенен шыққан бір мағыналы сөздер де есітілген күйінде тұтас жазылады. дыбыстары жөнді кірікпесе де, айтұушының түсінүүінше ішіндегі түбірлері бірінен бірі басқаланып айырылып шықпайтын

\* Ескерту. Ереже 1929 жылғы орфография бойынша өзгертілмей берілді.

болса, – ондай сөздердің бәрі де тұтас жазылады. бір неше түбірдің дыбыстары кіріккеннен шыққан бір мағыналы сөздер де есітілген күйінде тұтас жазылады. дыбыстары жөнді кірікпесе де, айтұшының түсінүүінше ішіндегі түбірлері бірінен бірі басқаланып айырылып шықпайтын болса – ондай сөздердің бәрі де тұтас жазылады. бір неше түбірден құралған кісі аттары да тұтас жазылады; осы орында көрсетілген тұтас жазылатын сөздердің өзгерген дыбыстары өзгерген күйінше жазылады. мысалы: *саптай ақ, белбеу, қолғап, борамбай*.

3. сызықша мен жазылады; ондай сөздердің дыбыстарының біріне бірінің тийгізетін ықпалы еленбейді, екеуі де түбірінше жазылады. мысалы: *кйім-кешек* (кйім-гешек емес), *төсек-орын* (төсег-орын емес), *айып-анжы* (айыб-анжы емес)

4. екінші бөлегінің бас дыбысы өзгеріп айтылатын **қайталама сөздер** де сызықша мен жазылады. мысалы, *ол-нұл, тайақ – майақ, етік-метік*.

5. арасына «ма», мен «ді» кіріп қайталайтын сөздер бұлай жазылады: «ма» мен «ді» алдындағы сөздер сызықша мен айырылады, «ма» мен «ді»нің дыбыстары алдыңғы сөз ықпалы мен өзгерсе, сол өзгерген күйінде жазылады. ал «ма», «ді» соңындағы сөзден бөлек жазылады. жаңа мұның соңғы сөзге тийгізген ықпалы еленбейді. мысал: *қол – ма қол* (ғол емес), *көз – бе көз* (гөз емес), *өз – ді өзі* (өзді емес).

6 сын есімнің басындағы дыбыстарына «п» қосылған **күшейтүү** жалғауы сызықша мен жазылады. жана күшейтүү жалғауының айағы ылғый «п» күйінде жазылады. мысал: *ұп-ұзын, қып-қызыл, қып-қысқа, жап-жақсы* (жаб жақсы емес), *доп-домалақ* (доб домалақ емес).

**ескертүү:** күшейтүү жалғауларының дыбыстары түбір мен тұтасып, әбден кірігіп өзгеріп кеткендері түбір мен бірге жазылады, өзгерген дыбыстары өзгерген күйінде естілуінше жазылады. мысал, *аппақ, көкпеңбек*.

7. жалғау-жұрнақтардың бәріде түбір мен қосылып жазылады; түбірдің ықпалы мен өзгерген дыбыстары өзгерген күйінде жазылады. бірақ жалғау-жұрнақтардың түбірге кейіншектеп тийгізетін ықпалы, осы байпада айыра айтылған жерлерде ғана болмаса, есенбейді. мысалы: *кешкі, түнгі* (түңгі емес), *көнбейді* (көмбейді емес).

жалғау-жұрнақтың басындағы дауысты дыбыс қосылғаннан түбірдің соңғы бітеу буыны ашылып екі айырылса, жана осы айырылғаннан бітеу бұуынның қысаң дауысты дыбысы жоғалып кетсе, түбірдің жоғалған дыбысы жазылмайды. мысал: *қарын-қарным* (қарыным емес), *тұрық – тұрқы* (тұрығы емес), *мұрын – мұрным* (мұрыным емес).

сөз айағындағы қатаң *п, к, қ* жалғау басындағы дауыстының ықпалы мен өзгеріп *б, г, ғ* болғанда, түбірдегі дыбыстар өзгерген күйінде жазылады. мысал: *қазақ- қазағы, күрек-күрегі, жап-жабады*.

көне жұрнақ ықпалы мен түбірдегі дыбыстардың өзгергені өзгерген күйінде жазылады. мысал: *немеурін, күнгей, соңқа* (сонқа емес)

түбір соңындағы ызың *з, с* дыбыстарына жалғау басындағы ызыңдардың ықпалы еленбейді, – ондай дыбыстар ылғый түбірінше жазылады. мысал: *басшы* (башшы емес), *тұшы* (тұшшы емес), *қашса* (қашша емес).

**ескерту:** жалпы жіктеу: «мын», «сың», «мыз», «бын», «сыз» дар өзіне түбірдің екпінін тартып ала алмаған мен де, жалғау делініп түбір мен бірге жазылады. «сың» жалғауы естілуінше «ң» мен жазылады. мысал: *барасың* (барасын емес)

8. *ғұрлы, қой, гана, да, дағы, ақ, ма? ше? ау, ай* алдындағы сөзден бөлек жазылады; бірақ алдындағы сөздің ауанына қарай өзгерген дыбыстары өзгерген күйінде жазылады; мұндай сөздер өзі өзгермей алдындағы сөздің соңғы дыбысын өзгертетін болса, оның өзгергені еленбейді. мысал: *құс құрлы, сен ғұрлы, ат та, атан да, есек те, жер де, жақсы ақ, қазақ ау* (*қазақ ау емес*), *мал аман ба?, мен қалаға барам, сен ше? құрсын ай, бұл не? мұны сен гана білесің, тағы бірде аласың тағы.*

«да» етістіктің шартты ырайына жалғанғанда да естілуінше бөлек жазылады: оқыса да білмейді, барса да келмейді. *онда барсақ та болар. сүйтсе де бүйтсе де, әйтсе де* дегендерді «де» бөлек жазылады.

«барыпты-мыс», «келіпті-мыс», дегендегі «мыс» жана «еді» деп ықшамдалған «ды» (ді) «ты» (ті), етістіктің 3-інші жақ жалғауы «барды», «барды» дегендегі «ды» емес, онан соң есімдерде ғана қосыла айтылатын «барған-ды», *аман-ды, жас-ты* дегенде айтатын «ды» естілуінше сызықша мен айрылып жазылады. мысал: *айтыпты-мыс, ол мана ақша алған-ды, мен көргенде ол жас-ты.* етістіктің түрлі ырайларына жалғау есебінде қосылып айтылатын – оқысамшы «келсемші» *асшы* (ашшы емес), *қазшы* (қашшы емес) дегендегі «шы», – алдындағы сөз бен қосылып жазылады, түбірдің ықпалы мен өзгерген дыбыстары өзгерген күйінде жазылады.

**ескерту:** 1. *сонысын, кішкене, ойтырмай* сықылды болып кірігіп ықшамдалған құрама сөздер бір сөз есебінде естілуінше жазылады.

**ескерту:** 2. *ма, ақ, қана* сықылды сөздер түбір мен жалғаудың арасына кіріп кеткен болғанда, түбір мен де, жалғау мен де бірге жазылады; мұндайда өзгерген дыбыстары өзгерген күйінде жазылады. мысал: *аманбысың, жақсақпысың, өзіңғанамысың.*

9. алдындағы сөздің жалғауын өз ауанына қаратып отыратын «соң», «көрі», «бері», «үшін» «шейін» сықылды үстеулер алдындағы сөзден бөлек жазылады; арадағы дыбыстары түбірінше жазылады. мысал: *сенен көрі* (гөрі емес), *қалаға шейін, манадан бері, сенің үшін, сенен соң.*

10. көмекші етістіктер алдындағы сөзден бөлек жазылады. арадағы дыбыстарының өзгергені еленбеуді. мысал: *оқып жатыр* (оқыб жатыр емес), *келе алмады* (кел алмады емес).

11. сөз ішіндегі дыбыстардың жұуан жіңішкелігі көмескі болған жерлерде, анығы жалғау-жұрнақтың түрінен ашылады: жалғау жұуан болса, түбірдегі көмескі дыбысы да жұуан болады. мысал: *шай* – *шайға* (шәйге емес), *тыйын* – *тыйынға* (тійінге емес), *жай-жайланды* (жәйленді емес).

12. жазғанда ерін үндестігі еленбейді; дауысты дыбыс көмескі естілетін болғанда еріндік дыбыс жазылмай, езулік дыбыс жазылады. мысал: *үшін* (үшүн емес), *құрық* (құрұқ емес), *күрек* (күрөк емес).

**ескертуу:** 1. «тын» жұрнағы естілуінше «тын» болып жазылады.

мысал: *баратын* (баратұн емес), *оқыйтын*, *көретін* т.б.

**ескертуу:** 2. «ұу», «үу» жұрнағы естілуінше жуан сөзде ұу, жіңішке сөзде үу болып жазылады. мысал: *оқуу* (оқыу емес), *жазуу* (жазыу емес), *беруу* (беру емес).

13. шеттен кірген сөздерде «ф» орнына «п» жазылады: *фильма* – *пійлме*, *физика* – *пійзіке*,

14. шеттен кірген сөздер басындағы «г» дыбысы «г» және «ғ» түрінде сақталады: *газ-газ*, *губернійе*.

**ескертуу:** шеттен алынатын сөздер қай елден алынса, сол елдің тілінде айтылатын түріне қарай алынады: орыс тілінен алынатыны орысша, анатолы тілінен алынатыны – ана толыша, пырансы тілінен алынатыны, пырансызша түрде үйлестіріліп алынады.

15. еуропаның «ch»-сы, орыстың «х»-сы, арап-парсының «қ»-сы жуан айтылатын сөздерде **қ** жіңішке айтылатын сөздерде **к** арқылы жазылады.

16. қазақ тілінде жоқ **ц**, **ч**, **щ** дыбыстары өзгертіліп **ц** – **с**, арқылы, **ч**, **щ** – **ш** арқылы жазылады. мысалы, *офицер* – *әпесер* (*әpeser*), *станция* – *ыстанса* (*ьstans*)*a*, *церковь* – *селкеу* (*selkey*), *канцелярия* – *кеңсе* (*keñse*).

17. еуропа, арап-парсы сөздерінің басында келетін иот қазақша «ж» арқылы жазылады. ал енді **ю** – **иу**, **я** – **иа** түрінде жазылады. сөз басындағы **я** – **ж** болады. *ямбы* – *жамбы*, *яков* – *жақып*.

18. шеттен кірген сөздерді ерін жығысты **в** дыбысы қазақша **у** әрпі мен жазылады. орыс сөздердегі **в** дыбысы екі дауысты дыбыс арасында келгенде **у** арқылы, сөз басында **б** арқылы жазылады. бітеу буында орысша **в** сіңіп кеткен ескі сөзден басқа жерде ылғый **п** арқылы жазылады: *сергеніп*, *аптамабіл*,

19. орыс тілінде соңғы екі буыны ашық, жана соңғы «а» да екпіні жоқ *фабрика*, *палата*, *смета* тәрізді сөздердің айағындағы **а** дыбысы жазылмайды: *пәбірік*, *ісмет*, *палат*.

**ескертуу:** егер жаңағыдай сөздер бір пән атын білдіретін болса, айағындағы **ы** орнына **е** жазылады: *ботанике, технике*. егер ондай сөздердің екпінi айақтағы а да болса, онда а сақталады. мысалы: *смола – смала*.

20. орысшада «а» ға тынған, бірақ «а» ның алдында дауыссыз қос дыбыс келген *касса, ванна* тәрізді сөздер **е, ы** жазылады. мысалы, *кәссе, пілме, ванны*.

21. жағырапы мен қалық аттарында сөздің түбірі алынады да қазақ тілінің дыбыс заңдылығына бағындырылады: *карпаты – карпат, альпы – алпы*.

**ескертуу:** дүниә бөлімдерінің аттары бұлайша жазылады: әмерік, *әпірік, еуропы, ауыстыралы, антарық, әзііе* т.б.

22. орысшада аяғы «тор»ға тынған доктор, кондуктор, сектор, сеператор, трактор сыйақты еуропы сөздерінің аяғы *тыр, тір* жазылады. Мысалы, *доктыр, қандоқтыр, сеператыр, тірәктір* т.б.

23. еуропа ілім аттары немесе мекеме, кәсіп орындарын көрсететін *география, фотография, стенография* сияқты сөздер айағындағы **-графия, логия – ғырапы, лоғы** жазылады: *жағырапы, потығырапы, істепіғырапы* т.б.

24. еуропа тілінде құрал атын көрсететін **скоп, фон** сыйақты жалғаулар **скоп, пон** жазылады. мысалы, *телескөп, ғырамапон* т.б.

25. еуропа тілінен орыс тіліне кіріп **ия** жалғанған *индустрия, акция* сыйақты сөздердің айағы жуан сөзде **а**-мен, жіңішке сөздер **е**-мен жазылады. мысалы, *үндістіре, әксе, ыстанса*.

26. еуропы тілінен орысшада жалғау-жұрнақтары «арий» болып кеткен пролетарий сияқты сөздердің айағындағы **ий** жоғалып, түбірі ғана жазылады. м., *пролетария – пролетар*

27. **г, ғ, д, х, б**-дан басқа еуропа сөздерінің соңындағы дыбыстар өзгертілмей жазылады: *бент, болт, варыметр*.

28. еуропы сөзінің айағындағы орыстың сын есімінің жалғауы жазылмайды. м., *электрический фонарь – электр панары* иа *электір панар*.

29. қалық тіліне тіке кіріп сіңісіп кеткен шет сөздер естілуінше жазылады, соңғы кезде әдебиетте ұстала бастаған сөздер, жаңа алынашақ сөздер жоғарғы ережелер бойынша жазылуы міндетті.

30. шет елдің адам аттары, қазақ әліппесінің әрібі жеткенше, түк өзгертілмей жазылады.

1938 ЖЫЛЫ ТОЛЫҚТЫРЫЛЫП ҚАБЫЛДАНҒАН ЕРЕЖЕ\*

Емленің негізгі тайанышы жеке сөздің түбір тұрпатын бұзбай жазу болсын. Сөздің түбір тұрпаты негізінде морфологиялық туыс жүйелі принципте жазылып, түбір мен жалғау арасы фонетикалық дыбыс жүйелі принципте жазылсын.

Мысалы: жұмыс-шы – жұмышшы, қанбады – қамбады, түңгі – түңгі болып жазылмасын, сөздің түбір тұлғасы сақталып, «жұмысшы, қанбады, түңгі» түрінде жазылсын.

Бұл мысалдағы сөздердің алдыңғы «жұмыс» сөзінің айағы қатаң дыбыс болғандықтан, жалғаудың бас дыбысы қатандап «жұмыстың» түрінде жазылады, «жұмысдың» түрінде қосылмайды. Соңғы екі «қан, түн» сөздерінің айағы ұаң дыбыстар болғандықтан, жалғауының бас дыбыстары да ұаңдап, қан-ға, қан-ған, түн-нің – түннің түрінде қосылып жазылады.

Екі түбірден қосылып, бір мәнді мағына шығарған, осы күнде дейін тұлғаларын жоғалтып жібермеген біріккен сөздер де өз тұлғаларын сақтай, морфологиялық принципке сүйеніп, қосылып жазылады. Мұндай сөздердің жалғаулары да фонетикалық принципте дыбыс жүйелі жол мен қосылып жазылады. Мысалы, Ат+басар, Ер+кінбек, Жиен+ғали, Ақ+жал түрінде тұрпаттары бұзылып жазылмайды. Негізгі тұлғалары сақталып Атбасар, Еркінбек, Жиенқали түрінде жазылады.

Қалың еңбекшілерге түсінікті болған сотциалистік тұрмысымызда қолданылып жүрген, басқа тілдерден алынған барлық интернационалдық терминдер түгелмен қазақ сөзі қатарлы естілуінше жазылмай, түбір тұрпаттары сақталып, морфологиялық принципте жазылады.

Мұндай сөздердің айағы қатаң болсын, ұаң болсын қосылатын жалғаулардың бас дыбысы қатандап жазылады: Ленинград, кабинет, совет, клуб түрінде түбір тұрпаты сақталып жазылады. Мұндай сөздердің естілуінше: Ленинград, кәбйнетг сабет, әктіб, клуп-тың түрінде жазылмайды. Ленинградтың, кабинеттің, активтің, клубтың түрінде қосылып жазылады.

4) Бұрын-соңды тілімізге кіріп, айтылуда белгілі қалып алып кеткен кейбір геологиялық сөздер, тағы басқа терминдерге жатпайтын жай ұғымды сөздер қалыптанған түрінде жазылады. Мысалы, өзбек, ройыз, сиез, нөл, үйен, үйел, агус т.б.

5) Айағы -ист буыны мен келетін термин сөздердің түбірінде осы «ист» буыны сақталып жазылады. Бірақ, бұларға қатаң дыбыстар мен басталған жалғаулар қосылғанда «ист» буынның «т» әрпі түсіп қалады. Мысалы, коммунист, сотсиалист, натуралист түрінде жазылмайды, бұларға жалғау қосылғанда «т» түсіріліп, коммунистің, сатсыйалистер, натуралистің түрінде жазылады.

\* Ескерту. Ереже 1929 жылғы орфография бойынша өзгертілмей берілді.

6) жеке, болмаса біріккен сөздер басынан айағына шейін не жуан болсын, не жіңішке болсын, не бір жағы жуан, бір жағы жіңішке болсын жұрнақ-жалғаулар қосылғанда сөздің тұлғасына қарап, жуанды-жіңішкелі қосылмайды, сөздің ең соңғы буынына қаралып қосылады. Сөздің соңғы буыны жуан болса, жұрнақ, жалғаулар жуандап қосылып, сөздің соңғы буыны жіңішке болса, жұрнақ жалғаулар жіңішкеріп қосылады. Мысалы, *Бекмұратқа, Мұратбекке, металдың, кабинеттің* түрінде жазылады.

7) сөздің ортасына, айағында бұрынғы жазылмайды делінген еріндік *о, е, и, у* дауысты дыбыстардың әріптері жазыла береді. Мысалы, *комсомол, метро, биро, кино, динамо, самаләт* түрінде жазылады. *Камсамол, метра, бұйра, динамы, самалұт, кина* түрінде бұзылып жазылмайды.

8) сөздің айағында бұрынғы жазылмайды делінген ұаң *в, д, г* дауыссыз дыбыстардың әріптері жазыла береді. Мысалы, *ленинград, актив, педагог* түрінде жазылады. *Ленинград, актив, педагог* түрінде жазылмайды.

9) сөздің ішінде бұрынғы екі дауысты дыбыс қатар жазылмайды деген ереже бұзылып, бұдан былай екі дауысты дыбыс қатар жазылады. Мысалы, *зоология, театр, жиады, сияды* т.б.

10) бұрынғы әліппемізде жоқтықтан тіліміздегі түрі бұзылып келген дыбысы бар сөздер, енді дұрысталып естілген жерлерінде *х, ф, в* дауыссыз дыбыстардың әріптері мен жазылады. Мысалы, *хат, хан, химия, фазыл, вагон, совет* түрінде жазылады. *Қат, қан, қыймыла, пазыл, бәгән, сөбет* түрінде жазылмайды.

11) бұрынғы жазуды қиындатып, қосарланып жазылып келген *ұу, үу* лердің және бұрынғы дауыссыз сонор *у* дың орнына жалғыз *«и»* әрпі жазылады. Бұрынғы қосар *ый, ій* лердің жана бұрынғы дауыссыз сонор *ј*-дің орнына жалғыз *і* жазылады. Мысалы, *жазұу, келүү, тау, ай, тийді* түрінде жазылмайды. *Жазу, келу, тау, ай, тиді* түрінде жазылады.

12) бұрынғы қысаң езулік дауысты *«ү»*-ның үстіне қысқартқыш *ӯ* белгісі қосылып жазылады да, бұрынғы қысаң езулік *«і»* орнына бұрынғы дауссыз сонор *«ј»* әрпі жазылады. Мысалы, *bul, tur, bil, til* түрінде жазылатын сөздер енді *būl, tūr, bjl, tjl* түрінде жазылады.

## II әліппе және дыбыс жіктері

Бұрынғы әліппемізге жаңадан үш *х, в, ф* әріптері қосылғандықтан және жоғарғы айтылған әріптерміздің бұрынғы айтылған әріптердің бұрынғы мәні өзгергендіктен ескі әліппе тәртібі қалып, оның орнына жаңа әліппе тәртібі алынады. Қазақ әдебиет тілінің әліппесінде 32 әріп қолданылады.

## III Дауысты, дауыссыз дыбыстардың бір-бірімен алмасып естілгендегі жазылулары

А дыбысы сөз ішінде, не сөздің бас, айағында *ә, ь, ј, е* дыбыстары мен алмасып естілгенде *ә, ь, ј, е* әріптері жазылмайды. Қай жерде болсын сөз



мағынасы бұзылмағанда **а** әрпінің өзі жазылады. Мысалы, артел, *орган, бригада, винтовка, ферма, республика, техника, артел* түрінде жазылады.

**Ескерту:** кейбір кісі аттарында өте жіңішке естілетін жерде алдыңғы буында **ә** әрпі жазылып, соңғы буында **а** әрпі жазылады. Соңғы буыны жуан **а** болған соң, қосылатын жалғаулар жуандап қосылады.

2. **о** дыбысы сөз ішінде, не сөздің бас, айағында **ә, а, ы, і** дыбыстарымен алмасып естілгенде **ә, а, ы, і** әріптері жазылмайды, қай жерде болсын сөз мағынасы бұзылмағанда **о** әрпінің өзі жазылады. Мысалы: *комсомол, коммитет, колхоз, трактор, доктор* т.б.

3. **е** дыбысы сөз ішінде **е, і** дыбыстарымен алмасып естілгенде **ө, і** әрпі жазылмай, **е** әрпі жазылады. *Жүрек, күрек, аптек* түрінде жазылады. *Жүрөк, әптек* түрінде жазылмайды.

4. **ы, ұ** дыбыстары сөзде бірінші буыннан соң алмасып естілгенде **ү** әрпі жазылмайды, **ы** әрпі жазылады: *құлын* (*құлүн* емес).

5. **і, ү** дыбыстары сөзде алмасып естілгенде **ү** әрпі жазылмайды **і** әрпі жазылады: *бүгін* (*бүгүн* емес), *бүкіл* (*бүкүл* емес).

6. **п, б** дыбысымен **қ, ғ** дыбысымен **к, г** дыбысымен **р, у** дыбысымен, жалғаулы сөзде алмасып естілгенде сөз түбірі сақталмай ұандары: **б, ғ, г, у**-ларымен жазылады: *тап+ады-табады, ақ+ады – ағады, көк+ерді – көгерді*.

#### IV Қысаң езулік дауысты **ы, і**-лердің жазылатын орны

1. сөз басында негізгі сөздің мағынасы өзгермейтін жағдайда қысаң езілік дауыстылары жазылмайды: *ьskaf, ьstadion, ьspravka, ьrai, ьlai, jret* түрінде жазылмайды, *skaf, stadion, spravka, rai, lai, ret* түрінде жазылады.

*Jnj, ьza, jrj, ьdьs, jnjr, js, ьs, jn, ьq, jl, jz* сыйақты сөздердің алдындағы **ы, і**-лері түсірілмей, осы қалпында жазылады. Өйткені, алдыңғы қысандары түсірсек сөздің мағнасы өзгеріп кетеді.

2. түбір сөздің ішінде екі дауыссыз дыбыстың арасында көмескі естілген жерде, өзінен соңғы ашық **а, о, е** дыбыстары болғанда сөз мағынасын жана негізгі тұлғаларын сақтайтын болса, жаңа мәнді сөздерде **ы, і**-лер жазылмайды: *plan, pravda, proletariat, tramvai* түрінде жазылады. *Рьlan, рьpravda, рьproletariat, тьtramvai* түрінде жазылмайды.

3. түбір сөздің орта буынында сөздің мағынасы өзгермейтін жерде екі дауыссыз дыбыс арасындағы буындалуға керексіз қысаң **ы, і** дыбыстары жазылмайды. Мысалы: *Ахmet, ьaurьn, тащна, ьapraq, topraq, көkreк, telegramma* түрінде жазылады. *Ахьmet, ьаурьн, тащьна, ьарьraq, topьraq, көkjrek, telegjramma* т.б.

4. бір буынды бітеу түбір сөздегі қысаң **ы, і**-лер айағына тәуелді жалғаулар қосылғанда түбірдегі сонар дыбыстар арасынан түсіп қалып айтылғанда, болмаса соңғы қатаң дыбысы ұандамайтын болғанда жазылмайды: *mylk – mylkjm, qalq – qalqь, ьrp – ьrpj, көrk - көrkjm, orьn – orьньm, ауьl – ауьльm, тiрьn – тiрьньm* түрінде жазылмайды.

Қос одағай сөздерге қысаң ы, і жазылады: *qarq-qarq, bylк-byлk, sart-sart* түрінде жазылады.

5. бір буынды, бітеу түбір сөздегі қысаң ы, і-лер айағына тәуелді жалғаулар жалғанғанда соңғы қатаң дыбысы ұаңдап келетін болғанда жазылады: *tyлk-tyлgi, kørjk-kørjgj, sylk – syljgj* түрінде жазылады. *tyлk-tyлgi, kørk-kørjgj, sylk – syljgj* түрінде, түбірінде j жоқ болып, жалғау қосылғанда бар болып жазылмайды. **Ескерту:** ы, і әріптері интернационалдық сөздердің аяққы бітеу буынында жазылмайды: *Marks, Engels, silindr, realizm, karl, øktøvr* т.б.

## V и, у әріптерінің жазылуы

а) и, у әріптері сөздің басында, айағында, ортасында бірдей жазыла береді. Мұның жіңішке йа жуан екені бірінші, сөз түбірінен, екінші оларға жалғанатын жалғау жұрнақтардан соңғы буындарынан білінеді. Мысалы: *оқиды, бекиді, еріді, тарихи, мәдени, қиқиады, ти – тиады, ки – киеді, көру, өлу, алу, ту-туады, қу-қуады, пленум, конперенсия*. Бір буынды жуан, жіңішке пары бар сөздерге жіңішкелік белгісін і және «у» қосып жазамыз. Мысалы *ти*-дің жіңішке естілуін ескеріп, оны тій деп жазамыз. осы сыйақты одағай «түү» түрінде жазылады. Мұндай сөздер аз, бұлардың жуанына жазылмайды. Мысалы: *ти* (бұдан *ти*); *ту* (қолға ұстайтын) сыйақты.

в) бір әріппен ғана айтылатын бірер сөздерді жалғыз жазу қолайсыз болғандықтан *ий – ийледі, ұулады* деп, қосақтап жазамыз.

«и» және «у» әрпі дауысты дыбыстан соң иа алдында қысқартып дауыссыз сонорға айналады. Мысалы: *тай, тау, қой, тергеу, беткей, тайау, ойда, уақыт, бейне, уәде*.

## V I Орыс тілінде бар, қазақ тілінде жоқ дыбыстардың жазылуы

1. орыс тіліндегі **ый** дыбысы қазақ тілінде **ы** әрпімен беріледі. Тек кейбір сөздерде **ы** дыбысына дауыс екпіні түскенде қос **ый** әріптері мен беріледі: *рыинок* сыйақты.

2. орыс тілінен кірген кейбір сөздердегі жіңішкерткіш белгісі **ы** бар буындағы **а, о** дыбыстарының орнына қазақ тіліндегі **ә, ө** әріптерін жазу мен беріледі. Мысалы: *албом, зәб, вөлт*.

3. сөздің басында **иа** дауысты дыбыстардан соң **ю** дыбысы қазақ тілінің қос **іу** әріптеріменен беріледі. Мысалы *иубилей, соиуз, каиута*.

Б) барлық дауссыз дыбыстан соң «иу» дыбысы тек «у» әрпімен беріледі: *револутсия, бюджет, буллетен* т.б.

**Ескерту:** *кейбір биуро, бирократ* сыйақты сөздер қос **иу** әріптерімен жазылады.

4. а) **я** дыбысы сөздің басында келгенде жана дауысты дыбыстан соң келсе, «**иа**» арқылы жазылады: *Иакутия, Иалта, Кореиа* т.б.

б) **я** дыбысы дауыссыз дыбыстан соң, сөз айағында «**ия**» болып келсе де «**иа**» арқылы беріледі: *Испания, химиа, аксия*.

г) **я** дыбысы дауыссыз дыбыстан соң келгенде «**иа**» арқылы беріліп, егерде жіңішке естілсе тек «**ә**» арқылы беріледі: *изоләтсия, Аләска, Татиана, Мәта* т.б.

5. а) орыс тілінің «**ё**» дыбысы сөздің басында келсе және дауысты дыбыстан соң келсе «**ио**» арқылы беріледі: *иолка, заиом* т.б.

б) **ё** дыбысы **е** дыбысынан басқа дауыссыз дыбыстан соң келсе, **ө** әрпімен жазылады: *актөр, мантөр, катөл* т.б.

6. а) орыстың «**ц**» дыбысы сөздің ең айағында келсе және сөздің ең айағында келсе **тс** арқылы беріледі: *конститутсия, протсес, принтсип* т.б.

7. а) орыстың «**щ**» дыбысы дауысты дыбыстан соң жана сөздің ішінде келсе, қабат «**шш**» әрпімен беріледі. *Мишшанино, Бладовишшенскі* т.б.

б) «**щ**» дыбысы сөздің басында, не айағында және ортасында дауыссыз дыбыстан соң келсе, тек бір ғана **ш** әрпімен беріледі: *Шедрин, Шолош* т.б.

## VII Сызықшамен жазылатын қос сөздердің түрлері

1. Тұлғасы бұзылмай екінші рет айтылған қос сөздер сызықша мен жазылады. Мысалы, *ойлай-ойлай, сөйлей-сөйлей, жүре-жүре, қарқ-қарқ, дүңк-дүңк* т.б. Мұндай қос сөздердің ортасына «да, де, та, те» жалғаулықтары келіп айтылса, екі жағынан да қосылмай сызықшасыз бөлек жазылады. Мысалы: *ойлай да ойлай, сөйлей де сөйлей, жүре де жүре* т.б.

Егер мұндай қос сөздердің ортасына «ма, ме, ба, бе, па, пе» буындары келіп айтылса, алдыңғы сөзге қосылып, соңғы сөзден бөлек жазылады. Мысалы, *қолма-қол, ауызба-ауыз, баспа-бас бетпе-бет* т.б.

2. Екінші сөзі жеке тұрғанда түк мағна шығармайтын қос сөздер сызықша мен жазылады. Мысалы, *жылқы-мылқы, түйе-мүйе, ат-мат* т.б.

3. Екі жағы да тең мағналы жалпылауыш заттық қос сөздер, не болмысты, қимыл сөздер сызықшамен жазылады. Мысалы, *құрт-құмырсқа, бақа-шайан, аяқ-табақ, салт-сана, үйме-жүйме, қалт-құлт, ағыл-тегіл* т.б.

4. Екі жағыда жеке тұрғанда мағна шығармайтын, екеуі қатар айтылғанда мағынаға ие болатын қос сөздер сызықшамен жазылады. Мысалы, *апыл-тапыл, анда-санда, оқта-текте, там-тұм*.

5. Бір жағы болымды бір жағы болымсыз, болмаса бір біріне көрші, не қарама қарсы, қайшылас мағналы сөздер сызықшамен жазылады. Мысалы, *болар-болмас, қойар-қоймас, әке-шеше, аға-іні, биік-аласа, ұзын-қысқа* т.б.

6. Алды мағынасыз буын, соңы мағналы сөз болған шырайлы сындық сөздер сызықшамен жазылады. Мысалы, *қып-қызыл, үр-үлкен, үп-ұзын, үп-үлкен, жап-жақсы*.

**Ескерту.** Осы күнге шейін түбірлерін сақтап келген, жеке айтылғанда мағнаға ие болатын сөздер, қосылғанда басқа бір ұғымды білдірсе, түбір тұлғалары сақталып, қосылып жазылады. Мысалы, *күншығыс, күнбатыс, солтүстік, оңтүстік, аяққап, қазанқап, Бақберген, Ақбұлақ, Ақсүйек* т.б.

Ал кейбір айтыла келе бірігіп кеткен сөздер де қосылып жазылады. Мысалы, *Көкпеңбек, Аппақ, жазғытұры, барыптымыс* т.б.

## VIII Кейбір жалғаулықтардың жазылуы

1. «**да, де, та, те**» буындары екі сөзді, не екі сөйлемді жалғастырған жерде, бұларды түсіріп тастағанда сөйлем мағынасына онша зиян келмеген жерде, көбінесе «жана» мағынасының орнына тұрғанда жылау тұлға саналып бөлек жазылады. Мысалы, *Ол оқыды да мен тыңдадым. Біздің мектепте Құрмаиш та, Еркінбек те, Омар да, Қасен де, оқиды.* Бұл буындар бір түстес екі сөздің ортасында дәнекер ретінде айтылса да бөлек жазылады. Мысалы, ойлай да ойлай, сөйлей де сөйлей, оқи да оқи сыйқты. Мұнан басқа жерлерде не жұрнақ, не жалғау болып жалғанады.

2. «**ма, ме, ба, бе, па, пе**» буындары сұрау мағнасын шығарғанда шылауыш саналып бөлек жазылады. Мысалы, *Кітабың бар ма?, ол келе ме?, бұл қазақ ба? Анау киіз бе?, сен жас па?, қолыңдағы күрек пе?* – деу сыйақты. Бұдан басқа жерде не жұрнақ, не жалғау болып, қосылып жазылады.

3. «**мен, бен, пен**» буындары сөз бен сөзді, болмаса сөйлем мен сөйлемді жалғастырып шылау тұлға болып келгенде сөзге қосылмай бөлек жазылады. Бұлар бөлек жазылатын жерде де көбінесе «жана» мағынасынан шығарып, түсіріп тастағанда сөз мағнасына онша зиян келмейді. Мысалы, *Қасым мен Жағнар келді, аул мен аулдың арасы – деу сияқты.*

4. егер «мен, бен, пен» буындарын түсіріп тастағанда сөз, сөйлем ұғымына зиян келмейтін болса, онда көмектес жалғау саналып, алдыңғы сөзге қосылып жазылады: *ол балта мен шапты, Ахмет атпен келді* деген сөйлемдегі «мен» жалғауын түсіріп тастап, *ол балта шапты, Ахмет ат келді* десек айтайын деген мағынаға зиян келеді.

## IX Бас әріптердің емлесі

1. Сөйлемнің басында кісі, қала, жер, су аттары сыйқты жалпы есімдердің басы, бас әріппен жазылады: *Қазағыстан, Қалқ Комисариаты, Ертіс Телман, Ленинград* т.б.

## X Фамилиаларды жазудың ережесі

1. Фамилиасы өз әкесімен аталса, болмаса арғы аталарымен аталса да, еркек үшін: **ов-ев, ин** жұрнақтары, әйелдер үшін **ова, ева, ина** жұрнақтары жазылуымен беріледі.

2. егерде фамилиасының үстіне өз әкесінің аты қолданылса, **ұлы, қызы** сөзі арқылы беріледі: *Омар Садық Ұлы, Жабаев, Сара Ахмет қызы Омарова* т.б.

3. сөздің айағы дауыссыз дыбыс болса, көбінесе еркек үшін **ов** әйел үшін - **ова** болып жазылады: *Алимов – Алимова* т.б.

4. сөздің айағы дауысты дыбыс болса, еркек үшін **ев, ин**, әйел үшін **ева, ина** болып жазылады. Бұл жұрнақтар қосылғанда түбірдің соңғы дауысты дыбысы кейде не түсіп қалады да не қосылып **ев, ева, ин, ина** жұрнақтарының басқы дауысты дыбыстарына ауысып отырады. Мысалы, *Мұстай – Мұстаев, Мұстаева, Иса – Исаев – Исаева, Қанафия – Қанафин – Қанафина, Сары – Сарин – Сарина* т.б.

## МАЗМҰНЫ

Алғысөз.....

### 1. ҚАЗАҚ ЖАЗУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМУДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР МЕН НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР

1.1 Жазу теориясының негізгі категориялары мен іргелі ұғымдары: әліпби, графика, орфография

1.2 Ұлттық кезеңге дейінгі және ұлттық кезеңдегі қазақ жазуының сипаты

1.3 Қазақстандағы латын графикасына негізделген әліпби жүйесіне көшірудің дайындық кезеңдері

1.4 Қазақстандағы латын графикасы негізіндегі қазақ әліпби жүйесіне көшер алдындағы пікірталас: Деректер мен дәйектемелер

1.5 Жазу реформасы: жалпытүркілік бірегейлендіру

1.6 Жазу реформасы: латын графикасы негізіндегі әліпби жобалары

1.7 1929 жылы қабылданған әліпбидің фонема – дыбыс – графема – әріп арақатынасы

1.8 1929 жылы ресми бекітілген ереженің тілдік негіздері

### 2 ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНДЕГІ (орфографиялық) ҚИЫНДЫҚТАР

2.1 Бас әріпке байланысты қиындықтар

2.2 И, У дыбыстарының жазылуы

2.3 Кейбір дауысты және дауыссыз дыбыстардың орфографиясы

2.4 Күрделі сөздердің жазылуы

2.5 Шылаулардың жазылуы

2.6 Омографтардың көбеюі және олардан «қашу» үрдісі

2.7 Араб-парсы тілінен енген сөздердің орфографиялануы

2.8 Орыс тілінен енген сөздердің орфографиялануы

2.9 «Бұрынғы латынның» тағылымы және оның қазіргі кездегі латын графикасына негізделген жаңа әліпбимен сабақтастығы

#### Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Пайдаланылған көркем әдебиеттер тізімі

*А қосымша* (20-жылдары латын графикасына негізделген әліпби жүйесіне көшкен халықтардың тізімі)

*Ә қосымша* (1929 жылы Қызылорда қаласында ресми бекітілген ереже)

*Б қосымша* (1938 жылы толықтырылып қабылданған ереже)

